

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ  
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«ӨРЛЕУ» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы

Жамбыл облысы бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру  
институты

---



**М. Оспанбаева**

# **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕСІ**

*Оқу құралы*

Алматы  
2019

**ӘОЖ 376.1**  
**КБЖ 74.3**  
**О-75**

*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Жамбыл облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған (№ 3 хаттама, 29.02.2019 ж.).*

**Пікір жазғандар:**

**Медетбекова Г.О.** «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы – Жамбыл облысы бойынша Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру институтының директоры, п.ғ.к., қауым.профессор.

**Қохаева Е.Н.** НЗМ ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» Тараз филиалының директоры, п.ғ.к., қауым.профессор.

**Оспанбаева М.П.**

**О-75** Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы / М.П. Оспанбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 232 бет.

**ISBN 978-601-7825-53-9**

Оқу құралында білім берудің жаңартылған мазмұны аясында біліктілікті арттыру жүйесінде инклюзивті білім берудің әдіснамалық және ұйымдастырушылық негіздері қарастырылды. Оқушылардың ерекше білім қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алуға тең қол жеткізуді қамтамасыз ететін арнайы кеңістік құруды қамтамасыз ету шарттары талданды.

Оқу құралы жалпы білім беретін және шағын жинақталған мектеп қызметкерлерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға бағытталған.

**ӘОЖ 376.1**  
**КБЖ 74.3**

© Оспанбаева М.П., 2019

ISBN 978-601-7825-53-9

АЛҒЫСӨЗ .....	6
<b>1-ТАРАУ. ҚҰҚЫҚТЫҚ-НОРМАТИВТІК МОДУЛЬ .....</b>	<b>10</b>
Инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары .....	10
Инклюзивті білім беруді заңнамалық қамтамасыз ету және халықаралық тәжірибе .....	14
Инклюзивті білім беру жағдайында жалпы білім беретін мектептегі оқу-тәрбие үрдісін құқықтық-нормативтік реттеу .....	20
<b>2-ТАРАУ. БАСҚАРУШЫЛЫҚ МОДУЛЬ.....</b>	<b>23</b>
Инклюзивті білім беру педагог кәсібилігінің жаңа тұрпаты: әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және педагогикалық қызметті басқару .....	23
Мектепте инклюзивті білім беру мәдениетін құру.....	30
Білім беру ұйымына қолжетімділікті қамтамасыз ететін талаптар..	38
Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылар үшін арнайы білім беру жағдайын ұйымдастыру .....	41
<b>3-ТАРАУ. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МОДУЛЬ .....</b>	<b>45</b>
Инклюзивті білім беру субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдау шарттары және оны ұйымдастыру .....	45
Білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі – тұлғаның психологиялық саулығының шарты .....	52
Ерте аутизмді балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері .....	56
Көру, есту, сөйлеу қабілеттері, тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері .....	64
Зиятында ақау бар, психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.....	70
Дарынды және талантты балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.....	74

Босқын балалар, мигрант балалар мен оралман балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы, аз ұлттар отбасылары балаларының ерекшеліктері .....	78
Педагогтердің эмоциялық күйзелістерінің алдын алу шаралары .....	82

#### **4-ТАРАУ. МАЗМҰНДЫҚ МОДУЛЬ .....**

<b>4-ТАРАУ. МАЗМҰНДЫҚ МОДУЛЬ .....</b>	<b>88</b>
Инклюзивті білім берудің негізгі ұғымдары және қағидалары .....	88
Білім беру ортасын заманауи модельдеу – ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды қалыпты білім кеңістігіне қосу шарты .....	93
Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылар үшін білім бағдарламаларын және оқу ресурстарын бейімдеу .....	99
Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылар үшін жеке білім траекториясын жобалау .....	108
Ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды оқытуда жекелеу-саралау тәсілін қолдану .....	115
Психикалық дамуы тежелген балаларды түзете-дамыта оқытудың негізгі бағыттары және мазмұны.....	124
Ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды қосымша білім бағдарламасына тарту .....	129
Ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру және тәрбиелеуде отбасының рөлі .....	133
Оқу бағдарламасына сәйкес сабақтарды жоспарлау .....	135

#### **5-ТАРАУ. ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛЬ .....**

<b>5-ТАРАУ. ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛЬ .....</b>	<b>140</b>
«Ерекше» баланы қалыпты білім кеңістігіне тартуға дайындықтың технологиялық негіздері .....	140
Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында белсенді және смарт-оқу .....	146
Ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды қашықтықтан оқыту технологиясы .....	150
Мектептің психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум қызметінің технологиясы.....	152
Оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесінің технологиясы .....	157

#### **6-ТАРАУ. ВАРИАТИВТІК МОДУЛЬ .....**

<b>6-ТАРАУ. ВАРИАТИВТІК МОДУЛЬ .....</b>	<b>165</b>
Блум таксономиясы – функционалдық сауаттылықты дамытуда оқу жетістігін бағалау әдісі.....	165
Білім беру ұйымдарында психикалық ақауы бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау.....	173

Білім беру ұйымдарында тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау.....	178
Білім беру ұйымдарында құлағы нашар еститін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау.....	180
Білім беру ұйымдарындағы көзі нашар көретін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау.....	183
Білім беру ұйымдарында зияткерлік ақауы бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау.....	185
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>188</b>
<b>ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>191</b>
<b>ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР.....</b>	



## **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ**





*Тәуелсіз Қазақстанның сапалы  
даму бағыты – «Рухани жаңғыру»  
ұлттық идеясының 2 жылдығына  
арналады*

## АЛҒЫСӨЗ

---

**К**азіргі Қазақстан жағдайында мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының қатарына барлық адамдардың білім алу құқықтарының теңдігі жатады. Білімнің қолжетімді болуын қамтамасыз ететін алғышарт – инклюзивті орта. Инклюзивті білім берудің заманауи міндеті интеллектуалды дамуды, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерді ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуді қарастырады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «ҚР инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы» сынды құқықтық-нормативті құжаттар арқылы міндеттелген инклюзивті білім беру үрдісі педагогтардың кәсіби іс-әрекетіне қойылар талаптарды күшейтеді. 2017ж. қолданысқа ендірілген Қазақстан Республикасының «Педагог» кәсіби стандарты барлық деңгейдегі педагогтардың инклюзивті білім беру саласында арнайы біліктіліктерді меңгеруін міндеттейді. Осы

ретте көңіл аударуды қажет ететін маңызды шарт – ерекше білім қажеттілігі бар оқушылардың сапалы білім алу құқықтарының теңдігін қамтамасыз етудің педагогикалық-психологиялық мәселелері. Ол – ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптары аясында оқушылардың білім бағдарламаларын меңгеру ерекшеліктеріне байланысты, оқу материалдары мен ресурстарын бейімдеу сынды күрделі мәселелерден бастап, ерекше білім қажеттілігі бар оқушылар категорияларының психофизиологиялық даму ерекшеліктері, олардың қабылдау деңгейлеріне орай күнделікті сабақ тапсырмаларын дайындау, оқу жетістіктерін бағалау критерийлері мен дескрипторларды құру, сынып ұжымындағы моральды-психологиялық ахуалды бақылау және реттеу, ерекше білім қажеттілігі бар оқушыны қолдау, өзара қарым-қатынастар жүйесі және бірлескен іс-әрекеттерді басқару, ата-аналармен жұмыс, т.б. іс-әрекеттерді қамтиды.

Заманауи білім беру парадигмасы оқытудың негізгі міндеті ретінде балаларды нақты өмір жағдайына бейімдеуді анықтайды; бұл – жаһандық өмір талабы. Оқшаулаудың кез-келген түрі тұлғаның әлеуметтену үрдісіне зардабын тигізеді. Міне, осындай жайттар инклюзивті оқыту үрдісін толыққанды жүзеге асыруға тежеу салып отырған қоғамдық тетіктердің бір парасы. Балаларды бір-бірінен айыратын кедергілерді барынша жою үшін тұтас қоғам боп атсалысу және осы жолда ата-аналардың белсенділігіне сүйену қажет. Қазақстанның педагогикалық жоғары оқу орындарының бірқатарында жоғары кәсіби білім стандартына сәйкес болашақ педагогтарды инклюзивті білім беруге қосымша даярлау үрдісі жүзеге асырылып жатыр. Әйтсе де, ерекше білім қажеттілігі бар оқушыларды қалыпты педагогикалық үрдіске қосуды бүгінгі күні қамтамасыз ету қажет. Демек, инклюзивті білім беруді заманауи жүзеге асыратын педагогтарды даярлау қызметі біліктілікті артты-

ру жүйесіне жүктелері анық. «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығының «Мектепте оқыту стандарттарын іске асыру контекстінде инклюзивті білім берудің мазмұны мен дамуы» білім беру бағдарламасы негізінде әзірленген осы оқу құралы педагогтардың инклюзивті білім бойынша кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға бағытталады.

Оқу құралында жалпы білім беретін ұйымдарға қосылған ерекше білім қажеттілігі бар оқушыларды мектеп кеңістігіне тарту жолдары сипатталды. Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушыларға қатысты қамқорлық-сақтық тәртібі және оларды психологиялық қолдау шарттары қарастырылды. Оқу құралының мақсаты оқушылардың ерекше білім қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алуға тең қол жеткізуді қамтамасыз етуге ықпал ететін ортақ кеңістік құру аясында педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

Оқу құралының міндеттері:

– инклюзивті білім берудің ғаламдық беталысы туралы ақпарат беру;

– жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті үдерісті реттейтін нормативтік құқықтық актілерді талдау;

– инклюзивті білім беруді теориялық-әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету;

– педагогтардың мүгедектікті философиялық және әлеуметтік тұрғыдан түсінуін қамтамасыз ету;

– инклюзивті білім берудің қағидалары, ерекше білім қажеттіліктері бар балалардың дамуы және тәрбиесі, оларды оқытуды ұйымдастырудың педагогикалық және психологиялық негіздерін сипаттау;


– педагогтардың ерекше білім қажеттілігі бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау технологияларын меңгеру дағдыларын қалыптастыру.

Қоғамның әрбір мүшесінің белсенді азаматтық үлесі нәтижесінде инклюзивті білім берудің жалпы үдерісі жо-



лында кездесетін кедергілер мен қиындықтардың біртіндеп еңсерілері анық. Ол үшін халықтың инклюзивті сауатын арттыру арқылы, қоғамда инклюзивті мәдениетті дамыту қажет. Осы жерде қазақ халқының ғасырлар бойы ұстанған ұлы дала саясатын негізге алған жөн. Бабалар мұрасын мәңгілік ел құндылығын өркендету бағдары ретінде анықтау қоғамның ерекше балаларға толерантты қатынасын қалыптастыру алғышарты. Қазақ ұлты отбасында ерекше белгімен дүниеге келген сәбиді «нышаналы бала» деп атаған. Мұндай балаға бір отбасы ғана емес, бүкіл ел, тұтас қауым ерекше жанашырлық қатынаста болған. Осындай тәжірибе жапон халқында да бар екен. Олар ерекше баланы «киелі бала» деп атайды екен.

Инклюзивті білім беру аясында әр бір мұғалімнің ерекше білім қажеттілігі бар оқушылар категориясын білуі және олардың мүмкіндіктеріне сәйкес оқыту әдістемелерін меңгерулері шарт. Бұған заманауи білім беру инновациялары мен реформалар беталысы қозғау салары айқын: қоғамдық бақылау кеңестері, ата-аналар өкілеттігі, жаңартылған білім мазмұны, интегративті оқыту, көптілділік саясаты, академиялық еркіндік және академиялық ұтқырлық қағидалары, т.с.с. Инклюзивті білім беру жалпы қоғамдық сипат алған жағдайда өрістеп дамитын болады.



## 1-ТАРАУ

### ҚҰҚЫҚТЫҚ-НОРМАТИВТІК МОДУЛЬ

---

#### **Инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары**

Қазақстанда ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдаудың заманауи жағдайы мен беталысы әлемдік тәжірибеде қабылданған талап ережелері шеңберінде жүргізіледі. Әйтсе де, инклюзивті білім берудің қалыптасқан қазақстандық моделі бар. Ол барлық санаттағы балаларды мектепке дейінгі тәрбие және орта біліммен қамтамасыз ету үшін арнайы жағдайлардың жасалуымен сипатталады. Инклюзивті білім беру үрдісі дене дамуында мәселелері бар, яғни физикалық мүмкіндігі шектеулі, мүгедек балалар; әлеуметтік ортаға бейімделу қиындықтары бар девиантты мінез-құлықты балалар немесетұрмыстық-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық мәселелері бар отбасы балалары; мигрант, оралманжәне босқын отбасыларының балалары; дарынды балалар, сондай-ақ мектептері жоқ елді мекендерде тұратын балалардың сапалы білім алуға тең қолжетімдігін қарастырады. Соңғы мәліметтерге қарағанда еліміздің орта білім беру ұйымдарында инклюзивті біліммен балалардың 30,5% қамтылған. Оның ішінде арнайы жағдайлар жасалған инклюзивті білім беру кеңістігінде дені сау құрбыларымен тең дәрежеде білім алып жатқан мүмкіндігі шектеулі балалар саны 25 633 (27%) құрайды.

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру жүйесін дамыту бойынша 2015 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар кешені бекітілген. Осы жоспар негізінде 2020 жылға қарай жалпы білім беретін мектептердің 70 пайызына инклюзивті білім беру үшін жағдайлар жасау; мүгедек балалардың 20 пайызына «кедергісіз қолжетімдікті» қамтамасыз ету; мүмкіндігі шектеулі балалардың тең жарымын инклюзивті білім берумен қамту көзделген.

«Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерінде» 2014 ж. дамуында мүмкіндігі шектеулі балалар саны 138 513, ал 2015ж. 141 952 адамды құрағаны көрсетілген. Олардың ішінде 2 877(3,0%) жасөспірім колледж оқушылары; 84 120 бала мектеп жасындағы оқушылар, 41805 бала мектепке дейінгі жастағы бүлдіршіндердеп берілген. Инклюзивті білім берумен қамтылған балалардың үлесі:

- жалпы білім беретін мектептерде 46 340 бала(55%);
- арнайы мектептерде 13 722 бала(14,6%);
- арнайы сыныптарда 11 461 бала(12,2%);
- үйден оқытылатын 10 408 бала(7,3%);
- жекеменшік ұйымдарда оқитын 2 189 бала(2,3%);
- инклюзивті бала бақшаларда 14 717бала (35,2%);
- арнаулы балабақшаларда 5159 бала (12,3%);
- арнайы топтарда 4474 бала (10,8%);
- психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері және оңалту орталықтарында 12663 бала (30,2%);
- үй жағдайында тәрбиеленуші 683 бала (1,6%).

Жалпы орта білімнің құрамдас бөлігі ретінде арнайы білім мүмкіндігі шектеулі адамдарға білім алу үшін арнайы жағдайлар жасауды көздейді және арнайы оқу бағдарламаларды, оқулықтарды, ОӘК, білім берудің арнайы әдіс-тәсілдерін, компенсаторлық қосалқы техникалық оқу құралдарын; медициналық, әлеуметтік қызметтерді қамтиды. Мүмкіндігі шектеулі балалардың тегін әлеуметтік және

медициналық-педагогикалық түзету қолдауына, мемлекеттік медициналық ұйымдарда, психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестерде немесе медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдерінде тегін тексерілуге және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен тегін медициналық көмек алуға; психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қорытындысына сәйкес анықтау сәтінен бастап, оның айқындылық дәрежесіне қарамастан дене немесе психикалық жетіспеушілігін тегін медициналық-психологиялық-педагогикалық түзетуге құқығы бар.

Инклюзивті білім берудің қазақстандық моделі әлемдік тәжірибеде қабылданған талап ережелеріне жеткілікті сәйкес емес. Ол ең бірінші кезекте инклюзивті білім алуға сұраныстың басымдығына байланысты туындап отыр. Мәселен, бұл көрсеткіш туылғаннан 18 жасқа дейінгі балалардың жалпы санынан 2,8% құрайды. Салыстыру үшін айта кетейік, осы мәселе бойынша әлемдік көрсеткіш – 7 мен 12 пайыз арасында. Қазіргі кезде жалпы білім беретін мектептердің 30,5 пайызында мүмкіндігі шектеулі балалардың 27 % білім алуда. Ал жоғары оқу орындарында мұндай студенттер саны – 570. Өткен оқу жылының басында мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқығын іске асыру үшін 37 мектепке дейінгі ұйымдар, 100 арнайы мектептер, 51 психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес, 137 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, 12 оңалту орталықтары, 880 логопедиялық пункттер жұмыс істеген.

Инклюзияны іске асыруда қазақстандық білім беру жүйесіндегі күрделі мәселелердің қатарында ерекше білім қажеттігі бар балалар категориясының бара бара толығын атауға болады. Алғашқы кезеңде мүмкіндігі шектеулі балаларды ғана қамтыған инклюзивті білім беру мазмұны қазіргі таңда келесі категориялармен толықтырылған: де-

виантты мінез-құлықты балалар; жетім балалар; босқын балалар; мектептері жоқ елді мекендердің балалары және дарынды балалар. Егер, мүмкіндігі шектеулі балалар категориясындағы 5 нысан (көруі, естуі, сөйлеуі, тірек-қимыл жүйесі, психикалық дамуы бойынша) ұзақ мерзімді инклюзиямен қамтылатын болса, әлеуметтік ортаға бейімделу қиындықтары бар балалар (мигрант, оралман отбасы балалары) белгілі бір мерзімнен кейін инклюзия есебінен шығарылады.

Қазақстан Республикасының қазіргі жағдайында инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың стратегиялық бағыттары ретінде келесі міндеттер анықталған:

- мектепке дейінгі жастағы балалардың ерте диагностикасын және психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін дамыту;

- ерекше білім қажеттілігі бар тұлғалардың сапалы білім алуын қамтамасыз ету мақсатында оқытудың ғылыми-педагогикалық негізін, мамандар әлеуетін және материалдық-әдістемелік базаны жақсарту;

- инклюзивті білім берудің дамуын қамтамасыз ету үшін ғылыми-әдістемелік және іргелі зерттеулер жүргізу;

- инклюзивті білім беруге қолайлы жағдай тудыратын институционалдық ортаны жетілдіру;

- мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың кәсіби еңбек дайындығы және оңтайлы әлеуметтенулері үшін жағдайлар жасау.

Инклюзивті білім берудің дамуы үшін қоғамда инклюзивті саясат орнауы керек; сондай-ақ, халықтың инклюзивті мәдениетін құндылықтар жүйесі деңгейінде қалыптастыру шарт. Инклюзивті білім беру әр адамды түрлі жолдармен белсенді инклюзиялауды, дербестендірілген ықпалды және ерекше оқытуды қажет ететін тұлғаларға білім беру үрдісіндегі кедергілерді жою негізінде оқыту мен оқу ортасын жетілдіру арқылы тең мүмкіндіктер жасауды көз-

дейді. Осыған байланысты инклюзивті білім беру түбегейлі өзгерістер жасауға және білім беру мақсатын қайта бағдарлауға ықпал ететін инновациялық үрдістердің «шоғырлану орталығы» болуы тиіс. Инклюзивті тәжірибені жетілдіру нәтижесінде Қазақстан қоғамында жалпыадамзаттық құндылықтардың салтанат құруы – болашақтан күтілетін кең ауқымды нәтиже. Жанашырлық, мейірім, ізгілік қасиеттерімен қатар, адамдардың бірін-бірі бағалауы, әр бір адамға деген құрмет және сыйласым – қоғамдық сана және рухани жаңғыру өзегі болып табылады.

### **Инклюзивті білім беруді заңнамалық қамтамасыз ету және халықаралық тәжірибе**

Ел Президентінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» тақырыбындағы Қазақстан халқына жолдауында қоғамдық жаңғыру негізі адами капитал екені баса көрсетіліп, ондағы басымдық ретінде білім берудің жаңа сапасы тұжырымдалды. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарына баршаның сапалы білім алу құқықтарының теңдігі; әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі жататыны Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында сипатталды. Инклюзивті білім беру баршаның сапалы білімге қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесін тарату үрдістерінің бірі болып табылады. Ол балалардың дене, психикалық, зияткерлік, мәдени-этникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына айрықша білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін және әлеу-

меттік бейімделуін, өзі өмір сүріп отырған қоғамдық ортаға кірігуін көздейді.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ерекше білім қажеттігі бар балаларды инклюзивті ортамен қамтамасыз ету бағдары жоспарланды: 2019 жылы психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің желісі 137 бірліктен 220 бірлікке артады және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар саны 57 бірліктен 85 бірлікке дейін кеңейтілетін болады. Орта білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық консилиумдар жұмыс істейтін болады. Білім беру оқушының жұмысын, оның жетістіктерін бағалауға мүмкіндік беретін күтілетін нәтижелерге негізделетін болады. Күтілетін нәтижелерді тұжырымдау оқушылардың оқу жетістіктерін шынайы бағалауға, жеке қабілеттерін ескере отырып әрбір оқушыны дамытудың жеке траекториясын айқындауға мүмкіндік береді, сондай-ақ олардың оқудағы білігі мен дағдыларын дамыту үшін ынтасын арттырады, білім беру үрдісінің сапасын жақсартады. Білім берудің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстандық бірегейлік» элективті курсы әзірленіп, ол жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарының оқу үрдісіне енгізіледі. Білім беру саясаты оқыту сапасындағы өңірлік сәйкессіздіктерді азайтуға бағытталатын болады.

2017 жылдан бастап мектептегі білім беру сапасын арттыру және теңсіздікті азайту мақсатында «Қазақстан Республикасында орта білімді жаңғырту» жобасы іске асырыла бастады. Жоба 12 жылдық білім беруге көшуді қолдауды, оның ішінде мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсартуды, көп деңгейлі сараптау арқылы негізгі оқулықтардың сапасын арттыруды, орта білім берудің жаңа мазмұнының әлемдік озық білім беру

жүйелері деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз етуді көздейді. Бүгінгі таңда білім алуға тең қолжетімділікті жүзеге асыру шарттарының бірі ретінде мектептері жоқ елді мекендердің балаларын тасымалдау шаралары және шағын жинақталған мектептер үшін ресурстық орталықтардың (тірек мектептері) жұмыстары жалғастырылуда. Бағдарламада 2020 жылға қарай тірек мектептерінің саны 200 бірлікке дейін жеткізілетіні атап көрсетілген.

Қазіргі кезеңде барлық оқушылар үшін білім беру ресурстарының ашықтығы және оқыту технологияларына тең қолжетімдікті қамтамасыз ету білім порталдары мен желілік қауымдастықтар арқылы жүзеге асырылуда. Мысалы кең тараған KazEducationNet, Megamozg.kz, Edumart.kz, Edu.resurs.kz, Азбука.kz, Umnik.kz, Bilimland.kz, Edutech порталдары мен «Назарбаев зияткерлік мектептері», «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы тағы да басқа іргелі білім беру ұйымдарының желілік қауымдастықтарын атауға болады. Ақпараттық заман ағымына қарай, шалғайда орналасқан мектептерді кеңжолақты интернетке қосу арқылы қашықтан оқытуды қамтамасыз ету және білім беруді цифрландыру (электронды контент әзірлеу) мәселелері қарқынды түрде қолға алынуда. Мектептер базалық стандартқа сәйкес техникалық инфрақұрылыммен жарақтандырылып, оқушылар интернет арқылы цифрлы білім беру ресурстарының кең спектріне қол жеткізу мүмкіндігіне жаппай ие бола бастады. Әрбір оқушы оқу қарқынын өзі белгілеп, оқыту үрдісін дербестендіруді қамтамасыз ету есебінен, сабақтың уақытын оңтайландырып, академиялық еркіндікке қол жеткізіп және мұғалімге тәуелділіктен арылып келеді. Онлайн-сабақтар мен онлайн-байқаулар көптеп ұйымдастырыла бастады. Орта білім беруді жаңғырту жобасы шеңберінде оқушылардың оқу жетістіктерін тестілеу стандарттары әзірленіп, ұлттық



емтихандар мен мониторингтік зерттеулер жетілдіріле бастады.

Ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер, сондай-ақ көзі көрмейтін балалар үшін рельефті-нүктелік (Брайль қарпі) және нашар көретін балалар үшін үлкейтілген қаріпті оқулықтар кезең-кезеңімен әзірленіп, бейімдеу жүзеге асырылуда. Тұрмысы төмен және көп балалы отбасы балаларының, жетім балалардың, девиантты мінез-құлықты балалардың бұқаралық спорт түрлерімен айналысуы үшін спорт нысандарына қолжетімдігін қамтамасыз ету, сондай-ақ мәдениет және спорт ұйымдарына бару мақсатында де-меушілер мен меценаттар есебінен жеңілдіктер (тегін абонементтер) берілуде. Балаларды қосымша білім берумен қамтуды ұлғайту мақсатында жалпы білім беретін мектептердегі үйірмелер мен секциялар саны артуда. Бұл іс-шараға ата-аналар тартыла бастады. Мектеп оқушыларын ізгілік, еріктілік, әлеуметтік теңдік, конфессияаралық және этникалық тағаттылық сынды қоғамдық акцияларға (тікелей және медиаресурстар көмегімен) қатыстыру қарқыны белең ала бастады. Олардың бойында нәрлі, ағзаға пайдалы аспен қоректену және табиғи, жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы тамақтану мәдениетін қалыптастыру, салауатты өмір салтын ұстану, кеңістік заңдарына бағына отырып, табиғатпен үйлесімді өмір сүру шарттарын сіңіру – аса өзекті міндеттер. Жетім балаларды асырап алу, отбасыларға беру сынды кешенді іс-шаралар есебінен арнайы ұйымдарда тәрбиеленетін, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың үлесін азайту жұмыстары да елімізде инклюзивті қоғам орнату аясында атқарылып жатқан іс-шаралардың бір парасы.

Инклюзивті қоғам орнату саясатын жүзеге асыру және оны заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету Қазақстан Республикасында келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзе-

ге асырылуда: «Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспар»; «Инклюзивті білім беру жүйесін дамыту бойынша 2015-2020 жылдарға арналған іс-шаралар кешені»; «Бала құқықтары туралы» және «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету аясында қолдау туралы» Заңдар мен «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекс.

Инклюзивті білім беру ісінде Қазақстан әлемдік тәжірибеде қабылданған талап ережелерді негізге ала отырып, өзіндік даму жолын айқындады. XX ғасырдың аяғында АҚШ, Ұлыбритания, Швеция, Германия, Скандинавия сынды әлемнің көптеген дамыған елдерінде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту және дамыту мәселесі бойынша алдыңғы орында инклюзивті білім беру тұрды. Ол жалпы білім беру үрдісіне енгізілген балалардың оқуын жеңілдету үшін арнайы жағдай, көмек, қолдау ұйымдастыруды қарастырады. Әр елде интеграциялаудың өзіндік үлгісі іске асырылуда, бұл білім беруде интеграциялаудың жан-жақты үлгісін құрудың мүмкін еместігін көрсетеді. Инклюзивті білім беруді іске асырып жатқан елдерде айқындалған басым бағыт – қарастырылып отырған балалар категориясын міндетті түрде жалпы білім беру үрдісіне енгізудің көзделуі. Инклюзивті білім беру немесе «Білім – баршаға» бағдарламасы барлық балаларға мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында, техникалық-кәсіптік немесе жоғары оқу орындарында ұжым өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, «Бала құқықтары туралы» Конвенцияға 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізді. Бұл Конвенция 20.11.1989ж., ал «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенция 2007ж. қабылданды. Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңе-

сінде «Бала құқықтары туралы» Конвенция 1994 ж. №77 қаулымен ратификацияланды.

Біздің елімізде мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру ортасына бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғаш рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы Заңды қабылдады. Осы Заң аясында жарымжан балаларды ерте бастан оқыту мәселесі назарға алынды. Оларды білім беру, әлеуметтік және медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылды. Ең бастысы, осы Заңда инклюзивті білім берудің негізгі қағидалары айқындалды. Сондықтан «Білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналаған мемлекеттік бағдарламасында» тұңғыш рет инклюзивті білім беру мәселесі көтерілді. Бұл бағдарламада айқындалған мәселе – инклюзивті оқыту оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасқа қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтары ескеріліп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім беру үрдісі дамиды. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіліп, жақсы өмір сүру мүмкіндігі қалыптасады.

1994 ж. Испанияның Саламанка шаһарында мұқтаждықтары ерекше тұлғаларға білім беру туралы дүниежүзілік конференция өтіп, оның нәтижесі ретінде инклюзивті білім тарихында Саламанка Декларациясы деген атаумен қалған шешім қабылданды. Мұнда мұқтаждықтары ерекше тұлғаларға жалпы білім беру аясындағы іс-әрекеттер шең-

бері қаралды. Саламанка Декларациясы инклюзивті білім беру саясатының негізгі міндеттері мынадай деп көрсетеді:

- әр бір бала білім алуға құқылы және оны алуға тиіс;
- әр бір баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтаждықтары болады;
- білім беру жүйесіне оң өзгерістер ендіру, яғни оны осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатына қарай өзгерту.

Инклюзивті білім беру ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқу үрдісін сипаттайды. Демек, инклюзивті білім беру негізінде балаларды кемсітудің қандай да бір түрін жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы міндеттерді басшылыққа алған мемлекетіміз барлық балаларға бірдей көзқарас мүмкіндігін жасау, ерекше жандарды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене араласуына, оларды оңалту, жұмысқа орналастыру және жаңа жұмыс орындарын құру, білім алу, оқыту, қайта мамандандыру үрдісінде барынша жағдай жасауды қолға алды.

### **Инклюзивті білім беру жағдайында жалпы білім беретін мектептегі оқу-тәрбие үрдісін құқықтық-нормативтік реттеу**

Инклюзивтік білім беру үрдісін құқықтық реттеу қажеттілігі – оқыту мен тәрбиелеу сапасының, білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының құқықтарын жүзеге асырудың кепілі. Инклюзивтік білім берудің құрылымын анықтайтын нормативтік құжаттар: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының

еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы», «Тілдер туралы», «Баланың құқықтары туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетілімдік қолдау туралы, «Арнайы әлеуметтік қызмет көрсетулер» туралы Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен беталыстарын, қиын өмірлік жағдаяттағы балаларға арнайы әлеуметтік қызмет көрсетудің мемлекеттік стандарттарын анықтайтын басқа да құқықтық-нормативтік актілер: «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері» (2015); «Білім беру ұйымдарына қойылатын санитарлық-эпидемиялық талаптар» (2014); «Дамуында мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдарының қызметі жөніндегі Типтік ережелер» (2013); «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» (2012). Арнайы білім беру саласында жергілікті атқару органдарының мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары (2015):

1) «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық көмек көрсету» мемлекеттік қызмет стандарты;

2) «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» мемлекеттік қызмет стандарты;

3) «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға консультациялық көмек көрсету» мемлекеттік қызмет стандарты;

4) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты;

5) «Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаларын айқындайды және ҚР азаматтарының, сондай-ақ ҚР тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге бағытталған. Осы Заңда инклюзивті білім беру саласының негізгі терминдеріне анықтама берілді. Мәселен, білім алу үшін арнайы жағдайлар – мүмкіндігі шектеулі адамдардың онсыз жалпы білім беретін және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнайы білім беретін оқу бағдарламаларын және арнайы оқыту әдістерін, техникалық және өзге де құралдарды, өмір сүру ортасын, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтер көрсетуді қоса алғанда, білім алу үшін жасалатын жағдайлар. Инклюзивті білім беру жағдайында жалпы білім беретін мектептегі оқу-тәрбие үрдісін құқықтық-нормативтік реттеу педагогтардың кәсіби іс-әрекеттері, сондай-ақ, ерекше білім қажеттігі бар оқушымен және оның ата-аналарымен өзара әрекеттестік барысында негізге алу үшін қажет.



*Инклюзивті білім беру – ерекше білім қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық оқушылардың білім алуына тең қол жеткізуді қамтамасыз ететін үрдіс.*

*Ерекше білім қажеттігі бар оқушылар – денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, жалпы білім бағдарламаларын қажет ететін тұлғалар.*

## 2-ТАРАУ

### БАСҚАРУШЫЛЫҚ МОДУЛЬ

---

#### **Инклюзивті білім беру педагог кәсібилігінің жаңа тұрпаты: әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және педагогикалық қызметті басқару**

Танымал педагог П.Шуманның пікірінше, баланың психикалық даму деңгейі неғұрлым төмен болса, мұғалімнің біліктілік деңгейі соғұрлым жоғары болуы керек. Инклюзивті білім беру жағдайында бұл өте орынды айтылған пікір. Өйткені, ерекше білім қажеттігі бар балаларды оқыту барысында, біріншіден, мұғалім автономдығы жоғалады. Ол арнайы педагогпен, психологпен, логопедпен, әлеуметтік педагогпен, ата-анамен және әлеуметтік серіктестермен ынтымақтаса әрекет ететін болады. Өзара кәсіби қарым-

қатынастың бұл түрі педагогтан барынша әмбебаптық пен икемділікті талап етеді. Туындаған мәселені сала мамандарының кеңесіне жүгіне отырып, кешенді түрде шешім қабылдау үшін ұстаз салиқалы, сындарлы ойлай білуі шарт. Екіншіден, ерекше білім қажеттігі бар балалар категорияларының алуан түрлілігі, әрі даму деңгейінің немесе сырқат дәрежесінің әркелкілігі педагогтан терең білім, кәсіби шеберлік және асқан ыждаһаттылықты қажет қылады. Үшіншіден, ерекше дарынды оқушы, науқас бала немесе психикалық-депривация салдарымен келген баламен жұмыс сынды, қалыптан тыс құбылыспен бетпе-бет келу мұғалімге аса шыдамды, жұмсақ мінезді, мейірбан болумен қатар, зор жауапкершілік пен кең кісілік болмыс жүктейді. М.Жұмабаевтың «Білімдінің сөзі – ем, мейірімі көп, өзі – кең» деген тұжырымын инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын педагогқа қойылар талап деп түсіну керек. Сондай-ақ, «Айналасын түгел сыйлай білген жан – құрметке лайық» қағидасын басшылыққа алу – күтілетін нәтижелерден де зор табыстарға жетелері сөзсіз.

Инклюзивті білім беру жағдайында педагог күнделікті әрекетінде оқу ресурстары мен білім мазмұнын бейімдеу, тұлғааралық қарым-қатынастарды реттеу сынды қосымша қызметтерді атқаруы керек. Бұл туралы ерекше білім қажеттігі бар балаларға білім беруді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарда көрсетілген талаптар дәлел:

– даму мүмкіндігі шектеулі балалар оқитын сыныпта қызмет ететін пән мұғалімдері әрбір оқушының білім алу қажеттіліктеріне байланысты оқу бағдарламаларын бейімдеуі қажет;

– пән мұғалімі және сынып жетекшісі ерекше білім қажеттігі бар оқушыларға арнайы қолдауды келесі бағыттарда қамтамасыз етеді: оқу үдерісі аясында жұмысты ұйымдастыруда көмек беру; балалар ұжымында жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру.



Білім беру ұйымында инклюзивті оқу-тәрбие үрдісі төмендегі педагогикалық қызмет формалары арқылы ұйымдастырылады.

1. Білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық-медициналық консилиум. Ол – балаға кешенді динамикалық бақылау жасау арқылы қамтамасыз етіледі. Консилиум құрамына директордың бұйрығымен дефектолог, логопед, әлеуметтік педагог, психолог, медбике, сынып жетекшісі енгізіледі.

2. Түзету-дамыту жұмыстары. Бұл – бала дамуына оң әсер ететін психологиялық-педагогикалық іс-шаралар кешенін қамтиды. Жетекші іс-әрекет түрін қалыпқа келтіру және жетілдіру, жеке-даралық кемшіліктерін түзету, яғни ерекше білім қажеттігі бар баламен жеке дамыту, түзету жұмыстарын жүргізу.

3. Білім беру іс-әрекеті. Балаларға оқу әрекетін меңгерту, олардың әрбір жас кезеңіне тән танымдық белсенділігін дамыту, сондай-ақ жеке басының мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін дамытуды қарастырады.

4. Әлеуметтік тәрбие жұмысы. Баланың денсаулық, тұрмыстық-әлеуметтік, психоэмоциялық немесе т.б. жағдайларға байланысты әлеуметтену үрдісінде кездесетін кедергілерді жоюға бағытталады.

Мұғалімге қалыпты сыныптағы ерекше білім қажеттігі бар баланың оқу әрекеті, оның күнделікті сынып жұмысына қатысу сапасы қандай екендігін білу арқылы оқу мақсаттарын белгілеу және де мазмұны, талаптары, күтілетін нәтижелер, жылдамдық пен бағалау критерийлері бойынша міндеттерді шешу қажет. Ол үшін мұғалім оқытудың инклюзивті стратегияларын меңгеруі тиіс:

– жағдаяттарды модельдеу мен тәжірибелік тапсырмаларды қолдану;

– қадамдық нұқауларды пайдалану;

– тәжірибеде тексерілген ой-пікірлер мен концепцияларды жаттау;

– рольдік ойындарды қолдану;

– интерактивтілікті жоғарылату – оқушыларға көрнекі құралдарды тарату және олармен үнемі байланыста жұмыс жүргізу;

– нақты жетістіктерге жетуде мадақтауларды және оның түрлі тәсілдерін жиі қолдану (ұпайлар, сертификаттар, жұлдызшалар және т.б., сонымен қатар нәтижелерге жетудің көрнекі сызбалары);

– оқыту тәсілдерін түрлендіру: қолдағы барды ғана қолданып қоймай, бала қызығушылығын оятатындай ақпараттық және технологиялық ізденісте болу; цифрлы медиа контенттерді; аудио және бейне жазбалар мен компьютерлік бағдарламаларды пайдалану;

– тапсырмаларды және оларды орындау уақытын реттеу, мәселен, дарынды балаларға күрделі тапсырмалар беру; психикалық дамуында кідірісі бар оқушыларға әдеттегіден көбірек уақыт бөлу; сөйлеуі бұзылған балаларға онай айтылатын, қысқа әрі жеңіл мәтіндер беру; есту мүкісі бар балаларға көбінесе жазбаша тапсырмалар ұсыну; оралман оқушылардың сөздік қорын қолданыстағы лексикалық бірліктерге сәйкестендіру; жеңіл аутизмді балаларға бейнелі көрнекіліктер ұсыну және тірек-қимыл аппараты бұзылған оқушылардың моторикасын қалыптастыруға күш салу қажет;

– оқушыларға жиі сұрақ қою және сұрақтардың күрделілік деңгейін қадағалау;

– талқылау үрдісіне оқушыларды жаппай қатыстыру үшін балалардың белсенділігін қолдап-көтермелеп, жетелеуіш сұрақтар қою;

– дәстүрлі жауаптармен шектелмей, тапсырмаларды орындаудың түрлі тәсілдерін қолдану: диаграммалар құру, модельдер құрастыру, таспаға түсіру және т.б.;

– оқушыларды ынталандыру, даралық қасиеттері мен қызығушылықтарын қолдау;

– мәселелік оқытуға тән бағыттармен қатар, «Бұл жағдайда оған қалай көмек беруге болады?» «Осы мәселені басқа қандай жолдармен шешуге болады?» сауалдарын қолдану арқылы метакогнитивті бағыттарға жетелеу;

– рефлексияны жиі қолдану арқылы оқушылардың өзіндік бақылау, өз қателерін көру және түзету, өзін белсендендіру, мақсат қоюын жандандыру;

– цифрлы таныстырылым, электронды көрме, авторлық дидактикалық контент; көрнекі-бейнелі ресурс сынды креативті тәсілдер мен тапсырмаларды қолдануды ынталандыру;

– кері байланыс, тікелей бақылау, интроспекция, топтық және жұптық бағалау сынды оқыту стратегияларын қолдану.

Оқыту нәтижелерін бағалауды түрлендірудің 2 тәсілі қолданылады: оқу жоспарының шеңберінде, жеке білім траекториясындағы мақсаттарға сәйкес, жеңілдетілген тапсырма түрінде және баламалы (элективті) оқу жоспарынан алынған тәжірибелік мақсаттар мен міндеттерге байланысты тапсырмалар түрінде (әлеуметтік дағды, қоғамдық өмірге қатысу, өндірісте жұмыс істеуге дайындық, жеке қызығушылық т.б.).



*Инклюзивті білім беру үрдісінде педагог кәсібилігінің жаңа тұрпаты оқушының материалды меңгеру стандартын түрлендіру әдістемесімен анықталады.*

*Ерекше білім қажеттігі бар баланың оқу материалын меңгеру стандартын түрлендіру келесі әрекеттерден көрінеді:*

- сыныптың өзге оқушыларымен қатар барлық үрдістерге қатыса алады;*
- өзіне арналған жеке білім траекториясын негізге алады;*
- ұзақ мерзімді мақсаттар мен тікелей міндеттерді орындайды.*

Балалардың барлығын оқу материалы негізінде бірге оқытуға болады, бірақ нәтижелерін саралау қажет және де білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың нәтижелері оның жеке оқу жоспарының мақсаттары және міндеттерімен сәйкестендірілуі тиіс. Оқу материалдарын меңгеру стандарттарын түрлендірудің маңызды негізгі оқу жоспарының тапсырмасына ұқсас, бірақ жеңілдетілген түрін орындай алу болып табылады.

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жеке мүмкіндіктері негізінде бүкіл сыныпқа арналған тапсырмадан тақырыбы және мазмұны бойынша ерекшеленетін тапсырманы таңдау инклюзивті сыныпта тек сирек жағдайда ғана жасалады, өйткені бұл жағдай баланы басқалардан шеттетеді. Мұндай тапсырмаларды өзіндік жұмыс

жасау кезеңіне немесе жеке жобаларды орындау уақытына қалдыру керек, сонда мүмкіндігі шектеулі баланың басқалардан айырмашылығы анық көрінбейді. Мұғалімге қалыпты сыныптағы баланың оқу мақсаттары, оның күнделікті сынып жұмысына қатысу сапасы қандай екендігін білу маңызды. Мақсаттар оқу басымдықтарына тәуелді болады және де мазмұны, талаптары, баладан күтілетін әрекеттер, жылдамдық пен бағалау критерийлері бойынша түрлендірілуі мүмкін.

Инклюзивті сыныпта мұғалім оқушыларға білімдерді меңгеруге мүмкіндік жасайды, қажет болған жағдайда аз ұлт өкілдерінің балалары, оралман отбасыларының немесе босқындардың балаларына имплициттік бағыт негізінде жаңа оқу материалын түсіндіреді. Ал арнайы педагог психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуде оқушының жүктемесін өзіне аударып, онымен эксплициттік бағытта түзету жұмысын жүргізеді. Өзіндік жұмысқа баса назар аударылатын сыныпта, мұғалімнің көмегіне бағытталып, онымен тығыз байланыста жүргізілетін жұмысқа қарағанда, мүмкіндігі шектеулі балалардың үлгерімі төмен болатыны даусыз. Сондықтан, барлық оқушылар оқытудың интерактивті тәсілдері арқылы жүргізілетін жұмысқа белсенді қатысулары керек. Мұғалім баланың жаңа материалды меңгеру стиліне және оның қажеттіліктеріне бейімделуі тиіс. Оқыту үрдісін де, бағдарламаны да баланың қабілеттерімен байланыстыру қажеттілігін түсінетін мұғалім инклюзивті сыныпта жұмысты қалай жүргізу керектігін біледі. Инклюзивті сыныптың мұғалімі оқыту үрдісін оқушыларға бағыттайды:

- әр оқушы бағдарламадан маңызды;
- әр оқушының ерекшелігімен санасып, оның жеке басын құрметтеуі керек;
- сыныптағы әр бала – оқушы;

➤ балалар жеке емес, бірге оқығанда жетістіктерге жетеді;

➤ балалар дамуының тиімділігі үшін мұғалім бағдарламаға өзгеріс енгізе алады;

➤ жұмыстың нәтижесі – бала меңгерген оқу материалы.

Ерекше білім қажеттігі бар балалармен педагогикалық қызметте оның әлеуметтік-психологиялық жайлылығын қамтитын технологияларды қолдану арқылы эмоционалдық күйін, үйде, мектепте, сыныпта, үлкендер және құрдастарымен қарым-қатынасында өз-өзін психологиялық тұрғыдан жақсы сезінуін қамтамасыз ету – инклюзивті білім беру үрдісіндегі педагог кәсібилігінің шыңы болып табылады.

### **Мектепте инклюзивті білім беру мәдениетін құру**

Мектептерге инклюзивті білім беруді енгізу міндеті барлық балалардың мектеп қабырғасында бірлескен қарым-қатынас және әрекеттестік тәжірибесін жинақтауынан, өзге адамдардың әлеуметтік жағдайына, ұлтына, денсаулығына қарамастан, өз мүддесі мен олардың мүдделерін келістіруден тұрады. Өйткені, білім алу мүмкіндіктері мен сұраныстары әртүрлі оқушыларды бірге тәрбиелеу мен оқытуға барынша жайлы жағдайды қамтамасыз ету қажет.

Инклюзивті білім беруді енгізуге арналған шарттар:

- мектеп басшысының ниетінің болуы және ынтасының ерекшелігі;

- мектеп мұғалімдерінің өз сыныбының құрамына денсаулық мүмкіндігі шектеулі балаларды (бұдан әрі – ДМШ) қосуға психологиялық дайындығы, олардың инк-

люзивті білім беру философиясын, оның негізгі құндылықтары мен мақсаттарын түсінуі және қабылдауы;

- педагогикалық ұжымның инклюзивті білім беруді іс-тәжірибелік тұрғыда жүзеге асыруға әдістемелік дайындығы, инклюзивті іс-тәжірибені ұйымдастыру технологиялары мен әдістерін меңгеруі;

- мектеп ұйымында қажетті мамандардың (тьюторлардың, дефектолог мұғалімдердің, логопед мұғалімдердің, педагог-психологтардың және т.б.) немесе психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерімен, оңалту орталықтарымен және өзге ұйымдармен осы мектептегі ДМШ балаларға кеңес беру, оқу-әдістемелік қолдау және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу туралы шарттың болуы;

- мектепте оқушыларды оқыту және тәрбиелеу үшін арнайы жағдай жасау, соның ішінде қолжетімді, кедергісіз орта құру;

- педагогтер біліктілігін арттыру мүмкіндігі.

Мұндай сыныптарда жұмыс жасайтын мұғалімдер міндетті түрде кәсіби дайындықтан өтуі керек.

Білім беру ұйымында инклюзивті орта құруға жауапты қызметкерлердің бірі – *педагог-психолог*. Ол коррекциялық педагогика және арнайы психология негіздерін білуі тиіс; МШБ психофизикалық дамуының ерекшеліктерін меңгеруі қажет; МШБ білім беру және оңалту процестерін ұйымдастыру әдістемелері мен технологиялары туралы нақты түсініктері болуы тиіс. Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі ұйым ерекшелігіне қарай, педагогикалық қызметті және объектіге бағытталған қызметті іске асыруды талап етеді. Педагог-психолог тұлғасының жалпы гуманистік бағыттылығы ерекше балалармен жұмыс жасауда негізгі талап болып табылады. Инклюзивті білім беру жағдайында түрлі білім қажеттіліктері бар балалармен кәсіби қызметті іске асырудың оң бағыттылығы,

МШБ табысты әлеуметтенуі үшін оның маңыздылығын түсіну және гуманистік әлеуетін терең ұғыну – міндет. Педагог-психологтың когнитивті құзыреттілігі инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты қабылдауға, санасында өңдеуге, жадында сақтауға және керек сәтінде қайта жаңғырту қабілеті және білімдер жүйесі мен танымдық қызмет тәжірибесі негізінде педагогикалық ойлау қабілеті ретінде анықталады. Осы түйінді құзырет негізінде арнайы білім беру қызметі саласындағы инновациялық интеграциялық үдерістердің ғылыми кәсіптік-педагогикалық білімдері; жеке тұлғаның даму негіздері; оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық және психологиялық негіздері; оқушылардың қалыпты анатомиялық-физиологиялық, жас ерекшелік, психологиялық және жеке ерекшеліктері, сондай-ақ тәрбиеленушілердің өзін-өзі дамыту үрдісін педагогикалық басқарудың негіздері; мектеп ұжымы мен МШБ өзара әрекеттесуінің негізгі заңдылықтары жатыр. Педагог-психологтың инклюзивті құзыреттілігі педагогикалық үрдісте нақты кәсіби міндеттерді орындау қабілеті ретінде анықталады; ол инклюзивті білім беруді табысты жүзеге асыру, туындаған жағдаяттарды шешу, психологиялық, педагогикалық міндеттерді дербес және ұтымды шешу тәсілдері, іздестіру-зерттеу қызметін жүзеге асыруға қажетті игерілген тәсілдер мен қызмет тәжірибесін көрсетеді. Педагог-психологтың жаңа оқу жылына жеке дамыту бағдарламасын, оқу-өндірістік жұмыс жоспарын, күнтізбелік жоспарларды құрастырып, бекітеді. Осы жоспарлар негізінде түзету жұмыстарын жүргізіп, өмірге икемділік пен іскерлік дағдыларын қалыптастыру мақсатында сарамандық, жеке, топтық сабақтар өткізеді.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда педагог-психолог келесі кәсіби-құндылық бағдарлар жүйесін қабылдауы тиіс:





Инклюзивті білім беру саласында *әлеуметтік педагогтың* ролі ерекше. Мектептерде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен әлеуметтік педагог көптеген жұмыстар атқарады. Жаңа оқу жылының басында мекемеге тіркелген балаларға зерттеу жұмыстары жүргізіліп, топтық баға беріліп, жеке дамыту бағдарламасы құрылады. Жеке дамыту бағдарламасында балаларды әлеуметтік тұрғыдан зерттеу, түзету мақсатында психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум шешіміне, қойылған диагнозға байланысты келесі мақсаттар алға қойылады: салауаттылық дағдысын қалыптастыру, имандылық, ізеттілікке тәрбиелеу; қоғамдық орындарда, көліктерге мінген кездегі мәдениеттілік, сыпайылық дағдыларын қалыптастыру; күн тәртібі бойынша уақытты тиімді пайдалана білуге үйрету, т.б.

Инклюзивті білім беруде әлеуметтік педагог міндеті: ерекше білім қажеттігі бар оқушыларды әлеуметтік бейімдеу, тәрбиелеу, білім беру үрдісіне барлық қатысушылармен ерекше сұранысқа ие балалардың жағымды, өзара қарым-қатынасын қалыптастыру; олардың сұраныстары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, жан-жақты дамуына жағдай туғызу және әлеуметтік тұрғыда дұрыс мінез-құлық қалыптастыру; балалардың денсаулықтарына, жүйке жүйесінің дамуына жүйелі бақылау ұйымдастыру; олардың даму деңгейіне лайықты тандап алынған бағдарламаның жетістіктеріне үнемі бақылау жүргізіп отыру; көңіл-күйі және тұлғалық дамуының кемшіліктеріне, жоғары деңгейдегі түзетулер жасау. Әлеуметтік педагог ерекше қажеттілігі бар балалардың үйіне барып, ата-анасымен пікірлесіп, отбасының әлеуметтік жағдайын анықтайды, яғни бала мен отбасының дербестігін арттыруға, дамуында ауытқушылығы бар тәрбиеленушілердің қалыпты дамыған құрдастары арасына ерте, толыққанды әлеуметтік кірігуіне, баланың әрекеті мен мінезіндегі адамгершілік

бағыттарының қалыптасуына, МШБ жеке басының қасиеттеріне бақылау жүргізеді. Әлеуметтік педагогтың жұмысы үлкен жауапкершілікті талап етеді, себебі білім беру ұйымына келгеннен кейінгі баланың отбасылық-әлеуметтік жағдайын бақылау, зерттеу жүргізілетін оңалту жұмысында нәтиже береді. Зерттеулер, яғни сауалнамалар толтыру, әңгімелесу, пікірлесу, сынақ (тест) арқылы отбасындағы ата-ана – бала қарым-қатынасын, баланың даму деңгейін, әлеуметтік ортаға қаншалықты бейімділігін анықтауға мүмкіндік туады. Осы анықталған деректердің арқасында ата-аналармен жоспарға сай жүргізілетін жұмыстар педагогтармен және мамандармен бірлесіп іске асырылып отырады.

Ерекше білім қажеттілігі бар әр баланың өз қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, негізгі кемшілігі мен қосымша ауытқушылықтарын түзету арқылы қайта қалпына келтіру, өз бойындағы барлық мүмкіндіктері мен қабілеттерін барынша жүзеге асыратындай етіп шыңдау, тәрбиелеу – *дефектолог* мақсаты. Бұл түзету жұмыстары еңбектің оңай түрлерінен басталады: еңбекке қажетті құралдармен жұмыс істеу, сурет салу, ұсақ моторикасын және дене қимылын, ойлау қабілетін дамыту. Басты бағыт – балалардың алдағы уақытта бейімделіп оңалуы, инклюзивті ортаға қосылуы. Олардың жас ерекшелігі мен аңғарымына қарай түрлі дамытушы ойындар мен әдістемелерді жоспарға енгізіп, түзету-дамыту жұмыстарын жүргізеді. М.Монтессори: «Бала дүниеге келгеннен бастап өзін өзі дамытуға және жеке адам ретінде қалыптасуға қабілетті. Оның ішкі жан дүниесінде ерекше күш бар, ал үлкендердің міндеті сол қуаттың дамуына жағдай жасау» деген. Бұл Монтессори педагогикасының негізгі ұстанымдарының бірі. Осы ұстаным балалардың өзіндік тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Бала өзіне таныс әлемнің құбылыстарын мүмкіндігінше пайдаланып, ары қарай дами тү-

седі. Оқушының жалпы даму қабілетіндегі ойы, қиялы, зейіні, есте сақтауы, танымы, шығармашылық қабілеті жұмыс кезінде көрініп, күнделікті өмір дағдыларына машықтанады. Оқушы жаттығуларды орындау барысында белгіленген бір тәртіпке үйреніп, зейіні тұрақтанып, бастаған ісін аяқтауға дағдыланады. Қарым-қатынастың бұзылуы, оқшаулану – баланың қоршаған ортаға нашар бейімделуінің белгісі. Сондықтан балаларды тату болуға, бірігуге үйрететін, өзгелерді түсінуге, қолдауға көмектесетін ойындар мен жаттығулардың маңызы зор. Бұл ойындар топтық сабақтарда төмендегідей жүргізіледі: мимикалық қимылдарды дамытуға арналған жаттығулар (қасты көтеру, түсіру, түйю, ерінді бұртиту, созу, бұрыштарын түсіру, күлімсіреу); «Таны және жина!» екіге бөлінген эмоциялық кескіндердің көмегімен мимикаға қарай эмоциялық жағдайды тани білуге жаттықтыру ойындары; ерекше ишараттарды дамытуға берілген этюдтар: «Сықырланған бала», «Бер!»; қуаныш, қайғы, мұң, қиналу, қанағаттану және т.б. әр түрлі сезімдерді беруге арналған этюдтер («Досыңмен кездесу», «Тәтті кәмпиттер», «Тұзды шәй», т.б.); «Мен деген не?», «Айналайын, айна, айтшы маған!» ойындары; жағдаятты-рөлдік ойындар: «Менің жанұямның кеші», «Жанұяға».

Инклюзивтік білім беруді дамытудағы басты бағыт – дамудағы ауытқуларға ерте араласу. Осы бағытта *логопед* жұмысы аса маңызды. МШБ диагноздары әртүрлі: күрделі немесе дара ауытқушылық болып келеді. Мысалға алатын болсақ, ЦСА балалардың логопедиялық диагнозы көбінесе дизартрия болып келеді. Дизартрия дегеніміз – сөйлеу аппаратының икемділігінің жеткіліксіздігі салдарынан сөйлеу тілінің дыбыстауының бұзылуы. Дизартрия диагнозды балалармен түзету-дамыту жұмыстарын жүргізуде Е.Н. Новикованың ұсынған зондпен массаж жасау әдісін қолдану тиімді. Зондпен массаж жасау арқылы артикуля-

циялық аппараттың жарақаттанған бөліктеріне (тіл, жақ, бет, жұмсақ таңдай) тікелей әсер ете отырып, бұлшық ет тонусын жоғарылатуға немесе төмендетуге, қан айналымын жақсартуға, ұлпадағы айналым үрдісін жоғарылатуға болады. Сондай-ақ бұл оқушылармен түзету-дамыту үрдісі барысында ұсақ қол қимылын дамытуға көп көңіл бөлінеді. Ал, ринолалия диагнозды балалармен жүргізілетін түзету-дамыту барысында орындалуы тиіс басты шарт – сөйлеу аппаратының сау бөліктерін (төменгі және ортаңғы бөлімдерін) белсендіру болып табылады. Яғни, ринолалиямен түзету-дамыту кезінде пайдаланылатын әдістеменің негізі – физиологиялық тынысты қолдану қағидасы болып табылады. Кейіннен жұмыс жасай келе, тыныс алудың бұл түрі – сөйлеу кезіндегі диафрагмалды ауыз арқылы дем шығарып, тыныс алуға біртіндеп ауыстырылады. Сонымен қатар сөйлеу кезіндегі тыныс алудың мұндай типін дамыту, сөйлеу тілі дыбыстарының артикулемаларын қалыптастырумен бір уақытта жүргізіледі. Тыныс алуды және артикулеманы қалыптастырудың параллелдігі алғашқы сабақтарда-ақ дыбыстарды дұрыс айтуға мүмкіндік береді.

Логопедиялық түзету жұмысының мақсаты мен міндетіне байланысты келесі кезеңдерге бөлу тиімді: дайындық кезеңі, дыбысты қою кезеңі, дыбысты дұрыс айтуға машықтандыру, дыбысты ұқсас дыбыстардан ажырату кезеңі. Дайындық кезеңінде артикуляциялық жаттығулар жасалады. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған оқушылармен жұмыс барысында мына бағыттар басты назарға алынады: артикуляциялық сөйлеу аппаратының қимыл-қозғалысын белсендіру; сөйлеу барысында дұрыс тыныстауды қалыптастыру; дыбыстарды түзету, машықтандыру және қою; сөйлеудің әуезділігін, интонациясын қалыптастыру; фонематикалық есту қабілетін дамыту; байланыстырып сөйлеу тілін дамыту; белсенді және енжар сөздік қорын дамыту. Логопедиялық көмек қажет ететін балалардың жалпы

білім беру ұйымдарына инклюзивті қамтылуы арнайы маманның қосымша қолдауын керек етеді. Мектеп мұғалімдері ерекше білім қажеттігі бар оқушыға жеке дамыту бағдарламасын жасауда қиналады. Осы тұрғыдан алғанда арнайы білім беру ұйымдарының мамандары мен жалпы білім беру ұйымдарының педагогтары арасындағы тәжірибе алмасу өте маңызды. Семинарлар, практикалық шеберлік сыныптарын өткізіп, желілік қауымдастық аясында іс-тәжірибе алмасуды жалғастыру инклюзивті білім берумен қамтылған оқушыларға сапалы көмек қолын созуға септігін тигізеді. «Педагог – оқушы – ата-ана» бірлігі отбасы мен білім беру ұйымы арасындағы сабақтастықтың ойдағыдай жүзеге асуын қамтамасыз етеді және тұлғаның әлеуметтік бейімделуінің алғышарттарының бірі.

### **Білім беру ұйымына қолжетімдікті қамтамасыз ететін талаптар**

Білім беру саласында Қазақстан Республикасы ұстанған қазіргі әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі – балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуы арқылы білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Инклюзивті білім беру саласын дамытуға арналған бағыттар:

- қоғамның МШБ қабылдауға дайын болуы;
- инклюзивті білім беру идеясын таратуда, ерекше қажеттілігі бар балаларға толерантты, дұрыс қарым-қатынастың қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуын қамтамасыз ету;
- ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істейтін мамандар арасында тәжірибе алмасуды қамтамасыз ету және озық тәжірибелерді тарату;

– ата-аналар қоғамдастығының ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуға құқығын және мүдделерін іске асыруға және оны қорғауға қатысуы, оқыту үрдісіне және түзету көмегін іске асыруға қатысуы.

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беруді дамытудағы нақты факторлар объективті және субъективті қиындықтар болып бөлінеді.

Субъективті қиындықтар:

1) стандарттық процедуралардың әзірленбегендігі – ерекше қажеттілігі бар балалардың оқу дәрежесін үнемі қадағалау мақсатында білімді мониторингілеу үшін индикаторлардың жоқтығы;

2) қазақ тілінде оқу-әдістемелік құралдардың аздығы;

3) оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда педагогтардың арнайы білімдерінің болмауы

және мамандар тарапынан тұрақты кеңестің аздығы;

4) мектепке келетін ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы көліктің болмауы;

5) ерекше қажеттілігі бар балалардың жеке мәселелерінің болуы, яғни олардың

ауырып қалуы, мектепке тұрақты қатыспауы, т.б.

Объективті қиындықтар:

1) материалдық техникалық базаның төмендігі – кедергісіз аймақтардың болмауы;

2) ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту үрдісінде жеке тіл табысу қиындығы;

3) мамандарға арналған кабинеттердің жетіспеушілігі;

4) ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істейтін қызметкерлерге біліктілікті арттыру курстарының сирек жүргізілуі;

5) қазақ тілінде оқытатын педагог-дефектологтардың аздығы;

б) ауылдық аймақтарда арнайы мекемелер үшін тифлопедагогтар, логопедтер мен сурдопедагогтардың жетіспеушілігі.

Білім беру ұйымына қолжетімдікті қамтамасыз ететін талаптар: мүгедектік мәселесін мектеп қоғамының жаппай түсінуі; ерекше баламен қатарластарының шынайы қарым-қатынасы; стандарт негізінде толыққанды білім беру; мектеп қоғамына кіріктіру және бейімдеу. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру шарттары: балаларды ерте тексеру және даму мүмкіндігі шектеулі балаларға түзету-педагогикалық қолдау көрсету; оңалту мекемелерінің көптеп ашылуы; балаға міндетті психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жүргізіп, жалпы білім беру үрдісіне кіріктіру; әр бала үшін кіріктірудің тиімді түрін анықтау.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу білім беру үрдісіне қатысушы мамандар тобынан құралады. Ерекше білім қажеті бар балалардың оқу талабын қанағаттандыру мақсатында білім беру ұйымын техникалық құрал-жабдықтармен толықтыру міндет. Инклюзивті білім беруді дамыту үрдісінде білім мекемелеріне ата-аналарды қатыстыру жақсы нәтиже береді. МШБ өмірдегі түрлі жағдайларға физикалық және әлеуметтік бейімделуіне, өмірге деген құштарлығы және дертпен күресуі – қоршаған ортаға меншікті қажеттілік түйсігімен байланысты. Балаларды сапалы біліммен қамтамасыз ету – әлеммен байланыстағы бөгеттердің жойылуына және қоғамда шоғырлануына себепкер болады. Жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын пән мұғалімдері және ерекше білім қажеттігі бар баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу командасы (психолог, әлеуметтік педагог, дефектолог, логопед, ЕДШ нұсқаушысы) болмаған жағдайда, білім беру ұйымының әкімшілігі тәрбиешілерді, бастауыш сынып және қазақ тілі мұғалімдерін инклюзивті білім беру курстарына жіберіп, оқытып



алулары қажет. Мектептің мақсаты біріншіден, тәрбие мен оқытудың түрлі бағдарламаларына тең қолжетімдікті қамтамасыз ету, екіншіден, ерекше қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеуде мектеп ұжымының оң көзқарасын қалыптастыру.

### **Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылар үшін арнайы білім беру жағдайын ұйымдастыру**

Инклюзивті мектепті дамыту үшін жалпыға білім беру мектебін өзгертуде келесі іс-әрекеттер қарастырылады:

1) ерекше қажеттіліктері бар балаларға қосымша қызмет және қолдау көрсетуді қарастыратын оқу жоспарын құрастыру;

2) оқу мазмұнын баланың тәжірибесі, түрткілері және өзіндік дамуына бағыттау;

3) күнделікті оқу үрдісінде пайда болатын қиындықтарды анықтап, оларды жеңуде балаға қолдау көрсету, әрбір нақты жағдай үшін қарастырылған бағалау үрдістері арқылы баланың жеке даму ерекшеліктеріне жетекшілік жасау;

4) оқу үрдісінде тиімді, белсенді және қажетті технологияларды қолдану;

5) кеңістіктік кедергілерді барынша азайту немесе жою және баланың оқу әрекеті мен қарым-қатынас ұтқырлығын қамтамасыз ету үшін техникалық және компенсаторлық көмекші құралдарды пайдалану.

Бұл бағытта басты роль және жауапкершілік білім беру ұйымдары мен мектеп басшыларына жүктеледі. Олар басқару үдерісін дамытып, бағдарламаларды, оқытудың түрлі қалыптарын және білім мен дағдыларын бағалау әдістерін, балалардың бір-біріне көмек беруін оңтайландыруды, кедергілерді жоюды, мектеп пен қоғамның, ата-аналардың арасында өзара тығыз байланыстарды қамтуға

арналған нұсқау-әдістемелік материалдарды қайта қарастырулары қажет. Жергілікті әкімшіліктер жалпыға білім беру мектептерінде инклюзия үрдістерінің дамуына жауапкершілікпен қарап, белсенділік танытып, инклюзия тәртібінде жұмыс жасайтын мектептерге қолдау көрсетулері міндетті.

МШБ білім беру бағдарламаларын меңгеру мәселесін нәтижеге бағытталған білім беру модельдерін енгізу арқылы шешуге болады. Білім берудің жаңа парадигмасының бейнесі ретінде нәтижеге бағытталған, білім беру моделінің мақсаттары мен мазмұны құзыреттіліктер түрінде ұсынылған, күтілетін нәтижелерге негізделеді. Даму бұзылыстары бар балаларға жоғары деңгейлі оқу жетістіктеріне қол жеткізуге түрлі деңгейлерде оқытуды енгізу, білімдерді бағалауда жаңа бағыттарды іске асыру мүмкіндік береді. Білім беру ортасын өзгертуді жоспарлауда әуелі түрлендіру қаншалықты қажет екендігін анықтау керек. Әрине, көп жағдайларда өзгерістер даму ерекшеліктері бар балаларды оқытуға жағымды жағдайлар жасау үшін енгізіледі. Қажетті өзгерістерді келесі 5 топқа жатқызуға болады: білім беру кеңістігі, оқу құралдары, ресурстар, оқыту стратегиялары, білімдерді меңгеру деңгейін анықтау жұмысы.

*Оқу құралдарын түрлендіру.* Ерекше білім қажеттігі бар оқушының қалыпты ортаға қосылу үрдісінің жеңіл өтіп, нәтижелі болуына қол жеткізу үшін оқу құралдарын өзгерту және түрлендіру керек. Қазіргі сыныпта тілді зерттеу - оқу мен жазу бойынша көптеген жаттығуларды орындаумен бекітілетін маңызды міндеттердің бірі. Оны шешуде «қиын оқылатын» оқу құралдарын қолданбаған дұрыс. Бір балалар үшін шрифті үлкейту керек, басқалары үшін – аралық көрсеткішті екі есе үлкейтіп, шрифтің басқа түрін қолданған дұрыс. Мұндай өзгерістер қабылдау барысын жылдамдатады, ал оқу құралдары ұнамды болады жә-

не де МШБ оқу үрдісіне көп күш жұмсамауын қамтамасыз етеді. Оқу құралдарын түрлендіру тәсілдері:

- оқуды жеңілдету;
- маңызды белгілерді шрифтпен немесе түстермен бөліп көрсету;
- қажетсіз мәліметтерді қысқарту;
- көріп қабылдауын сурет, диаграмма, сызба, POWER POINT таныстырылымдары арқылы белсендендіру;
- материалдың тілдік құрылымы жеңіл болуы үшін қарапайым сөздерді қолдану;
- тәжірибелік сипаты мен өзектілігі жоғары таңдаулы мәтіндерді қосу;
- аудиожазба, бейнефильм сынды альтернативті материалдарды қолдану;
- заманауи жаңа материалдарды енгізу;
- оқушы ерекшелігіне қарай күнделікті үй тапсырмаларын дайындау.

Оқу құралдарын түрлендіруде мұғалімдер олардың мазмұндық-мағыналық бөлімін үнемі назарда ұстаулары қажет. Кейбір жағдайларда білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға негізгі оқу жоспары материалының тек міндетті сәттеріне тоқталу керек. Жалпы, инклюзивті мектепте білім беру мазмұнының барлық бірліктерін: оқулықтар мен оқу бағдарламаларын балалар категорияларына сәйкес түрлендіру және бейімдеу қажет. Сондықтан олардың бірқатары мүмкіндігі шектеулі оқушыларға жарамайды және де балалардың сынып жұмысына толыққанды қатысуына кедергі болады. Мұндай оқушылар үшін материалдарды олардың танымдық даму деңгейіне, қарым-қатынас дағдыларына сәйкес жинақтау қажет.

Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылар үшін арнайы білім беру жағдайын ұйымдастыру барысындағы маңызды шарттардың бірі – жалпы білім беретін мектептегі психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум

(ПМПК). Ол ортақ мақсаттармен біріккен мамандар ұжымын құрайды. ПМПК жеке оқыту бағдарламасына сәйкес ерекше оқыту қажеттігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асырады және инклюзивті білім беру ортасының барлық субъектілеріне қолдау көрсетеді. Инклюзивті білім беруді іске асыруда ПМПК-ның рөлі – тактикалық міндеттерді әзірлеу, оқу-тәрбие үрдісіне әр түрлі мамандарды жүйелі кіріктіру, мектептегі қажетті жағдайларды талдап тексеру, нақты түзету бағдарламаларын, оқыту стратегияларын, баланың адекваттық ерекшеліктерін және барлық жағдаяттарды қалыпты ортаға енгізу технологияларын іріктеу. Консилиум маңызды құзыреттілігі болып табылатын инклюзивті тәжірибенің нақты міндеті – ерекше оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және жалпы педагогикалық міндеттерді анықтау.

Ерекше оқыту қажеттілігі бар тұлғаларды тәрбиелеу мен әлеуметтендіруде инклюзивті білім берудің теориялық-методологиялық негізі отбасы рөлі арқылы ашылады. Ата-аналармен өзара әрекеттесу – кәсіби әдептілікті, төзім және психологиялық білімді талап ететін педагогикалық іс-әрекеттің жетілген түрі. Жеке тұлғаның дамуындағы бұзылыстарды түзету-дамыту жұмыстарына ата-аналардың қатысуы және олардың тарапынан қолдау көрсету мәселені айрықша табысты еңсеруге ықпал етеді. Балаларды әлеуметтендіру мен бейімдеуде ата-аналардың рөлі орасан зор.



---

### 3-ТАРАУ

## ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МОДУЛЬ

---

### **Инклюзивті білім беру субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдау шарттары және оны ұйымдастыру**

Психологиялық-педагогикалық қолдау – білім алушылардың өзекті мәселелерін шешу мүмкіндігін қамтамасыз ететін шарттарды құруға бағытталған психологиялық, педагогикалық сипаттағы ұйымдастырылған іс-әрекет. Психологиялық-педагогикалық қолдау бір мезгілдік шара емес. Бұл – психологиялық қызмет көрсету барысында жүйелі түрде ұйымдастырылатын және тұрақты орындалатын жұмыс. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың ең басты қағидаларының бірі тұлғаға уақытында көмек көрсетіп, сүйемелдеу ғана емес, осы үдерістің қиыншылықтарын өздігінен жеңіп шығуға ықпал ету; тұлғалық

қалыптасуына жауапкершілікпен қарауға үйрету және әлеуметтік өмірде толыққанды субъект болып қалыптасуына көмектесу. Психологиялық-педагогикалық қолдау, әсіресе, инклюзивті оқыту жағдайында ерекше маңызды: сынып ұжымындағы әр түрлі категориядағы балалардың даралық ерекшеліктерін ескере отырып, оларға жеке қатынас жасау, даму мүмкіндіктерін болжау және ұжымдағы өзара қарым-қатынас тиімділігіне ұмтылу. Осының барлығы білім беру ұйымдарында қазіргі кезде қалыптасқан психологиялық қызмет жүйесін қайта қарауды талап етеді. Штаттық бірлікті ұлғайту арқылы штаттық кестеге өзгеріс енгізу, педагог-психолог жүктемесін жеңілдету, психологиялық құралдарды түрлендіру, т.б.

Ерекше білім қажеттігі бар балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мынадай бағыттарда іске асырылады:

- оқушының жеке ерекшеліктерін, танымдық қызметін, ерік-жігер саласын, отбасындағы тәрбиелік жағдайдың даму ерекшеліктерін зерттеу;

- жалпы білім беретін мектептің бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтау;

- баланың даму деңгейіне әсер еткен әдіс-тәсілдер мен таңдалған бағдарламаның тиімділігін анықтау;

- баламен жұмыстың бағыттарын айқындау мен бала дамуындағы ауытқулардың алдын алу.

Ерекше білім қажеттігі бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды арнайы жоғары білімі бар психолог, логопед, мұғалім-дефектолог мамандар жүзеге асыруы керек. Есту қабілеті бұзылған оқушылармен арнайы түзету сабақтарын сурдопедагог, көру қабілеті бұзылған оқушылармен – тифлопедагог, сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар оқушылармен – логопед, психикалық дамуы тежелген және ақыл-ой кемістігі бар оқушылармен – олигофренопедагог, тірек-қозғалыс аппараты

бұзылған оқушылармен емдік дене шынықтыру (ЕДШ) нұсқаушысы жүргізуі тиіс. Барлық санаттағы оқушылар логопед пен арнайы психологтың көмегін қажет етеді. Жалпы білім беретін мектептегі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы сыныптарда сол сыныптың бағыты бойынша жоғары дефектологиялық білімі бар педагогтар және де курстық даярлықтан өткен тәжірибелі мұғалімдер жұмыс істеуі керек. Білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогикалық қызметкерлерін аттестаттауды жүргізуде педагогтардың арнайы білімі ерекше есепке алынады. Арнайы сыныптар мен ерекше білім қажеттігі бар балалар қосылған жалпы сыныптың педагогтары өздерінің кәсіби деңгейін үнемі жетілдіруге міндетті.

Инклюзивті оқытуды ерекше мұқтаждықтары бар балаларды жалпы білім беретін мектептерде оқыту үрдісі деп түсініп, ата-аналар тарапынан туындаған наразылықтар мен түсінбеушіліктерді жоюмен күресу жағдайлары қазір артта қалды. Үзбей жүргізілген насихат жұмыстарының нәтижесінде қазақстандық қоғам адамсүйгіштік, жанашырлық қасиеттерін басқа қырынан меңгерді. Ендігі кезекте халықтың санасын балаларды жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарай айыратын кедергілерді жоюға бағытталған оқыту ерекшелігіне бұру қажет. Ол үшін инклюзивті оқыту ұғымының түпкі мәні мен шынайы табиғаты жаппай әрі барынша терең, жан-жақты түсіндірілуі тиіс.

Педагогикалық қауымдастықтың арасында туындаған инклюзивті білім беру үрдісінің толыққанды іске асырылуы оқу сапасын ақсатуы мүмкін деген алаңдау құптарлық. Ол үшін саралап оқыту тиімділігін арттыру тетіктерін қарастыру қажет. Оның бірден бір жолы – инклюзивті білім беру үрдісінде психологиялық қолдау рөлін арттыру.

Бұл – білім беру сапасының жақсаруына жетелейтін маңызды фактор.

Инклюзивті білім беру жағдайында оқу тиімділігіне қол жеткізу «әлсіз» оқушыларға, яғни білім мекемесіне сыртқы, мектептен тыс әлемнен өзімен бірге жағымды алғышарттар (әлеуметтік жағдай, қабылет) әкелмеуі себепті, жоғары нәтиже көрсете алмайтын балаларға білім беру ұйымының қалай және қаншалықты ықпал етуін анықтауға басымдық берілуімен анықталады. Бұл көптеген «түйінді факторлар» арқылы ажыратылады. Оның таңдаулы белгілері: жағымды оқу мәдениеті; жақсы үміт (жоғары ұмтылыс); оқушылардың оқу нәтижесін қадағалау; жеке жетістіктерді үнемі қолдау; оқу мен үйретуді үнемі жақсартуға қызығушылық; оқушылардың ынталылығы және белсенді қатынасы; өзгерістерді қолдау және оны әкімшілік тарапынан бақылау; түрлі әдістемелерді мақсатты түрде іріктеу және қолдану; отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастық. Инклюзивті оқыту жағдайында білім беру ұйымының негізгі әрі аса маңызды міндеттері мұғалімдердің сабақ беруі, оқушылардың оқуымен қатар, әлеуметтік-психологиялық қолдау болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық қолдау – білім беру жағдайында туындаған мәселелерді шешу үшін, белгілі бір даму кезеңінде көмек көрсетуге бағытталған технология, балаға көмек берудің ерекше түрі. Әлеуметтік-педагогикалық қолдау – баланың қоғаммен өзара әрекеттестігі жағдайында баланы психологиялық дамыту және нәтижелі оқыту үшін әлеуметтік-педагогикалық жағдайлар жасауға бағытталған маманның кәсіби әрекетінің белгілі бір жүйесі.

Қазіргі қазақстандық білім беру жүйесінде қолдаудың әр түрлі модельдері әзірленіп, оның инфрақұрылымдары қалыптастырылуда. Оған психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік орталықтар, мектептегі



қолдау қызметтері, кәсіптік бағдарлау орталықтары, психологиялық-педагогикалық қолдау, психологиялық-педагогикалық қолдаудың ресурстық орталықтары, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, сенім кабинеттері және т.с.с. жатады. Қиын жағдайдағы баланың дамуын әлеуметтік-педагогикалық қолдау қарым-қатынастарды қолдау, яғни оларды дамыту, түзету, қалпына келтіру ретінде қарастырылуы мүмкін. Қазіргі таңда «әлеуметтік-педагогикалық қолдау» түсінігі кеңінен қолданылады. Әлеуметтік-педагогикалық қолдау туралы түсінік баланы психологиялық дамыту мен нәтижелі оқыту үшін әлеуметтік-педагогикалық жағдайлар жасауға бағытталған әлеуметтік педагогтың кәсіптік әрекетінің жүйесі ретінде мәнге ие. Бұндай әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың мақсаты баланың жасына сай қалыпты дамуды қамтамасыз ету болып табылады. Бұл әлеуметтік-педагогикалық қолдау бойынша маман тек диагностика, кеңес беру, түзету әдістерін меңгеріп қана қоймай, оның таласты жағдайларды жүйелі талдау, оларды шешуге бағытталған әрекеттерді бағдарламалау және жоспарлау қабілеті болуы керек.

Қарастырылып отырған топ оқушыларының ерекше білім қажеттігі мұғалімдер және мамандар командасымен (психолог, логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог, нұсқаушы, ЛФК, дәрігер т.б.) арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау болып табылады. Мамандардың өзара әрекеттестігі ерекше білім беруге қажеттігі бар оқушыларды оқыту мен дамыту мәселелерін еңсеруге бірыңғай тәсілдерді жүзеге асыру мен жасау, оның отбасына көмекті ұйымдастыру, сонымен қатар күнделікті сыныпта балалармен жұмыс істейтін педагогтарға бағытталуы керек. Команда мүшелерінің өзара әрекеттестігінің ережесі:

– өзара сыйластық, команданың барлық мүшелері тарапынан өзара көмекке дайындық;

– педагогикалық міндеттерді шешуде нақты қызметтерді бөлу;

– білім беру және түзету үрдісінде команданың барлық мүшелері тең құқылы қатысуы, өзінің және ортақ жұмыс нәтижесіне жауапты болу.

Мамандар командасы әрекетінің мазмұны әртүрлі: мектепке келген балалардың қажеттілігі мен оқытуын қолдауға дайындықтарын айқындау; мектепке бейімделуі мен оқудағы қиындықтарды еңсеру, зейінді және эмоционалды, физикалық дамуында ауытқушылығы бар оқушыларды анықтау, егер қажет болған жағдайда ПМПК кеңесіне жіберу; оқуда белгілі бір жетістікке жетуін қамтамасыз ететін ПМПК қорытындысы бар оқушылардың танымдық әрекетіндегі ерекшеліктерді зерделеу, психологиялық-педагогикалық түзету, алдын алуды анықтау ісшаралары үшін жеке және эмоционалды-ерікті дамуын зерделеу; ерекше білім қажеттігі бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру; жеке, жұптық, топтық түзете-дамыту сабақтарын жүргізу; психологиялық-педагогикалық мониторингті жүзеге асыру; жалпы сынып жағдайында білім алушыларға саралап және жеке оқыту тәсілдерін қамтамасыз ету үшін мұғалімдерге ұсынымдар әзірлеу; консультациялық және ағартушылық қызмет.

*Психолог* баланың жақын арадағы даму аймағын және өзекті даму деңгейін анықтайды, құрбылары, ата-аналары және басқа да ересектермен қарым-қатынас сипатын, эмоционалды-еріктік саласының ерекшеліктерін айқындайды. Ерекше баланың әлеуметтік мәртебесін көтеруді болжайтын, әртүрлі топтық психотүзету жұмыстарының технологияларын қолдана отырып, оны құрбылары тарапынан қолдауға бағытталған жұмыс жасайды. Мұндай топтық жұмыс ерекше білім беру қажеттігі бар балалармен бірге оның құрбылары арасында әлеуметтік бейімделу мәселеле-

рін шешуге көмектесуі керек. Психолог баланың ырғағы, жұмысқа қабілеттілігі, нәтижелілігі, белсенді көңіл бөлу деңгейі іс-әрекетінің сипатын бағалай отырып, педагогқа баланың оқу жүктемесінің мөлшері, оқу материалдарының көлемі, сабақты ұйымдастыру үрдісінде әртүрлі іс-әрекет түрлерін алмастыру, сыныптың жұмыс істеу барысында баланың іс-әрекетінің ырғағын ескеру қажеттілігі мен оқу материалдарын ұсыну қарқыны туралы ұсынымдар әзірлейді. Оқушының психологиялық іс-әрекетін ұйымдастыру ерекшеліктерін бағалау сынып бөлмесінде оңтайлы жұмыс орны, сыртқы тіректерді ұйымдастыру, жеке тәсілдемелерді қолдану арқылы оқу материалдарын бекіту мен арнайы әдістерді таңдау сынды баланың оқуын ұйымдастыруға сәйкес жағдай жасауға мүмкіндік береді.

*Арнайы педагог* білім, білік, дағдыларды меңгеру және оқу қызметін іске асыруда белгілі қиындықтар тудыратын бұзылыс салдарын еңсеру болып табылатын ерекше білім қажеттігі бар оқушылармен түзету жұмыстарын жүргізеді. Есту қабілеті бұзылған оқушылармен жұмыс барысында есту арқылы қабылдау, сөйлеу әрекеті, коммуникациялық қызметті дамытуға күш салады. Көру қабілеті бұзылған оқушылар кеңістікті бағдарлау, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарға мұқтаж; арнайы педагог олардың көріп қабылдауын дамыту үшін қызмет етеді. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балалармен жұмыс мазмұны коммуникативтік қызметтің қалыптасуы, көру мен қозғалысты үйлестіру және моторика, кеңістікті бағдарлау, танымдық қызметті дамытуға бағытталады.

*Логопед-мұғалім* қызметінің негізгі міндеттері оқылым және жазылым үрдісіне қатысатын коммуникациялық дағдыларды қалыптастыру, жоғары психикалық қызметті дамыту, оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің кемістіктерін еңсеру болып табылады. Мамандар командасының толыққанды жұмыс істеуі үшін балалармен

психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ететін дефектолог- мұғалім, педагог-психолог, логопед-мұғалім, т.б. мамандардың арнайы жабдықталған кабинеті қажет. Кабинеттер арнайы оқу-әдістемелік және дидактикалық әдебиеттермен, заманауи оқыту құралдарымен, түзету-дамыту жабдықтарымен жарақтандырылуы керек.

### **Білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі – тұлғаның психологиялық саулығының шарты**

Жалпы білім беру жағдайында ерекше білім қажеттіліктері бар баланың оқу үрдісі мен әлеуметтік бейімдеуінің табыстылығына таңдап алған оқу бағдарламаның оқушының танымдық және функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкестігіне және нақты оқу жетістіктеріне тұрақты бақылау жүргізу арқылы қол жеткізіледі. Бала дамуындағы бұзылыс оның оқу материалын меңгеруіне және қоршаған адамдармен (кұрдастарымен, үлкендермен) жеке дара қарым-қатынас жасауына әсер етеді. Сондықтан жалпы білім беретін ортада мұндай оқушыны табысты бейімдеу және оқытудың маңызды шарттарының бірі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу болып табылады. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандардың біртұтас, жүйелі ұйымдасқан қызметін білдіретін оқу-тәрбие үрдісінде баланы қолдаудың ерекше түрі ретінде қарастырылады. Оның барысында баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқыту мен дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық шарттар жасалады. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің нысаны ретінде оқу-тәрбие үрдісі қарастырылады. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу пәні – баланың әлеммен, айналасындағы ересектермен, құрбыларымен және өз-өзімен қарым-қатынасының жүйесі ретінде оның даму жағдайы. Ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды сүйемел-

деу командалық жұмыс стилін, әр түрлі мамандардың (психолог, логопед, арнайы педагог, әлеуметтік педагог), мұғалімдер мен ата-аналардың өзара тығыз байланысын көздейді. Арнаулы сүйемелдеу ішкі және сыртқы (мектептегі штатта сурдопедагог, тифлопедагог, емдік дене шынықтыру мамандары болмаған жағдайда) болуы мүмкін. Іштей сүйемелдеу командалық жұмыс ретінде консилиумді пайдаланатын психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарымен, ал сыртқы сүйемелдеу аудандық психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің мамандарымен жүзеге асырылады.

Жалпы білім беру жағдайында ерекше білім қажеттіліктері бар баланың оқу үрдісі мен әлеуметтік бейімдеуінің табыстылығы таңдап алған оқу бағдарламаның оқушының танымдық және функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкестігіне және нақты оқу жетістіктерін тұрақты бақылау арқылы қол жеткізіледі. Көрсетілген бақылау білім беру ұйымдарында жүзеге асырылуы үшін тиісті білім беру мониторингі жүзеге асырылуы керек. Білім беру мониторингінің мәліметтері мұғалімге оқыту барысында балаларда туындайтын қиындықтарға дер кезінде араласуға және оларды жоюға, білімін толықтыру бойынша қажетті іс-шаралар ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оқу бағдарламаларын меңгеруде туындайтын қиындықтарды талқылауға қолдау қызметінің мамандары (психолог, логопед, мұғалім-дефектолог) қатысады, олар қиындықтардың себептері мен жою жолдарын анықтауға көмектеседі. Егер қажет болса, жеке түзету сабақтарының мазмұнына өзгерістер енгізеді. Осылайша, жалпы білім беру үрдісіне енгізілген ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың жоғары білім сапасын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады. Білім беру мониторингінің көмегімен педагог оқушыда қалыптастырылған дағдылар деңгейін анықтайды және оған сүйеніп, баланы табысты оқытуға жағдай жасайтын

жеке білім беру бағдарын жасайды. Әр оқу жылының соңында оқушылардың оқу жетістіктері оқушылардың психологиялық-педагогикалық карталарында сақталатын арнайы жетістіктер карталарында тіркеледі.

Ерекше білім қажеттігі бар оқушыларға қатысты қамқорлық сақтық педагогикалық тәртіпті ұйымдастыру олардың орталық жүйке жүйесінің жетілуі мен қызмет етуінің кемістігі, сонымен қоса соматикалық әлсіздігімен байланысты. Соның салдарынан оқушылар дене қызметі мен ойлау жүйесіне күш түсуінен тез шаршап әлсірейді. Ал ол балалардың соматикалық саулығы мен оқу қарекетінің нәтижесіне кері әсер етеді. Қамқорлық сақтық-педагогикалық тәртібіне келесідей факторлармен жетеді: сыныптың аз толымдылығы; оқушының барлық мектеп қауымдастығын қабылдауының психологиялық жайлы ортасын қалыптастыру; оқушымен жеке және топтық оқу іс-әрекетінде жетістіктерін қамтамасыз ету; эмоционалды олқылық, психофизикалық жүктеменің алдын алу; психологпен арнайы релаксациялық, психотерапиялық сабақтар; әр сабақ барысында (20-25 минутта) емдеу-түзету іс-шараларымен 5 минуттық динамикалық үзілістер өткізу; ауысым арасында (әр сабақ арасында 10 минуттан кем емес және үшінші сабақтан кейін 20 минуттық үзіліс); оқушылардың жұмысқа қабілеті мен қабылдау ерекшеліктерін есепке ала отырып, сынып бөлмелерін ерекше безендіру.

Жалпы білім беретін мектептердің педагогтары ерекше білім қажеттігі бар балалардың ата-аналары өз балаларының оқу үлгеріміне алаңдайтынын ескерулері керек. Олар мұғаліммен, тіпті дені сау оқушылардың ата-аналарымен қарым-қатынасқа түсуден қашқақтайтынынан көрініс табады. Осы орайда ерекше білім қажеттігі бар балалардың ата-аналарын білім беру үрдісіне барынша кірістірген жөн. Көптеген ата-аналар баласының даму үрдісіне өздері қатысқысы келеді, сондықтан бұл ұмтылыс мектеп әкімші-

лігі мен мұғалімдер тарапынан қолдау табуы керек. Мектеп пен отбасы әрекеттестігін жетілдіру серіктестіктің жаңа ұстанымдары қағидасына негізделуі тиіс. Ерекше білім қажеттігі бар балаларды дамытуда әр тарап белгілі бір деңгейде жауапкершілікті алуы керек.

Ата-аналар мен педагогтардың ынтымақтастығы келесі қағидаларға негізделеді: серіктесті мойындау және құрметтеу; ақпараттармен және іскерліктерімен бөлісу; шешімдер қабылдауға қатысу; баланың даралығын мойындау. Ата-аналар мен отбасы мүшелерін балалардың педагогтармен, құрбыларымен байланыс орнатуына көмектесу үшін сыныптың қоғамдық өміріне жұмылдыру маңызды. Ол үшін ата-аналар баласының даму барысы мен оқу жағдайын білу мақсатында мұғалімдермен жиі кездесулері керек; жеке психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламаларын жасауға қатысулары керек; мұғалімдер оқушының оқу мен тәрбиедегі жетістіктерін белгілеп отыратын Жеке даму картасын жүргізуі және картаның мазмұнымен ата-аналарды таныстырып отыруы керек; оқу мен тәрбиенің жеке бағдарламасын жүзеге асыру міндеттері мен жауапкершіліктерінің белгілі бөлігін ата-аналар өз мойындарына алуы керек; әр тоқсан аяғында ата-аналар өз балаларының оқудағы жетістіктері туралы қорытынды-есеп алуы керек; ата-аналар баланы оқыту әдіс-тәсілдерімен танысу мақсатында мектепке келіп, сабаққа қатысуға құқықтары бар.

Мектеп ұйымдастыратын іс-шараларына ата-аналарды шақырып, қатыстырулары керек; ата-аналардан балаларының үй тапсырмаларын орындауына көмектесулерін міндеттеу керек; мұғалімдер мен ата-аналар оқушының мектептегі іс-әрекеті және оның үйде оқуы туралы ақпаратпен алмасулары қажет; ата-аналар өз баласының мектептен тыс әрекетін, спортпен шұғылдануын, үйірмелерге қатысуын ұйымдастырғандары жөн; ерекше білім қажеттігі бар балалардың ата-аналарын мектептік ата-аналар комитеті-

нің жұмыстарына қатыстыру керек; олармен жұмыс істейтін мұғалімдер немесе психологтар, арнайы педагог-координаторлар ата-аналарға арнап семинарлар, тәжірибелік тренингтер өткізулері керек. Ерекше білім қажеттігі бар балалардың ата-аналары өзара тәжірибе алмасу үшін жергілікті ассоциация құра алады. Мұғалімдер бала өзін отбасында қалай ұстайтынын білу үшін үйіне барып көріп тұрғаны жөн. Тараптардың (мектеп пен отбасы) өздеріне алған міндеттерін реттейтін жазбаша келісімшарт жасап, бекітуге болады. Ерекше білім қажеттігі бар балалар сапалы білім алуға құқылы, сондықтан мектеп отбасымен ынтымақтаса отырып, баланың білім алу сұранысын барынша қанағаттандыруы тиіс. Білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі – баланың психологиялық саулығының шарты.

### **Ерте аутизмді балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері**

Аутизм – грек тілінде «autos», яғни «өзім» деген мағынаны береді; адамның сыртқы дүниеден оқшауланып, өзімен-өзі болып, іштей сары уайымға салынатын кездегі көңіл-күйі. Аутизм терминін ең алғаш 1912 жылы швейцар психиатры Э.Блэхер ұсынды. Адамның ішкі эмоциялық қажеттіліктерімен реттелетін және шынайы әрекеттерге тәуелділігі шамалы, аффективтік саланың айрықша түрін белгілеу үшін енгізілді. Аутист балалардың есте сақтау қабілеті жоғары болады. Математика және музыкадан дарынды, бірнеше тілдерді меңгеруі де мүмкін. Бірақ бұл қасиеттер әдеттегі жастан кейінірек байқалады. Сондықтан да бұндай балалар арнайы интернаттарда емес, калыпты ортада тәрбиеленуі қажет.

Аутизм – бала дамуындағы ауытқушылықтың ауыр түрі, ол әлеуметтік ортамен қарым-қатынастың жоқтығын



білдіреді. Симптом ретінде аутизм көптеген психикалық ауруларда кездеседі, бірақ кейбір жағдайларда ерте жастан байқалып, бала дамуына кері әсерін тигізеді. Бұл жағдай ерте балалық аутизм (ЕБА) синдромы деп аталып, психикалық дамудың зақымдалу формасы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, бала бойында аутизмнің кейбір клиникалық көріністері байқалса, оны аутистикалық тұлғалық қасиеттер деп атайды. Олар нақты симптом ретінде 2-3 жасқа қарай қалыптасулары мүмкін.

Аутизм ауруын кең көлемде ашып, зерттеген америка психиатры – Лео Каннер. Ерте балалық аутизм әр түрлі болады, тиісінше зият пен сөйлеу дамуының деңгейлері де түрліше болып келеді. Л.Каннердің жіктемесі бойынша ерте балалық шақтағы аутизм синдромы келесі үш көрсеткішті біріктіреді: аутистикалық уайымдар стереотипі; бірқалыпты үйреншікті мінез-құлық; ерекше сипаттағы сөйлеу тілінің кемістіктері. К.Лебединскаяның анықтауынша, аутизм – шынайы болмыстан қол үзіп, өзімен-өзі болып кету; сырттан әсер ететін тітіркендіргіштерге реакцияның болмауы; оқшаулану; ортамен қарым-қатынас жасаудағы енжарлық пен аса қамкөңілділік. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) қабылдаған көрсеткіштер бойынша, мінез-құлқы бұзылған адамның бойында келесі өзгешіліктер байқалады: әлеуметтік өзара әрекеттесу аясындағы сапалық бұзылыстар; қарым-қатынас жасау қабілетінің сапалық бұзылыстары; тәртіптің, қызмет мүдделері мен түрлерінің шектелген, қайталанатын және стереотиптік үлгілері. Шамамен алғанда, әрбір 10 мың жаңа туылған нәрсетенің 15-20-сында аутизм байқалады.

ЕБА диагнозы бар көптеген балаларда орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдалу белгілері байқалады, алайда олардың пайда болуын және дәрежесін анықтау қиын. ЕБА-ны зақымданудың белгілі бір оқшаулануымен байланыстыруға әрекет жасалған, бірақ бұл зерттеулер әлі

жеткіліксіз. Аутизмнің пайда болу себептері әлі жеткілікті анықталмаған. ЕБА этиологиясында басты орын алатын генетикалық фактор, яғни аутизмнің басым бөлігі тұқым қуалайды. Тұқым қуалау тетігі осы уақытқа дейін түсініксіз болып келеді; бірақ ол моногенді емес, яғни аутизмнің пайда болуы бір генге емес, ген тобына байланысты болады. Яғни гендік кешен ауытқудың нақ өзін емес, оның пайда болуына әкеп соғатын факторларды тудырады. ЕБА этиологиясы мен патогенезі белгісіз болғандықтан, оның пайда болуына ықпал ететін факторлар ретінде «ата-ана мен бала арасындағы эмоционалды шектелу теориясы», тұқым қуалайтын тежелістер және орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдалуы сынды себептер түсініктеме ретінде қолданылады.

АҚШ пен Батыс Еуропада психогенді фактор психоаналитикалық тәсіл шегінде қарастырылады. Ресейлік арнайы әдебиеттерде психогенді аутизм ұшырасуы мүмкін, бірақ оның анық сипаттамалары жоқ деген мәліметтер кездеседі. ЕБА шалдыққан балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасына тоқталатын болсақ, оның кейбір белгілері ертеден-ақ байқалады. Емшектегі балалардың анасымен қарым-қатынасы кезінде «жандану кешені» байқалмайды, сыртқы тітіркендіргіштерге ағзаның жауап реакциясы байқалмайды. Әдетте, балалар аз ұйықтайды; мазасыз. Аутизм әсіресе 3-5 жаста анық білінеді. Оның белгілері мынадай:

- бала көзін тігіп, тікелей «көзбе-көз» қарай алмайды;
- нақты біреуге қарап күлімдемейді; күлкіге, қуанышқа елендемейді;
- бала қолға алып, көтеруді сұрамайды, қолға ыңғайланбайды;
- жақын адамдарын таниды, бірақ ұзақ эмоциялық әрекет байқалмайды;
- бала еркелеткенді көтереді, бірақ аса жақтырмайды;

– жайсыздыққа көзқарасы оғаш: не оны мүлде көтермейді, не болмаса селқос қарайды; басқа адамдармен қарым-қатынас жасау қажеттігін байқатпайды, қашқақтауға тырысады немесе немқұрайлылық танытады.

Мінез-құлқына әдеттегі тұрақтылықты сақтау ниетінен байқалатын тепе-тендік феномені тән. Көбінесе тәртібі біркелкі. Балалар бірнеше сағат бойы бір әрекетті қайталауы, яғни бір қимылды (қолдарын тербету, сілкіу) көп рет қайталауы, ыдысқа суды құйып-төгуі; әртүрлі заттарды бір орыннан екінші орынға ауыстыруы мүмкін. Ойыншықтарды дұрыс пайдаланбайды. Ерте балалар аутизміне шалдыққан балалардың қозғалыс сферасы бұзылады. Оны жүрісінің сенімсіздігінен, ұсақ моторикасының әлсіздігінен, жүрісінің орашолоқтығынан байқауға болады. Екі жасқа жеткен кезде стереотиптік қозғалыстар кешені біліне бастайды.

Ерте даму кезеңінен бастап-ақ, ЕБА шалдыққан балалардың өзіне таныс емес және жаңа нәрселерден қорқыныш сезімі пайда болады. Қорқыныштары диффузиялы, анық емес, жалпы үрей мен мазасыздық деңгейінде, және бала белгілі бір заттар мен құбылыстардан қорыққан кезде сараланауы мүмкін. Сөйлеу қабілеті дамуының ерекшеліктері:

- 1) мутизм – сөйлей алмау;
- 2) эхолалия – көбінесе естіген сәтте емес, біраз уақыттан соң басқа адамның айтқан сөздерін, сөз орамдарын қайталау;
- 3) айтатын сөздерінде штамптар мен сөз орамдарының көптігі; сөздерінің қайталануы; есте сақтау қабілеті жоғары болған жағдайда сөйлеу қабілеті дамыған болып көрінеді;
- 4) сөзінде қаратпа сөздердің жоқтығы, әңгімесінің негізсіздігі;
- 5) сөзінің автономдығы;

б) кейіннен сөйлеген сөзінде жеке есімдіктердің пайда болуы (әсіресе «мен»);

7) семантиканың бұзылуы;

8) сөзінің грамматикалық құрылысының бұзылуы;

9) дыбыстаудың бұзылуы.

Ерте балалар аутизмі кезінде психиканы түзетуде баланың эмоциялық даму мәселелерін ескеру қажет. Психологиялық түзету әрдайым баламен психологиялық байланысты белгілеуден басталады. Аутизмге шалдыққан балалардың айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауы қиын. Олардың қарым-қатынасқа қажеттілігі туындамайды, адамдармен қарым-қатынас жасау әдістері дамымаған. Қарым-қатынас жасау кезінде ешқандай кқысым жасалмауы тиіс. Баламен алғашқы қарым-қатынасты қандай да бір жағымсыз әсерлер пайда болған кезде орнату керек. М.Велштің холдинг-терапия әдістемесін қолдану кеңінен таралған. Бұл әдісте анасы баласын қолына алып, бауырына қатты қысады да, көздерін түйістіру үшін бетпепет ұстайды. Анасы баласын ол әлсіреп, бауырына жаншылғанша ұстап тұруы қажет.

Аутизмге шалдыққан балалардың ой-өріс әлеуеті сақталған жағдайда көпшілікке арналған мектепте оқытуға рұқсат етіледі және ол үшін арнайы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу шаралары қажет.

*Аутизм себептері.* Қазіргі уақытта аутизмнің нақты себептері анық зерттелмеген. Көп ғалымдардың деректері бойынша аутизммен ауырған балалардың себебі орталық жүйке жүйесінің бұзылуы салдарынан болады. Тұқым қуалаушылық фактордың әсері мол екенін көптеген зерттеушілер мойындайды. Сонымен бірге мидың органикалық зақымдалуы да аутист балаларда жиі кездеседі.

Тұқым қуалаушылық хромосомалық өзгерістер, зат алмасу өзгерістері, анасы жүкті және туу кезінде алған жарақаттар, нейроинфекциялар т.б. барлығы да жағымсыз

әсер ету мүмкіндігі бар. Кейде аутист бала туған кезде ерекше болады: солғын, тамақ сұрап мазаламайды, жөргек суланса және бір жері ауырса сезбейді, өскен кезде ештеңеге қызықпайды, кейбір сөздерді немесе сөйлемдерді қағып алып, түсінбей қайталай береді. Жақын адамдармен, анасымен байланысы симбиоздық, сондықтан жақын адамдарды түсіну, аяу, көну деген ұғым жоқ.

Аутист бала ерке, тәртіпсіз сияқты әсер береді, бірақ диагнозды ерте қойып, ерте емдесе баланы жазып алуға болады. Аутист бала ешкіммен араласпайды, тұйық болады. Жалпы тұйық мінез әр түрлі себептерге байланысты:

- баланың жеке мінезіне;
- көру мен есту кемістігіне;
- зияттың жетілмеуіне;
- сөйлеу аппаратының бұзылуына;
- невротикалық өзгерістерге;
- ұзақ уақыт қарым-қатынассыз қалғандыққа.

Аутист бала қоршаған ортаға, қоғамға мүлде қызықпайды. Тұрақты түрде қорқыныштар пайда болып тұрады, өзіне-өзі агрессиялы, қол жұмсағысы келуі де мүкін. Бала өскен сайын сөйлеу мен зиятының дамуы төмендейді. Аутист балалардың назарын адамға, басқа нысанға аудару және бірнәрсе үйрету қиын. Ауру бала өзіне айтқан сөздерге мән бермейді, сұрақтарға және атын атап шақырғанға көңіл аудармайды, естімейтін керек сияқты болып көрінеді.

Л.Каннер аутизмді нақты психикалық дамудың бұзылуы деп тапқан және келесі көрсеткіштерін ажыратқан: жалғыздықты жақсы көру; ешқашан адаммен көзбе-көз кездеспеу; мимикасының, дауысының, дыбысының ырғағының, қимыл-ишарасының болмауы; бағытының шарттары тұрақты болуын қалауы, яғни барлығы біркелкі болып, өзгермеуі керектігі; эмоциялық тұрғыдан ешкіммен араласпау; біркелкі қимылдарды қайталай беру. Аутист

баланың сөйлеу үрдісі бұзылғандықтан, олардың 50 пайызында мутизм кездеседі және эхолалия жиі болады.

*Аутист балалардың топтары.* Аутист бала сұрақ қоймайды және жауап та бермейді, ым-ишара арқылы қарым-қатынас жасаудан бас тартады. Аутист балалар науқас сипатына қарай, 4 топқа топтастырылады.

1. Аурудың ауыр көрінісімен сипатталатын топ. Балалар ортадан оқшауланып, еш нәрсеге көңіл аудармайды; көп уақытын түңілумен өткізеді. Мұндай балалар сөйлемейді, адамдарға, адамның көзіне және бір нәрсеге көзін тікпейді, күлмейді, жыламайды. Атын атап шақырғанда үндемей, дыбыс шығармай, ешқандай реакция білдірмейді. Олар бір жері жарақаттанса ауырсынбайды; қарындары ашып, тоңғанды сезбейді. Үй ішінде бағытсыз ары-бері жүреді, жиһаздардың үстіне шығады, терезенің алдында сағаттар бойы отыра береді. Үлкен адам мұндай баланың назарын аударайын деп тырысқан жағдайда, бала айқайлайды, жылайды, төбелеседі, түкіреді, тырнайды, яғни қатты қарсылық көрсетеді.

2. Бұл топтың балалары адамның көзіне тіке қарамайды, басқа нәрселерге де көзін тіке қадап, мақсатты түрде қарай алмайды; бірақ заттар мен олардың түрлері, сыртқы пішіні және дыбыстары олардың назарын өздеріне аудартады. Мысалы: кілем немес алаша біткенше жүре береді. Бұл балалардың бір қалыптылығы сағаттар бойы бір бағытқа қарап отыра береді. Ал бір нәрсе керек болса, олар үлкен адамды ертіп апарып, керекті нәрсеге қолын салады.

3. Балалар аздап белсенді; олар қоршаған ортадан толық безбеген; бетінде қорқыныш табы бар; қимылдары еркін емес; сөздері түсініксіз, бір сөзді қайталай береді, күрмеліп сөйлейді; қимылдары импульсивті, яғни отырып-отырып, аяқастынан жүгіріп кетеді; өзін-өзі жарақаттайды. Бұл топтағы балалар өте дауласқыш, еш өкінбейді, бәрін керісінше жасайды. Бала өзіне ұрысқанды қаламайды, тек

өзі сөйлейді, ешкімді тыңдамайды, сөйлеткізбейді. Сөйлегені өте жылдам, дыбысы қатты. Сөзі монолог түрінде. Кейде ересек адам сияқты, күрделі сөздермен сөйлейді, бірақ мағынасын түсінбейді. Сөздік қоры жақсы, бірақ та диалог құрастыра алмайды.

4. Бұл балалар аутизмнің жеңіл түрімен сипатталады. Балалардың мимикасы шектеулі; мазасыздануы басым, сондықтан сөздері баяу; басқаның көздеріне қарай алады, бірақ тұрақсыз. Олар ұялшақ, жасқаншақ болып келеді; өтірік айту, алдауды білмейді.

*Аутист балаларға арнайы көмек көрсету.* Зерттеулер уақтылы түзету көмегі көрсетілген жағдайда аутист балалардың 60 пайызы жалпы білім беру бағдарламалары бойынша, 30 пайызы арнайы білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабілетті болатынын, ал 10 пайызының отбасында әлеуметтену мүмкіндіктері бар екенін көрсетеді. Бірақ ерте түзету көмегі көрсетілмеген балалардың 75 пайызы әлеуметтік ортаға бейімделе алмайды, 22-23 пайызы шамалы бейімделеді, тек 2-3 пайызы ғана әлеуметтік бейімделудің қажетті деңгейіне жетеді.

Қазіргі уақытта ерте балалық шақ аутизмін түзету әдістері әр түрлі. Солардың бірі – негізі бихевиористік психология болып табылатын оперантты оқыту, яғни мінез-құлықтық емдеу. Бұл түзету әдісі АҚШ-та және басқа да елдерде кеңінен тараған. Әдістің негізі қажетті қылықты, әрекетті қалыптастыру үшін арнайы түрде сыртқы жағдайларды қамтамсыз ету; баланы әлеуметтік-тұрмыстық бейімдеу, сөйлеу тілін дамыту, оқу немесе еңбек дағдыларына үйрету. Бұл әдіс бойынша оқытылған балалардың 50-60 пайызы жалпы мектеп бағдарламасын меңгере алады; кәсіптік немесе жоғары оқу орындарында оқуын жалғастыра алады.

Оперантты оқытудан басқа, ерте балалық шақ аутизмін емдеудің ТЕАССН бағдарламасы (Э.Шоплер, Р.Райхле-

бер), холдинг терапия (М.Уэлч, Н.Тинберген, Э.Тинберген, М.Либлинг), К.Китахараның «күнделікті өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету» арқылы емдеу тәжірибелері жиі пайдаланады. Ресейлік тәжірибеде ең танымал К.С.Лебединская мен О.С. Никольскаяның аутизмді түзетудің кешенді медициналық-психологиялық-педагогикалық әдістемесі. Бұл әдістеменің негізгі ерекшелігі – дәрігер, педагог пен психологтардың бірлесе, тығыз байланыста жұмыс жасауы.

Ерте балалық аутизмді зерттеу өткен ғасырдың ортасынан басталып, қазіргі уақытқа дейін жалғасуына қарамастан, әлі күнге арнайы кешенді көмек көрсету жүйесі құрастырылмаған. Осы жерде кей балаларды жалпы мектептің арнайы сыныптарында оқыту тәжірибелері бар екенін айту керек. Бірақ сол балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қажеттігі негізгі талап болып табылады.

### **Көру, есту, сөйлеу қабілеттері, тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері**

Бала дамуындағы бұзылыс оның оқу материалын меңгеруіне және қоршаған ортамен (құрдастарымен, үлкендермен) өзара қарым-қатынас жасауына әсер етеді. Сондықтан жалпы білім беретін ортада мұндай оқушыны табысты бейімдеу және оқытудың нәтижелілігіне қол жеткізудің маңызды шарты – науқас сипатына орай, олардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін білу болып табылады.

*Көру қабілетінде бұзылыстар бар балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.* Жалпы білім беру ұйымдарында қазіргі балалардың біраз бөлігінің көру қабілетінің бұзылуын көру нашарлығы және қылилық



құрайды. Олар заттар мен құбылыстарды көзбен шолу сипатындағы жарықты, түсті т.б. бақылау мен қабылдаудың қиындығын сезінеді. Нашар көретін балалар мұндай жағдайда ашуланшақ болады, ұжымнан тысқарырақ қалып, келеңсіз мінез-құлық танытады, бұл мектепке жеткілікті деңгейде бейімделмеу көрінісі болып табылады. Қалыпты көретіндер тәрізді, нашар көретіндердің де есту қабілеттері негізгі қабылдау қызметін атқарады. Осыған байланысты нашар көретін балалардың көз жанарын сақтауға мүмкіндік беретін, көріп қабылдауын жеңілдететін, шаршауын болдырмайтын ерекше жағдай жүзеге асырылуы қажет.

*Есту қабілетінде бұзылыстар бар балалардың* психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері. Естімеу немесе нашар есту баланы ең маңызды ақпарат көзінен айырады. Ерте жаста естуден айырылған бала сөйлеу және психикалық дамудың тежелуіне ұшырайды. Есту қабілетінің нашарлау уақыты мен ауырлық дәрежесіне байланысты баланың психофизикалық дамуындағы артта қалушылық деңгейі әр түрлі болады. Есту қабілетінің бұзылысы салдарынан баланың психологиясы және сөйлеу тілі тежеледі. Сөйлеу тілінің дамымауы есту қабілеті нашар балалардың психологиялық процестерінің дамуына теріс әсер етеді, олардың танымдық қызметінің өзгеруіне алып келеді. Есту қабілеті бұзылған балалардың өзін-өзі бағалауының төмендігі оның әлеуметтік бейімделуі мен қоғамға енуінде қиындықтар туғызады. Кемістік салдарынан бала мен оның қатарластары арасында өзіндік қатынас пайда болады: көп жағдайда мұндай баланы оқшаулап, шеттетеді. Психология тұрғысынан қарасақ, сурдопсихологияда есту қабілеті бұзылған балалардың мінезінің өзіндік ерекшеліктерін айқындап көрсетеді. Олар, невротикалық жағдайларға, астеноневротикалық және психопатиялық жағдайларға бейімдеу боп келеді. Т.Н.Приле-

пскаяның айтуы бойынша, есту қабілеті бұзылған балалар қоршаған орта жағдайына бейімделуде әлеуметтік жетілу жағынан еститін балалардан артта қалып қояды. Оларда белгілі іс-әрекет пен қажеттілік ерекшеліктерімен байланысты эмоционалды-әрекеттік бұзылыстар көп кездеседі. Нашар еститін балалардың естімейтін балалардан айырмашылығы оқу үрдісінде қалдық есту мүмкіндігін пайдалану мүмкіндігінде.

*Сөйлеу кемістігі бар балалардың* психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері. Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (СТЖД) балаларда сөйлеу жүйесінің фонетикалық, фонематикалық және лексика-грамматикалық компоненттерінің қалыптасуының бұзылуымен сипатталады. Мектепке дейінгі жаста сөйлеу тілі дамуының кеш басталуы, сөйлеу тілі дамуының тежелуі, жас ерекшелігіне сәйкес келмейтін шектеулі сөз қоры, тілдің грамматикалық құрылымы қалыптасуының бұзылуы, дыбыстарды айтудың және фонематикалық қабылдаудың бұзылуы СТЖД негізгі белгілері болып табылады. Сонымен бірге бұл санаттағы балалардың есту қабілеті сақталатынын және белгілі жасқа арналған қаратпа сөзді түсініп, қабылдай алатындарын атап өту қажет. СТЖД балаларда сөйлеу-ойлау әрекеті жетіспеушілігінің салдарынан тілдік білік пен дағдылардың қалыптасу үрдісі артта қалған. Мектепте оқу барысында оқушылардың күнделікті тұрмыстық сөйлеу тілі жалпы қабылданған формаға жақындайды, дегенмен өз ойын дербес жазбаша түрде рәсімдеуде қиындық көреді. Негізгі орта мектеп деңгейінде сөйлеудің жазбаша түрінің қалыптасу, оқушылардың пән мазмұнын мазмұндау, терминологиялық лексиканы дұрыс қолдану мәселелері пайда болады. Сөйлеу тілінің жетік болмауы баланың сенсорлық, интеллектуалдық және сана-сезімдік жүйелерінде көрініс табады, жете дамымау немесе дамудың өзіндік ерекшеліктері бұзылудың келесі түрі ретінде байқалады, ал олардың

байқалу деңгейі тілдік патологияның көлемімен анықталады. СТЖД оқушылар үшін зейіннің тұрақты болмауы, аlandaушылық, тілдік құбылыстарға байланысты байқағыштықтың жеткіліксіздігі тән. Олар ауызша материалды есте сақтау барысында қиындық көреді, өз бетінше орындаған оқу тапсырмаларында көптеген қателер жібереді. Сондықтан, сабақтардың мақсаты – оқушылардың жалпы даму деңгейін көтеру; бұрынғы дамыту мен оқытудағы кемшіліктердің орнын толтыру; жеткіліксіз меңгерілген оқу біліктері мен дағдыларын қалыптастыру бойынша жеке жұмыстар жүргізу; танымдық қабілетінің дамуындағы ауытқуларды түзету; жаңа оқу материалын қабылдауға арналған мақсатты-бағытталған дайындық болулары тиіс.

Тұтығу – ең ауыр кесел. Оның себептері: қорқу; баланың түрлі инфекциялық аурулармен жиі ауруы; ата-анасының тұтығуы; шамадан тыс жазалау әдістерін қолдану. Бұл әдетте, 2-5 жас арасында кездесетін құбылыс. Алдын-ала оларға шара қолданбаса, ол асқынып, кей уақытта бой бермей кетуі мүмкін. Тұтығудың пайда болу себептері көп. Кейде олар жұқпалы аурулардан кейін, дене әбден әлсірегенде пайда болады. Қоршаған ортаның өзіне деген көзқарасы, ол туралы әділетсіз баға баланың жалтақ, қорқып сөйлеуіне әкеп соғады. Осындай фактілердің жиі қайталануы – баланың тұтығуын тудырады. Кейбір ата-аналар балаларының қабілетін жұртқа мақтаныш ретінде көрсеткісі келгендей, миы әлі қатып үлгермеген жас балаға көлемді өлең, тақпақтар, ертегілер, өлеңдер оқытқызады. Осының өзі баланың орталық жүйке жүйесін шаршатып, тілдік сөйлеу анализаторын бұзып, тұтығуға әкеледі. Жасы жетпеген балаға кітапты көп оқуға болмайды. Әсіресе түнге қарай қорқынышты ертегілерді оқу зиянды. Өйткені бала қатты қорқып, түсінде түрлі қорқынышты нәрселерді көруі мүмкін. Бала түсінде қорқып, шошып оянады, ал бұл,

орталық жүйке жүйесіне әсер етеді, осының өзі тұтығуға әкеледі. Баланы жазалау мақсатында қорқыту әдісі де көп қолданылады. Бірақ, қорқытудың да жөні бар. Шамадан тыс қорқыту, үйде жалғыз қалдырып кету, осының бәрі баланың үрейленгіш болып өсуіне септігін тигізеді. Тұтығатын бала күдікшіл болады, өзінің құрдастарының алдында сөйлеуге ұялады. Тұтыққан баланы өзге балалардың мазақтауынан сақтау керек. Мүмкіндігінше, дұрыс күтім жасап, баланың ойнауына, оқуына ыңғайлы жағдай тұғызу керек. Тұтығу асқынбастан арнайы мамандарға көрсетіп, уақытылы кеңесіп отыруы қажет, ал оның зардабынан дауыстың реңі мен әуезділігі және дыбыстардың айтылуы бұзылуы мүмкін.

*Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балалардың* психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері. «Тірек-қозғалыс аппаратының бұзылуы» (ТҚАБ) ұғымы жинақтамалық сипатқа ие және өзінің құрамына органикалық орталықтағы немесе шеткері пайда болған қимыл-қозғалыстық бұзылуды қамтиды. ТҚАБ балаларды келесі санаттарға бөледі: балалардың сал ауруы (БСА); қалпына келген немесе қалдықты кезеңдегі полиомиелиттің салдарынан болған; миопатиямен ауырған; туа біткен және жүре пайда болған ақыл-ой кемістігінің және тірек-қозғалыс аппаратының бұзылуымен анықталған. ТҚАБ балалардың қимыл әрекетінің бұзылуынан басқа интеллектуалды даму кемістігі де байқалуы мүмкін: балалардың 40-50%-ында психикалық дамуының тежелуі болса, барлық балалардың 10%-ға жуығында түрлі сатыдағы ақыл-ой кемістігі байқалады. Бұл кемістіктер мидың зақымдануымен түсіндіріледі, сонымен қатар қозғалыс белсенділігінің шектелуі және дамудың қосымша бұзылуларының нәтижесінде пайда болатын депривацияның салдары болып табылады. Психикалық дамудың тежелуі ойлау қызметі қалыптасуының артта қалуында, түрлі психикалық функциялардың біркелкі дамымауын-

да, астениялық жағдайлардың айқын байқалуында көрініс табады.

ТҚАБ балалардың арасында саны ең көп топты БСА ауыратындар құрайды. Бұндай балалар қимыл-қозғалыс саласы және танымдық әрекеті кемістіктері байланыстарының нәтижесінде оқыту мен тәрбиелеудің арнайы жағдайларын қажет етеді. БСА барысында әдетте, қимыл-қозғалыстың бұзылуы тілдік кемістікпен және жекелеген психикалық функциялардың қалыптасуының тежелуімен сәйкестікте болады. Қимыл-қозғалыс және басқа да функциялардың жетіспеушілік деңгейінің айқын байқалуы арасында сәйкестіктің болмайтындығын да атап өту қажет. Даму құрылымы бұзылуының көптүрлілігінің байқалуы, бұл балаларға білім беруді стандарттандыруда қиындықтар тудыратыны сөзсіз. БСА кезінде болатын қимыл-қозғалыстық бұзылулар қол мен аяқтың зақымдануынан байқалады (бұлшық ет тонусының зақымдануы, патологиялық рефлексстер, қимыл-қозғалыстың күштеу арқылы болуы, тепе-теңдіктің, кординацияның, шағын моториканың қалыптаспаушылығы). Қимыл-қозғалыс бұзылуының ауыртпалығы әр түрлі болады: кейбір балалар тік күйде отыра және тұра алмайды, тек арнайы арбада ғана қозғала алады, көптеген балалардың жүріс мәнері өгеше болады, көпшілігі ортопедиялық арнайы құрылдар: балдақтар, таяқтар және т.б. пайдаланады. Сал ауруымен ауыратын балалардың аз ғана бөлігі қосымша құрылғылардың көмегінсіз қозғалу мүмкіндігіне ие. Оң жақ аяқ-қолдары зақымданған ауру балалар, іс-әрекетті сол қолымен істеуге мәжбүр, бұл жағдай олардың өзіне-өзі қызмет ету және жазу дағдыларын меңгерулерінде қиындық тудырады. Барлық балаларда дерлік саусақтардың сезімталдығы дамымаған. БСА ауыратын балалардың көпшілігінде сөйлеу дағдыларының кемшілігі байқалады, соның ішінде жиі кездесетін жағдай – тіл күрмелудің түрлі формалары. Ең күрделі жағдайларда

анартрия (сөйлей алмау) байқалуы мүмкін. Тілдік кемістіктің болуы көптеген жағдайда сөйлесу ықыласын төмендетеді және қарым-қатынаста қиындықтар тудырады. БСА танымдық процестердің қалыптасуы жекелеген психикалық функциялардың тоқтап қалуымен және біркелкі дамымауымен сипатталады. Көптеген балаларда қабылдаудың дамуында, сонымен қатар кеңістік және уақытты бағдарлауда қиындықтар кездеседі. Барлық балаларда дерлік астения (ағза әлсіздігі) байқалады: жұмысқа қабілеттіліктің төмендігі, барлық психикалық үрдістердің қалпына келмеуі, қабылдаудың бәсеңдігі, зейін аударудың қиындығы, есте сақтау көлемінің аз болуы.

Осылайша, көру, есту, сөйлеу және тірек-қимыл аппаратында бұзылыстар бар балалардың науқастарының сипаты олардың қоршаған ортамен толыққанды байланыстарының орнығуына, ересектермен тіл табысуларына кедергі жасайды; құрбыларынан, ұжымнан бөлектенуге мәжбүр етеді. Осыған орай, бұл балаларды социум талаптарына сәйкес қолайлы, тиімді бейімдеу мақсатында, тілдік, танымдық және коммуникативті әрекеттерді дамыту мен түзетуге бағытталған арнайы жұмыстар жүргізілуі қажет.

### **Зиятында ақау бар, психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері**

Ақыл-ой кемістігі – бұл диффузиялық сипатқа ие, сондай-ақ, ми қыртысының эмоционалды-еріктік және мінез-құлықтық салаларындағы органикалық зақымдалу салдарынан, танымдық қызметтің зақымдалуы. Ой-өрісінің жетіспеушілігі пайда болу уақытына қарай екі топқа бөлінеді.

**1. Олигофрения** (грек тілінде кемақыл дегенді білдіреді) – ұрықтың құрсақ ішіндегі даму кезеңінде немесе баланың ерте даму кезеңінде, орталық жүйке жүйесінің зақымдануы нәтижесінде пайда болатын, психикалық қызметтің күрделі формаларының жеткілікті дамымауы. Көбінесе олигофренияның пайда болуына құрсақ ішіндегі ісіп-қызару үрдісі себеп болады. Сыртқы факторлардың ішінен анасының жүктілік кезінде немесе баланың өмірінің алғашқы жылдарында ауырған жұкпалы ауруларды (тұмау, қызамық және т.б.) айта кеткен жөн. Әдетте олигофрения кезінде мидың толық дамымауы сынды және басқа да аномалиялар пайда болады. Көбінесе олигофрения барысында жоғары жүйке қызметі, яғни жүйке үрдістерінің қозғалмалылығы бұзылып, ішкі белсенді тежеу әлсірейді.

**2. Деменция** (латынша ессіздік дегенді білдіреді) – жарыместік, танымдық қызметтің тұрақты әлсіреуі; еске сақтау қабілетінің төмендеуі, эмоциялардың дөрекіленуі. Бала шағында шизофрения, эпилепсия, мидың ісіп-қызуы сынды органикалық зақымдалу салдарынан пайда болуы мүмкін. Олигофренияға қарағанда, деменция кезінде ми қызметі баланың қалыпты даму кезеңінен кейін бұзылады.

Кемақыл балалар психофизикалық дамудың бұзылу дәрежесіне қарай әдетте төрт топқа бөлініп, қарастырылады.

1) Жеңіл түрі (IQ: 40-69) – ақылының кемдік дәрежесі мардымсыз балалар. Олар арнайы бағдарлама бойынша мектепте жүйелі түрде білім алуға қабілетті. Жоғары психикалық үрдістердің: ырықты есте сақтау және зейін, ойлау, сөйлеудің талдау және жинақтау, сондай-ақ себеп-салдарлық байланыстарды анықтау үрдістерінің жеткілікті дамымағаны байқалады.

2) Орташа түрі (IQ: 35-39) – танымдық үрдістеріндегі, эмоциялық-еріктік сала бұзылыстарының салдарынан ұзақ уақыт, өз бетінше, мақсатты түрде жұмыс істеуге қабілетсіз, ақылының кемдік дәрежесі орташа балалар. Ұзақ уақыт

бойы оқытып, жүйелі түрде жаттығу жасаған жағдайда балалар оқу техникасын, жазу дағдыларын меңгереді; өзіне-өзі қызмет көрсетудің қарапайым дағдыларын меңгеруге қабылетті.

3) Ауыр түрі (IQ: 20-34) – ақауы тереңірек, кейде олар сөйлей алмайды, басқалардың сөзін түсінбейді, өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгеру қабылеті төмен, ққи-мыл-қозғалысында ауыр бұзылыстар байқалады.

4) Терең түрі (IQ: 20-дан төмен) – жеке тұлға ретіндегі ақаудың ең ауыр дәрежесі. Өзін-өзі жеке адам ретінде сезінбейді, тіпті шартты рефлекстерінің қалыптасуы да қиынға түседі. Көп жағдайда тұрып жүре алмайды, сөйлеуі мүлдем қалыптаспайды, қарым-катынас тек күнделікті қажеттіліктерің қанағаттандырумен шектеледі.

Ақыл-ой кемістігі бар балалардың басым көпшілігінде медициналық олигофрения диагнозы бар. Олигофрен балалар барлық психикалық ақаулардың тұрақты бұзылыстарымен ерекшеленеді, таным үрдістерінің белсенділігінің төмендеуі, әсіресе сөздік-логикалық ойлау бұзылысы айқын байқалады.

**Психикалық дамудың тежелуі (ПДТ)** – психикалық бұзылыстың кең тараған формаларының бірі. Психикалық дамуы тежелген балалар – оқыту бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға кездесетін үлгермеуші оқушылар. ПДТ балалардың ерекшілігі шаршағыштығымен, жұмысқа қабылетінің төмендігімен, қоршаған орта туралы түсініктерінің аздығымен және дамуындағы бұзылыстармен айқындалады. Олардың зейіндері тұрақсыз, тұтас қабылдау мүмкіндігі бұзылған, түсініктері фрагментарлық болып келеді. Бұл балалардың жеке психикалық және психомоторлық функциялары мен психикасы пісіп-жетілмеуімен сипатталады. ПДТ тұқым қуалаушылық, әлеуметтік-орта және психологиялық факторлардың әсерінен болады. Шығу тегіне орай, психикалық даму тежелісінің төрт түрі белгілі:



- конституционалдық,
- соматогенді,
- психогенді,
- церебральді-органикалық.

Психикалық дамудың конституционалдық сипаты бойынша ПДТ баланың эмоционалдық-еріктік аймағы дене және психикалық дамудың ерте кезеңіне сай келеді. Мінез-құлқында ойын мотивациясының басымдығы байқалады, тез шаршау анықталады. Жалпы білім беретін мектепте білім алатын балалардың өзінде ойын әрекеті басым болады.

Соматогенді түрінің себептеріне әртүрлі соматикалық жетіспеушілік жатады, оның ішінде түрлі созылмалы аурулар (жүрек ақауы, туберкулез, астения т.б.) баланың психикалық дамуының тежелуіне әкеліп соғуы мүмкін. Психикалық дамудың соматогендік сипаты бойынша, бұл формада балалардың дене дамуының ғана жағдайын емес, психологиялық мәртебесін де тұрақты түрде төмендетуге себеп болатын астениялық жағдайлар анықталады.

Психогенді тежелу тәрбиенің қолайсыз жағдайларымен байланысты пайда болады. Бұл – баланың тұлғалық дамуында патологияға әкеп соғады.

Церебральды-органикалық типті психикалық дамудың тежелісі баланың эмоционалды өрісі мен танымдық іс-әрекетінің бұзылысынан білінеді. Бұл бұзылыс тұрақты әрі айқын көрінеді. Психикалық даму тежелісінің осы түрі ең жиі байқалатын категория.

ПДТ-нің ең көп таралған нысаны мыналардан тұрады: ойлау, есте сақтау, зейін, қабылдау, сөйлеу, эмоционалдық және еріктік тұлғалық даму барысында нормадан кешеуілдеп, баяулау. Психикалық және танымдық мүмкіндіктердің шектеулігі баланың сынақтар мен талаптарды табысты орындауына мүмкіндік бермейді. Психикалық дамуы тежелген балалар дегеніміз – оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға кездесетін үлгермеуші балалар. Мұндай

балалар білімі мен дағдыларына, тұлғалық жетілмеуіне мінез-құлқына байланысты мектепте оқуды құрдастарымен қатар бастауға дайын емес. Олар оқуда көп қиыншылықтарға кездеседі: мектепте орнатылған тәртіп нормаларын сақтау оларға аса қиын. Жүйке жүйесінің әлсіреуі салдарынан оқудағы қиыншылықтар тереңдей түседі: жүйкесі тозып, тез шаршайды; нәтижесінде жұмысқа қабілеті төмендейді, бастаған жұмысын аяқтамайды. Осыған байланысты психикалық дамуы тежелген балаларды жеке және топтық оқытуда коррекциялық бағдарлама мен оқыту технологияларының маңызы жоғары.

### **Дарынды және талантты балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері**

Дарынды балаларды қоғамның ғылыми келешегі ретінде қарап, танып-білу үрдісі өте ертеден басталады. XX ғасырдың басында дарындылық пен оны зерттеу әдістеріне арналған алғашқы ғылыми еңбектер пайда болды. Қазіргі уақытта дүниежүзілік тәжірибе балалар дарындылығын зерттеу және қолдау тәжірибесін жеткілікті мөлшерде жинақтаған. Соңғы мәліметтер бойынша, шамамен мектеп жасындағы балалардың бестен бірі дарынды балалар тобына жатады. Бірақ, олардың талантының дамуы үшін уақтылы тиісті қолдау көрсетілмейді, сондықтан жалпы балалар санының аз-кем бөлігі ғана шын мәнінде дарынды бала ретінде айқындалған. Дарынды балаларды дер кезінде байқап, оларға дұрыс жол сілтеу аса маңызды.

Ертедегі Қытайда дарынды балаларды «Шэнь тон», яғни «киелі бала» деп атаған. Платон, А.Кастлер, Ф. Гамильтон сияқты ғұламалар дарындылықты туа біткен қасиет деп есептеген. Ал Декарт, Гообс, Локк сияқты ойшылдар дарындылық адам баласының дамуы барысындағы

тәрбиесіне байланысты деген идеяны жақтайды. Көбіне «Дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы» деген пікір қалыптасқан. П.Торранстың зерттеулерінде бұл пікірдің мұғалімдер арасында да жиі кездесетіні анықталды. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақтар қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне айналасындағыларға түсініспеушілік туғызатын, әр нәрсеге өзіндік көзқарасы бар және ол өзгелерден бөлек оқушылар қолайсыздық тудырады. П.Торранстың зерттеуі нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететіні және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған.

Дарынды бала – ол өзі жаңа болжамдар мен идеяларды, теорияларды, схема, зерттеулер жасай білетін қабілеті бар бала. Басқаша айтқанда, дарындылық – ол жоғары әлеуеті бар, шығармашыл тұлға; өзінің алдына ғылыми-техникалық мәселелерді қойып және оны өздігінен шеше білетін – тұлға. Дарынды балалар ерте кезден бастап-ақ белгілі бір іс-әрекетке қабілеттілік танытады. Мысалы: сурет салады, билейді, өлең айтады, белгілі бір музыкалық аспапта ойнайды, мүсін жасайды. Бірақ бұл қабілеттерді қалыптастырып, жүйелі дамытып отырмаса, ол қасиет жас өскен сайын бірте-бірте жойыла бастайды, жас жеткіншектің болашақ кәсіби өміріне бағыт-бағдар бере алмайды.

И.С. Лейтес қабілетті балалардың үш категориясын көрсетті. Олар: ақыл-ой деңгейінің жоғарылығы ерте байқалатын балалар; мектептің жекелеген пәндеріне және әр түрлі іс-әрекетке қабілетті балалар; қабілеттері айқындалмағанымен, әлеуеті зор балалар. Психологиялық-педагогикалық зерттеулердің нәтижесі бойынша дарынды баланың бейнесі анықталған.

1. Интеллектуалды және ақыл-ой белсенділігі бар бала сөйлеу белсенділігінің жоғарылығымен, ойының ұшқырлығымен, байқағыштығымен, мәселені шешуде жан-жақты жолды қарастыруымен, тәуелсіздігімен, құрбыларының арасында көшбасшы болуымен, есте сақтауының беріктігімен, т.с.с қасиеттерімен ерекшеленеді.

2. Бейнелеу өнері бар бала – сурет салуға көп уақыт бөлінуінен, көргенін есте сақтауымен, сурет сабағын жақсы көретіндігімен ерекшеленеді.

3. Әнге қабілеті бар балалар – ән сабақтарына аса қызығушылықпен қарайды, ырғақты оңай қайталайды, таныс әуендерді бірінші дыбыстан таниды.

4. Қозғалыстың белсенділігі бар бала жаттығуларды орындауда тепе-теңдік сақтайтын, қозғалысты жақсы көретін, дене күші құрдастарына қарағанда басым болып келеді.

Дарынды балалар әлемнің ерекше бөлігін құрайды, сондықтан оларға өзгеше оқу үрдісі қажет екендігін ескерген дұрыс. Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты – шығармашылық жұмыс барысында олардың өзіндік қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. XX ғасырда А. Выготский, А. Леонтьев, В. Давыдов сынды зерттеушілер «Бала оқу арқылы дамиды» дегенді алға тартты. Мамандардың пікірі бойынша дарынды балаларға арналған оқу бағдарламалары орта қабілеті бар балаларға арналған бағдарламадан өзгеше болуға тиісті. Сонымен қатар, бұл өзгешелік оқытылатын материалдың көлемінің үлкендігімен немесе білім-біліктілік үрдісінің жоғары қарқынымен анықталмайды.

Дарынды балалармен жұмыс жүргізгенде мұғалімдер оқушыларды ғылыми негізде жұмыс істеуге баулуы қажет. Сондықтан, оларға күнделікті ағымдағы жұмыстармен

шырмалмай, тапқырлықпен, шығармашылықпен жігерлі түрде еңбек етуге мүмкіндік жасау – бүгінгі өмір талабы. Дарынды балаларға берілетін білімнің теориялық жақтары едәуір тереңдетіліп және кеңейтілген түрде берілуі қажет. Мұғалімнің маңызды міндеті оқушы бойындағы қабілетті, икемділікті көре білу. Кейбір оқушылардың қабілеті ерте ашылған гүл сияқты жұрттың бәрін таңдандырып жарқырап көрінеді де, ал екіншілерінің мінез-құлқына, темпераментіне байланысты көзге көп түсе бермейді. Ал шебер ұстаз көзге түсе бермейтін қабілетті көре біледі. Талантты балаларды оқытудың психологиялық-педагогикалық аспектілері: дарынды балаларды айқындау және олармен жұмыс жүргізуде биологиялық, әлеуметтік факторларды есепке алу; тұлға дарындылығының деңгейіне сәйкес оқыту мен дамыту бағдарламасын іріктеу; мұғалімнің арнайы дайындығы; жұмыс жүйесін басқарудың мемлекеттік және қоғамдық ұйымдастыру құрылымдарының бірлігі.

Дарынды оқушымен жұмыс жүйесінде мұғалім маңызды орын алады. Оқушы дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбіне мұғалімнің кәсіби біліктілігіне, кісілік келбетіне және қадыр-қасиетіне байланысты. Дарынды балалармен жұмыс жасайтын мұғалімдерге мынадай талаптар қойылады: кең пейілді, сөзі нақты; іскер; білім көлемі ауқымды; қызығатын тақырып аясы кең; белсенді; елгезек; мінез-құлқы икемді; әзілдесе біледі; үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыртын; басқалардың пікірін тыңдай алатын және барлық көзқарастарды қарастыра алатын; өзі де өзгеруге әзір. Дарынды балалармен жұмыс барысында мұғалім әр қырынан көрінуі шарт. Алдымен, оның кәсіптік қабілетіне талап қойылады. Шәкірттерді шығармашылық бағытта, дербестікке баули отырып, олардың қабілеттерін шыңдау жолында тиімді және өнімді еңбек ету әрі баламен сенімді қатынас орната білуі тиіс. Оқушы бола-

шағы, кәсіби тағдыры көп ретте жақсы мұғалімге байланысты. Біліктілігі жоғары немесе арнайы дайындықтан өткен мұғалімдер өзінің мынадай қасиеттерімен ерекшеленеді: дарындылықты анықтау, дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөледі және осы бағытта талмай жұмыс жасайды; оқушыға қосымша тереңдетілген бағдарламалар дайындайды және олардың өздігімен жұмыс істеуіне, шығармашылық ізденістеріне қажетті кеңестер береді; жұмысқа қажетті материалдар мен тиімді әдістерді таба біледі; SMART-мақсатты нақты қоя алады; оқушыға дұрыс бағыт-бағдар беру арқылы оның ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуына ықпал етеді; педагогикалық үрдісті модельдей алады және оларды бір-бірімен байланыстыра біледі.

Жаңа дәуір ерекшелігіне байланысты қазіргі уақытта индиго балалар өмірге көптеп келуде. Оларға тән ерекшелік – өзіндік болмысын нәзік сезінуі, яғни тумысынан тәуелсіз, өз қадыр-қасиетіне сенімді, өзін сыйлайды әрі жақсы көреді және басқалардың да өзіне құрметпен қарауын талап етеді. Бұлардың барлығы ерекше дарынды балалар категориясын құрайды. Осы ұрпақ буыны халқымыздың құлдық санадан арылуына ықпал ететін орасан зор әлеует әрі мемлекеттің баға жетпес байлығы, ұлттық құндылық болып табылады.

### **Босқын балалар, мигрант балалар мен оралман балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы, аз ұлттар отбасылары балаларының ерекшеліктері**

Қазіргі заманда миграциялық үрдістер мемлекет халқының саны мен құрамына, тұрмыстық жағдайына айтарлықтай әсер етеді. Күштеп қоныс аудару мигранттардың жаңа мекен-жайға бейімделуі және осыған

байланысты туындаған психологиялық мәселелерді шешуді талап етеді. Халықтың көші-қон мәселелері Қазақстанда 1990-жылдардың басында өзекті болды әрі осы уақытқа дейін маңыздылығын жойған жоқ. Миграцияның негізгі себептері ретінде табиғи апаттардан сақтану, өмір сүруге қолайсыз климаттық жағдайлардан қашу, терроризм және эксиремизмнен бой сауғалау, территориялық қысымнан болатын көшулер, құлдарды еріксіз өзге жерге эксплуатациялау, тарихи отанына қоныс аудару сынды факторларды атауға болады.

«Халықты миграциялау» термині (латын тілінен «қоныс аудару» дегенді білдіреді) адамдардың өмір сүру аймағының шекараларын тұрақты өзгерту немесе ұзақ мерзімге тұрғылықты мекен-жайын ауыстыру үрдісі. БҰҰ анықтамасы бойынша миграция 6 айдан ұзақ уақытқа қоныс аударумен өлшенеді. Бұл ұғымның бұдан өзге, тармағынадағы анықтамасы: миграция бір қаладан екінші қалаға немесе бір елді мекен ішінде қоныс аудару. Миграцияның 4 негізгі типі бар: эпизодтық (демалысқа, оқуға бару), маятниктік (тұрақты маршрутпен бір жаққа барып, кері қайту), мезгілдік, қайтарымдық типтер және миграцияның қайтарымсыздық типі. Қоныс аударуға байланысты: ерікті, еріксіз және мәжбүрлік болып бөлінеді. Ерікті миграция – жақсы қызмет, тұрмыстық, білім алу қажеттілігімен байланысты адамның өз еркімен қоныс аударуы. Мәжбүрлік миграция мысалы ретінде Ұлы Отан соғысы жылдарында кеңес азаматтарын Германияға жұмысқа шегуді, Сталиндік бұйрықтарды, этнотерриториялық қақтығыстар салдарынан қоныс аударуларды жатқызуға болады. Еріксіз миграцияға әскери қызметке байланысты, табиғи және антропологиялық апаттар салдарынан (жер сілкінісі, су апаты, өндірістік апаттар және т.б.) қоныс аударуды атауға болады. Қазіргі замандағы миграциялық үрдістердің негізгі себептері әлеуметтік-эко-

номикалық жағдайлар, мысалы: жұмыс іздеу, білім алу, некеге тұру және т.б.; сонымен қатар саяси, ұлттық, діни, экологиялық және әскери себептер де маңызды.

Жаһандану заманындағы көшіп қону үрдісі мемлекеттердің, тіпті дүниежүзілік өркениеттің өрлеуіне әкеледі. Осы үрдістің қозғалысына 1948 жылы қабылданған «Адам құқықтарының жалпы декларациясы» аса үлкен ықпал етті. Себебі, бір елдің ішінде немесе мемлекеттер арасында еркін қоныс аудару құқығы адамзат баласының жеңіп алған ең негізгі құқықтарының бірі болып табылады. «Адам құқықтарының жалпы декларациясы» барлық мемлекеттер үшін заңды түрде міндетті құжат болмаса да, адамдардың осы еркіндігі туралы ең алғаш айтылған құжат. Оның 13-бабында былай делінген: «Әрбір адамның еркін қозғалуына және кез келген мемлекеттің негізінде өзіне тұрғылықты жер таңдап алуына құқығы бар»; «Әрбір адамның кез келген мемлекетті, сонымен қатар өз мемлекетін де тастап кетуіне және өз мемлекетіне қайтып оралуына құқығы бар».

Қазақстан Республикасының көші-қон заңнамасы ұлттық және халықаралық деңгейдегі көші-қон үрдістерін басқарудың 200-ден астам түрлі құжаттарын қамтиды, бұл осы қатынастарды реттеу үшін қажетті шарт. Олардың ішіндегі негізгілері «Халықтың көші-қон туралы» Заңы (1997 ж.), «Босқындардың мәртебесі туралы» Конвенцияның (1951) ратификациялануы (1998ж.), «Нұрлы көш» бағдарламасы (2009 ж.).

Барлық халық, әсіресе жоғары тәуекел тобына жататын адамдар алдын-алу жұмыстарын қажет етеді. Әсіресе жеткіншектер, жасөспірімдер, қарт адамдар, сонымен қатар, асоциалды өмір салтын ұстанатын адамдар. Сақтандыру және алдын-алу саласындағы әлеуметтік қызметтер бұл адамдар категориясына қажетті тәсілдер мен бағыттардың жағымды әлеуетіне сүйене отырып, жұмыс жасауы қажет.



Бұл – қалыптасқан парадигманы өзгерту, яғни тек ауруларды емдеуге және халыққа көмек көрсетуге бағдарланған бұрынғы медициналық моделден ауытқуды білдіреді. Жаңа моделдің міндеті – индивидтің бойындағы ауру себептерін және келеңсіздіктер салдарынан туындайтын психологиялық және әлеуметтік жарақатты жазу немесе жеңілдету.

Босқын отбасы балаларына көрсетілетін әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық қолдау кешеніне тілдік кедергілерді жоюға бағытталған педагогикалық іс-шаралар, жаңа ортаға бейімделуге байланысты әлеуметтік-психологиялық кеңес беру, уақытша әлеуметтік баспаналарға орналастыру, оңалту орталықтары, қоныс аударушының жеке-тұлғалық мәселелері және әлеуметтік ортадағы өзара қарым-қатынас қиындықтарына байланысты психологиялық кеңестер, «сенім телефондары» жатады. Педагогикалық-психологиялық көмек қажетті нәтижеге жетуге бағытталған, жоспарланған әрекеттер түрінде болуы, сонымен қатар, орын алуы мүмкін келеңсіз құбылыстарды жою барысында жүргізілуі керек. Олар: жекелеген мүгедектер мен тәуекел топтарында мүмкін болатын физикалық, психологиялық, әлеуметтік-мәдени қалыңдықтардың алдын алу; мигранттардың қалыпты денсаулығы мен өмір деңгейін сақтау, қорғау және қолдау; алға қойған мақсаттарына жету мен ішкі мүмкіндіктерін жетілдіруге көмектесу.

Мигрант балалар, босқындардың балалары, оралман отбасы балалары, аз ұлт балаларының физиологиялық-психологиялық ерекшеліктері – денсаулығының бұзылысы: өзін нашар сезіну жиілігі, бас ауруы, арқадағы ауырлық, ас қорытудың, ұйқы және сөздің бұзылуы, назар аударуды шоғырландырудағы қиындық, қарым-қатынас қиындығы, жаңа ортаға өзара әрекеттің сай келмеуі, әлеуметтік сенімнің аздығы, қорқыныш, үрей көріністері, жоғары алаңдаушылық деңгейі, агрессия немесе тым тұйықталу,

жасқаншақтық, оқшаулану және т.б. Мигрант балалардың, оралман отбасы балалары, аз ұлт балаларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері – олардың жекелеген оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру нормалары мен ережелерін қабылдау қиындықтары. Бұған себеп – оқыту үдерісіндегі ұзақ үзіліс, жаңа орта талаптарын тосырқау, басқа мәдени орта, жаңа тілді нашар білу немесе мүлде білмеу, мектепке дейінгі дайындықтың әлсіздігі, өзі құралпылас балалармен бірге оқымау, тұрғылықты елде өзінің жасындағы балалар алатын білім деңгейіне сәйкес келмеу, ойдың бұзылуы, білім беру жүйесінің талаптарына бейімделудің ауыр үдерісі, түсіну, жалпылаудың жеткіліксіздігі.

Мигрант балалар, аз ұлт балалары, босқындар балалары, оралман отбасы балаларын психологиялық-педагогикалық қолдау үдерісінің шарттары: жеке және мәдени өзгешелігін ескеру; өзара әрекеттестік; мамандардың психологиялық-педагогикалық қолдауға дайын болуы; баланың жаңа ортаға бейімделу және әлеуметтену үдерісінде туындаған мәселелердің мониторингі; мәдени іс-шаралар жүйесі арқылы тағатты орта құру; олармен санасу; жеке басы және көзқарастарын сыйлау; мәдени үйрету; әлеуметтік тұрақтандыру; баланың өзіндік мәдени анықталуын ынталандыру; психологиялық толымдылық және басқа да бірқатар өзекті психологиялық-педагогикалық қағидаларды жүзеге асыру.

### **Педагогтардың эмоциялық күйзелістерінің алдын алу шаралары**

Эмоциялық күйіну ұғымы ұзақ мерзімді өзіндік дәрменсіздік, қажу күйін білдіреді. Бұл терминді 1974 ж. американдық психиатр Дж.Х.Фрейденбергер енгізген. Тұлғаның айналасындағы қарбаласқа бейімделе алмауы

және эмоциялық тұрақтылықты сақтай алмауы салдарынан туындайды. Ағзаның күш-қуатын қалпына келтіріп үлгермеуі жүйке жүйесінің әлсіреуі мен қажуына жеткізеді, ол – психосоматикалық аурулардың пайда болу алғышарты. 1981ж. А.Морроу кәсіби күйіп кету алдындағы қызметкердің ішкі жағдайын бейнелейтін эмоциялық бейне ұсынды: «тұтанып, бықсып жатқан психологиялық өткізгіш иісі». Кәсіби күйе жағымсыз эмоциялардың ішке жиналып қалуынан, оларды уақтылы босатпау салдарынан туындайды. Оның *сыртқы көріністеріне* жатады: шаршағыштық, жүдеп немесе толып кету, ұйқысы қашу, денсаулығының төмендеуі, тыныс алуының ауырлауы, демігу, жүрегі айну, құсқысы келу, басы айналу, тершендік, дірілдеп-қалшылдау, қан қысымының көтерілуі, созылмалы аурулардың асқынуы, жүйкенің сыр беруі т.б.

Ересек адам өзінің саналы өмірі мен өнімді уақытын еңбек қызметіне жұмсайды. Сүйікті ісімен сүйіспеншілікпен айналыса отырып, адам өзі де нұрланады, айналасына да шуақ шашады. Ал егер мамандық жүрек қалауынан тумаған болса, әрі шұғылданып жүрген ісінің қыр-сырына қанық емес болса, ол жасап жүрген жұмысынан рахаттанбайды. Өз ісіне көңілі толмау, ойындағыдай нәтижеге қол жеткізе алмау және басқалардың көңілінен шыға алмау – үміттің ақталмауын, сенімге селкем түсуін тудырады. Нәтижесінде уайымдау пайда болады. Ал үнемі уайымдау салдары тұлғаны күйзеліске ұшыратады. Жұмыс барысында кездесетін түрлі мәселелер мен қайшылықтар оны ушықтыра түседі. Ұзақ мерзімді кәсіби күйзеліс тұлға болмысының бұзылуына әкеліп соғады.

Кәсіби күйзеліс қазіргі қоғамның «кеселі» болып отыр. Бұл кәсіби дертке көп жағдайда адамдармен жұмыс жасайтын мамандық иелері шалдығады. Олардың бірі – мұғалімдер. Қоғамдағы орны, әлеуметтік мәртебесі, тұрақтылыққа кепілдіктің болмауы, еңбек құралдарының

жылдам өзгермелілігі, объективті себептерге байланысты педагогикалық үрдісті толыққанды басқара алмаудан туындаған дәрменсіздік, ата-аналар талаптары мен балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алмау, яғни заманауи сұраныстар үддесінен шыға алмау үшін алаңдау салдарынан пайда болған ішкі қақтығыстар, басқару ісіндегі субъективизм, ұжымның психологиялық ахуалы – осылардың барлығы мұғалімнің кәсіби күйзелісінің себептері болып табылады.

Кәсіби күйзеліс келесі *эмоциялық белгілер* арқылы көрінеді: шын жүректен қуана алмау, пессимизм, жеке өмірінде де, жұмыста да ештеңеге қызықпай, жанның қасаңдануы, бейжайлық, шаршағыштық, кейде тіпті фрустрация жағдайы, дәрменсіздік, үмітсіздік, агрессия, мазасыздықтың артуы, ойдың шашыраңқылығы, депрессия, өзін кінәлі сезіну, жанұшыру, жүйкенің «жылауы», кәсіби перспектива жоқтығы, үміттің өшуі, сенімсіздік, өзін де, өзгені де «байқамау», сүреңсіздік, жалғыздық сезімі. Кәсіби күйзелістің *мінез-құлықтық белгілеріне* жатады: жұмыс күні барысында шаршағыштық байқалып, үзіліс алғысы, демалғысы келу; тамақтануға немқұрайлылық, дәм талғамау; дене күшінің шектелуі; шылым, алкоголь, дәрі-дәрмекке үйір бола бастау; кездейсоқ келеңсіз оқиғалар (құлау, жарақаттану, апатқа ұшырау); соқтықпалы мінез-құлық және т.б. Кәсіби күйзелісті тану келесі *интеллектуалды белгілер* арқылы ажыратылады: жұмыс барысында жаңа ойлар мен идеяларға қызығушылықтың төмендеуі; мәселені шешуде баламалы тәсілдерге сүйенбеу; өмірге құштарлықтың азаюы, талғамның төмендеуі, сары уайымға салыну; шығармашылыққа қарағанда, стандартты шаблондарға ден қою; жаңалыққа немқұрайлылық; өзін дамытуға селқос қарау; жұмысты үстірт орындау. Кәсіби күйзелістің *әлеуметтік белгілері*: әдеттегі белсенділіктің бәсеңдеуі; ермекке (хобби) қызығудың азаюы; әлеуметтік

қатынастардың жұмыспен шектелуі; үйде де, қызметте де басқалармен қарым-қатынастың азаюы; оқшаулану түйсігі, айналасындағылардың өзін түсінбейтіндей көруі; отбасы, достары, әріптестері өзін қолдамайтындай сезіну; т.б.

Кәсіби күйзелістің алдын алу психологиялық имунизацияны, яғни ішкі мәселелерге қарсы тұру тұрақтылығын қамтамасыз ететін жеке ресурстарды белсендендіруді талап етеді. «Эмоциялық күй» синдромын болдырмаудың алдын-алу жолдары:

- қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттарды анықтау;

- психикалық және денсаулық жайлылығын қамтамасыз ету үшін бірауық үзіліс алу;

- өзін-өзі реттеу дағдыларын меңгеру (аффирмация, медитация, аутотренинг);

- кәсіби даму және өзін-өзі жетілдіру;

- қажетсіз бәсекеден бойын аулақ ұстау;

- жағымды эмоциялық қарым-қатынас орнату;

- дене бітіміне көңіл бөліп, оны шынықтырумен айналысу;

- дұрыс ұйықтау (тынығу мен денсаулық кепілі).

Жақсы әрі өнімді еңбек қабілетінің кепілі – белсенді демалыс, саяхат; шығармашылық және махаббат. «Сау дененің рухы да сау!» демекші, нәрлі тағам, спортпен шұғылданду, күнделікті серуен және зиянды әдеттерден бас тарту күйзелісті болдырмаудың оңтайлы жолдары. Инклюзивті білім беру қызметкерлері жылына бір рет алатын еңбек демалысын екі кезеңге бөліп (мысалы, қыс мезгілінде және жаз айларында) демалуды тәжірибеге ендіргені жөн. Ал демалыс саяхатпен үйлескенде бір мезет күнделікті үйреншікті тіршіліктен арылып, сергуіне жол ашады. Бұрын көрмеген жаңа жерлерге саяхат жасаудан адамның алары көп. Жаңа ортаны тану, беймәлім құбылыстарды тамашалау, басқа мәдениетпен қауышу, табиғатпен

байланыс – осының барлығы адамның сана көкжиегін кеңейтіп, көзқарасын өзгертеді; түсінігін кеңейтіп, ойын көркемдейді; кемелдікке жол ашады. Тұлға бойындағы мұндай қасиеттер оқушыларды тәрбиелеу барысында таптырмас құрал. Мінез-құлқы орнықты, тағатты, сабырлы мұғалім ерекше білім қажеттігі бар балалармен жұмыста жақсы нәтижелерге қол жеткізеді.

Сүйікті ісімен шұғылдану адамға айтарлықтай ләззат сыйлайды. Барлық адамдарда шығармашылық бастама негізі қаланған. Оны тек аша білу қажет. Шығармашылықты дәстүрлі сана қабылдауы бойынша музыкаға, спортқа, бейнелеу өнеріне немесе қолөнерге қабілеттілік деп түсу оның аясын тарылтады. Адам баласы жасай алатын, қолынан келетін іс-әрекеттердің қай-қайсысы болмасын, ерекше сезім, аялы қатынаспен орындалса, ол шығармашылық үрдіс болып табылады. Адам мұндай сәтте сырт дүниені ұмытып, өзінің тәңірлік болмысымен қауышады. Нәтижесінде айналадағы адамдарды тамсандырып, олардың игілігіне жұмсалатын керемет жауһар дүниеге келеді. Жұрттың сүйсінуі және таңырқауы, оны тұтынудан туған рахмет, алғыс сезімдері шығармашылық иесінің жан-дүниесін байытып, толқытады; рахатқа бөлейді. Бойында бар нышанды дамыту арқылы тұлға өзінің жаңа қырларын таниды. Бұл оның өз-өзіне көңілі толып, марқаюын, жеке басын қастерлеп, болмысын сыйлау сезімін тудырады.

Махаббат – мейірімділік субстанциясы. Жан-дүниенің мейірленуі, болмыстың жұмсаруы, мінез-құлықтың жағымды жақтары сынды жоғары адами қасиеттердің басым көрінісіне ықпал ететін факторлардың бірі әрі бірегейі – ғашықтық сезімі. Тұлға бойында алхимиялық құбылыстардың жүруіне жеткізетін орасан зор, алапат сезім – жақсы көру арқылы адам еңсесі көтеріліп, көңілі кірбеңнен арылады; жан-дүниесі «ән салады». Мұндай керемет күйді бастан кешу арқылы адам болмысы дамудың жоғары саты-

сына көтеріледі; өз қадыр-қасиетін нәзік сезініп, сенімі ұлғаяды; өзінің қайталанбас, даралығын толыққанды мойындап, тәңіріне алғысы, тағдырына ризалығы, өмірге құштарлығы артады. Ұсақ-түйек кемшіліктерді елемей, ағаттықтарға кешіріммен қарайтын болады. Мұндай нұрлы күйде жүрген адамның қуаты артып, жігерлене түседі; шабыты тасып, әділетті, адал, арлы бола түседі. Айналасына шуағын шашқан махаббат иесі ажарлана түседі. Ол таратқан нұрмен қоршаған орта жылынады, қоғамның рухани әлеуеті артады. Өкінішке орай, мұндай күй көпшілікке таныс бола бермейді. Махаббат – «сирек келер сезім ғой, ол бір ерен» деп Фариза ақын, «кез келгеннің бақшасында піспейтін, кез келгеннің уысына түспейтін» деп М.Шаханов жырлағандай құбылыс. Әйтсе де, «эмоциялық күй» синдромына ұшыраудың да пайдасы бар екенін білген жөн. В.Макаровтың пікірінше «Егер кәсіби қалыптасқан, біліктілігі жоғары жандар туралы айтар болсақ, олардың тұтану дағдарысын бір емес, бірнеше рет бастан өткергені мәлім. Кемеліне келген маманның еңбек жолында мұндай кезеңдерден өтуі – заңдылық». Себебі кәсіби күйзеліс іс-тәжірибенің жаңа кезеңіне, өсу баспалдағына итермелейтін мүмкіндік және өзгерістер әлеміне жетелейтін сынама сәт. Педагогтардың эмоциялық күйзелістерін болдырмау шаралары, күнделікті өмірде қолданысқа ыңғайлы алдын алу жұмыстарының бір парасы – тұлғаның өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.



## 4-ТАРАУ

### МАЗМҰНДЫҚ МОДУЛЬ

---

#### **Инклюзивті білім берудің негізгі ұғымдары мен қағидалары**

«Инклюзия» ұғымы француз тілінде «inclusif» – «өзіне кіріктірген», латын тілінде «include» – «ендіремін, қосамын», ағылшын тілінде «араластырамын» деген мағынаны береді. Ал, жапондық таным жүйесінде «инклюд» ұғымы «инь» мен «янь» шеңберінде қарастырылып, «бұл – мен және менің денем», «мен өз денемді қалай басқара алам?», яғни әр адамның өзін-өзі басқаруы әуелі денесін басқара білуден басталады деген терең әрі күрделі философия негізінде сипатталады. Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы.



Нағыз инклюзия білім берудің 2 жүйесін: жалпы білім беруді және арнайы білім беру жүйелерін бірлікте қарастырады.

Жаһандану үрдісінің басты ерекшелігі ретінде қоғамдық өмірде жүріп жатқан жаппай интеграция – инклюзивті оқытудың маңызды бөлігі. Инклюзивті оқытудың кең мағынадағы мәні:

1) барлық балаларды, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларды да жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеу;

2) баланы дене, психоэмоциялық, әлеуметтік және т.б. мұқтаждықтарына қарай дамыту-түзету және арнайы қолдау, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат;

3) балаларды бір-бірінен айыратын кедергілерді барынша жою үшін тұтас қоғам боп атсалысу және осы жолда ата-аналардың белсенділігіне сүйену;

Инклюзияда басқа балалардың топтардың біріне қосылуы немесе мүмкіндігі шектеулі балалармен ғана емес, басқа оқушылармен де ұжымдық әрекеттерге қатысуына баса назар аударылады. Инклюзия – мүмкіндіктері әртүрлі балаларды кәдімгі балалар ортасына, яғни қолжетімді мектеп өмірінің барлық жағымды жақтарына толығымен қосу. Интеграция (кіріктіру) – мүмкіндіктері әртүрлі балаларды түзету-дамыту бағытындағы арнайы сыныптар мен мектеп құрылымына қатыстыру мақсатындағы бағдарламалар. Инклюзия моделі ретінде мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру үрдісіне жартылай, уақытша және толығымен кіріктіру тәжірибелерін айтады. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру ерекшелігі – мүмкіндігі шектеулі балаларды сыртқы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мекемелерінің дамыған желісі және жеткілікті әлеуеті (психологиялық-педагогикалық түзету

кабинеттері, оңалту орталықтары, логопункттер, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация).

«Инклюзивтік білім беру» (ИББ) ұғымы – ерекше оқытуды қажет ететін барлық тұлғаларды оқыту үрдісіне ендіру және олардың сапалы білімге тең қол жеткізудегі кедергілерді жоюға бағытталған әлеуметтік бейімдеу. ИББ саясатының негізгі белгілері – заңнамалық негіз және инклюзивті саясат пен практиканы жетілдіру, инклюзивті құндылықтарды жалпы білім беру жүйесіне де, оның жеке институттары деңгейіне де ендіру, әрбір адамның белсенді инклюзиясы жолымен айырмашылықтарды жою, жеке оқыту тәсілі және ерекше оқытуды қажет ететін барлық тұлғаларды оқыту үшін кедергілерді жою негізінде оқыту мен оқу ортасын жетілдіру.

*Инклюзивті білім беру мақсаты* – барлық санаттағы тұлғалардың сапалы білім алуға тең құқықтарын жүзеге асыру.

*Инклюзивті білім берудің негізгі міндеттері:*

– инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық, ұйымдастырушылық-экономикалық негіздері және тетіктерін жетілдіру;

– инклюзивті білім беруді дамытудың әдіснамалық, оқу-әдістемелік негіздерін жетілдіру (оқу жоспарлары мен бағдарламаларды, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді бейімдеу және түрлендіру, оқу жетістіктерін бағалаудың критериалды жүйесін ендіру);

– ерекше білім қажеттігі бар оқушыларды жеке түзету-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық қолдауды қамтамасыз ету; білім алушыларды мектеп қоғамының маңызды және белсенді мүшесіне айналу мүмкіндігін беретін қолайлы орта құру; баланың өзін-өзі бағалауын жоғарылату; оқу және әлеуметтену уәждемесін арттыру;

– қолжетімді «кедергісіз орта» құру және білім алушыларды теңгеруші құралдармен қамтамасыз ету;

– инклюзивті оқытуды жүзеге асыратын білім беру ұйымдары кадрларының сапалық құрамын жақсарту;

– ерекше оқытуды қажет ететін тұлғалардың техникалық-кәсіптік немесе жоғары білім алуларына ықпал етіп, кәсіп меңгеруіне жағдай жасау.

*Инклюзивті білім беру қағидалары:*

– оқытудың жүйелілігі және үздіксіздігі;

– ерекше оқытуды қажет ететін балаларды барынша ерте анықтауды қамтамасыз ету және оларға сақтандыру, түзету-педагогикалық шараларды қолдану;

– білім бағдарламаларын әр оқушының ерекшелігіне, білім алу қажеттігі мен қабілетіне сәйкес бейімдеу және жеке білім беру (оқыту және дамыту) маршрутын құру;

– ерекше оқытуды қажет ететін тұлғалардың жеке бейімділіктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып, білім беру ұйымын таңдау құқығы және еріктілігі;

– ерекше оқытуды қажет ететін барлық тұлғалар және олардың ата-аналары үшін білім беру ортасының қолжетімділігі және ашықтығы;

– медициналық, әлеуметтік, білім беру қызметтерінің үйлесімділігі және түрлі ведомстволар, қоғамдық-әлеуметтік институттар, ата-аналар ұйымдарының өзара іс-қимылы арқылы кешенді ықпал ету және әлеуметтік серіктестік;

– мүгедектік немесе басқа да даму ерекшеліктері «мәселе тасымалдаушы» ретінде қарастырылмайтын жағдай тудыруға әлеуметтік ықпал;

– денсаулығы мен әлеуетті мүмкіндігіне сүйене отырып, тұлғалардың даму мәселелерінен арылуды қарастыратын инклюзивті білім берудің түзету-дамытушылық және әлеуметтік-бейімдеушілік бағыттылығы.

Инклюзивтік білім беру – адамның негізгі құқығы және ол әділ қоғамның негізін қалайды. Барлық білім алушылардың білім алу құқығы бар. Инклюзивтік білім беру – балалардың жасы, жынысы, этникалық, діни қатыстылығы,

дамудағы артта қалушылығы немесе экономикалық мәртебесіне қарамастан, барлық балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу және олардың әлеуметтік бейімделуі бойынша мемлекеттің саясаты, оған отбасының белсенді қатысуы, баланың жеке қажеттіліктеріне түзету-педагогикалық және әлеуметті атаулы қолдау көрсету, баланы ортаға емес, ортаны балалардың жеке ерекшеліктеріне және білім беру қажеттіліктеріне бейімдеу, яғни жалпы білімнің жоғары сапасын сақтай отырып, тиісті білім беру жағдайларын жасау арқылы қол жеткізіледі.

Инклюзивтік білім берудің негізгі идеясы білім беру жүйесіне еруге бала дайындалуға тиіс емес, кез келген баланы енгізуге жүйенің өзі дайын болуы қажет дегенді меңзейді. Инклюзивті оқыту барлық кемтар балаларға мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында және мектепте оқуға, мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді, оқушылардың тең құқығын анықтайды, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді. Кемтар балалардың ата-аналары көмекші не арнайы мектептер мен мектеп интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен сыныптарға балаларын бергісі келмесе, ПМПК (психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация) қорытындысы бойынша, яғни бала науқасының денгейіне қарай, жалпы білім беретін мектептерге жеңілдетілген бағдарлама негізінде оқыта алады. Инклюзивті білім беретін мектептерде білім мазмұны типік оқу бағдарламалары және ерекше балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

## **Білім беру ортасын заманауи модельдеу– ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды қалыпты білім кеңістігіне қосу шарты**

Инклюзивті мектепте білім беру ортасын заман талаптарына сай модельдеу бүгінгі күнде аса маңызды мәселелердің бірі. Мұндай білім беру ортасын ұйымдастырудың негізгі мақсаты – әр оқушының дамуына жағымды жағдай жасау арқылы оқу үрдісін құру. Білім беру ортасы балаға дамуындағы түрлі бағыттар бойынша (физикалық, интеллектуалдық, адамгершілік және т.б.) жоғары нәтижелерге жетуге жағдай жасауы тиіс.

Білім беру ортасының кеңістіктік-заттық компонентін модельдеу мен ұйымдастыруға Я.А.Коменский «Ұлы дидактика» еңбегінде назар аударған. Ол білім беру ұйымының кеңістіктік-заттық ортасын қарастырғанда балаға мектептің ғимаратының, отыратын сыныбы мен орнының және т.б. әдемі болуы, ұнауы туралы айтқан. Мария Монтессори бірінші болып білім беру ортасының кеңістіктік-заттық моделі жекетұлғалық дамудың негізгі факторы екендігін негіздеді. М.Монтессори білім беру ортасының кеңістіктік-заттық ұйымдастырылуын «дайындық ортасы» деп атаған.

Инклюзивті білім беру ортасын модельдеуде ЕБҚ балалардың келесі ерекшеліктеріне назар аудару керек:

- алғашқы бұзылыс, яғни кемістік құрылымына;
- оның көрініс табуына;
- сенсомоторлық, көру, сезу, есту, қимыл-қозғалыс, кеңістікті бағдарлау сынды психофизикалық дамудың сипаттамасы мен ерекшеліктеріне.

Екіншіден, дамыту ортасының тұжырымдамасында құрастырылып, ұсынылған талаптарды ескеру қажет. Бұл жерде келесі қағидалар ерекше маңызды:

1. Ортаның ерекше білім қажеттіліктері бар балалардың түрлі іс-әрекеттер жасауына ықпал етуі. Ол үшін «аймақтарға бөлу» қағидатын қолдану қолайлы. Шартты түрде өзіндік іс-әрекеттерді орындай алатын балаларға түрлі міндеттерді шешуге негіз болатын дидактикалық материалдар, көрнекіліктер ұсынылады; олар қолжетімді болып орналастырылады.

2. Жайлылық және тұрақтылық қағидасы. Орта құраушыларының тұрақтылығы, сенімділік пен қамқорлық ахуал.

3. Әр баланың даму ерекшеліктерін ескеру қағидасы. Инклюзивті кеңістікті жобалауда баланың психофизиологиялық даму деңгейін, қызығушылықтарын ескеру керек. Орта баланың өзекті, жақын арадағы даму аймағын және өзіндік даму қажеттіліктерін қамтуы тиіс.

4. Коммуникативтік мүмкіндіктерді дамыту.

5. Тиімділік пен қолжетімділік қағидасы.

Ортаның әрбір құраушылары жалпы мақсаттарға сәйкес болуы керек. Ерекше балаға заттық даму ортасының қолжетімді болуы, яғни материалдар, кітаптар, көрнекіліктердің қол созымды деңгейде орналасуы тиіс.

Білім беру ортасын заманауи модельдеу ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды қалыпты білім кеңістігіне қосу шарты болғандықтан, оны келесі міндеттер арқылы жүзеге асырған жөн:

– қоршаған ортаны белсенді қабылдау және оны жақсы бағдарлай алу;

– өзін және басқа адамдарды ерекшеліктеріне сай қабылдау;

– өз ой-пікірлерін және сезімдерін ашық білдіріп, іс-әрекеттерінде еркін болу;

– өзінің ішкі өміріне, яғни сезімдері мен көңіл-күйі ғана емес, «сыртта» болып жатқан жағдайларға да назар аудару;

– көңілді, әзілкеш болу;

- шығармашылық қабілеттерді дамыту;
- ережелерді қабылдауға үйрету;
- тек өзімен-өзі ғана болмай, басқаларды да сезіну;
- өмірді түсінуге ұмтылу;
- айналасындағы адамдармен жақсы қарым-қатынаста болу;

– өмір сүру барысында жаңа, қызықты жолдар іздеуге ұмтылу.

Инклюзивті кеңістікке қосылған балалар контингентіне байланысты заттық даму ортасы өзіндік ерекшеліктерге ие болып, барлық іс-әрекет түрлерін терең дамытуға жағдай жасайды. Яғни, инклюзивті сыныпта кіші топтармен немесе дамыту орталықтарында балалармен жүргізілетін жұмыстарда білім беру ортасын түрлендіру қажет:

- бала сипап сезу арқылы ажырататын белгілері бар оқу орталықтары мен сыныптағы басқа да аймақтарды жабдықтау;

- баланы алдын ала, сабақ басталғанға дейін сынып бөлмесімен таныстыру;

- басқа балаларды ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдауға тарту;

- баланы қоршаған орта тұрақты болуы тиіс;

- төтенше жағдайдың пайда болу жағдайына әрекеттер жоспарын құру; оқу жағдайында көмек дер кезінде көрсетілуін қамтамасыз ету;

- қажет болғанда мүгедектер арбасы өтетіндей етіп, есікті кеңейту; барлық баспалдақтарды пандустармен жабдықтау;

- мүгедектер арбасымен еркін қозғалу үшін жиһаздарды ыңғайлы етіп орналастыру;

- топтық сабақтар мен ұжымдық ойындарға арналған кеңістікпен қамту;

– ғимаратта мүгедек арбасымен кіруі мүмкін емес әжетхананы баланың пайдалануына байланысты жабдықтау;

– баланың мұғаліммен немесе басқа баламен жұмыс жасауына арналған бұрышты жабдықтау;

– бұрыштың ішінде болып жатқанды мұғалімнің қадағалауы, ал сыныптағы балалар көрмеуі үшін ол бұрыш ширмамен бөлінуі тиіс;

– іс-әрекет орталықтарын, физикалық тосқауыл ретінде тақтайшалармен бөлу керек;

– жиһаздардың үшкір бұрыштарын бала денесіне зақым келтірмейтіндей етіп, жұмсақ заттармен қаптау;

– балаға демалу керек болған сәтте, қимыл-қозғалыс жасауға жағдай жасау;

– таныс орта құру.

Инклюзивті сыныпта мүгедектігі бар балаларға арналған ортаны ұйымдастыруда міндетті түрде:

– балаларды ыңғайлы орындарға отырғызу керек;

– балаларды жақсы оқитын баламен отырғызу;

– сыныпта жағымды рольді атқаратын баламен отырғызу керек;

– назар аударатын заттардың жанына отырғызбау;

– жеке жұмысқа арналған орындарды немесе сыныптағы тыныш аймақтарды пайдалану;

– сынып тақтасын қажет емес материалдармен толтырмау;

– қауіпсіз, кедергілер мен асулардан бос, қолжетімді орта қажет;

– сыныпта қозғалуға қолайлы кеңістік құру;

– оқушылардың бір-бірімен араласып, жұмыс жасауына арналған оқу орындарын ұйымдастыру.

*Өмірлік іс-әрекеттің арнайы ортасы.* Мектепке кіру баспалдақтан басталады, бұл тірек-қозалыс аппараты бұзылған, бір жерден келесі жерге бару үшін арнайы арба,



балдақ, таяқ және басқа да құралдарды қолданатын балалар үшін ауыр кедергі. Оқушы арбамен өз бетінше көтеріліп, түсе алуы үшін пандуспен жабдықтау қажет. Ол неғұрлым жазық және жайпақ болуы тиіс; ені – 90 см. кем болмауы қажет. Пандустың ең қажетті ерекшелігі оның екі жағынан орнатылатын қоршағыш бүйірі және тұтқалары болып табылады. Есіктер пандусқа қарама-қарсы жаққа қарай ашылуы немесе кіре беріс қоңыраумен жабдықталуы тиіс. Есік ойығының ені 80 – 85 см. кем болмауы тиіс. Арбамен келген оқушы жоғары қабаттарға көтеріле алуы үшін, лифт қарастырылуы немесе баспалдақтарда арнайы көтергіш құрылғылар орнатылуы қажет.

Киім шешетін бөлмеде өтетін орындардан шеткері жерде арнайы орын бөліп, оны тұтқалармен, орындықтармен, сөмкелерді және киімдерді ілуге немесе қоюға арналған сөрелермен және ілгіштермен жабдықтау немесе арнайы бөлме бөлу қажет. Балалар сал ауруымен науқастанған арбалы оқушылар үшін арнайы дәретхана кабинкасын қарастырған жөн, есіктің ені 900 мм. кем болмауы тиіс, кабинада унитаздың бір жағында арбаны орналастыруға және арбадан унитазға ауысып отыруға болатын бос аудан қарастырылуы керек. Кабина тұтқалармен, штангалармен және т.б. арнайы құралдармен жабдықталуы тиіс.

Сынып бөлмесіне кіретін есік табалдырықсыз болуы тиіс. Арбадағы бала үшін оқушы орнының ең кем мөлшері (мүгедек арбасының бұрылу есебімен) – 1500 мм. Егер оқушы арбадан орындыққа ауысып отыратын болса, арбаны, балдағын, таяғын және т.б. сақтау үшін партаның жанында қосымша кеңістіктің болуын қарастыру қажет. Тақтаның алдында оқушы арбамен немесе балдақпен еркін қозғала алуы үшін, тақтаның жанындағы өту орны бос болғаны дұрыс. Сынып тақтасы төменірек ілінгені жөн.

Көру қабілеті бұзылған балалардың айналасын жақсы бағдарлауы үшін мектепке кіретін баспалдақтарды ашық

кереғар түстерге бояп қою қажет және міндетті түрде таяныш орнатылуы керек. Таяныш баспалдақтың екі жағында 70 және 90 см биіктікте, ал төменгі сыныптар үшін 50 см кем болмауы қажет. Есіктер де жағымды ашық кереғар түске боялуы керек. Егер есіктер шыныдан болса, оның ашылатын тұсын ашық түсті бояумен бояп қою қажет. Көру қабілеті бұзылған оқушының тұтқадан ұстап бағдарлануы үшін мектептің дәлізі бойына барлық периметр бойынша тұтқалар жасалуы керек. Олар үшін партаның жұмыс жасайтын бетін, баспалдақты, дәліздерді, денешынықтыру залдарын жарықтандыру жоғары болуы керек. Нашар көретін балалар үшін арнайы көрнекі құралдар, сызықтары анық дәптерлер, артық бөлшектерсіз суреттер, ірі әріптермен жазылған кітаптар, көріп қабылдауға қолжетімді оқулықтар қажет. Бұлардан өзге де арнайы құралдармен қамтамасыз ету қарастырылады:

- офтальмологпен тағайындалған көруді түзету құралдары (көзілдірік, жанаспалы линза, лупа, телескоптық көзілдірік);

- табиғи жарықты реттейтін құрылғы (тетік);

- оқығанда, жазғанда, сурет салғанда сурет көргенде дұрыс отыруын қамтамасыз ететін арнайы бір орынды парталар;

- балаларға арналған қосымша құрылғылар (Брайл жүйесі бойынша жазуға арналған құралдар, оқитын машиналар, Брайл шрифтісімен жазылған машинкалар, рельефті суретке арналған «Школьник» құралы,

- тифлотехникалық құралдар (жазуға арналған тифло-құралдар, электронды құралдар, тактильді және брайлді дисплей, сөйлеу синтездеуші);

- көруді қорғау талаптарына жауап беретін арнайы оқу құралдары (рельефті-көрнекі құралдар, географиялық карталар, схемалар және т.б.);

- аудио-және бейнеаппаратуралар;

– арнайы бағдарламалармен қамтамасыз ететін компьютерлер. Жалпы білім беретін сабақтарға арналған бөлмелерден басқа, мектепте логопед сабақтарын, психолог өткізетін сабақтарға және түзету ырғағын өткізуге арналған бөлмелер болуы тиіс. Инклюзивті білім беру ұйымында оқыту ортасын заманауи модельдеу ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды қалыпты білім кеңістігіне қосудың маңызды шарты болып табылады.

### **Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылар үшін білім беру бағдарламаларын және оқу ресурстарын бейімдеу**

Жалпы білім беретін ұйымдарға қосылған ерекше білім қажеттіліктері бар балалар жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша, сондай-ақ арнайы білім беру бағдарламалары бойынша ҚР МЖМБС және ПМПК ұсынғандарына сәйкес білім алады. ЕБҚ білім алушылардың оқу бағдарламасын меңгеру ерекшеліктеріне байланысты, мұғалім олар үшін бағдарламаларды ҚР МЖМБС аясында бейімдей алады. ЕБҚ оқушыларды жалпы білім беруге қосу нысандары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидаларында» (сәуір, 2017 ж. енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) баяндалған. Арнайы және инклюзивті білім беру барлық оқушылардың білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру ұсынғандарын ескере отырып әзірленген арнайы және жалпы білім беретін оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады. Бастауыш мектепте ЕБҚ балалар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысына сәйкес ҚР БҒМ 2015 жылғы 18 маусымдағы

№ 393 бұйрығымен бекітілген арнайы оқу бағдарламалары бойынша оқиды.

Инклюзивті білім берудің маңызды міндеттерінің бірі оқушылардың оқудағы қажеттіліктерін ескере отырып, оқу үрдісін нәтижелі ұйымдастыру, білім алу жағдайларын жасау болып табылады. Ерекше назарды инклюзивті сыныптарда оқыту үрдісін қамтитын оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларына аудару керек. Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы мектептерде оқытуды қолдайтын, қалыпты сыныптардың мұғалімдерінің ойынша балаларға, оқу бағдарламасын меңгеруде қойылатын талаптарды жеңілдету керек. Олар, балалардың танымдық процестеріне сүйене отырып көмек беру қажеттілігін түсінгенімен, инклюзия жағдайында оқу үрдісін ұйымдастырумен байланысты арнайы білімдерді меңгермеген. Яғни, мұғалімдердің мүмкіндігі шектеулі балаларды сегрегациялық оқытуға бағытталуы мен білімдердің қолжетімділігін қамту қажеттілігін түсіну арасында қарама-қайшылық бар. Тәжірибеде оқу үлгермеушілігі мәселесі пайда болады, өйткені даму ауытқушылығы жағдайында оқу материалын меңгертуге мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдер дұрыс пайдаланылмайды. Арнайы білімдері жоқ мұғалімдер, мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек беруде, педагогика және бастауыш, негізгі орта білім беру әдістемесі тәжірибесінен әдіс-тәсілдерді, бағыттарды пайдалануға мәжбүр. Мұғалімдер оқу тапсырмаларының мазмұнын жеңілдету мен ата-аналардың көмегіне жүгінгенді дұрыс көреді. Нәтижелердің жоқтығы түсінбестікке әкеледі, мұғалімде мүмкіндігі шектеулі бала оқуға қабілетсіз деген пікір қалыптасады, ал бала өзін жайсыз, шеттетілген және «қажетсіз» деп сезінеді. Оқу қиындықтарының басымдығы, қозу немесе тежелу түріндегі психикалық реакцияның көріністері ЕБҚ балалардың психофизиологиялық даму ерекшеліктерін күшейтеді.

ЕБҚ балалардың білім алуына жасалатын жағдайлар, даму бұзылыстарын түзету мен әлеуметтік бейімдеу жолдары қарастырылған Стандарт бойынша инклюзивті мектептерде іске асырылады. Назарда ұстайтын жағдай – инклюзивті білім беруде жалпы білім беру мектебінің баланың дамуына немесе дайындық деңгейіне қандай да болмасын талаптар қоюға құқығы жоқ. ЕБҚ балалар жалпыға білім беру сыныбында басқалармен қатар, қосымша үздіксіз түзету көмегін алу арқылы оқып, тәрбиелену жағдайында инклюзивті білім беру үрдісі іске асырылады.

Білім алушылардың дайындық деңгейі үш аспект бойынша бағаланады: жекетұлғалық нәтижелер; жүйелі іс-әрекеттік нәтижелер; пәндік нәтижелер. Жекетұлғалық нәтижелер білім алушының тәрбиелік, әлеуметтену және рухани-адамгершілік, шығармашылық және физикалық даму деңгейлерін психологиялық мониторинг арқылы бақылап, оның портфолиосына жинақталады. Жүйелі іс-әрекеттік нәтижелер білім алушының пәндік олимпиадалар, таңдау курстары, шығармашылық оқу жобаларын орындау, сонымен қатар басқа да зерттеу іс-әрекеттері түрлерінің жетістіктерімен анықталады, оның портфолиосына жинақталады. Пәндік нәтижелер білім алушының орта білімнің негізгі мазмұнын меңгеруде көрініс табатын білімділік пен іс-әрекеттік дайындықтарымен анықталады.

Инклюзивті мектепте оқыту үрдісін бейімдеу мен түрлендіру үшін арнайы білім беру тәжірибелерін пайдалануға болады: нақтырақ айтсақ, А.Т.Баймуратова, В.В.Воронкова, А.М.Змушко, Л.Р.Муминова, Л.И.Солнцева және т.б жаңа түзету педагогикалық технологияларын және Н.Н.Малофеев, Л.М.Шипицина, Т.В.Егорова, Е.В.Резникова, Н.В.Щевцова, М.Л.Баранова және т.б мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды интеграциялау мақсатымен құрастырылған жалпы білім беру кешендерін. Даму бұзылыстары

бар оқушылардың психикалық іс-әрекетінің даму ерекшеліктері оқу жоспарларын түрлендіруді, ерекше бағдарламаларды пайдалануды, оқу материалдарының көлемі мен оны өту жылдамдығын өзгертуді талап етеді. Білім бағдарламаларын бейімдеу жұмысы жалпы білім беру мектебінің әкімшілігі мен педагогтарының инновациялық іс-әрекеті болып қарастырылады. Сонымен қатар, жаңашылдығы мен күрделігіне қарамастан, бұл жұмыс барлық білім алушылардың құқықтарын теңестіреді. Жалпы білім беру мектептерінің мұғалімдері ЕБҚ балаларға білім беру мазмұны мен әдістемесін білулері тиіс, сондықтан негізгі міндет мұғалімдердің біліктіліктерін арттыру болып табылады.

Дәстүрлі деңгейде, бейімдеу түсінігі адамның ол үшін жаңа ортаға және оның жағдайларына үйрену үрдісі деп анықталады. Бейімделу дегеніміз жағымды (бейімделу, яғни психика мен ағзаның барлық пайдалы өзгерістерінің жиынтығы) немесе жағымсыз нәтижелерге әкелетін белсенді үрдіс. Нәтижелі бейімделудің негізгі екі көрсеткіштері бар: ішкі жайлылық – эмоционалдық қанағаттану және сырттай адекватты іс-әрекет – жаңа талаптарды оңай және нақты орындау қабілеті.

Оқу үрдісіне нәтижелі бейімделудің көрсеткіші – оқушылардың үлгерімі, жетістіктері. Баланы жеке оқу бағдарламаларын қолдану арқылы оқыту, оған қойылған ерекше оқу мақсаттарына жетуге көмек береді. ЕБҚ балаға арналған жеке оқу бағдарламасының негізгі мақсаты – мүмкіндігінше «бұзылысты» түзету.

ЕБҚ балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосуда мұғалім іс-әрекетінің негізгі мақсаты инклюзивті сыныпта оқитын әр баланың «жақын арадағы даму аймағы» мен әлеуетті мүмкіндіктерін дамытуға қажетті жағдайлар жасау болып табылады. Мақсатқа жету үшін инклюзивті мектептің мұғалімі келесі міндеттерді шешуі керек:

1) ЕБҚ балаға қажетті оқу материалдарын, түрлі топтағы оқу және дидактикалық материалдарды бейімдеу немесе құрастыру.

2) ЕБҚ баланы мектеп қоғамына, құрдастарының тобына бейімдеу – әр баланың шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға, өзін-өзі таныту қажеттілігін іске асыруға, мектептің, сыныптың өміріне қатыстыруға бағытталған жұмыс жүргізу.

Инклюзивті білім беру ЕБҚ оқушыларға Стандарт талаптарына сай білімдер, іскерліктер мен дағдыларды меңгерту мақсатында білім беру бағдарламаларын бейімдеу және оларды іске асыру үшін жағдай жасаулары қажет. Типтік оқу жоспарын бейімдеу үшін мұғалім дайындық жұмысын жүргізу керек. Қойылған мақсатқа жетуі үшін инклюзивті мектептің мұғалімі келесі міндеттерді шешуі керек:

- сыныптың барлық оқушылары білім беру бағдарламасын меңгеруі үшін жағдайлар жасау;

- білім алушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сай замануи технологияларды, әдістерді, тәсілдерді, оқу жұмыстарын ұйымдастыру түрлерін қолдану;

- оқу материалдарын ЕБҚ балалар категорияларына сәйкес бейімдеу;

- ЕБҚ балаларға қажетті оқу және дидактикалық материалдарды бейімдеу немесе құрастыру.

ЕБҚ оқушының мектеп қоғамына, сыныпқа, құрдастар тобына бейімделуіне жағдай жасау келесі іс-шараларды қамтиды:

- интерактивті тәсілдер көмегімен сабақтар, сыныптан тыс сабақтар мен іс-шаралар ұйымдастыру;

- әр баланың шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға, өзін-өзі таныту қажеттілігін іске асыруға, мектептің, сыныптың өміріне қатыстыруға бағытталған жұмыс жүргізу;

– балалардың оқу жетістіктерін, оқу және сыныптан тыс іс-әрекет нәтижелерін адекватты бағалау тәсілдерін қолдану.

Инклюзивті сыныпта оқыту жағдайында *оқу жоспары* оқыту бағыты мен психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыруды анықтайтын құжат болып табылады. Балаларды *жеке оқыту бағдарламалары* инклюзивті сыныптарда оқытудың негізгі құралы. Жеке білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – ЕБҚ оқушының даму ерекшеліктері мен білім алу қажеттіліктеріне, оның нақты мүмкіндіктеріне сәйкес білім беру үрдісін құру. Ол нақты уақыт кезеңінде баланы оқытудың негізгі мәселелеріне орай құрастырылған арнайы жоспар. Оны мектептің ПМПК мамандары құрастырады.

Қазіргі уақытта жалпыға білім беру бағдарламалары мен типтік оқу жоспарларын бейімдеу мен түрлендіру парадигмасы қалыпты мөлшерден ауытқулары бар балаларға қатысты бірнеше ой-пікірлерге негізделеді. Мысалы, даму бұзылыстары бар балалардың білім алуға қабілеттілігі төмен деңгейде, олар қажетті тексеріс тапсырмаларын орындай алмайды және жиі қайталауды, тәжірибелік сабақтар санының артуын қажет етеді, - деген ой-пікір. Сонымен қатар, инклюзивті мектепте түрлі деңгейдегі мүмкіндіктері бар балаларды оқытатын мұғалімдердің кәсіби дайындығы мен мамандандырылуына нақты талаптар қойылады.

Білім беру бағдарламасын бейімдеудің негізгі міндеттері:

- баланың даму ерекшелігі себебінен пайда болған кемістіктердің орнын толтыру;
- білім беру мазмұны және ұйымдастырылуына байланысты тәуекелдердің әсерін төмендету;
- баланың дамуы мен ұжымға бейімделу қажеттіліктерін іске асыру;



– мемлекеттің білім беру қызметі тапсырысын орындау.  
*Білім беру бағдарламасын бейімдеуде мұғалімнің іс-әрекетіне келесі бағыттар қосылады:*

– білім беру мазмұнын талдау және сараптау;  
– оқыту (сабақ) құрылымы мен уақыт мөлшерін өзгерту;

– оқу іс-әрекетін ұйымдастыру түрлерін таңдау;  
– қажетті технологиялық тәсілдерді қолдану;  
– қажетті дидактикалық материалдарды анықтау.

Балалардың түрлі қажеттіліктеріне сай келу үшін, инклюзивті мектептің оқыту-тәрбиелеу үрдісінде *вариативті типтік оқу жоспарларын* құрастыру қажеттілігі туындайды. Ол үшін білім алушыларға құрдастарымен салыстырғанда, ерекше жағдайлар жасау қажет: тапсырманы орындау түрін, тапсыру мерзімін, оны ұйымдастыру, нәтижелерді ұсыну тәсілдерін өзгерту.

ЕБҚ баланы мектеп өміріне бейімдеу үрдісі қамтиды:

– оқулықтарды бейімдеуді;  
– оқыту әдістерін бейімдеуді;  
– оқу үрдісін бейімдеуді.

Оқу үрдісін ұйымдастыруда мұғалімнің қолындағы оқулықтар маңызды әдістемелік құрал болып табылады. *Бейімделген оқулықтар* келесі міндеттерді атқарады:

1) альтернативті форматты, бірақ бірдей мазмұнды немесе оқуға оңай, оқулықтармен қамту;

2) оқушылар бір сәтте мәтінді тыңдап, оқуға болатын аудио-оқулықтармен қамту;

3) оқулықтардың тарауларының қысқаша мазмұнын ұсыну;

4) жоғары деңгейде оқуға қызықты материалдармен қамту;

5) маңызды мәліметті белгілеу үшін маркерлер қолдану;

6) мектептік және үй тапсырмаларын орындауға арналған кітаптардың екі топтамасымен қамту;

7) маңызды тақырыптарды жазуға арналған есеп-карточкаларын қолдану;

8) мәтінді оқуға дейін талқылауға сұрақтар тізімін ұсыну;

9) дұрыс жауаптарды табу үшін парақтардың нөмірлерін көрсету;

10) көру қызметі зақымдалған балаларға арналған Брайль әліппесімен немесе нашар көретін балаларға арнап үлкен шрифтпен басылған альтернативті оқулықтармен және оқу материалдарымен қамту.

Инклюзивті білім беру жағдайында *оқыту әдістерін* де балалардың білім алу қажеттіліктеріне сай бейімдеу керек. Мұғалімдер балалардың психофизиологиялық және тілдік даму ерекшеліктерін ескеріп, жұмыстарында келесі тәсілдерді қолданулары тиіс:

1) жаттығуларды орындауға берілетін тапсырмалардың ауызша және жазбаша түрлерін қолдану;

2) оқу жүктемесіне сай және тапсырмалардың күрделілігіне байланысты оқу тапсырмаларын кезеңдеп түсіндіру;

3) тапсырмаларды кезеңдеп орындау;

4) оқытудың аудио-бейнелік техникалық және көмекші құралдарымен қамту;

5) орындалған тапсырманы көрсету (мысалы, шешілген математикалық есеп);

6) тапсырманы түсіндіру және орындау кезінде балаларға жақын болу;

7) жылдам толтырылатын жаттығулар парағын қолдану;

8) сөздер/сөйлемдер қалдырылған жаттығуларды қолдану;

9) баспа материалдарын видео және диафильмдермен толықтыру;

10) оқушыларды тақтада жазылған тапсырмалардың баспа көшірмелерімен қамту;

11) оқушылардың жауаптарын жазып алу үшін диктофон қолдануға рұқсат алу;

12) оқушылардың жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін қолдану.

*Оқу үрдісін* бейімдеуде әдістемелік тәсілдер ретінде мұғалімдерге келесі тәсілдерді ұсынуға болады:

1) оқулықтарда тапсырмаларды сараптап, белгілеу;

2) әр тапсырма бойынша кері байланыс, рефлексия алынуын қамту;

3) оқу барысын жеңілдету үшін сызғыш пайдалану;

4) ұзақ мерзімді тапсырмалар туралы жалпы түсінік қалыптастыру; қойылатын талаптарды балалардың алдынала білуі;

5) ұзақ мерзімді тапсырмаларды кезеңдеп орындау, күнделікті тексеру мен бақылау жүргізу;

6) орындалған тапсырманы алдымен кіші топта, соңынан сыныптың алдында талдау;

7) тапсырмалар парағын барлығына бірдей уақытта тарату;

8) тапсырманы ең оңай бөлігінен бастап, кезеңдеп орындау;

9) тестті орындау барысында көмекші сұрақтарды қолдану;

10) тапсырмаларды дәптерге жазу тәжірибесін пайдалану;

11) құбылыстар арасындағы байланыстарды көрсетуге арналған белгілерді пайдалану (тақтада, жаттығу парақтарында).

Инклюзивті білім беру жағдайында көру қабілетінде бұзылыстары бар балалардың даму ерекшеліктеріне байланысты жалпы білім беретін бағдарламаларға өзгеріс енгізіледі (бейнелеу өнері, сызу, денешынықтыру, еңбек).

Есту қабілеті бұзылған балаларды оқытудағы түзету жұмысының бағыттары ақпараттар мен білімдерді талдауға ерекше жағдайлар жасау, әлеуметтік байланыстар мен балалардың қажеттіліктерін, пәнаралық байланыстар мен танымдық қызығушылықтарды дамыту, арнайы оқыту әдістерін таңдау, арнайы түзету пәндері арқылы жүзеге асырылады. Оқу үрдісінде оқушылардың сөйлеу және танымдық ерекшеліктерін ескеретін арнайы әзірленген дидактикалық материалдарды, АКТ және басқа да материалдарды қолдану қажет. Оқытудың түзетушілік бағыттылығы білім берудің түрлі деңгейінде оқушылардың тілдік және тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы білім беру пәндерінің мазмұнын оқыту әдістемесі саласына бейімдеу және өзгертудің көмегімен жүзеге асырылады. Тілдік кемістіктері бар оқушыларға бейімделген жалпы білім беретін «Сауат ашу», «Әдебиет», «Ана тілі» пәндері түзетуші лингвистикалық курс арқылы орындалады. Аталған курс тұлғаның тілдік әрекетінің толық қалыптасуының және қоғамға ойдағыдай бейімделуінің маңызды құралы болып табылады. Дамыту жұмыстары бүкіл педагогикалық үрдісті қамтиды және балалардың оқу материалын меңгеруін қамтамасыз етеді.

### **Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылар үшін жеке білім траекториясын жобалау**

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген орта білім берудің инфрақұрылымдық дамуын қамтамасыз ететін міндеттердің бірі ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды инклюзивті ортада қолдау деп көрсетілген. Бұл, өз кезегінде, инклюзивті білім берудің дамуын теориялық және әдістемелік

жағынан жетілдіруді қажет етеді. Білім берудің заманауи концепциясының басымдықтары қатарына оқыту әрекетіне деген қызығушылықты қалыптастыру негізінде оқушының жеке басын тәрбиелеу және дамыту мақсаты жатады. Әсіресе, ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылардың жеке әлеуеті мен мүмкіндіктерін барынша жүзеге асыру үшін жағдай жасау маңызды.

ЕБҚ оқушыларды оқыту мұғалімнен асқан ыждаһаттылықты, шеберлікті, ынталылықты және икемділікті талап етеді. Оқыту нәтижелі болуы үшін мұғалім қолданысында жекелеп-саралап оқытудың әмбебап тәсілдері болуы тиіс. Бұл әдісті қолданғанда, мұғалім әрбір сынып педконсилиумымен толық әрі жете таныс болуы керек. Бұл ең маңызды әрі басты шарт. Соңда ғана оқушыларды саралап оқытуда жұмысты ұйымдастыру әрі оны жүйелі жүргізу жақсы нәтиже берері даусыз.

Оқушылардың дербес ерекшеліктерін анықтау үшін мұғалім алдымен, олардың ықылас-жігерін, еске сақтау мен ойлау қабілеттерін, ынтасын, жалпы білім игеру деңгейін зерттеуі қажет. Бұл ерекшеліктерді айқындау мұғалімнің сыныптағы ЕБҚ оқушылар туралы толық мағлұматы болуын, егер мүмкіндігі шектеулі болған жағдайда психологиялық-педагогикалық-медициналық кеңес беру орталығының шешімімен таныс болуын талап етеді. Бұдан өзге де нақты педагогикалық дайындықтар болуы шарт. Олар: білімді меңгеру деңгейін анықтауға арналған тапсырмаларды дайындау іскерлігі; оқушы білімін диагностикалау, сараптау, сауалнама жүргізу қабілеті, ата-аналармен сұхбаттасу икемділігі. Оқушылардың жеке ерекшеліктері сабақта сұрақ беру, кіріспе әңгіме, оқыған материалды т.б. тиянақтау сатыларында ескерілуі тиіс. Мәселен, қабылдауы жылдам оқушылардан сұраққа тікелей жауап беру талап етілсе, орташаларына ойланып, қажетті есептеулер жасауға, суреттерін салуға уақыт беріледі, ал

танымдық белсенділігі төмен оқушыларға нақты сұрақтың тізімі, жауап берудің жоспар үлгісі ұсынылады. Оқуға қабілеттік деп оқушының неғұрлым қысқа мерзім ішінде білімнің биік деңгейіне жету қабілетін түсінеміз. Сыныпта барлық балалардың ойлау қабілеті бірдей емес. Сондықтан, сабақ кезінде әрқайсының деңгейіне қарай жұмыстың түрін таңдап, сол тақырыпты игеру көзделсе, өте пайдалы.

Педагогикалық көмек қажет ететін оқушылар құрамы толық болмауы тиіс. Оқушы мүмкіндігіне қарай мұғалім ол оқушыны ойша басқа топқа ауыстырады. Мұндай әртүрлі топтардың барлығы туралы ешқандай тізім жасалмауы тиіс. Тек сондай топтардың бар екендігін сабақты жоспарлағанда, үйге тапсырма бергенде ескеру қажет. ЕБҚ оқушылармен саралап жұмыс жүргізу үшін дайын сызбанұсқаларды, жоспарларды, тезистерді, алгоритмді, есептердің үлгілерін т.б. пайдаланған жөн. ЕБҚ оқушыларға үй тапсырмасын орындату – маңызды шарт. Үй тапсырмасын бергенде оны оңтайландыру критерийіне сүйене отырып, оқушының нақты мүмкіндігін ескерген жөн. Үй тапсырмасы оқушыны ынталандырып, жауапкершілігімен қатар, қабілетін арттырады.

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін қадағалау және бағалау түрлі мақсаттарға сәйкес іске асырылуы тиіс, олар жалпы бағалау нормаларына негізделе алмайды. Баға оқушының ілгері басу дәрежесін ескеріп, оның оқу мен даму үрдісін белсендендіріп, тәрбиелік және түзете-дамыту міндеттерін орындауы керек. Оқушылардың алған білім нәтижелері оқушының әлеуетті даму аймағына бағдарланған әрекеттік мақсаттарына сәйкес болған кезде ғана сапалы болып саналады. Сондықтан ЕБҚ оқушыларды критериалды бағалау вариативтілігімен ерекшеленуі тиіс. Критериалды бағалау тұтас педагогикалық үрдістің құрамдасы болып

табылады және оны тек осындай мәнмәтінінде қарастыру қажет. Баға оқушылармен оқу процесінің сапасын арттыру мақсатымен анағұрлым ұтымды әдістерді таңдау үшін қажетті кері байланысты қамтамасыз етеді. Баға оқушыларды «сұрыптау» құралы емес, бейімделген болуы тиіс. Инклюзивті мектепте баға шынайылық, ақпараттылық, кері байланысты қамтамасыз ету сияқты критерилерге сәйкес болуы тиіс. Бағалаудың кез келген әдістері мен технологиялары оқушы мүгедектігінің нақты түрін немесе проблемасын ескеруі тиіс. Бұл бейімдей оқытуды да: инклюзивті оқыту педагогтан оқыту стратегиясының үлкен жинағы мен әдістерін меңгеруді талап етеді. Бұл көпшілік мектепке ғана емес, сонымен қатар, дамуында мүмкіндіктері шектеулі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудың арнайы әдістерін білдіреді.

Педагог ЕБҚ оқушылардың берілген оқу материалдарын меңгеру нәтижесі бірдей болмайтынын түсінуі қажет және соған дайын болуы тиіс. Зиятында ауытқуы бар, қимыл-қозғалыс қиындығы, көру, есту қабілетінің бұзылыстары бар оқушылардың жетістіктерін бағалау білім беру үрдісінің ажырамас бөлігі бола отырып, олардың мүмкіндіктері мен шынайы оқу жағдайына сәйкестендірілген болуы тиіс. ЕБҚ бар балаларға мигранттар мен оралмандар отбасыларының, аз ұлттар балаларының және қоғамға әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар балалар категорияларының да жататынын педагог білуі тиіс. Кеңейтілген мағынада инклюзивті білім беру дегеніміз кедергілерді жою мен ерекше білім беруге қажеттілігі бар адамдарды оқыту процесінде енгізуге бағытталған білім беру процесі және олардың сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

ЕБҚ балалармен жұмыс жасауда нақты көмек көрсететін психологиялық-педагогикалық қызмет болуы тиіс. Оның міндетіне балалармен қарым-қатынас орнатуда

дамытушы немесе түзету жұмысы ғана емес, сонымен қатар, бағалау қызметін сүйемелдейтін ортақ тәсілдер, оқушылармен жұмыстың бірыңғай стратегиясын дайындау бойынша педагогтармен және ата-аналармен тұрақты ынтымақтастық орнату кіреді. Жеке түзете дамыту бағдарламаларын әзірлеу жұмысы психологиялық-педагогикалық консилиумның барлық мүшелері немесе колдаудың сыртқы тобымен жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда оқу бағдарламасы бейімделеді немесе оқу жоспарындағы пәндер бойынша жеке оқу бағдарламалары құрылады. Жеке түзете дамыту және оқу бағдарламаларының мазмұны баланың жасын емес, оның зерде дамуының деңгейін, жеке даму ерекшеліктерін, баланың өтемдік мүмкіндіктерін есепке ала отырып анықталады. Білім беру үдерісін ұйымдастыру барысында денсаулыққа қолайлы педагогикалық-түзету тәртібін қарастыру қажет. Дамуында мәселелері бар балалардың мүмкіндігінен жоғары талаптарды қоймай, баланың қажеттілігін және келешек өмірін есепке ала отырып оқыту керек, сондай-ақ қойылатын талапты да аса төмендетпеу қажет.

Психологиялық-педагогикалық колдаудың тиімділігі психологиялық, педагогикалық, медициналық диагностиканың және жалпы көрсеткіштердің мәліметтері бойынша анықталады:

- 1) білім беру ұйымында баланың өзін қаншалықты жайлы сезінуі;
- 2) баланың өзін-өзі жағымды сезінуі және сенімі;
- 3) баланың өзге балалармен және ересектермен ынтымақтастыққа бейімділігі;
- 4) баланың тиісті жас кезеңін меңгеру жетістігі және қызмет түрлеріне қатынасы.

Психологиялық-педагогикалық колдаудың тиімділігін анықтау үшін катамнез әдісін қолдануға болады. Катамнез көне грек тілінен аударғанда мәлімет ұғымын



білдіреді; пациентті алғашқы бақылаудан кейін бір немесе бірнеше дүркін жиналатын барлық медициналық ақпарат. Мәліметтерді жинау баланы психологиялық-педагогикалық қолдаудан кейін жарты жылдан соң, одан кейін жылына бір рет ұйымдастырылады. Катамнез жинаудың үлгі кестесі:

- 1) баланың аты, жөні;
- 2) жасы;
- 3) соматикалық деңгейі;
- 4) психикалық деңгейі;
- 5) қызметтің әрбір түріне қатысты басымдық қызығушылықтары;
- 6) мамандардың пікірі бойынша бейімделу тәртібі;
- 7) ата-аналардың пікірі бойынша баланың бейімделу тәртібі.

Ерекше білім қажеттігі бар балалар жеке дамыту іс-шараларындағы уақытты есептегенде, күні бойы дамуы қалыпты балалармен бірге болады. Олар науқас сипатының деңгейіне қарамастан, бос уақытты тиімді ұйымдастыру мақсатында өткізілетін тәрбие, мәдени-ойын сауық, спорттық-сауықтыру және өзге де шараларға қатысады.

Психологиялық-педагогикалық қолдау тобының әрбір мүшесі кәсіби этиканы сақтауға, балаға немесе оның жанұясына зиян тигізетін жағдайда, психологиялық-педагогикалық тексеру, кеңес беру жұмысы немесе қызметтің басқа да түрінің нәтижесінде алынған мәліметтерді жарияламауға міндетті. Қолдау маманы ерекше білім қажеттігі бар баланы дамыту маршрутын құруға қатысады; білім беру бағдарламасын, дамыту-түзету бағдарламасын әзірлеуге, оқу-тәрбие үрдісін басқаруды жобалауға қатысады, ЕБҚ оқушыға қатысты білім беру ұйымының педагогтар кеңесі мен басшылығы қабылдаған шешімдерді, оқу және тәрбие жұмысының жоспарларын, сонымен бірге білім беру үдерісінің ағымды жағдайының психоло-

гиялық негіздемесін және олардың ерекше бала мен оқушылар тобының ынтымақты қарым-қатынасын қалыптастыру тиімділігін талдайды және сараптайды; ЕБҚ оқушыға қатысты мұғалімдерге, жеке қызметкерлерге, басшылыққа ұсыныстар жасайды.

Педагог-психолог ЕБҚ оқушыда анықталған ауытқуларды түзету мақсатында психологиялық іс-шаралар жүргізеді:

- эмоциялық сезімі бұзылған балалармен әлеуметтік-эмоциялық дамыту сабақтарын;
- қарым-қатынас жасауда қиындықтар туындайтын балалармен қарым-қатынас икемділігін қалыптастыру сабақтарын;
- мінез-құлқында бұзылыстары бар балалардың тәртібін қалпына келтіруге көмектесетін сабақтарды жүргізеді.

Психолог ЕБҚ балалары бар отбасыларға психологиялық қолдау көрсетеді және білім беру ұйымында жағымды психологиялық ахуал орнатуға ықпал етеді.

Мұғалім мен тәрбиеші ЕБҚ балалардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен қабілеттерін зерттеу негізінде балалардың толыққанды психологиялық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жұмысын жоспарлайды, ұйымдастырады және жүргізеді; педагог-дефектологпен және психологиялық-педагогикалық қолдауға қатысатын басқа да мамандармен педагогикалық қызметті тығыз байланыста жүзеге асырады.

ЕБҚ балаларды оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыратын білім беру ұйымының педагогтар ұжымы инклюзивті білім беруді ұйымдастыру және іске асыру мәселелері бойынша біліктілігін арттыру курстарында оқуға, арнайы педагогика мен психологияның негізін білуге, мүмкіншіліктері шектеулі балалардың психологиялық және дене даму ерекшеліктері туралы білуге, білім беру үдерісін

ұйымдастырудың әдістемесі мен технологиясын меңгеруге міндетті.

### **Ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды оқытуда жекелеу-саралау тәсілін қолдану**

Жекелей оқыту тәсілін жүзеге асырудың құралы саралап оқыту болып табылады. Саралап оқыту білім деңгейі әр түрлі оқушыларды топтарға жіктеп, әр топты өз деңгейіне сай оқытып, білімін одан әрі жетілдіру үшін қолданылады. Саралап оқыту – бірыңғай сапалық қасиеттері бойынша қалыптастырылған оқушылар тобын оқыту тәсілі; орта мектептің білім бағдарламасы мен оқу жоспарын оқушылардың бейімі мен қабілетіне, білім деңгейіне және даму ерекшелігіне қарай жіктеу технологиясы. Саралап оқыту оқушылардың білімін жан-жақты дамытуды, оларды қызықтыратын ғылым мен техника саласынан білімін жетілдіруді, сондай-ақ мамандыққа бейімдеуді көздейді.

Инклюзивті білім беру жағдайында жеке тұлғаға бағдарланған мұндай оқыту тәсілін жүзеге асыру тиімділігі жоғары. Оқытудың жеке-саралау тәсілінің маңызын Н.А. Менчинская «Оқыту тиімділігі оның мазмұны мен әдістеріне ғана тәуелді емес, сонымен қатар, оқушылар тұлғасының жеке басының ерекшеліктеріне байланысты», - деп атап көрсетті.

Саралап оқыту технологиясында сыныппен жұмыс деңгейлерді қарастырады және қосымша, шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Ондағы басты мақсат – оқушыларды «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау. Сабақта қандай оқушы болмасын, жақсы оқытынына қарамастан, жұмысты І деңгейде орындайды. І деңгей тапсырмаларын орындау – Жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты талаптарын орындау кепілдігі. Іс

жүзінде осы деңгейдегі тапсырманы орындаған оқушы «3» деген бағамен бағаланады. Сыныптағы барлық оқушы I деңгейлі тапсырманы орындауға міндетті, ал одан жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындауға ынталандыру – мұғалім шеберлігі. Осы тұрғыдан алғанда Н.А.Менчинская көрсеткендей «үлгерімі төмен, баяу» оқушы үздік оқитын оқушыға ілесе алмай жатса не істеуге болады? Берілген деңгейде ғана орындаған жағдайда қалған тапсырмаларды қосымша немесе өз бетінше орындауға, тіпті үй жұмысы ретінде беруге болады.

Жекелеп-саралап оқыту технологиясының екінші бір жағы – оқушыларды дүниежүзілік білім жүйесінде қолданылатын рейтинг – ұпай жинау әдісіне баулу. Олар тапсырмаларды орындау барысында ұпай (балл) жинау арқылы бағаланатынын, нәтижесінде әрқайсысының сыныпшілік рейтингі анықталатынын білген сәттен, әр оқушының бойында жасырын жарыс тетігі іске қосылады. Осылай ынталандыру арқылы сандық нәтиже ғана емес, сапалық деңгей де көтеріледі. Себебі оқушылардың орындаған тапсырмаларында жіберген қателіктеріне, тапсырмаларды орындауда қолданған тәсілдеріне талдау жасап, қателіктер саны мен кемшіліктер сипатын анықтап, білуге болады. Мұндай қатынас келесі тапсырмаларды орындау барысында оқушыларды мұқият болуға, зейінін барынша шоғырландыруға және неғұрлым көбірек ұпай жинау үшін қосымша ізденуге мүмкіндік тудырады.

Сыныпта жекелеп-саралап оқыту тәсілін қолдану артықшылықтары:

- оқушының өз мүмкіндігіне, қабілетіне барынша сенуін дамытады;
- балаларды ынталандырады, талпындырады;
- сыныпшілік өзара қарым-қатынастарды жақсартады;
- оқушы мен оқытушының ынтымақтастығын, достығын нығайтады;

– оқушының өз білімін өз бағалай білуіне жағдай жасайды;

– бағалаудағы субъективтілікті жойып, барынша әділдікке жетелейді;

– білім жарысында әділ сайысқа жол ашады.

Сыныпшілік саралау кезеңдері әдетте мұғалім тарапынан келесі схема бойынша жіктеледі: саралауды жүзеге асыру критерийін анықтау; диагностиканы жүзеге асыру; диагностика нәтижелерін есепке ала отырып, топтарға бөлу; саралау тәсілдерін таңдау, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды әзірлеу; іріктелген тәсілді сабақтың барлық кезеңдерінде жүзеге асыру; оқушы әрекетін бақылау. Сараланған тапсырмалар міндетті тапсырмалар және қосымша тапсырмалар болып бөлінеді. Міндетті тапсырмалар стандарт негізінде игерілуі тиіс білім, іскерлік, дағды көлемін қалыптастыруға бағытталады, ал қосымша тапсырмалар міндетті тапсырмаларды орындай алған және өздік тапсырманы орындау уақыты бар оқушыларға арналады.

Сараланған тапсырмаларды орындау негізінде оқушылар орындау амалдары мен ережелерді жақсы түсініп, игереді. Саралау тәсілдері оқу материалының көлемі бойынша, шығармашылық деңгейлері бойынша және қиындық деңгейлері бойынша сараланады. Сараланған тапсырмалармен жұмыс істегенде көкейтесті мәселе – ерекше білім қажеттілігі бар баланың «жақын арадағы даму аймағын» ескеру маңызы. Ол оқушының даму әлеуетін және жеке ресурстарын барынша айқындауға мүмкіндік береді. Мұғалім ол үшін жұмыс нәтижелеріне үнемі бақылау жасап отыруы қажет, әр тақырыптан кейін және тақырыпты оқу барысында диагностика жүргізуі керек. Сараланған тапсырмалар мұғалім қойған мақсаттарға тәуелді. Егер мұғалімді балалардың дамуы, әр оқушының оқудағы жетістігі толғандырса, он-

да ол оқытуда міндетті түрде жекелей және саралау тәсілдерін жүзеге асырады. Саралап оқытуды қолданудың нәтижелері ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылардың танымдық қызметін белсендіреді; сабаққа қызығушылықтарын жетілдіреді; үлгерімі төмен оқушылардың қателіктерінің алдын алуға мүмкіндік береді; өз бетінше жұмыс істеу қабілеттерін, ынталылығын, ерік-жігерін, даралығын дамытады және сынып ұжымындағы білім сапасын арттырады. Саралап оқыту – білім алуға бағытталған әрекет. Ол мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге аса отырып, әр оқытушының дербес шығармашылығын анықтайтын инновациялық әрекет болып табылады.

ЕБҚ оқушылар категориясын құрайтын мүмкіндігі шектеулі балалардың инклюзивті сыныптарға қабылдануы «Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидаларымен» айқындалады. Бір сыныпта даму мүмкіндігі шектеулі екі баладан артық оқытылмауы тиіс. Инклюзивті сыныптағы оқушылардың категориялары бойынша келесі ауытқулардың жеңіл түрлері сараланады: есту қабілетіне қарай, көру өткірлігі ерекше, тіл кемістігі бар, тірек-қимыл аппаратында бұзылысы бар, психикалық дамуы тежелген (бұдан әрі – ПДТ), ұзақ уақыт бойы әлеуметтік депривация жағдайында болған балалар, зияты зақымдалған балалар. Инклюзивті сыныптардағы оқу үдерісі Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Мектептегі білім беру мазмұны ЕБҚ оқушыны тұлға ретінде қалыптастыра отырып, оның, ең алдымен, өз ана тілінде ауызекі және жазба тілде сауатты сөйлеу, ересектермен, сыныптастарымен еркін қарым-қатынас жасай білу, айтылғанды ыждаһатпен тыңдап, түсіну, өз пікірін жеткізе білу, дұрыс оқу және сауатты жазу, т.б. дағдыларын, соның нәтижесінде өздігінен білім алу, алған білімін өмірлік

жағдаяттарға сәйкес қолдана білу қабілеттерін, өмірдегі мәселелерді шешуге арналған білік-дағдыларын дамытуға бағытталуы тиіс.

Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар оқушыларды оқыту оқушылардың типологиялық және жеке психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың тиісті вариативтік әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Мұғалім сынып оқушыларының құрамы мен оқу материалының көлемін ескере келе, әр тақырыпты оқуға қажетті сағаттар санын өз бетінше айқындауы керек. Оқушылардың типологиялық ерекшеліктерін анықтауда В.Воронкова ұсынған педагогикалық жіктемені қолдану ләзім (1-кесте).

Инклюзивті сынып педагогы оқытуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылардан тұратын барлық типологиялық топтардың оқушыларымен сыныптағы күнделікті жұмысында оқытудың түрлі мақсаттарын белгілеп, іске асырады. Егер мұғалім бұл оқушыларды пәндік-практикалық қызметтерге үнемі үйретсе, болып жатқан шынайы әрекеттердің, өзгерістердің мағынасын, мәнін түсінікті түрде жеткізсе оқыту нәтижелі болады; оқыту мен бағалауда саралау және жеке ықпал орын алады. Егер мұғалім бұл оқушыларды пәндік-практикалық қызметтерге үнемі үйретсе, болып жатқан шынайы әрекеттердің, өзгерістердің мағынасын, мәнін түсінікті түрде жеткізсе оқыту нәтижелі болады.

Мұғалімге ерекше білім беруде қажеттіліктері бар бұл оқушылардың оқу жетістіктері туралы ақпаратты үнемі қадағалап отыру қажет. Оқу материалдарын таңдау, сондай-ақ түрлі типологиялық топтардың оқушыларымен оларды оқу жолдарын, әдістері мен тәсілдерін таңдап алу балалардың білім, білік және қалыптасқан дағдылар меңгеру туралы мәліметтер негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

**Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар оқушылардың  
типологиялық ерекшеліктері (В.Воронкова бойынша)**

<b>Типологиялық ерекшелік тобы</b>	<b>Типологиялық ерекшелік тобының сипаттамасы</b>
Бірінші типологиялық топ	Оқу үрдісінде бағдарламалық материалды сәтті меңгереді. Оқу материалын өз бетінше орындауға қабілетті, өзгерген тапсырманы орындауда үлкен қиыншылық көрмейді, жаңа жұмысты орындау барысында өзіндік тәжірибесін дұрыс қолданады. Есептеу тәсілдерін, есептерді шығару амалдарын жылдам есінде сақтап, пәндік көрнекілікті сирек қажет етеді. Белгілі құбылыстарды бақылау үшін ауызша нұсқау беру жеткілікті. Олардың алған білімдері жеткілікті дәрежеде берік және икемді. Сөз өрбітудің кері жүрісін игеруге қабілетті; сөз саптауы дұрыс. Өз әрекеттерін еркін түсіндіреді, келешек жұмысын, тапсырманы орындау тәсілдерін жоспарлай алады. Бұл топтың оқушылары үшін өзіне қойылған баға не үшін, қандай критерийлер бойынша қойылғанын білу маңызды.
Екінші типологиялық топ	Сыныпта білім алуда жеткілікті табысты. Олар мұғалімнің жалпы түсіндіруін ұғады, материалды есте сақтауы біршама жақсы, бірақ педагог көмегінсіз қарапайым қорытындылар мен жинақтаулар жасауға қабілетсіз. Олар жұмыстың барлық түрін орындауда едәуір төмен дербестігімен ерекшеленеді; мұғалімнің ынталандыру әрі ұйымдастыру көмегіне мұқтаж. Бұл оқушылар оларға хабарланып отырған құбылыстар, заттар, оқиғаларды ойша елестете алмайды. Тапсырманы заттардың көмегімен бейнелеген кезде ғана саналы түрде орындайды. Сөз арқылы жеткізілген ауызша мәліметтер оларда қажетті түсініктерді үнемі тудыра бермейді. Бұл балалар бірінші топтағы оқушыларға қарағанда баяу меңгереді, дегенмен қандай да бір бағаны қоюдың негізгі критерийлерін білуі тиіс.
Үшінші типологиялық топ	Түрлі көмекке мұқтаж, бағдарламалық материалды қиналып меңгертін оқушылар. Олардың жаңа материалды ұғынуы жеткіліксіз, қосымша түсіндіруді қажет етеді. Негізгіні анықтауда, бөлімдердің қисынды байланысын белгілеуде, екінші дәрежедегі ойды бөлуде қиналады. Дербестігі төмен. Пәндік-практикалық қызметтің ұйымдастырылуы, көрнекі құралдардың қол-



Типологиялық ерекшелік тобы	Типологиялық ерекшелік тобының сипаттамасы
	данылуы оларда толыққанды білімдердің қалыптасуына кепілдік бере алмайды. Байланыстарды, себеп-салдар, тәуелділіктерді ажырата алмайды. Жеке фактілерді, тапсырмаларды орындауға қойылатын талаптарды, берілетін ұсыныстарды есте сақтайды, бірақ есте сақтау тиесілі ұғынусыз өтетіндіктен, балалар ойлы және шынайы әрекеттердің кезектестігін бұзып, зерделеніп отырған фактілердің елеулі және елеусіз белгілерін шатастырады. Оқушылар сөйлемді саптап, байланысқан сөзді меңгеруде үлкен қиыншылық көреді.
Төртінші типологиялық топ	Оқу материалын үлкен қиыншылықпен меңгереді. Олар жаттығулардың үлкен көлемін орындауға киналады, оқытудың қосымша әдістерін енгізуді, тапсырмаларды орындау барысында ұдайы қадағалауды және қолдауды қажетсінеді. Дербестіктің әлдебір үлесімен қорытынды жасау, өткен тәжірибесін қолдану оларға қолжетімсіз. Қосымша нұсқаулармен берілген көмекті бір оқушылар дұрыс қолданады, ал біреулері бұл шарттармен қателіктерге жол береді. Олар өздерінің жұмыстағы қателерін көрмейді, ол үшін осы қателерді нақты көрсетіп, оларды түзетуге түсініктеме беру қажет. Әрбір келесі тапсырманы олар жаңа нәрсе ретінде қабылдайды. Білім механикалық түрде меңгеріліп, тез ұмытылады. Бұл балалар үшін әр оқу пәні бойынша оқудың жеке бағдарламасы түзіледі. Үшінші және төртінші топтардың оқушыларына қандай да бір бағаның қойылу себебін мұқият түсіндіру қажет.

Ол үшін мұғалім өз оқушыларын үнемі зерттеп білуі және педагогикалық диагностика арқылы олардың оқу жетістіктерінің динамикасын қадағалап отыруы керек.

Мақсат тұжырымдамасында тіркелген оқудың жоспарлы нәтижелері оқу жетістіктерінің деңгейлері бойынша сараланады. Оларға сәйкес әр оқу тақырыбы үшін бақылау өлшемдері әзірленеді. Өлшемдер ретінде зерделеу объектілерін танып білу, сипаттау, түсіндіру және түрлендіру бойынша пәндік белгі, сөзді, ой әрекеттері мен операциялары танылады. Оқу материалын танып білу және өңдеу, оны

таныс және бейтаныс жағдайда меңгеру және қолдану оушылардың оқу міндеттерін орындау барысындағы танымдық дербестігінің дәрежесімен де сипатталады. Бұл дерек басқалары секілді, бағалаудың бір критерийі болып табылып, білімдік нәтиже ретінде қадағаланып, тіркеледі. Әр тақырып үшін әзірленген бақылау-өлшеу материалдары күтілетін нәтижелердің деңгейлері бойынша әр оқу тақырыбы үшін реттеледі және оқушыларға танысу үшін ұсынылады.

Оқу жетістіктеріне диагностика және қадағалау балалармен сабақтағы әдеттегідей жұмыс барысында, тақырыпты зерделеу аяқталған соң орындалады. Ол сабақта мұғалім оқу материалын қайталауды ұйымдастырады, содан кейін орындау амалдарына оқушылардың назарын аудара отырып, бақылау-өлшеу тапсырмаларын ұсынады. Әр балаға көрсетілетін көмек түрлері дербестік дәрежесін ескере отырып, беріледі. Зияткерлік кемтарлығы бар оқушылардың жетістіктері бірдей болмайды. Мәселен, 1-типологиялық топтағы оқушылар дағдыларды өз бетінше игеруін, білімдерін түрлі жағдайда қолдануын көрсетеді; 2-типологиялық топтағы оқушылар тақырыптың негізгі мазмұнының ұғынғанын көрсетеді; 3-типологиялық топтағы оқушылар тақырыптың тек жеке элементтерін түсінгенін көрсетіп, өз білімдерін өзектендіруде мұғалімнің көмегін қажетсінеді; 4-типологиялық топтағы оқушылар едәуір жеңіл материалдарды оқиды, олардың жетістіктері мақсатты деңгейлік тұжырымдау шеңберінде анықталады.

«Ерекше» оқушының кез-келген жетістіктері, қаншалықты елеусіз болса да, оң деп қарастырылады. Олардың әр тақырып бойынша жеке нәтижелері оқу жетістіктерінің арнайы карталарында тіркеледі. Оқушы өзінің нәтижесін жақсарта алады, себебі оқу бағдарламаларының көпшілігі шоғырланған құрылымына ие және оқылған материал үнемі қайталанып, дамытылады және бекітіледі. Бұл

оқушының оқу материалын меңгеруіндегі ілгерілеуді көрсетеді; оның табыстылығының жеке траекториясын белгілеуге мүмкіндік береді. Тұтас сыныптағы оқытудың нәтижелілігі туралы түсінік алу үшін, оқушылардың анықталған жетістіктерін тіркеудің меншікті нысанын әзірлеп немесе жетістіктердің жеке картасын түрлендіріп алса да болады. Тұтастай сынып оқушылары жетістіктері қорытындысын шығарып және көрсеткеннен кейін, тану деңгейі бойынша қандай және қанша оқушының жетістігі барын, оқу материалын қанша оқушы түсінгенін және қаншасы қарастырылып отырған тақырып аясындағы білімдерін қолдана алатыны туралы педагогтің түсінігі болады.

Қазіргі тез өзгермелі әлем талабы оқушылардың білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда, функционалдық сауаттылығын немесе құзыреттілігін қалыптастырумен байланысты. Сондықтан ЕБҚ оқушыларға білім беру тіл және әдебиет, математика және жаратылыстану білім саласы пәндерін оқыту барысында жаттығулар, тапсырмалар орындатқанда, есептер шығартқанда және түрлі мәтіндер оқытқанда, оларды өмірмен байланыстыра отырып, оқушылардың оқудағы және жазудағы, математика мен жаратылыстану ғылымындағы сауаттылықтарын қалыптастыруға баса көңіл бөлген жөн. Білім беруді жаңарту оқу-тәрбие үрдісіне заманауи әдістемелер мен технологияларды мұғалімдердің тиімді пайдалана білуіне байланысты екені сөзсіз. Сондықтан инклюзивті сынып мұғалімі үнемі ізденісте болып, жаңалықты үйреніп, «өмір бойы білім алу» ұстанымымен жұмыс жасауы тиіс.

## Инклюзивті білім беру үрдісінің субъектілері



### **Психикалық дамуы тежелген балаларды түзете-дамыта оқытудың негізгі бағыттары мен мазмұны**

Психикалық дамуы тежелген балаларды оқытудың негізгі міндеті оларды негізгі орта білім алуға қабілетті арнайы жағдаймен қамтамасыз ету болып табылады. Психикалық дамуының тежелу деңгейіне және жеке ерекшеліктеріне байланысты осы балаларды мектепте оқыту түрліше ұйымдастырылуы мүмкін. Конституционалды, психогенді, соматогенді шығу тегіндегі психикалық дамуы тежелген балалар оларға осы санаттағы балаларды оқытудың әдісімен және психикалық даму ерекшеліктерімен таныс бастауыш сынып мұғалімдерінің жеке тәсілдері және мамандардың (логопед, психолог, арнайы педагог, дәрігер) психологиялық-педагогикалық қолдауы жағдайында жалпы білім беретін мектептің жай сыныптарында оқуы мүмкін болады.

Церебралды-органикалық шығу тегіндегі психикалық даму тежелісі көрсетілген балалар саралап оқыту жағдайына мұқтаж болады. Мінез-құлқында күрделі бұзылысы және психопатиялық реакциясы бар балалар үшін үйде оқыту ұйымдастырылады. Оқытуда қиындықтардың пайда болу себептерін дер кезінде анықтау және оларды оқыту мен тәрбиелеудің қажетті жағдайымен қамтамасыз ету маңызды. Психикалық дамуы тежелген оқушылардың мектепте шамадан тыс ұзақ уақыт болуы оны қажытып, мектепке бейімсізденуге алып келеді, тіпті эмоционалды органың қалыптасуына кері әсерін тигізеді, тұрақты үлгермеушілік пен мінез-құлқының бұзылуын өршітеді. Оқу әрекетін қалыптандыруда және оқытудағы қиыншылықтарды жеңуде оқушыларды ПМПК қорытындысы бойынша оқытудың кез келген кезеңінде арнайы сынып жағдайында білім беруді жалғастыру мүмкіндігі бар. Негізгі мектептердің арнайы сынып түлектері ТжКБ мекемелерінде оқуын жалғастыра алады.

Психикалық дамуы тежелген оқушыларды дамыту ерекшеліктері, олардың мектептік оқуға дайындығының төмендігі оқу жоспарларын, бағдарламаларды түрлендіруді, оқу материалын қайта бөлуді және оны өту қарқынын өзгертуді қажет етеді. ПДТ көрінісінің жеңіл түрі анықталған оқушыларды оқыту стандарт талаптарына, үлгілік оқу жоспарларына, білім беру бағдарламаларына сәйкес іске асады. Оқу үрдісінде жалпы білім беру оқулықтары, сонымен қатар, арнайы әзірленген дидактикалық материалдар (жұмыс дәптерлері), АКТ және оқушылардың танымдық мүмкіндігі ескерілген т.б. материалдар қолданылады. Қарастырылып отырған санаттағы балалармен арнайы педагогикалық жұмыстың міндеттері оқуға жалпы қабілеттерін дамыту және дамуындағы жеке кемшіліктерді жеңу болып табылады. Балалар мультитпәндік мамандар командасының: логопед, психолог, арнайы педагог көмегін

қажет етеді. Оқытудың түзетушілік бағыттылығы сонымен қатар, сабақта оқу жоспарының барлық пәндері бойынша жаппай оқыту үрдісінде іске асады.

Оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау үрдісінде мұғалім бала туралы психологиялық-педагогикалық қолдау командасынан алынған барлық мәліметтерді жалпылаушы және түсініктеме беруші, олармен тікелей жұмысты ұйымдастыратын интегратор рөлінде болады. Оқушыларды оқыту стратегиялары мен әдістерін таңдау оқушылардың танымдық қызметі мен жұмыс қабілеттілігінің ерекшеліктерімен анықталады. Оқытудың бастапқы кезеңінде, яғни 1 және 2-сыныптарда «кіші кадам» әдісі маңызды орын алады. Ол балалардың зияткерлік жұмыс қабілетінің мүмкіндігін ескере отырып, жаңа материалды оқушылардың қабылдауына сәйкес кішігірім мөлшермен, біртіндеп беруді талап етеді. Сонымен қатар, ой қорытындысын жасау іскерлігін дамытуға негіз болатын «дидактикалық бірлікті күрделендіру» әдісіне сай, оқу материалын кең көлемде ашу да маңызды. Бастапқы кезеңде түсінікті қалыптастыруда көрнекіліктер мен пәндік-тәжірибелік қызметті қолдану, келе-келе көрнекі-бейнелік ойлауға сүйену арқылы оларда сапалы білім қалыптастыруға мүмкіндік туады. Психикалық дамуы тежелген оқушылармен жұмыста практикалық және ақыл-ес әрекетін алгоритмдеу әдісін қолдану арқылы үлкен табысқа қол жеткізуге болады. Сондай-ақ, нұсқаулықтар, пиктограммалар, технологиялық карталар және т.б. қолдану да пайдалы. Жоғары оқу уәждемесін қолдау үшін ПДТ оқушылардың өзіне деген сенімін, тиісінше өзіндік бағасын қалыптастыру барысында педагог әр баланы табысты жағдаймен қамтамасыз етуі қажет. Оқуға тұрақты уәждемені қалыптастыру балалар жетістігін ерекше түрде ұйымдасқан бағалауға мүмкіндік береді. Ол үшін ПДТ оқушылардың жетістігін басқалармен салыстырудан аулақ бо-

лу қажет. ПДТ оқушының жетістігін оның өзінің алдыңғы жетістіктерімен салыстыру нәтижелі болады. Оқу үрдісінде бағалаудың ашықтығын қамтамасыз ету және мұғалім қойған бағаның оқушының өз-өзін бағалауымен үйлесуі маңызды. Оқытудың жағымды нәтижелерін талдауда ПДТ оқушының талпыныс, зейінділік, шыдамдылық, тәртіп, яғни өзін өзгертуге қабілетінің артуы сынды жетістіктердің себептерін атап көрсетуге болады. Ал ПДТ оқушының сәтсіздігін талдауда мінез, қабілеттілік деңгейі және т.б. ішкі тұрақты факторларды көрсетпеуге тырысу керек.

Түзету-дамытушылық оқытудың маңызды құраушысы ПДТ оқушының оқу жетістіктеріне әр пән бойынша мониторинг жүргізуді іске асыру болып табылады. Мониторинг оқушылардың біліміндегі кемшіліктің пайда болуын дер кезінде байқауға және қажетті түзету іс-шараларын қабылдауға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру жағдайында ПДТ оқушымен жүргізілетін сабақтың мақсаты оқушының жалпы даму деңгейін арттыру; алдыңғы оқыту мен дамудағы кемшіліктердің орнын толтыру; жеткіліксіз меңгерілген оқу білігі мен дағдыларын қалыптастыру бойынша жеке жұмыс; танымдық аясы мен тілін дамытудағы ауытқуларды түзету; жаңа оқу материалын қабылдауға мақсатты бағытталған дайындық болып табылады. Түзету-дамыту жұмыстарының тиімді құралдары мен тәсілдерін таңдау оқу бағдарламасын меңгеру барысында балаларда пайда болатын қиындықтардың себептерімен анықталады. ПДТ балалардың тілі жас ерекшелік нормасынан кеш қалыптасады және үнемі ерекшеленеді. Тіл дамуындағы кемшіліктердің пайда болу деңгейі әр түрлі болуы мүмкін. Осыған байланысты оқытудағы мәселелер де әр түрлі болады. Сондықтан инклюзивті сыныптарда тілдегі бұзылысты түзету жағдайын анықтау мақсатымен барлық оқушылардың тілдік қызметінің даму деңгейіне міндетті түрде диагностика жүргізіледі. Ол логопедпен сабақ барысында,

сыныптағы сабақ үстінде, мұғалімнің жеке тәсілі және т.б. әдістер арқылы анықталады. Логопедтік сабаққа есепке алу үшін тілдік бұзылысы бар балаларды анықтау 1-нен 15-қыркүйек аралығында және 15-нен 30-мамырға дейін жүргізіледі. Тілдерінде кемшілігі анықталған балалардың барлығы тілдік бұзылысына байланысты топтарға бөлу үшін «Логопедиялық көмекке мұқтаж оқушылар тізіміне» тіркеледі. Бітірген білім алушыларды шығару олардың тілдеріндегі бұзылысты жою бойынша бір жыл көлемінде жүргізіледі. Топтар тілдік бұзылыс құрылымы біртекті балалармен, 4-5 немесе 2-3 адамнан біріктіріледі.

Емдеу-сауықтыру жұмысы қарастырылып отырған санаттағы балалардың дамуын қалыпқа келтіру үшін үлкен маңызға ие. Бұл бас миының функционалды жеткіліксіздігі психофизиологиялық даму қарқынының бәсеңдеуінен ғана емес, психоневрологиялық және соматикалық жабырқаудың да пайда болатынын көрсетеді. Психикалық дамуы тежелген оқушылар үшін түрлі инфекцияға қарсылықтың төмендігі, аллергиялық реакциялар, баланың ішкі ағза ауруларының созылмалы түрге бейімділігі көрсетілетін вегетотамырлы дистония, зат алмасу үрдісінің бұзылу сипаттары тән. Сондықтан көпшілік балалар үнемі педиатр, невропатолог, психиатрдың бақылауына және қайта-қайта емдеуіне мұқтаж болады. Әсіресе осындай көмек әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы оқушыларына қажет.

Емдеу-сауықтыру жұмысының негізгі міндеті:

– баланың физикалық және психоневрологиялық денсаулығын нығайту, емдік дене шынықтаруды ұйымдастыру;

– мектепте, сыныпта қолайлы емдеу-сауықтыру тәртібін құру, жекелеген жағдайда оқушыға тиісті жүктеме нормасын қатаң сақтау;



– санитарлы-гигиеналық норманы, тәртіпті және рационалды тамақтану тәртібін сақтау;

– гипербелсенді оқушылармен және психикасы бұзылған оқушылармен психологиялық түзету жұмысын іске асыру болып табылады.

ПДТ оқушыларды оқыту міндеттерінің бірі – отбасылық психотерапия және оқушының ата-анамен, мұғаліммен, құрдастарымен тең қарым-қатынасын қалыптастыру арқылы мінез-құлықтың бейәлеуметтік түрінің алдын алу. Мектепте мінез-құлық бұзылысының алдын алу бойынша әлеуметтік жұмыстар жоспарлануы және іске асуы қажет, сонымен қатар, кәсіптік-еңбектік дайындық арқылы балаларды қоғамға кіріктіруді жүзеге асыру қажет. Әлеуметтік-еңбектік дайындық түзету-дамытушылық педагогикалық үрдіспен және емдеу-сауықтыру кешені іс-шараларымен бірге жүргізіледі. ПДТ оқушыларды әлеуметтік-еңбектік даярлау міндеті келесілерден тұрады: қол-жетімді және кең танымал мамандықтарды табысты меңгеруге кедергі келтіретін қолдың ұсақ моторикасының жеткіліксіздігі, көру-қозғалыс үйлесімінің бұзылуы сынды ерекшеліктерді ерте анықтау және түзету, оқушыларда оқу-еңбек қызметі үрдісінде тапсырмаға бағытталу дағдысын, жұмысты жоспарлауды, өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру; кәсіптік бағдар беру және т.б.

### **Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қосымша білім беру бағдарламасына тарту**

Қосымша білім – балалардың рухани қажеттіліктері мен танымдық қызығушылықтарын барынша қанағаттандыру және дамыту мақсатында, сабақтан тыс уақытта жүзеге асырылатын қосымша оқу-тәрбие үрдісі. Қосымша білім беру жүйесінің мақсаты – жеке тұлғаны таным мен

шығармашылыққа ынталандыруды дамыту және қоғамның әлеуметтік сұранысына сәйкес қосымша бағдарламалар мен қызметтерді іске асыру. Қазақстан Республикасының заманауи әлеуметтік-экономикалық даму барысында қосымша білім беру жағдайлары: бала құқығын іске асыру; олардың жағдайын жақсарту; отбасының әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздігі; балалар мен жасөспірімдер арасында кереғарлықтың алдын алу; салауатты өмір салтын қалыптастыру; тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету; бала дарынын дамыту; қосымша білім беру ұйымдарының тиімділігін арттыру; заманауи заңнамалық базаны жақсарту. Балаларға қосымша білім беруді ұйымдастыру кезінде мына қағидаттар басшылыққа алынады: қызметтің түрлері мен салаларын өз қалауымен таңдауы; жеке қызығушылығына, қажеттіліктеріне, қабілеттеріне бағдарлану; өзін өзі жетілдіруіне еркіндік беру; оқыту, тәрбиелеу, дамыту үрдістерінің біртұтастығын сақтау; білім берудің тәжірибелік сипатын арттыру. Аталған қағидаттар гуманистік педагогиканың жетекші ұстанымдарына сәйкес, балаларға қосымша білім беру негізін құрайды: тұлға бірегейлігін, қадыр-қасиетін, құндылықтарын және өзіндік болмысын сақтау және мойындау; педагог пен баланың теңқұқылы қарым-қатынасы және бала мүдделеріне бағдарлану.

Ерекше білім қажеттілігі бар оқушыларға қосымша білім беру мақсаты – әлемді өнер арқылы танып, қабылдау мүмкіндігін сыйлау; шығармашылық орта арқылы дамыту және өмір сүруге бейімдеу. Қосымша білім беру (ҚББ) үрдісі баланың тұлғалық ерекшеліктері, қажеттіліктері мен қызығушылықтарына ерекше ден қоя отырып, оның дербес әрі толыққанды өмір сүруіне қажетті қолданбалы дағдыларды дамытады. ҚББ үрдісі өз жұмысын ЕБҚ балалардың денсаулық жағдайларына байланысты, жекелеген функциялардың мүмкіндіктерін ескере отырып, құрады. Іс-әре-

кетті жоспарлау барысында ЕБҚ бала ыңғайына сай тәсілдер мен барынша қолайлы технологиялар таңдалып алынады. Инклюзивті білім жағдайында қосымша білім беруді жоспарлау барынша икемді әрі әр тарапты болғаны жөн. Мысал ретінде Көкшетау қаласындағы Балалар көркемсурет мектебінің нашар еститін балаларға арналған мамандандырылған сыныбының жұмыс бағытын талдайық. Балалар көркемсурет мектебін 10 жыл ішінде (2004 – 2014) нашар еститін, сондай-ақ тірек-қимыл аппаратында бұзылыстары бар 33 бала бітірген. Мектеп бағыты және балалардың мүмкіндіктеріне сәйкес «Нашар еститін балаларды арттерапиялық технологиялар элементтері арқылы бейнелеу өнеріне баулу» (авторы – Н.Булгакова), «Балалар көркемсурет мектебі жағдайында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» сипатындағы бағдарламалар жүзеге асырылады. Мектеп тәрбиеленушілерінің жетістіктері: Қазақстан жастарының Ұлттық Дельфий ойындары, Халықаралық «Нова Загора - 2014» жастар бейнелеу өнері көрмесі, Жапониядағы Халықаралық «Foodwaste» ЮНЕП байқауы, Ресей-Калининград форумы аясында «Экология души» балалар бейнелеу шығармашылығы байқауы, Жапониядағы Халықаралық «Канагава Биеннале» балалар сурет көрмесі.

Инклюзиямен қамтылған балалар категорияларына сәйкес, қосымша білім беру жүйесінің дамыту-үйрету үрдісінде даралық қатынас міндетті және негізгі тәсіл. Күтілетін нәтиже бала мүмкіндігінің дәрежесіне сәйкес жобаланады. Осы орайда тағы бір мысал ұсынылады. Павлодар облысы Екібастұз қаласының «Қайнар» білім беру-демалу кешенінде «Маска» студиясы жұмыс жасайды. Осы студияда «Театр шығармашылығы» бағдарламасы іске асырылып, ол облыстағы театр қозғалысы үшін бастапқы алаң қызметін атқарады. Жұмыс істеп келе жатқан уақытында 60-тан астам қойылым даярланған. Жыл сайын студияда түрлі жас

топтарында 50 бала білім алады. Олардың қатарында мүмкіндіктері шектеулі балалар да оқиды. Денсаулығында ақауы бар балалармен жұмыс істеу барысында қызмет түрлерін жиі ауыстыру, үйрететін техниканы бірнеше рет қайталау, сергіту сәттерін жиі жүргізу міндетті тәсілдер болып табылады. Ата-аналар мен әлеуметтік қызметкерлер театр сабақтарының тәрбиеленушілердің жалпы дамуы мен эмоциялық жай-күйіне оң әсер беретінін анықтаған. «Маска» театр студиясының тәрбиеленушілері «Роза ветров» халықаралық конкурсының, «Қазақстанның жас таланттары» балалар театр ұжымдарының республикалық фестиваль-конкурсының, «Шаңырақ көктемі» театр ұжымдарының облыстық конкурсының жеңімпаздары болып танылған.

Балаларға ұсынылатын құралдар мен аспаптарды іріктеу барысында педагог аса мұқият болғаны жөн. Қауіпсіздік пен нәтижелілікті қамтамасыз ету үшін өз бетінше жиі ізденіп, бала ерекшелігіне сәйкес ең соңғы үлгіде жаңа шыққан құралдар мен технологияларды ұсынуға тырысуы керек. Әр сәт сайын бала ерекшелігін есте ұстап, оның ата-аналарымен үнемі ақылдасып отыру шарт. ҚББ жүйесінде ЕБҚ баламен жұмыс үрдісі техникалық қауіпсіздікті қатаң сақтауды талап етеді.

Ерекше білім қажеттілігі бар балалар үшін қосымша білім беру жүйесі мына қағидаттар негізінде жүзеге асырылуы қажет: балаларға қосымша білім берудің тегін болуы және қолжетімдігі; білім беру үрдісін ізгілендіру, демократияландыру; балалардың даралық ерекшеліктерін назарда ұстау, жас ерекшелік қызығушылықтарын ескеру; балалардың денсаулығын сақтау және нығайту; отбасымен байланыс, отбасының мәдени-білім беру мүдделеріне бағытталу; ұлттық-мәдени дәстүрлерді сақтау және дамыту; отансүйгіш азаматты тәрбиелеуде білім беру құндылығына басымдық беру; жалпы және қосымша білім берудің

өзара іс-қимылы; білім берудің ашықтығы және көпсалалығы, басқарудың мемлекеттік-қоғамдық сипаты.

### **Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру мен тәрбиелеудегі отбасының рөлі**

ҚР отбасылық тәрбие берудің заңнамалық негіздері бойынша отбасының басты міндеті тұлға мен қоғамның өзара әрекеттесуі аясында балаға құндылық бағдар беру және тұлғалық бітім-болмысты қалыптастыру: көркем мінез тәрбиелеу, рухани-адамгершілік дамуын жетілдіру, қоғамдық ортаға қажетті мінез-құлық ережелерін, дұрыс ойлау, тиімді қарым-қатынас және т.б. дағдыларды меңгерту. Әлеуметтендіру – барлық әлеуметтік үрдістердің жиынтығы. Оның арқасында жеке тұлға әлеуметтік рөлдер мен мәдени нормаларды меңгере отырып, қоғамның толыққанды мүшесі ретінде өмір сүруге мүмкіндік беретін білім, ереже және құндылықтар жүйесін меңгереді және жаңғыртады. Әлеуметтену үрдісі адамның өзіндік санасы, қарым-қатынасы және қызметі арқылы өмір бойы жүзеге асырылады.

ЕБҚ балалардың отбасылық тәрбиесін әлеуметтік-педагогикалық қолдауды зерттеу әрбір жағдайға жеке-дара қарауды талап етеді. Зерттеушілер Е.Ю. Бикметов, З.Л. Сизоненко, О.Н. Юлдашева мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасылардағы *ықтималды мінез-құлық үлгілерін* жіктеді:

- қашу немесе енжарлық: қоғаммен тікелей қарым-қатынас жасаудан қашқақтау;
- күрес немесе агрессия: қоғамдық құндылықтар мен ережелерді сынау, қабылдамау;
- бөліну немесе филтрация: отбасы өз түсініктеріне сай келетін қоғамдық құндылықтарды ғана қабылдайды;
- икемділік: отбасы қоғамдық ережелерді қабылдап, олардың ықпалына сүйене отырып, өздеріне тән, ақылға

қонымды түсініктер мен құндылықтарды қалыптастыру жолдарын іздейді.

Баланы отбасында *әлеуметтендірудің ықтималдық үлгілері*:

- бірінші үлгі: туғаннан нышаналы балалар; олар өздерінің кемістігіне үйреніп, онымен қалыпты өмір сүруді меңгереді;

- екінші үлгі: отбасының өз баласы үшін қорғаныс қабатын құруы, яғни қоғам мен оның стандарттарынан қашықта болу (мысалы: А.К.Дойлдың «Амфибия адам» фильмі);

- үшінші үлгі: бала өсе келе науқасқа шалдығады; кемістік салдары өзін бұрынғыдай қабылдауды қиындатады; айналасындағылардың да қатынасы өзгереді;

- төртінші үлгі: бала айналасы үшін дұрыс болып табылатын жаңа өмір сүруге дайын.

ЕБҚ балалардың отбасылық тәрбиесін әлеуметтік-педагогикалық қолдау оларды табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін жағдай жасау мақсатында өмірлік жағдаяттарды шешудің жеке траекториясын құру үшін педагогтардың ата-аналармен кешенді және мақсатты өзара әрекеттестігі болып табылады.

Отбасын әлеуметтік-педагогикалық қолдау тетіктері:

- бала ерекшелігіне байланысты туындайтын күрделі өмірлік жағдаяттарды дербес шешу дағдыларын қалыптастыру;

- баланың араласатын ортасын кеңейту үшін ата-аналарды тәуелсіз өмір философиясымен, қолданыстағы заңнамалармен және оңалту құралдарымен таныстыру;

- білім беру ұйымы мен отбасы ынтымақтастығын көп-аспектілі, көпдеңгейлі міндет ретінде қарау.

Отбасы ЕБҚ баланы әлеуметтендірудің маңызды факторы бола тұра, оның қалыпты ортаға кедергісіз кірігуіне және әлеуметтену үрдісіне көмектесе де алады, кедергі де

жасай алады. Бұл жерде көп нәрсе ата-ананың балаға деген махаббатына, талмай ізденуіне, ерік-күшіне, сеніміне, үмітіне, табандылығына және жағдайына байланысты. Ерекше баланы әлеуметтендіру табыстылығы отбасындағы өзара қарым-қатынастың үйлесімділігіне және ерлі-зайыптылардың өзара сыйластығына байланысты. Ата-ана мен баланың өзара тиімді қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында олардың ұстанымдарын, мінез-құлықтарын және бұзылыс сипатын зерттеу үшін отбасымен психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-медициналық жұмыстарды жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізу қажет.

### **Оқу бағдарламасына сәйкес сабақтарды жоспарлау**

Инклюзивті сыныпта стандарт талаптарын сақтай отырып, сабақты жоспарлау ерекше білім қажеттіліктері бар балаларға қосымша қызмет және қолдау көрсетуді қарастырады. Даму бұзылыстары бар балалардың жоғары дәрежелі оқу жетістіктеріне қол жеткізу үшін түрлі деңгейде оқытуды енгізу; білімді бағалауда жаңа бағыттарды іске асыру; білім бағдарламаларын меңгеруді нәтижеге бағыттай отырып шешу қажет. Инклюзивті білім беруді дамыту үшін келесі іс-әрекеттер жүзеге асырылуы тиіс:

1) ерекше білім қажеттіліктері бар балаларға қосымша қызмет және қолдау көрсетуді қарастыратын (жеке) оқу жоспарын құрастыру;

2) оқу мазмұны баланың тәжірибесі, қажеттіліктері және қызығушылықтарына бағыттала отырып, оның өзіндік дамуына негізделуі керек;

3) күнделікті оқу үрдісінде пайда болатын қиындықтарды анықтап, оларды жеңу үшін балаға қолдау көрсету; әрбір нақты жағдайды бағалау арқылы баланың жеке даму ерекшеліктеріне жетекшілік жасау;

4) оқу үрдісінде мұғалім бала ерекшелігіне сәйкес және тиімді технологияларды қолдануы керек;

5) баланың оқу және қарым-қатынас ұтқырлығына қол жеткізу үшін техникалық және компенсаторлық көмекші құралдарды қолдану; кедергісіз кеңістікті қамтамасыз ету.

Бұл бағытта басты роль және жауапкершілік білім беру ұйымының басшыларына жүктеледі. Олар басқару үрдістерін дамытып, оқу бағдарламаларын, оқыту формаларын және білім мен дағдыларды бағалау әдістерін жаңартылған білім мазмұнына сай қайта қараулары қажет; балалардың бір-біріне көмек беруге даярлығын, мектеп пен қоғамның, ата-аналардың арасында өзара тығыз байланыстар орнатуға ықпал етулері тиіс; бала дамуына бөгет болатын барлық кедергілерді жоюға тырысулары шарт. Жергілікті атқару ұйымдары жалпы білім беретін мектептерде инклюзия үрдісінің дамуына жауапкершілікпен қарап, белсенділік танытып, инклюзия тәртібінде жұмыс жасайтын мектептерге барынша қолдау көрсетуге міндетті.

Ерекше білім қажеттігі бар балалардың оқу пәндерін меңгеруін нәтижеге бағытталған білім беру модельдерін енгізу арқылы шешуге болады. Білім берудің заманауи парадигмасы күтілетін нәтижелерге негізделеді; оның мазмұны және мақсаттары құзыреттіліктер түрінде ұсынылады. Оқу үрдісін осылай құру әр баланың тұлғалық-даралық, әлеуметтік және интеллектуалдық өсуін қадағалап, оқу бағдарламасын меңгерудегі қиындықтарды уақтылы анықтап, жетістіктер деңгейін нақтылауға көмек береді. Білім беру үрдісін өзгертуді *жоспарлауда* әуелі оның қаншалықты қажеттігін анықтау керек. Әрине, өзгерістер ЕБҚ балаларды оқыту үшін жағымды жағдай жасау мақсатымен енгізіледі. Инклюзивті білім беру үрдісінде қолданылатын оқыту стратегиялары:

– жағдаятты модельдеу және тәжірибелік тапсырмаларды қолдану;




- қадамдық нұсқауларды пайдалану;
- тәжірибеде тексерілген ой-пікірлер мен тұжырым-дамаларға сүйену;
- рольдік ойындарды қолдану;
- көрнекі құралдар қолдану арқылы интер белсенділікті жоғарылату;
- мадақтау мен ынталандырудың түрлі тәсілдерін қолдану және нәтижеге жетудің көрнекі сызбаларын ұсыну;
- АКТ пайдалану арқылы оқыту тәсілдерін түрлендіру;
- тапсырмаларды аяқтауға қосымша уақыт беру;
- жиі сұрақ қоюға баулу, сұрақтардың күрделілік деңгейіне түрткі болу;
- талқылауға оқушыларды түгел қатыстыру; белсенділікті қолдау, жетелеуші сұрақтар қою;
- тапсырмаларды орындаудың түрлі тәсілдерін қолдану (ауызша, жазбаша, кесте түзу, диаграмма құру, модель жасау, бейнелеу, таспаға түсіру және т.б.);
- оқушылардың жекетұлғалық қасиеттері мен қызығушылықтарына сүйену;
- метатанымдық бағытты мәселелік оқытуға тән бағыттармен қатар қолдану (Бұл мәселені мен басқа қандай жолдармен шеше аламын?);
- өзіндік бақылауды қосу (өзін бақылау, өз қателіктерін түзету, өзін белсендендіру, мақсат қою);
- бағаланатын креативті тәсілдер мен тапсырмаларды қолдану (таныстырылым, көрме);
- тікелей бақылау мен бағалауды оқыту стратегияларына интеграциялау.

*Материалды меңгеру стандарттарын түрлендіру.* ЕБҚ оқушылардың білім меңгеру стандарттарын түрлендіруде олардың сыныптың өзге оқушыларымен қатар барлық үрдістерге қатыса алатындығын, бірақ *жеке жоспармен* анықталған ұзақ мерзімді мақсаттар мен тікелей міндеттерді орындайтынын есте ұстаған жөн.

*Оқыту нәтижелерін бағалауды түрлендіру тәсілдері:* жалпы оқу жоспары шеңберінде ЕБҚ оқушының жеке жоспарының мақсаттарына сәйкес, жеңілдетілген тапсырмаларды пайдалану; баламалы оқу жоспарынан алынған әлеуметтік дағды, қоғамдық жұмыс, өндірістік тәжірибе мақсаттары мен міндеттерге байланысты тапсырмалар таңдау. Бағдарлама бойынша балалардың барлығын бірге оқытуға болады, бірақ нәтижелерін саралау қажет және ЕБҚ оқушы нәтижесі жеке жоспардағы мақсат пен міндеттермен сәйкестендірілуі тиіс. Оқу материалдарын меңгеру стандарттарын түрлендіру қажеттілігі – негізгі оқу жоспарына ұқсас, жеңілдетілген тапсырмаларды орындау мүмкіндігі болып табылады. Инклюзивті сыныпта бүкіл оқушыларға арналған тапсырмадан ЕБҚ баланың жеке мүмкіндігіне сай тақырып пен мазмұн бойынша ерекшеленетін тапсырманы таңдау сирек жағдайда ғана жасалады, өйткені бұл жағдай баланы басқалардан шеттетеді. Мұндай тапсырмаларды өзіндік жұмыс жасау кезеңіне немесе жеке жобаларды орындау уақытына қалдыру керек, сонда ЕБҚ баланың басқалардан айырмашылығы анық көрінбейді. Қалыпты сыныпта мұғалім оқушыларға білімдерді меңгеруге мүмкіндік жасайды, қажет болғанда жаңа оқу материалын түсіндіруде бағыттайды, бұл – *имплицитті* бағыт. Ал арнайы сыныпта психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу барысында мұғалім оқушы жүктемесін өзіне аударып, онымен түзету бағытында жұмыс жүргізеді, бұл – *эксплицитті* бағыт. Инклюзивті сыныпта осы екі бағыт та іске асырылады. Барлық оқушылар оқытудың интерактивті тәсілдері арқылы жүргізілетін жұмысқа белсенді қатысулары керек. Мұғалім баланың жаңа материалды меңгеру стиліне және оның қажеттіліктеріне бейімделуі тиіс.

## ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ



Оқыту үрдісін де, бағдарламаны да баланың қабілеттерімен байланыстыру қажеттігін түсінетін мұғалім инклюзивті сыныпта жұмысты қалай жүргізу қажет екендігін біледі. Ол: бағдарламадан оқушы маңызды; оқушылардың даралығын бағалау қажет; сыныптағы әр бала – оқушы; балалар жеке емес, бірге оқығанда жетістіктерге жетеді; мұғалім балаларға қолайлы болу үшін бағдарламаға өзгеріс енгізе алады; жұмыстың нәтижесі – бала меңгерген оқу материалы. Мұғалімге қалыпты сыныптағы баланың оқу мақсаттары, оның күнделікті сынып жұмысына қатысу сапасы қандай екендігін білу маңызды. Мақсаттар оқу басымдықтарына тәуелді және мазмұны, талаптары, күтілетін нәтижелер, меңгеру жылдамдығы мен бағалау критерийлері бойынша түрлендірілуі мүмкін. ЕБҚ балалармен жүргізілетін жұмыста баланың әлеуметтік–психологиялық жайлылығын қамтитын технологияларды қолдану арқылы оның көңіл-күйін, үйде, сыныпта, балабақшада үлкендер және құрдастарымен қарым-қатынасында өз-өзін психологиялық тұрғыдан жақсы сезінуін қамтамасыз етуге болады.



## 5-ТАРАУ

### ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛЬ

---

#### **«Ерекше» баланы білім беру кеңістігіне тартуға дайындықтың технологиялық негіздері**

«Ерекше» білім қажеттігі бар оқушыны қалыпты білім кеңістігіне тарту үшін келесі дайындық технологияларын қамтамасыз ету шарт: білім беру ұйымында педагогикалық қамқорлық-сақтық тәртібін ұйымдастыру; баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметін құру; ата-аналарды білім беру үрдісіне тарту (кірістіру); мектеп пен отбасы әрекеттестігін жетілдіру; педагогтардың құзыреттілігіне қойылатын талаптарды арттыру.

Ерекше балаға қатысты *педагогикалық қамқорлық-сақтық тәртіпті ұйымдастыру технологиясы*. Орталық жүйке жүйесінің жетілуі мен қызмет етуінің өзгешелігі және соматикалық әлсіздігі салдарынан, ЕБҚ оқушылардың

дене қызметі мен ойлау жүйесі тез шаршап, әлсірейді. Ол – баланың денсаулығы мен оқу әрекетінің нәтижесіне кері әсер етеді. Педагогикалық қамқорлық-сақтық тәртіпке келесі факторлар арқылы қол жеткізіледі: сыныптың аз толымдығы; психологиялық жайлы орта қалыптастыру; кедергісіз кеңістік құру; оқу іс-әрекетінің жетістіктерін қамтамасыз ету; психофизикалық жүк түсірмеу; жүйелі түрде релаксациялық, психотерапиялық сабақтар жүргізу; сауықтыру шараларын өткізіп отыру; 5 минуттық динамикалық үзілістер жасап отыру; ауысым және әр сабақ арасында 10 минуттан кем емес және үшінші сабақтан кейін 20 минуттық жалпы үзілістің міндеттілігі; оқушылардың жұмысқа қабілеті мен қабылдау ерекшеліктерін есепке ала отырып, сынып бөлмелерін ерекше безендіру; оқушыны сыныптағы барлық құрдастарының және тұтас мектеп ұжымының қабылдауын қамтамасыз ету.

*Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологиясы.* Білім беру ұйымында ерекше баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі құрылады. Оның құрамына мектеп психологы, әлеуметтік педагог, дәрігер, арнайы педагог (бала науқасының сипатына байланысты дефектология саласының маманы – олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог немесе логопед), емдік дене шынықтыру нұсқаушысы, сынып жетекшісі, мектеп әкімшілігі өкілі. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу ПМПК (психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум) қызметі арқылы жүргізіледі.

*Ата-аналарды білім беру үрдісіне тарту (кірістіру) технологиясы.* ҚР БжҒМ «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың әдістемелік ұсынымдарын бекіту» туралы № 524 бұйрығында (2011ж.) отбасының әлеуетті мүмкіндіктерін іске асыру міндеттеледі және ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру тізбесі беріледі. ЕБҚ балалардың отбасы мүшелері оның

ерекшеліктері туралы басқаларға қарағанда жақсырақ біледі, сондықтан да мұғалімге тиімді кеңес бере алады. Және ата-ана баланың даму үрдісіне қатысқысы келеді; бұл ұмтылыс мектеп әкімшілігі тарапынан қолдау табуы керек.

Ерекше білім қажеттігі бар балалардың отбасымен жүргізілетін жұмыстың негізгі міндеттері:

– ата-аналардың баламен өзара әрекет жасау тәсілдерін, отбасы жағдайында оны дамыту-тәрбиелеу әдістерін меңгеруіне көмектесу;

– түзету-дамыту жұмыстарына ата-аналарды белсенді түрде тарту;

– ата-аналарға жүйелі түрде психологиялық-педагогикалық білім беру, олардың баламен қарым-қатынасын және психологиялық-педагогикалық қажеттіліктерін зерделеу.

*Мектеп пен отбасы әрекеттестігін жетілдіру технологиясы.* Мектеп пен отбасы әрекеттестігін жетілдіру серіктестіктің жана ұстанымдары қағидасына негізделуі керек. Ерекше білім қажеттігі бар балаларды дамытуда әр тарап белгілі бір деңгейде жауапкершілікте болады. Ата-аналар мен педагогтар ынтымақтастығы келесі қағидаларға негізделуі керек: серіктесті мойындау және құрметтеу; ақпараттармен және іскерліктермен бөлісу; шешімдерді қабылдауға қатысу; баланың ерекшелігін, даралығын мойындау. Өзара әрекеттестікті жүзеге асыру үшін білім беру ұйымына ата-аналармен жұмыстың келесі формалары ұсынылады:

- жеке сұхбат құру, әңгімелесу және кеңес беру;
- ата-аналарға арналған дәріс сағаттары;
- «ашық есік» күндері;
- тақырыптық семинарлар және өзге де іс-шаралар.

ЕБҚ баланың ата-аналары мен отбасы мүшелерін сыныптың қоғамдық өміріне жұмылдыру маңызды. Ол үшін:

- баланың даму барысы мен оқу жағдайын білу мақсатында ата-аналар мұғалімдермен жиі кездесуі керек;
- ата-аналар жеке психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламаларын жасауға қатысуы керек;
- мұғалімдер ЕБҚ баланың даму және оқу-тәрбие жетістіктерін белгілеп отыратын «Жеке даму картасын» жүргізуі және картаның мазмұнымен ата-аналарды таныстырып отыруы керек;
- оқу мен тәрбиенің жеке бағдарламасын жүзеге асыру міндеттері мен жауапкершіліктерінің белгілі бір бөлігін ата-аналар өз мойындарына алуы керек;
- әр тоқсан аяғында ата-аналар өз балаларының оқудағы жетістіктері туралы есеп алулары керек;
- оқыту әдіс-тәсілдерімен танысу мақсатында ата-аналар сабақтарға қатысуға құқылы;
- ата-аналар мүмкіндігінше мектептің іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге қатыстырылуы керек;
- ата-аналар баласының үй тапсырмаларын орындауға көмектесуі керек;
- мұғалімдер мен ата-аналар оқушының мектептегі і-әрекеті және оның үйде оқуы туралы ақпараттармен алмасулары қажет;
- ата-аналар педагогтармен бірге ЕБҚ баланың сабақтан тыс уақытын ұйымдастырулары керек; денсаулық мүмкіндігіне, бейіміне және қызығушылық сипатына қарай баланы қосымша білім берумен қамтамасыз етуге тырысқан жөн (спортпен шұғылдану, үйірмелерге қатысу, т.б.);
- ЕБҚ балалардың ата-аналарын мектептің ата-аналар комитетінің жұмысына қатыстыру керек;
- ЕБҚ балалармен жұмыс істейтін мұғалімдер немесе психологтар, арнайы педагог-координаторлар ата-аналарға өз балаларына білім беруде көмек көрсету бойынша оқыту семинарларын, тәжірибелік тренингтер өткізулері керек;

– ата-аналар мұғалімдерге арналып ұйымдастырылған семинарлар мен тренингтерге қатыса алады;

– ЕБҚ балалардың ата-аналары бір-бірінен үйренуі үшін және мектепте оқыту тәжірибелерімен алмасу үшін жергілікті қауымдастықтар құра алады;

– мұғалімдер баланың туыстарының ортасында қалай өзін өзі ұстайтынын білу үшін отбасына барып тұру керек;

– екі тараптың (мұғалім мен ата-ана) өзіне алған нақты міндеттерін реттейтін жазбаша келісім-шарт жасау мүмкіндігін қарастыру.

ЕБҚ балалардың ата-аналарының (заңды өкілдері) құқықтары:

– жеке білім беру және түзету бағдарламаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатыса алады;

– оқу және түзету сабақтарына қатыса алады;

– консультациялық көмек ала алады;

– түзете дамыту және білім беру үдерісін жүргізу нәтижелері туралы толық және нақты ақпарат ала алады.

*Педагогтардың құзыреттілігіне қойылатын талаптар.* Инклюзивті, яғни шеттетпейтін білім беру идеяларын жүзеге асыру үшін педагог арнайы кәсіби құзыреттіліктерге ие болуы тиіс. Е.Ямбург, С.Забрамная оларға келесілерді жатқызады:

1. Балаларды шынайы оқу мүмкіндіктеріне, тәртіп ерекшеліктеріне, психикалық және денсаулығының жағдайына тәуелсіз қабылдауға дайын болу.

2. Дарынды, қалыпты, дамуында ерекшеліктері бар кез келген балаға көмек көрсетуге дайын болу сынды кәсіби ұстаным.

3. Педагогикалық бақылау жүргізу іскерлігі.

4. Бақылау барысында балалардың даму ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі қиындықтарды анықтау қабілеті...

5. Педагогикалық тәсілдермен балаға атаулы көмек көрсету қабілеті...



6. Психологиялық-педагогикалық консилиум жұмысы аясында басқа мамандармен өзара әрекеттесуге дайын болу.

7. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі мамандарының құжаттарын түсіне білу.

8. Басқа мамандармен баланы дамытудың жеке бағдарламасын жасау іскерлігі.

9. Түзете-дамыту жұмысының арнайы әдістерін меңгеру.

10. Баланың даму динамикасын қадағалау іскерлігі.

11. Балалар ұжымында қабылданбай жүргендерді қорғай алу біліктілігі.

12. Ұжымда балалар арасындағы қарым-қатынасты реттеу қабілеті.

13. Бала дамуы мен оны оқыту үрдісінде туындайтын қиындықтарды шешуде ата-анамен өзара әрекеттесе алу іскерлігі.

ЕБҚ балалар сапалы білім алуға құқылы. Баланың әлеуетті даму аймағына бағдарланған мақсаттар алған білім нәтижелеріне сәйкес келсе, онда ол сапалы болып танылады. Яғни, ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылармен күнделікті жұмыс істейтін мұғалім тек педагогика мен әдістеме саласында ғана емес, жас ерекшелігі мен педагогикалық психология туралы білуі керек, оның жақын арадағы даму аймағын анықтай білуі және оқушы іс-әрекетін бақылай алуы қажет. Осы орайда, педагогқа оқушылармен кері байланысты орнатуға мүмкіндік беретін интербелсенді оқыту әдістері көмектеседі. ЕБҚ балаға әр сабақ сайын рефлексия жасатып отырған жөн.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мұғалімнен өзінің кәсіби біліктілігі мен шеберлігін арттыра отырып, бір-бірімен байланысты салалардың білімін тез меңгеруді талап етеді. Себебі, ерекше білім беруге қажеттіліктерді қанағаттандыру мамандардың пәнаралық

өзара әрекеттестігін қарастырады. Педагогикалық міндеттерді айқын түсіну мұғалімге балалардағы қиындықтарды ғана емес, сондай-ақ өзінің кәсіби ісіндегі қиындықтарды нақты анықтауға мүмкіндік береді. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқытатын педагог бастамашыл, қайратты, ізгі ниетті және әдепті болуы керек. Оған қазіргі замандағы адамның, оның ішінде өмірлік әрекеті шектелген адамның рөлін гуманистік бағалау тән. Педагогтің практикалық әрекеті денсаулық жағдайына кері әсер ететін кәсіби зияндылығы бар мамандықтар қатарына жатады. Осыған байланысты, денсаулығында ауытқуы бар адамдар үшін берілген еңбек түрінің кері көрсеткіштері бар. Арнайы педагогтың еңбегі көру, есту, жүйке, жүрек-қан тамыр және иммундық жүйелердің денсаулық жағдайына жоғары талаптар қояды.

### **Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында белсенді және смарт-оқу**

Smart education ұғымы көптеген елдерде іс жүзінде жиі қолданылуда. Smart education ұғымының негізгі мәні неде? Сөздің түбіріне келетін болсақ, «smart» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «зереқ», «ақылды» дегенді білдіреді. Смарт – бұл неологизм, сын есім ретіндегі негізгі мағынасы – парасатты, тапқыр, ақылды, ал зат есім ретінде – ақыл, алғырлық, зеректілік деген мағынаны білдіреді. Нақ осы оқыту жүйесі заманауи әлемнің мүмкіндіктері мен міндеттеріне сәйкес білімнің барынша жоғары деңгейін қамтамасыз етіп, жастардың өзгермелі қоғам жағдайына жылдам бейімделуіне, оқулықтан нақты белсенді әрекетке негізделген білім алуына мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда өскелең ұрпаққа әлемдік ғылыми прогресс деңгейіне сәйкес білім беру, тәрбиелеу, олардың рухани байлығы мен мәдениетін дамыту, жетілдіру – адамзат қоғамының маңызды міндеті.

Осы міндетті жүзеге асыруда білім берудің екі аспектісі: рухани-адамгершілік білім және интеллектуалды білім құстың қос қанатындай оқушылардың қабілеттерін дамытуда өзекті болып саналады.

Білім беру саласында дәстүрлі оқыту электронды оқытуға, электронды оқыту smart оқытуға ауысты. Орта білім беруде оқушылардың өздігінен дербес білім алуына басымдық берілсе, біліктілік арттыру жүйесінде қашықтықтан оқыту, корпоративті оқыту кеңінен қанат жайды. Ендігі міндет – сол алған білімнің адамға қызмет етуіне мүмкіндік беретін «smart learning» оқыту ортасын дамытып, оқушылардың интеллектісін дамытуда және оқытудың келешегінің бір бағыты инновацияда екенін түсіну керек.

Осы орайда «Smart оқыту жүйесі қандай нәтиже немесе мүмкіндік тудырады?» деген сұрақ туындайды. Smart оқыту мақсатқа және үздік нәтижеге талпынуды болжайды. Мақсатты дұрыс қоя білу – бұл жетістіктің жартысы. Smart – мақсаты да осындай, әр әрпі, сөзі бір бағытты көрсетеді:

S – Self Directed (өзін-өзіоқытуға бағдарланған)

M – Motived – (белсенді танымдық іс-әрекетті негіздейді)

A – Adaptive – (білім беру субъектісіне бейімделген)

R – Resource Free – (білім беру ресурстарына еркін қолжетімділігі бар)

T – Technology Embedded – (технологиялармен қамтамасыз етіледі).

Smart-оқытуды ендіру арқылы білім беруді «әрқашан, барлық жерде және барлық уақытта» жүзеге асыру мүмкіндігі зор. Ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды Smart-оқыту технологиясын қолданып оқыту арқылы білім берудің қолжетімділігін арттыру маңызы өзекті.

XXI ғасырдың бүгінгі қоғамы технологиялық парадигмалардың өзгерісі кезеңінің алдында тұр. XX ғасырдың мәні мен сипатын анықтайтын ақпараттық технологиялар Smart-экономика, Smart-білім беру, Smart-қоғамның дамуына жаңа жол ашатын Smart технологияларға орын беруде. Оқыту ортасын өзгерту: сымсыз желіге көшу, «ақылды» терминалдардың кеңінен таралуы, мобильді құрылғылардың қарқын алуы, Smart-жұмыстардың өріс алуы (мобильді офис) – бұл адамдар жасаған бүкіл техникалық құралдар мен Интернет қызметтері субъектілері қарым-қатынасының сапалы өзгерісіне әкелетін, анағұрлым жақсы өмір сүру үшін әлеуметтік, экономикалық және өзге де жаңа әсерлер алуға мүмкіндік беретін жаңа сападағы қоғам.

Мобильді және Smart-оқытудың мақсаты – бәсеке қабілетті жоғарғы деңгейлі біліммен қамтамасыз ететін ортаға XXI ғасырдың заманауи қоғамына тән: әріптестік, коммуникация, әлеуметтік жауапкершілік, сыни ойлау, мәселелерді жедел және сапалы шешу т.б. білім мен дағдыларды дамыту арқылы қол жеткізу.

Бүгіннің өзінде біз оқушылардың күнделікті өмірінде қолданатын техникалық құралдары мен сабақта қолданатын құралдары арасындағы үлкен айырмашылықты көріп жүрміз. Smart-оқыту – бұл үлкен ақпарат көздерін меңзейтін, максималды түрде әрқилы мультимедианың (аудио, бейне, графика) бар болуын болжайтын, мобильді құралдың көмегімен тыңдаушы қажеттілігіне және деңгейіне қарай жылдам әрі қарапайым күйге енуге қабілетті икемді оқыту. Бұл жағдайда оқыту аясын кеңейту арқылы педагог қызметкерлер үшін Smart-оқытуды ендіру үдерісінің мәні мен ролі тек сандық көрсеткіште ғана емес, сондай-ақ уақыт пен кеңістік көрсеткіштері тұрғысында да едәуір артып, оқыту «барлық уақытта және барлық жерде» қолжетімді болады.



### **Коллаборативті оқу ортасының компьютерлік жабдықталуы**

Smart-оқытуды енгізудің көкейтестілігінің негізгі себебі қолданыстағы білім беру жүйесін Smart-экономика мен Smart-қоғамның жаңа талаптарына сәйкес жетілдірудің қажеттілігі болып табылады. Интеграцияланған курс мультимедиалық фрагменттерден тұруы керек, яғни 80 пайызы сыртқы ақпарат көздері мен электрондық ресурстар болуы ләзім. Smart оқытудың негізгі нысандары болып табылатын сандық оқулықтарда 5 педагогикалық құралды пайдалану қажет: интербелсенділік, мультимедиа, моделинг, коммуникативтілік, өнімділік.

Smart-оқытуды ендірумен ЮНЕСКО жариялаған ХХІ ғ. білім берудің жетекші «білім барлығы үшін» және «өмір бойы білім алу» – «Life Long Learning (LLL)» қағидаларын жүзеге асыруға жағдай жасалуда. Smart-оқыту педагогтардың «әрқашан, барлық жерде және барлық уақытта» білім беруінің қолжетімдігін арттырады, кәсіби өсуінің

траекториясын анықтайды; өз бетінше дамуға; қалалық және ауылдық мектеп педагогтарының білім деңгейлерін теңестіруге мүмкіндік береді; халықаралық білім кеңістігіне жол ашады. Технологиялық парадигмалардың ауысуы шеңберінде оқыту ортасының өзгеруі – сымсыз желіге көшу және «ақылды терминалдарды» пайдалану жағдайлары артуда.

### **Ерекше білім қажеттілігі бар балаларды қашықтықтан оқыту технологиясы**

Инклюзивті білім беру жағдайында қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану ХХІ ғ. «білім барлығы үшін» және «өмір бойы білім алу» қағидаларына сай жүзеге асырылады.

Ерекше білім қажеттілігі бар балалар психологиялық тұрғыдан қалыпты адамдардың әлеміне тез сіңіп кете алмайды... Ал жеткілікті білім қоры, баланың жеке жеңістері қамтылған портфолио болса, мұндай балалардың өз күшіне және мүмкіндіктеріне деген сенімдері бірнеше есе артады. Сондай-ақ, мұндай балалар оқу сабақтарының басқа кестесін қажет етеді: мысалы, сабақтың уақыты азайып, демалыс уақыты көбейеді, ауруы асқынған кезде бала сабақтарын уақытша тоқтатып қоюы мүмкін. Осыдан қашықтықтан оқытудың келесі артықшылығы туындайды: сабақ кестесінің икемділігі. Оқушы өзінің оқыту үрдісін реттей алады. Кестені өзі немесе оқытушымен бірге құрастырады. Оқытудың аяқталуы да талқыланады, және ұялшақ немесе психологиялық тұрғыдан ұшқалақ бала осы курс бойынша сынақты жеңіл, еркін және сенімдірек тапсырады.



**Қашықтықтан білім берудің «әрқашан және барлық жерде» қағидаты негізінде қолданылатын құрылғылардың даму қарқыны**

Мұғалім мен оқушының арасындағы көзбе-көз қарым-қатынасты алмастыру мүмкіндігінің болмауын қашықтықтан оқытудың кемшіліктеріне жатқызуға болады. Ешбір жаңа технологиялар мейірімділік танытып, баланың эмоциялық күйін бағалай алмайды, өз жұмысының жүйесін оқушы «жанып» тұратындай ұйымдастыра алмайды. Баланың өзінің мәселелерінен көңілі сергімесе, ал қасында ықыласты педагог болмаса, оқыту кереметтей нәтиже бермейді. Бала бағдарламаны меңгере алмайды, бірінші кезеңде сәтсіздікке ұшыраса, шыдамдылық пен ынталылық болмайды. Қашықтықтан оқытудың тағы бір кемшілігі – ЕБҚ баланы әлеуметтендіру үрдісі талаптарына жауап бере алмайтындығында. Қашықтықтан оқыту оқу бағдарламасын толығымен өту, жоғарырақ баға алу, түрлі деңгейдегі байқауларға, олимпиадаларға қатысудың бірден бір тиімді формасына айналуы мүмкін. Бұл білім беруге деген жаңа көзқарас – балаларды әлеуметтік бейімдеумен үйлескен оқытудың жеке тәсілі. ЕБҚ баланы денсаулық жағдайына байланысты, мысалы ұзақ уақыт науқастанған кезде, немесе оңалту кезеңінде қашықтықтан білім беру оқу

бағдарламасынан қол үзіп «қарайып» қалмауды қамтамасыз етеді. Қашықтықтан оқыту инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үрдісінде көмекші оқу формасы қызметін атқарады.

### **Мектептің психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум қызметінің технологиясы**

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының өзара кәсіби әрекеттестігінің формасы мектептің психологиялық-педагогикалық консилиумы (ПМПк) болып табылады. ПМПк мектеп директорының бұйрығымен құрылады. Оның құрамына логопед, арнайы педагог, психолог, дәрігер, сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог, тәрбиеші кіреді. Консилиум отырысы жоспарлы және жоспардан тыс деп бөлінеді.

Консилиумның жоспарлы отырыстары жылына 3-5 рет өткізіледі. Жоспарлы консилиум қызметі келесідей бағытта жүзеге асады:

- оқушылардың ерекше білім беруге қажеттіліктерін талқылау;
- ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларға психологиялық- педагогикалық қолдау мазмұнын әзірлеу;
- қажет болған жағдайда ертерек болжанған оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламаларын өзгерту және түзете-дамыту міндеттерін жүзеге асыру табыстылығын динамикалық бағалау;
- оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау тиімділігін бағалау.

Консилиумдардың жоспардан тыс отырыстарын білім беру үрдісін жүзеге асырушылардың бір мүшесінің, сонын ішінде білім беру ұйымдарының әкімшілігі, ата-аналардың сұранысы бойынша өткізіледі. Консилиумның жоспардан тыс отырыстарын өткізуге баланың оқуы мен дамуына кері



әсер ететін басқа да жағдайлардың шығуы себеп болуы мүмкін.

Ата-аналар мен мамандар сұранысының сипаттамасы әртүрлі болуы мүмкін, қалай болғанда да онда баланың немесе педагогтың баламен өзара әрекеттестік мәселелері көрінуі тиіс. Консилиум мүшелерінің психологиялық және арнайы педагогикалық зерделеуінің деректері негізінде мамандардың сабақ барысында және жұмыста балалармен жеке тәсілдемелерін жүзеге асыру бағыттарының ұсынудамаларынан тұратын оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасы жасалады. Бағдарламада пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерін қоса алғанда әр маманның баламен жұмыс барысындағы қатыстылық үлесі белгіленеді. Қолдаудың жеке бағдарламасына бейімдей отырып, оқу-тәрбие үрдісінде оқушыға жеке тәсілдемелерді жүзеге асырады: оқу тапсырмаларын қолжетімдігі мен көлеміне қарай іріктейді; техникалықты қоса алғанда оқытудың қосымша құралдарын қолданады.

Оқыту үрдісін дараландыру әр оқушының нақты оқу нәтижесі негізінде және танымдық мүмкіндіктеріне қарай таңдалған оқу бағдарламаларының сәйкестігі жіті бақылануы арқылы қол жеткізіледі. Білім беру салалары бойынша білім, біліктіліктерін меңгеру жетістіктерін үздіксіз зерделеу мақсатында мұғалімдерге білім беру мониторингі жүзеге асырылады. Осы білім беру мониторингі мұғалімдерге балаларды оқыту үрдісінде пайда болған білім беру олқылықтарын толықтыру, еңсеруге қажетті іс-шараларын ұйымдастыру, қиындықтарға дер кезінде әрекет етуге мүмкіндік береді. Осылайша оқушылардың білім алу сапасын жетілдіру үшін жағдай жасалады. Білім беру мониторингі арқылы мұғалім сыныптың әр оқушысының білім деңгейін анықтайды, сол арқылы оқушының жеке білім алу маршрутын құрады. Оқушының білім жетістіктері әр оқу жылы-

ның аяғында арнайы психологиялық-педагогикалық карточкада көрсетіледі. Ерекше білім алуды қажет ететін оқушылармен толық жұмысты қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарының кітапханасы арнайы білім және түзетедамыту бағдарламаларымен, арнайы оқу және әдістемелік әдебиеттермен, дидактикалық құралдармен жабдықталады.

Психологиялық-педагогикалық консилиум іс-әрекеттің келесі бағыттарын жүзеге асырады:

- ықтимал «қауіп тобын» анықтау мақсатында консилиумның барлық мамандары білім алушылардың скрининг-диагностикасын жүзеге асыруды ұйымдастырудың іс-шараларын өткізу;

- ықтимал «қауіп тобы» балаларының ішінен психологиялық-физикалық ауытқулары немесе білім беру бағдарламаларын меңгеруде қиындықтары бар балаларды анықтау; жеке диагностика өткізу және бала проблемасының мәнін анықтау;

- даму ерекшеліктері бар білім алушылар үшін жеке түзете-білім беру бағдарламаларын әзірлеу, білім беру бағытын таңдау;

- қолдаудың жеке бағдарламаларын жүзеге асыру, түзете-дамытушылық іс-шараларын жүзеге асыру, кеңес жұмысының бағыттарын анықтау;

- психологиялық-педагогикалық қолдаудың нәтижелілігін қадағалау.

Аталған бағыттар бойынша әр педагог (сынып жетекші, пән мұғалімдері, логопед мұғалім, педагог-психолог, дефектолог мұғалім, элеуметтік педагог) өзінің мамандану саласын ескере отырып жұмыс істейді.

*Психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум жұмысының қағидалары.*

ПМПк жұмысының негізін қалаушы қағидалар: бала тұлғасын құрметтеу және жағымды қасиеттеріне сүйену;

диагностиканы мүмкіндігінше педагогикаландыру; ақпараттың жабықтығы; өзара әрекеттестік.

Консилиумның жұмысын ұйымдастыру үш кезеңде жүргізіледі. *1-дайындық кезең:* консилиумға дайындықты әр қатысушы жеке жүргізеді. Балаға кешенді зерттеу жүргізу үшін жұмысты бастардың алдында ата-ананың келісімін алу қажет. Ата-аналардың келісімі құжатқа тіркелуі тиіс, бұл сараптамаға байланысты кикілжің жағдаяттардың алдын алуға мүмкіндік береді. Бұдан әрі мамандар диагностикалық деректерді жинақтауды, қорытындылауды жүзеге асырады, алдын ала шешімдер мен ұсыныстарды тұжырымдайды. Диагностикалық мәліметтерге аталған нақты мәселе бойынша көптеген көрсеткіштер, мысалы: педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік, медициналық, логопедтік, дефектологтық және т.б. арқылы талдау жасалады.

*2-негізгі кезең.* Консилиум жұмысының бұл кезеңінде жүргізілген зерттеулердің қорытындысы бойынша алқалы отырыс өткізіледі. Зерттеулер қорытындысын алқалы талқылау бала дамуының сипаты мен ерекшеліктері туралы бірыңғай көзқарас қалыптастыруға, оның бұдан әрі дамуын жалпы болжауды және қажетті түзету-дамытушылық іс-шаралар кешенін анықтауға мүмкіндік береді. Егер консилиум дамытушылық немесе түзету жұмысының қандай түрі қажет екендігі туралы жалпы бір ортақ пікір шығармаса, немесе күтілетін нәтижелер орындалған болса, немесе дамудың тұрақты теріс динамикасы байқалатын болса, бұндай жағдайда білім алушы неғұрлым жоғары деңгейдегі кеңеске жіберілуі мүмкін. Баланың ата-анасы консилиум ұсыныстарын қабылдамаған, ата-анамен дау-жанжалды жағдаят болған жағдайда да дәл осы шараларды қолдану қажет. Неғұрлым жоғары деңгейдегі ұйымның беделі ата- анаға ықпал етудің оңтайлы компоненті болуы мүмкін.

*3-ПМПК шешімдерін жүзеге асыру кезеңі:* жеке бағдарлама құру; психологиялық түзету бойынша ұсыныстар; мамандар іс-әрекетін үйлестіру; қолданыстағы бағдарламаларды түзету; мәселе бойынша педагогтар мен ата-аналарға кеңес беру т.б.

*Консилиумның түрлері.* Мақсаты бойынша психологиялық-педагогикалық консилиумдар алғашқы, жоспарлы, жедел және қорытынды деп бөлінеді. *Алғашқы консилиум* – балаларды ұйымға қабылдау және дамуындағы мәселені анықтау барысында жүргізілуі мүмкін. Аталған жағдайда консилиум барлық мамандардың алғашқы зерттеулері аяқталысымен өткізілуі мүмкін. Негізінен бұл психолог, логопед (дефектолог), психиатр, педагог; жекелеген жағдайларда басқа да мамандар шақырылуы мүмкін. Мақсаты: білім алушы дамуының ерекшеліктерін, оны оқытудың мүмкін жағдайлары мен түрлерін, педагогикалық процесті психологиялық, логопедтік немесе басқа да қолдаудың қажетті түрлерін анықтау. *Жоспарлы консилиумды* жарты жылда бір рет өткізу ұсынылады. Мақсаты: оқыту мен түзету динамикасын бағалау, қажет болған жағдайда түзетушілік жұмысқа өзгертулер мен толықтырулар енгізу, оқыту формасына, режиміне немесе бағдарламасына өзгертулер енгізу, қосымша зерттеулер тағайындау. *Жедел консилиум* қажет болған жағдайда педагогтың немесе кез-келген басқа маманның өтініші бойынша (ұзақ ауру, кездейсоқ аффекті реакция, оқуда немесе түзету жұмысында кездейсоқ пайда болған басқа да мәселелер) өткізілуі мүмкін. Мақсаты: пайда болған мәселелердің себебін анықтау; кері кетудің өлшемдерін, оның тұрақтылығын, оны жеңу мүмкіндіктерін бағалау; мүмкін жүктемені анықтау; оқытудың режиміне және түріне өзгерту енгізудің қажеттілігін анықтау. *Қорытынды консилиум* баланы оқытудың жаңа сатысына өтуіне байланысты (мысалы, бастауыш мектептен негізгі орта білім алуға) не-

месе түзету жұмысының аяқталуына байланысты өткізіледі. Консилиум мақсаты: оқытудың аяқталу кезіне оқушы мәртебесіне баға беру: барлық оқу пәндері бойынша меңгерілген білім, әлеуметтену деңгейі, эмоциялық-жігерлік және мінез-құлық жүйесінің жағдайы, жоғары психикалық қызметінің даму деңгейі; болашақта баламен жұмыс істейтін педагогтарға ұсыныстар. Қорытынды консилиум материалдары баланың психологиялық-педагогикалық мінездемесін құрастырудың негізі ретінде қолданылады.

Тиімді және құзыретті жұмыс істеу үшін консилиумның құрамы икемді болуы тиіс. Оның құрамына тұрақты және уақытша қатысушылар кіреді. Тұрақты қатысушылар әр отырысқа қатысады, отырысты дайындауға және ұсыныстардың орындалуын бақылауға араласады. Мамандардың командалық жұмысын ұйымдастыру және мультипәндік тәсілдің жүзеге асырылуы ПМПК-ның төрағасына байланысты болады.

### **Оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесінің технологиясы**

Критериалды бағалау – алдын ала белгіленген критерийлерге және оқу мақсаттарына сай, күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін, жеке тұлғаның білім алу (даму) траекториясын түзетуге мүмкіндік беретін оқушылардың оқу жетістіктерінің бағасы. Оқу жетістіктерін бағалау – оқушылардың жоспарланған оқу мақсаттарына сәйкес, оқу-танымдық әрекеті деңгейінің бағасы. Критериалды бағалау, біріншіден, білім алушылардың оқу жетістіктерін нақты бағалау үшін ендіріледі; екіншіден, оқушылардың білім сапасын дәл, нақты анықтауға, өлшеуге негіз болуы тиіс. Осы жағдайда баға оқудың сапасымен барабар болады. Критериалды бағалау оқушылардың оқу жетістік-

терін алдын ала белгіленген бағалау критерийлерімен салыстыру арқылы жүргізіледі. Ол білім беру мақсаты мен мазмұнына сәйкес болуы тиіс. Критериалды бағалау жүйесіне қойылатын талаптар оқу жоспарында көрсетілген нақты оқу пәндеріндегі әрбір тақырыптың бөлімі бойынша оқу мақсаттарының жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады. Критериалдық бағалау жүйесі бағалаудың келесі түрлерінен тұрады: қалыптастырушы бағалау; жинақтаушы бағалау. Жинақтаушы бағалау ішкі жиынтық бағалау және сыртқы жиынтық бағалау болып екіге бөлінеді.

Инклюзивті білім беру жағдайындағы білім алушылардың оқудағы жетістіктерін анықтауға негіз болатын бағалау критерийлері нормативтік құжаттарда көрсетілгендей оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес әзірленеді. Назарда ұстауды қажет ететін жағдай көру, есту, сөйлеу, тірек-қимыл аппараттарының бұзылыстары, әлеуметтік-эмоционалдық ауытқулар сынды кейбір бұзылыс түрлеріне байланысты шектеулерді ескермегенде, ЕБҚ балалар жалпы сыныпқа арналған критерийлер мен көрсеткіштер арқылы бағаланады. Мектепте оқитын ерекше білім қажеттігі бар балалардың басым көпшілігі зерде дамуы қалыпты балалар болғандықтан, олар білім мазмұнын сыныптағы басқа балалармен бірдей игереді.

Инклюзивті білім беру жағдайында критериалды бағалау жүйесін жетілдіріп, оның әмбебап, көпатқарымды және қолданысқа жарамды болуын қарастыру қажет:

– ЕБҚ баланың оқу материалын қаншалықты табысты меңгергенін және оның МЖМБС талаптарына қаншалықты сай келетінін анықтауға мүмкіндік беруі;

– танымдық іс-әрекетте ЕБҚ баланың жетістік динамикасын қадағалап отыруға мүмкіндік беруі;

– критериалды бағалау жүйесінің талаптарына түзетулер енгізу үшін жеке дамыту жұмыстарының нәтижесін ескеріп отыру;

– оқушының жеке қажеттіліктеріне және оқу бағдарламасының мазмұнын игеру қарқынына байланысты бағалау талаптарына енгізілуі мүмкін түзетулерді болжау.



Инклюзивті сыныптарда оқыту адамгершілік тұрғыда, тұлғаға бағытталған негізде, дамытушы, дифференциалды және жеке қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асырылады. Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жүйесі мектеп практикасындағы жаңа білім парадигмаларының талаптары мен бағалау құралдарының арасындағы қайшылықтарды жоюға көмектеседі. Ол оқу жетістіктерін объективті бағалауға мүмкіндік береді. Бағалаудағы жариялылық мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы қостарапты түсініспеушіліктер немесе бағаға келіспеушілік тұрғысындағы дау-дамайлар сынды психологиялық мәселелерді шешуге көмектеседі.

ЕБҚ оқушы ерекшеліктерінің ескерілуі жан-жақты бағалау өлшемдерін енгізуді талап етеді. Аталған бағалау өлшемдері бағдарламаны игеру үрдісінде ЕБҚ оқушының

аздаған жетістіктерін және алға ілгерілеушілігін ескеруге мүмкіндік береді, түзете-дамыту жұмыстарының нәтижесін бағалауға және алдағы жеке дамыту жұмыстарының жоспары мен білім, білік, дағдыны икемді қалыптастыруға ықпал етеді. ЕБҚ оқушылардың оқу жетістіктерін критериялды бағалау жүйесі, *біріншіден*, арнайы жағдайлар жасалғанда ғана объективті болады.

Мәселен:

✓ білім, білік, дағдыларды тексеру жұмыстарын ЕБҚ оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, қолайлы ұйымдастырған жағдайда;

✓ сыныптағы оқу-тәрбие жұмыстарына қолайлы жағдай туғызу барысында (үйреншікті құралдар мен тірек аппараттары: сызбалар, аудио жазбалар, қажетті көрнекіліктер, тапсырманы орындаудың жалпы алгоритмі);

✓ бастапқы кезеңде жалпы ұйымдастыру жұмыстары кезеңдерінің сақталуын және қалыптасуын қадағалап отыру.

*Екіншіден*, мұғалім ЕБҚ баланың оқу жетістіктерін Жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес, тиісті критерийлермен бағалау мүмкіндігі артады. Мұғалім оқу үрдісінде қолданып отырған әдіс-тәсілдердің тиімділігін анықтап, оны жетілдіру үшін оқушының оқу жетістіктерін зерделеп отырады; қажеттілігіне қарай ынталандыру, мақұлдау, эмоциялық қолдау сынды жеке дара көмек көрсетеді; ЕБҚ оқушы назарын аудара білу, зейінін жұмысқа шоғырландыру, өзін-өзі бағалау қажеттігін есіне салып отырады; тапсырманы орындауға берілген уақытты ұзартады; сабақ барысында баланың шаршауы, жалығуы байқалған жағдайда, қысқа мерзімді сергіту сәттерін ұйымдастырады.

Инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауға қойылатын басты талаптардың бірі, олардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере



отырып, жалпы оқу мақсаттарының орындалуын қамтамасыз ету. Сонымен қатар, бағалау критерийлерін, жалпы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың қабылданған қағидаларына сүйене отырып әзірлеу қажет және ол білу деңгейінен бастап, нәтижені бағалау деңгейіне дейінгі аралықты қамтиды. Оқушы:

- өтілген оқу материалын білетінін және түсінетінін көрсете алады;

- алған білімін стандартты және өзгеше жағдайларда қолдануға қабілетті;

- тиісті тәсілдерді қолдана отырып, қандай да бір тапсырмаларды зерделей алады, заңдылықтарын таба алады, олардың арасындағы байланысты анықтай алады;

- шартты белгілер мен тиісті сәйкес терминологияларды қолдана отырып, ақпаратты түсінікті жеткізуге қабілетті;

- оқу міндеттерін шешу мақсатында таңдалған тәсілдердің дұрыстығы мен тиімділігін зерделеп, ойын айта алады.

Критерийлер оқу тапсырмасының қандай деңгейде орындалғанын нақты бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштерге жіктеледі, ал бұл көрсеткіштердің әрқайсысы оқушының оқу мақсаттарын орындауда нәтижеге қандай дәрежеде жақындағанын анықтап береді. Критериалды бағалау жүйесін қолдануда әрбір тапсырма бағаланып отырады. Нәтиже әрбір тапсырманың жекелеген элементтерінің дұрыс орындалуына қойылған бағалаудан тұратын жиынтық балдық көрсеткішпен өлшенеді. Критериалды бағалау жүйесі кері байланыс қызметін атқарады. Сондықтан күнделікті ағымдағы оқу тапсырмаларын орындау барысындағы ең қанағаттанғысыз нәтиженің өзін оқушы жеке оқу жетістіктерін жақсарту үшін берілген ұсынымдар деп қабылдайды. Критериалды бағалау жүйесінде әр балдық көрсеткіш жетістік деңгейін көрсетеді. Маңызды-

сы, бағалау шкаласының нөлден басталатынында, бұл оқушының жеке тұлғалық қасиеттері емес, керісінше оқу іс-әрекетін бағалаудың тағы бір көрсеткіші.

Оқушының білімін критериалды бағалауға арналған *дескрипторлар* тексерілетін әр тапсырмаға құрастырылады. Қазіргі уақытта білім алушының оқу жетістіктерін бағалауда жалпы қолданысқа енген бірыңғай критерийлер жоқ. Себебі, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері қандай да бір педагогикалық мақсаттар таксономиясының негізінде жасалады. Инклюзивті білім беретін мектеп сыныптарындағы білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлерін әзірлеуде қандай мақсаттар таксономиясын негізге алуға болатындығы сол сынып оқушыларының үлгерімі мен сабақ үстіндегі өзара әлеуметтік қарым-қатынас орнату белсенділіктеріне байланысты анықталады. Топтық тапсырмаларды орындау кезіндегі белсенді өзара әлеуметтік қарым-қатынас білім алушылардың өз мүмкіндіктерін толық ашуына және бір біріне қолдау көрсетуіне бағытталған. Сондықтан, мұндай жұмыстарды белсенді ұйымдастыру мүмкіндігі бар инклюзивті білім беретін мектеп сыныптарында критериалды бағалау жүйесін қалыптастыру негізіне жоғары эвристикалық мақсаттарды алуға болады. Бұл ЕБҚ оқушылардың өз мүмкіндіктерін толық ашуына және алдағы уақытта жан-жақты дамуына ықпал етеді. Қалыптастырушы бағалауда жиі қолданылатын өзін-өзі бағалау және өзара бағалау тәсілдері, инклюзивті оқыту сыныптарындағы білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудағы тиімді әдістердің бірі. Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау білім алушылардың жауапкершілігін арттырып, өз нәтижесін зерделеуге жетелейді және жиынтық критериалды бағалау нәтижесінде білім деңгейлерінің жоғарылағанын көрсетеді.

ЕБҚ оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі оқу бағдарламасының мазмұнымен салыстыру арқылы оқушының тиісті білім деңгейін меңгергенін бағалайды. Ол екі деңгейден тұруы тиіс: критериалды бағалаудың бірінші деңгейі базалық мазмұнды қамтиды, екіншісі – ілгері деңгей, кәсіби дайындықты көздейтін негізгі білім мазмұны аясын қамтиды. ЕБҚ оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау көп деңгейлі, көп балды, дүниежүзілік бағалау тәжірибесіне бейімделген болуы тиіс, себебі мұндай оқушылар сараланған көзқарасты қажет етеді. ЕБҚ оқушының психикасына қамқорлықпен қарап, оның іс-әрекеттері мен талаптарына шыдамдылық таныту қажет; психикасына нұқсан келтіретін жағдайлардың алдын алу маңызды. Бұл ЕБҚ оқушының білім алуына қолайлы жағдайлардың жасалуына ықпал етеді.



6-тарау

## ВАРИАТИВТІ МОДУЛЬ

---

### **Блум таксономиясы – функционалдық сауаттылықты дамытуда оқу жетістігін бағалау әдісі**

Елбасы «Қазақстан – 2050» стратегиясында: «Балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды» деп атап көрсетті. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарында қарастырылып отырған мәселені «... тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайындығы болып табылады» деп анықтады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Осы анықтамаға сай функционалдық сауаттылық дегеніміз – тұлғаның алған білімін, іскерлігі мен дағдыларын қолдана отырып, қоғамда өз әрекетін жүзеге

асыра алуға қабілетті болуы. Мектепте алған білімдерін, іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалана алуға қабілеттілік функционалдық сауаттылықтың негізгі сипаттамасы болып табылады.

Халықаралық зерттеулер көрсеткендей, қазіргі уақытта әрбір 7-8 жылда ақпараттық білімдер көлемі екі есе артады. Ақпарат көздері, әсіресе ақпараттық-коммуникациялық құралдар жедел қарқынмен дамуда; берілетін ақпараттардың көлемі мен жылдамдығы геометриялық прогрессия бойынша өсуде. Сондықтан, балаларды қажетті білімді өздеріне табуға және ұғынуға үйрету керек. Ол үшін оларға білім мен іскерлікті қолдана отырып қалыптастырылған тұрақты қызығушылық, танымдық әрекетке деген ынта, түрлі мәселелерді өз бетінше шешуге қабілеттілік қажет. Мұны күзiреттiлiк тәсiл де, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту шарттары да болжайды. Сонымен қатар күзiреттiлiк тәсiл жай ғана бiлiм көлемiнiң жинақталуын емес, жан-жақты iс-тәжiрибелi, әрекет амалдары кеңейген, кез келген жағдайда шешiм қабылдай алу сияқты бiлiмдердi болжайды.

Барынша танымал мақсаттар, әрi осындай қасиеттер жүйесi Б.Блумның таксономиясынан табылады. «Таксономия» сөзi грек тiлiнде «τάξις» – орналасу, құрылыс, тәртiп және «νόμος» – заң деген мағынаны бередi. Ойлау бiрiздiлiгiн қалыптастыру мақсатында, берiлген нысандарды нақты бiр өлшемдер мен қағидалар бойынша жiктеу дегендi бiлдiредi. Блум таксономиясы бiлiмдi игеруге бағытталған 6 қадамнан тұрады: бiлу, тану; түсiну; қолдану; талдау; жинақтау; бағалау. Блум таксономиясы бойынша категориялар мазмұны, сұрақтар мен тапсырмалар үлгiсi.

1) *Бiлу*. Таным мен ойлау деңгейi; бұл категория мәлiметтердi қайталау немесе тану арқылы есте қалай

сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді. Оқушы қолданылған терминдерді біледі, есте сақтайды және қайталайды; нақты деректерді біледі; жұмыстың орындалу ретін біледі; негізгі ұғымдарды біледі; ережелерді, қағидаларды біледі. Тапсырмалар түрі: Не? Қашан? Қандай? Қайда? Формуласын жазу, атап көрсету, жабық тест тапсырмалары; қалдырып кеткен белгілерді қою; жатқа айту; анықтамалар мен атауларды қайталау, олардың қолдану тәртібін айту.

2) *Түсіну*. Таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей. Оқу материалын түсінгендіктің ретінде келесідей әрекеттерді атқаруды атауға болады: *трансляция* – оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру, мысалы математикалық формуланы сөзбен айтып беру; сөзбен келтірілген мәліметті кесте, схемамен көрсету, т.б.; *интерпретация* – оқу материалын «өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндау; *жорамалдау* – оқу материалдары бойынша әңгіменің әрі қарай не туралы болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжау. Оқушы деректерді, ережелерді, қағидаларды түсінеді; сөзбен келтірілген материалды, схемалар, графиктер, диаграммаларды түрлендіреді; сөзбен келтірілген материалды математикалық ұғымдарға өзгертеді; берілген ақпарат бойынша болашақта туындалуы ықтимал салдарын сипаттайды. Тапсырмалар түрі: Қалай? Нәліктен? Сөйлемді аяқтаңыз; сөйлемді өзгертіңіз; өзара байланысын түсіндіріңіз; айырмашылығын көрсетіңіз; өз сөзіңізбен айтыңыз; графикті, суретті түсіндіріп беріңіз.

## БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫ



3) *Қолдану*. Таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей. Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді. Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіну деңгейіне қарағанда мен теорияларды практикалық тұрғыдан нақты ситуацияларда қолданады; әдіс немесе жұмыс ретін дұрыс қолданатындығын көрсетеді. Тапсырмалар түрі: жасап көр; таблица, график материалды тереңірек игеруді талап етеді. Оқушы ұғымдар мен қағидаларды жаңа жағдайларда қолданады; заңдар жаса; қолдану мақсатын түсіндір; есепті бірнеше тәсілмен шеш, берілген болжамды тексер.

### Пирамиданың 3 төменгі деңгейі

Деңгей	Оқу дағдылары мен тапсырма үлгілері
Білу	Мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді: тест тапсырмалары; қалдырып кеткен белгілерді қою; жатқа айту; анықтамалар мен атауларды қайталау, олардың қолдану тәртібін айту.
Түсіну	Мәліметтерді басқа таныс жүйеге ауыстыру, оларды түрлендіру; есте сақталған мағлұматты басқаларға жеткізу жолдарын айқындау. Ұқсастықтарды анықтау, айырмашылық жасау мен салыстыру, нәтижені суреттеу.
Қолдану	Белгілі бір проблеманы шешу үшін мәліметті қолдану немесе іске асыру. Оқушы мұғалімнің көмегінсіз таныс емес проблеманы өзінше шешуі керек. Мұғалім тек шешімге емес, шешу процесінің құралуына да назар салуы керек, өйткені шешу жолы шешімнің өзінен де маңызды болуы мүмкін.

4) *Талдау*. Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей. Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу: бүтіннің бөліктерін ажырату; бүтіннің бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды анықтау, бүтіннің қалайша ұйымдастырылғандығын сезіну. Бұл категория оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар, оның ішкі құрылысын қалайша құралатындығын меңзейді. Оқушы жасырын, көзге көрінбейтін жәйттерді ашады; ойдың өрбуінен қателер мен олқылықтарды айқындайды, деректер мен олардың салдарының арасын ажыратады; ұсынылған деректердің маңыздылығын айқындайды. Тапсырмалар түрі: құрылымы қандай? Салдары неде? Топтастырыңыз; салыстырыңыз; себебін талдаңыз.



5) *Жинақтау*. Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей. Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттан бүтінді құрастыру. Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама, жұмыс жоспары, схемаларды атауға болады. Мұндай оқу нәтижелері жаңа мазмұн мен жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді. Оқушы шығармашылық тұрғыдан кішігірім эссе жазады; тәжірибе жасаудың өзіндік жоспарын ұсынады; қандай да болмасын мәселені шешу үшін өз білімдерін шығармашылықпен қолданады. Тапсырмалар түрі: өз шешіміңізді табыңыз, алгоритм құрастырыңыз, баламасын табыңыз, бөліктерден құраңыз, жүйелестіріңіз, зерттеңіз.

6) *Бағалау*. Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей. Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелелеріне қол жеткізуді меңзейді. Оқушы оқу материалы құрылымының логикасын жазбаша түрде бағалайды; ішкі немесе сыртқы критерийлерге сүйеніп, оқу материалының маңыздылығын айқындатады; жасалған шешімдер мен қорытындылардың берілген деректерге сәйкестігін анықтайды.

Таксономия барлық оқу мақсаттары мен нәтижелері бірдей маңызға, құндылыққа ие бола алмайтындығына негізделген. Яғни, таксономияның алты негізгі деңгейлерін іскерліктер мен қабілеттер иерархиясы деп алуға болады. Бұл баспалдақтарды оқушыларға берілетін тапсырма деңгейлері ретінде қарастыруға болады. Мұндағы «тапсырма» сөзі кең ауқымда қолданылады – ол мұғалім қоятын сұрақ болуы мүмкін, жаттығу, тапсырма, жоба т.б. да болуы мүмкін. «Білу» және «түсіну» деңгейлерінде оқыту үстірт оқуға әкеледі, ал оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін мұғалімдер жоғары ойлау деңгейіндегі – «қолдану», «талдау», «жинақтау» және «баға-

лау» деңгейлерінде – тапсырмаларды ұсынуы керек», - деп санайды Дж. Петти.

### Пирамиданың 3 жоғары деңгейі

Деңгей	Оқу дағдылары мен тапсырма үлгілері
Талдау	Зерттеу нысанының құрылымын анықтау мақсатымен оны құрамдас бөліктерге жіктеу. Оқушы әртүрлі бөліктердің қалайша жұмыс істейтіндігін және нәтижеге қалай жеткізетіндігін анықтайды, түсіндіреді.
Жинақтау	Жаңа мазмұн тудыру мақсатымен элементтерді шығармашылықпен біріктіру. Болжау, шарттылық, мүмкіндік ұғымдарын қолданып, өз тәжірибесі негізінде жаңа модель (құрылым) құрастыру.
Бағалау	Даулы және пікірталас туғызатын мәселелер бойынша шешім қабылдап, оны дәлелдеу.

Әдіскерлер нақты бір курс және оның тақырыптық бөлімдері деңгейінде оқыту мақсаттарын құрудың бірнеше амалдарын анықтады. Тәжірибеде көп жағдайда оқу мақсаттарын меңгеріліп отырған мазмұн арқылы анықтайды. Мысалы, «Зайырлы мемлекетке тән белгілерді меңгеру». Алайда осылайша мақсатты құру тиімсіз, өйткені мақсатқа қол жеткізілгенін анықтау мүмкін емес. Мұғалімнің әрекеті арқылы оқу мақсаттарын анықтау жиі қолданылады. Мысалы, «Оқушыларды дербес компьютермен жұмыс істеу қағидаларымен таныстыру». Бұл тәсіл мұғалімнің өзінің әрекетін түсіндіруге бағытталған, сондықтан бұл да нақты емес. Оқу мақсаттарын оқушының ішкі зияткерлік, жеке тұлғалық және эмоционалдық дамуына қарай да құруға болады. Мысалы, «ЕБҚ оқушының ауызша есептеу дағдыларын дамыту», «ЕБҚ оқушыда бақылау үстіндегі құбылыстарды талдау дағдыларын қалыптастыру», «Математикалық тапсырмаларды шешу

үдерісінде оқушылардың жеке тұлғалық танымын дамыту» т.с.с. Мұндай оқу мақсаттарын қоюда мақсатқа жетуге бағытталу қиындау. Тәжірибе көрсеткендей, бұл мақсаттарды өлшеу мүмкін болуы үшін нақтылау қажет. Сонымен қатар, оқушылардың іс-әрекеті арқылы оқу мақсаттарын құру амалы кеңінен таралған. Мысалы «Теңдеу жүйесін Гаусс әдісі арқылы шешу» немесе «Атомның құрылымын зерттеу» және т.с.с. Мақсатты осылай құру сабақты анағұрлым табысты жоспарлауға мүмкіндік береді, алайда мұнда да оқушының дамуындағы жылжуды сипаттайтын оқытудың күтілетін нәтижесі жоқ. Педагогикалық технологияда оқу мақсатын қою оқушылардың әрекетіндегі нақты танып, өлшеуге болатын оқу нәтижелері арқылы қалыптасады деп сипатталған. Мақсаттарды осылай құрудың күрделілігі оқу нәтижелерін іс-әрекетке айналдырады. Бұл міндет екі жолмен жасалады:

1) санаттар мен деңгейлер жүйесінің белгіленген мақсаттар жүйесімен нақты құрылуы; бұл жүйелер педагогикалық таксономиялар деп аталады;

2) оқу мақсаттарын сипаттау үшін барынша айқын, нақты тіл жинақталады.

Б.Блумның танымдық әрекеттер деңгейлері (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) бойынша оқу мақсаттарының таксономиясына негізделген сұрақтар жүйесі қазіргі білім беру жүйесінде кең таралып отыр.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үрдісінде сұрақтармен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыратын әдістерге үлкен мән беріледі. Дәстүрлі оқыту оқушыларға ақпарат ретінде берілетін дайын жауаптарға құрылған болса, сыни ойлау сұрақтарды ойлаудың негізгі қозғаушы күші ретінде анықтайды. Оқушыларды өздерінің зияткерлік қуатына назар аударту керек. Жауаптар сұрақтардың тууына түрткі болатын жағдайда ғана ой дамиды. Сұрақтар қоятын оқушылар ғана шын мәнінде білуге тырысады, ал қойылатын сұрақтар оқушының ойлау

деңгейін көрсетеді. Сондықтан, «ашық» және «жабық» сұрақтар жүйесі сыни ойлау технологиясының әрбір үш кезеңінде қолданылады. Оқу үдерісінде түрлі типтегі сұрақтар түрлі міндеттерді орындайды: ол өз бетінше жауап табуға итермелейді, оқушыларды жеке сұрақтар қоюға жетелейді; оқушыларды қойылған сұраққа жауап табу қызықтырады, сондықтан олар өз беттерінше жұмыс жасай алады; оқушылар оқу пәндері мен шынайы өмірдің арасындағы байланысты көре алады, ол балалардың оқу үдерісіне көзқарастарын өзгертеді.

### **Білім беру ұйымдарында психикалық дамуында ақауы бар балаларды психологиялық- педагогикалық қолдау**

Психикалық дамуы тежелген балалар қалыпты дамушы құрбыларынан шаршағыштығымен, жұмысқа қабілетінің төмендігімен ерекшеленеді. Психикалық дамуы тежелген балалардың қоршаған орта туралы түсініктері фрагментарлық, зейіндері тұрақсыз, тұтас қабылдау мүмкіндігі бұзылған, қимыл-қозғалыс дамуында бұзылыстар байқалады. Сондықтан психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық қызмет саласының дамуындағы ауытқулар оқу үрдісінде нақты қиындықтарды құрайды. Ал бұл қиындықтарды жою мен оның алдын алу үшін инклюзивті мектепте баланы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (ППҚ) жұмыс атқаруы қажет. ППҚ қызметінде барлық бағытқа жетекшілік ететін координатор, мұғалім-дефектолог, логопед, психолог, әлеуметтік педагог, медицина қызметкерлері жұмыс атқарады. Яғни, психикалық дамуы тежелген (ПДТ) баланы психологиялық-педагогикалық қолдау ППҚ қызметінің тиісті мамандарымен жүзеге асырылады. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің әр маманы өз бағыттары бойынша жұмыс істейді. Бұл біріккен ППҚ қызметінің басты мақсаты –

ЕБҚ балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Соның ішінен мұғалім-дефектологтың психикалық дамуы тежелген балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуі мынадай бағыттарда іске асырылады:

I. Диагностикалық бағыт – баланы алғашқы *дефектологиялық тексеру*. Оның мақсаты: баланың жақын арадағы даму аймағы мен өзекті даму аймағын, оқу барысындағы қиындықтардың себептері мен тетіктерін анықтау. Диагностикалық зерттеу жұмысы қыркүйек айы бойы жүргізіледі. Қорытындысы дефектологиялық тексеру хаттамасында және балаға анықтама бергенде тіркеледі. Баланы *динамикалық тексеру* -оқыту үрдісінде оқушының даму деңгейіне сәйкес таңдалған оқытудың түрі, әдістері мен тәсілдердің сәйкестігін анықтау, баланың даму динамикасын бақылап отыру мақсатында жүргізіледі. Динамикалық тексеру жылына екі рет жүреді. Баланы динамикалық зерттеу оның пән бойынша жеткен жетістіктері мен баланың даму нәтижесін салыстыруды көздейді. Баланың ақпаратты қабылдау, оқу қызметін ұйымдастыру, өзін-өзі бақылау сынды оқу дағдыларының қалыптасқандығын тексереді. *Кезеңдік диагностика* – баламен жүргізілген түзете-дамыту жұмысының оның оқу-танымдық қызметіне тигізген әсерінің тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Түзете-дамыту бағдарламасын игеру деңгейінің нәтижесін бағалағанда баланың білім-білік дағдыларын игеруге қажет танымдық қабілетінің қаншалықты қалыптасқандығына ғана емес, баланың игерген білімін берілген мәселеде өз бетімен қаншалықты қолдана алатынына көңіл бөлінеді. *Ағымдық диагностика* – түрлі мамандар тарапынан (психолог, логопед, сынып жетекшісі, пән бойынша ұстаздардың) сұрау бойынша жүргізіледі. Бұл диагностиканы өткізудің белгілі бір уақыты болмайды. Ол жыл бойына сұраныс бойынша жүргізіледі. ЕБҚ баланы психологиялық-педагогикалық қолдаудағы диагностикалық бағыттың тағы бір негізгі міндеттерінің бірі – бастапқы кезеңде

баланың алда кездесетін қиыншылықтары мен оқу үрдісінде ағымдағы қиындықтардың себебін, тетігін анықтау болып табылады. Диагностикалық жұмыстың негізгі қағидалары: жанжақтылық, кешенділік, жүйелілік, тұтастық. Аталған қағидаларды ескере отырып, әр ППҚ қызметінің маманы өз бағыты бойынша балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді. Мұғалім-дефектолог, психолог, логопед диагностиканы 12 бағыт бойынша жүргізеді: сенсорлы-перцептивті жағдай; зейіні; есте сақтауы; ойлауы; сөйлеу ерекшеліктері; өзін-өзі бағалауы; ерік-жігері; психомоторлық жағдайы; әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы; оқу біліктілігі; еңбек біліктілігі; коммуникативтілігі. Әр бағыт арнайы диагностикалық әдістермен тексеріліп, қорытындыланып, тиісінше балл қойылады. Шығарылған балға сәйкес психологиялық-педагогикалық профиль толтырылады. Профиль – баланың даму деңгейін көрсететін құжат. Профиль – бала дамуының қатер аймағын анықтап береді. Диагностика қорытындысы мектепшілік консилиумда талқыланады. Әр маман баламен жүргізілген алғашқы диагностикалық тексеру бағыты бойынша өзінің қорытындысын ұсынады. Консилиумда баланың дамуының мінездемесі, оның одан әрі дамуы, баланы түзете-дамыту бағдарламасын құру мәселелері қарастырылып, ортақ шешімге келеді. Тексерудің нәтижелерін талдау баланың одан әрі дамуының болжамын анықтап, әр оқушыға оқыту үрдісінде тиімді әдістерді іріктеп, түзете-дамыту жұмысының мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді. Диагностиканың нәтижесі баланың тек өзекті даму аймағының даму деңгейін ғана анықтау емес, баланың жақын арадағы даму аймағы деңгейін бағалап, баланың ықтимал мүмкіндіктеріне бағытталады. Қорыта келе, ЕБҚ баланы психологиялық-педагогикалық қолдау мақсатында баламен жүргізілген диагностикалық бағыт бойынша дефектолог диагностиканың нәтижесін негізге ала отырып, баланың жасына

сай жұмыс түрін анықтап, баланы түзете-дамытудың жеке бағдарламасын құрады.

II. Түзете-дамыту бағыты бойынша. Ақаудың құрылымы мен оның айқындылық дәрежесіне байланысты түзету жұмысының мазмұны анықталады. Баламен жүргізілген диагностиканың қорытындысы түзете-дамыту жұмысы бойынша мынадай бағыттарды айқындап береді: сенсорлық және сенсомоторлық дамуын қалыптастыру; кеңістік-уақыт түсініктерін қалыптастыру; пішін мен көлем, түсті қабылдауын қалыптастыру; салыстыру, талдау, жинақтау, қорытындылау, жалпы ойлау операцияларын қалыптастыру; зейіннің тұрақтылығын, зейін шоғырлануын дамыту; көру, есту арқылы есте сақтауын дамыту; психомоторлық дамуды жүзеге асыру мен сөйлеу тілін, сөздік қорын арттыру. Айқындалған бағыттар негізінде балаға түзете-дамытудың жеке бағдарламасы құрылады. Түзете-дамыту бағдарламасы баланың танымдық қабілеттерін дамытуға, баланың дамуындағы бос орынды толтыруға бағытталады. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін баланың жеке жас ерекшеліктері, қабылдау деңгейі ескеріліп, әр тақырыпқа тапсырмалар тізбегі даярланады. Баламен жеке жұмыс сабақтан тыс уақыттарда өтеді.

III. Кеңес беру мен ағартушылық бағыт бойынша: ұстаздармен жеке жұмыс жүргізу; баланың жас, жеке, типтік ерекшеліктерін ескере отырып ата-аналарға, ұстаздарға бірқатар ұсыныстарды даярлау; оқушылардың жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып мұғалімнің оқу жоспарына түзету жұмыстарын енгізу; эксперименталды топта жұмыс істейтін педагогпен жеке кеңес жүргізу; әлеуметтік қызметкерлермен жұмыс; ата-аналармен жұмыс: баламен жүргізілген жұмыстың жалпы қорытындысымен ата-аналарды таныстыру; ата-аналарға баланың тәрбиесіндегі қиыншылықтары туралы нақты ұсыныстар даярлау; ата-аналарға баланың психофизикалық мүмкіндіктеріне сай баланы оқыту мен оны дамытудың маңызды-

лығын түсіндіру; ППҚ қызмет мамандарымен тығыз қарым-қатынаста болу. Ата-анамен жұмыс бұл бағыттың басты міндетінің бірі. В.А. Сухомлинский ата-анамен жұмыстың мазмұнын ашып көрсеткен ғалымдардың бірі. Ол: «Тек ата-аналармен бірге жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бақытты беруі мүмкін», – дейді. Демек, ата-ана бала тәрбиесінде балаға ықпал етуші бірден-бір фактор. Сондықтан, психикалық дамуы тежелген баланы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінде ата-аналарға психологиялық кеңес беру, оларды бала дамуының мазмұнымен ақпараттандырып отыру, жалпы ата-аналармен жұмыстың маңызы ерекше. Педагогикалық үрдістің сапасын жоғарылатудың тиімді жолы ППҚ қызметі мамандарының өзара байланысы мен бір-бірінің сабағына қатысу мен баланың қалыптасуы туралы талқысы және зерттеу қорытындыларымен өзара алмасу болып табылады. Мұндай бағыт бірнеше қызметтерді қоса атқарады, яғни тәжірибемен алмасу, бақылау, өзін-өзі бақылау, кеңес беру.

IV. Әлеуметтік-бейімдеу бағыты ЕБҚ баланың әлеуметтенуіне, қоршаған ортаға бейімделуіне жағдай жасау; баланы шығармашылыққа тарту; мектепшілік, мектепаралық мереке, іс-шараларға қатыстыру; баланы әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлауға үйрету; мектепте өзін еркін сезінуге, өзін-өзі басқара білуге, өзі өмір сүретін ортаны толық бағдарлай білуге үйрету. Сонымен қатар баланы психологиялық-педагогикалық қолдауда әлеуметтік-бейімдеу бағыты оқушылардың, қоғамның толеранттылығын қалыптастыруды жүзеге асырады.

V. Әдістемелік-ұйымдастырушылық бағыт. Бұл бағыттағы жұмыс консилиумға дайындық, ісшараларға дайындық, баланың жеке құжаттарын толтыруды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар төмендегідей міндеттерді жүзеге асырады: ұстаздар мен ата-аналарға арналған әдістемелік құралдарды жасау; оқушыға портфолио құрастыру. Порт-



фолио – бала жеткен жетістіктердің, баланың білім, білік, дағдыларын, жеке өсуін қадағалайтын даму көрсеткіші.

### **Білім беру ұйымдарында тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды психологиялық- педагогикалық қолдау**

Бүгінгі күні ЕБҚ баланы қалыпты ортаға кіріктіру, жалпы білім беру үрдісіне қосу, олардың құқығын қамтамасыз ету маңызды мәселелердің бірі. Осы мәселеде баланы психологиялық-педагогикалық қолдау күрделі де маңызды үрдіс. Баланы психологиялық-педагогикалық қолдау – инклюзивті білім беру жүйесінде баланың тәрбиесіне, оқу үрдісіне, әлеуметтенуіне, бейімделуіне жағдай жасауға бағытталған кәсіби белсенді жүйе. ППҚ қызметіндегі мұғалім-дефектолог баланы психологиялық-педагогикалық қолдауда тек білім мазмұнына ғана өзгерістер енгізіп қоймай, баланың танымдық қабілеттерін дамыту мен жалпы баланың өмірін ұйымдастыруды көздейді. ТҚА бұзылған баланың танымдық мүмкіндіктерін дамытуда маңызды шарт – мұғалім-дефектологтың психологиялық құзырлығы. Яғни, ол сыпайылық, педагогикалық әдеп, оқу үрдісінде балаға көмек қолын созу, сәтсіздіктердің себептері мен жетістіктерді ұғыну және өз мамандығын сүю. Мұның бәрі баланың танымдық қабілетінің дамуына мүмкіндік жасау мен баланың өзіне деген сенімінің артуына, жетістіктерге бірқадам жақындауға жағдай жасайды. Ж.Аймауытов «Мұғалім істеген ісі өнімді, берекелі болуын тілесе, әуелі өз қызметін шын көңілмен жақсы көрсін» деген екен. Олай болса, өз мамандығын шексіз сүйе білген маман иесі ғана үздіксіз ізденіс пен асқан шыдамдылық, қажырлы еңбектің арқасында баланың біліміне, оның болашағына үлкен сәулесін түсіріп, бала өмірін дұрыс бағытқа салары сөзсіз.

Тірек-қозғалыс аппараты (ТҚА) бұзылған оқушыларды оқыту үрдісінде олардың қимыл-қозғалыстық және сөйлеу ерекшеліктерін ескеретін арнайы әзірленген дидактикалық материалдарды, АКТ және басқа да материалдарды қолдану қажет. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балаларды МЖБС сәйкес жалпы білім берумен, дене бітімі дамуындағы, танымдық және тілдік әрекеттеріндегі ауытқуларды жеңуді қамтамасыз ету инклюзивті оқытудың негізгі міндеттері. Барлық оқу пәндерінде оқытудың дамыту-түзету бағыты жүзеге асырылады. Оқу үрдісін ұйымдастыру арнайы әдістер мен тәсілдерді қолдануды, бағдарламаның жекелеген бөлімдері мен тақырыптарын зерделеуге мүмкіндік беретін алдын ала оқытудың арнайы сабақтарын кіргізуді, сонымен бірге дамудағы ауытқуды түзету бойынша жекелеген және топтық арнайы сабақтар өткізуді қарастырады. Бұндай сабақтарда алынған білімдер мен дағдылар жалпы білім беретін пән сабақтарында бекітіледі. Тірек-қозғалыс аппараты функциялары бұзылған балаларды оқыту емдеу-қалпына келтіру жұмыстары аясында жүзеге асырылады, бұл жұмыстардың құрамына: қимыл-қозғалыстың бұзылуын медициналық түзету, жүйке-психикалық ауытқуды дәрі-дәрмектік емдеу, соматикалық аурулардың алдын алу кіреді. ЕБҚ оқушыға арналған түзету жұмыстарының жоспарын ЕДШ әдіскері мен дәрігер бірлесе отырып, оқу жылына құрастырады. ЕДШ нұсқаушысы ТҚА бұзылған оқушыға арналған есеп карточкасын жүргізеді, оның ішіне баланың қимыл-қозғалысы туралы мәліметтер, жұмыстың жалпы жоспары, кезеңді жаттығу кешендері, әр сабақтың өткізілуі және оның нәтижелері жазылады. Әр тоқсанның аяғында түзету жұмысының қорытындысы шығарылады және қол жеткен нәтижелерді ескере отырып, жоспарға толықтырулар енгізіледі. Сабақтар ЕДШ бөлмесінде немесе арнайы жабдықталған гимнастика залында өткізіледі.

Қорыта келгенде ТҚА бұзылған баланы психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі қағидалары төмендегідей: ППҚ қолдаудың мақсаттылығы, үздіксіздігі, бірізділігі, біртұтас тәсілдік жүйені меңгерген, ұйымдасқан ППҚ қызметі мамандарының біріккен кешенді жұмысы және ППҚ қызмет мамандарының адамгершілік, ізгілік қағидаттарын ұстануы; баланың мүмкіндігіне сенім; мамандар құзыреттілігі.

### **Білім беру ұйымдарында құлағы нашар еститін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау**

Инклюзивті білім беру ұйымдарында есту қабілеті бұзылған оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу шекарасы кеңейіп келеді. Айтуында аздаған кемшілігі бар, бірақ өз бетінше сөйлей алатын оқушылар жалпы білім беретін мектепте білім алуына болады. Кәдімгі мектептегі оқыту талаптарының арнайы мектептен айырмашылығы бар. Бұл – сынып бөлмесіндегі күрделі акустикалық талаптар, сандық жағынан көп болып топтасу, сабақта үнемі полилог режимінде жұмыс істеу, сан алуан лексикалық, грамматикалық, фонетикалық және фонематикалық белгілері бойынша айтарлықтай сөйлеу материалын игеру. Есту қабілеті бұзылған балалар айналасындағылармен қарым-қатынас жасау үшін және оқуда табысты болу үшін міндетті түрде үнемі есту аппаратын пайдаланулары керек. Олар сурдопедагогпен және логопедпен арнайы жүйелі түзету жұмысына мұқтаж. Сурдопедагогикалық және логопедтік бірлескен ықпал оқыту тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сурдопедагог пен логопед баланың материалды барынша толық меңгеруін қамтамасыз ете отырып, сабақтарда лексикалық, грамматикалық тақырыптарды бірге жоспарлайды және іске асырады. Сабақтың мазмұны вариативті болып табылады және оқушылардың сөйлеу қабілетінің дамуына, олардың жасына, өздері білім алатын

мектептің жағдайына байланысты. Мұндай балалардың есту түйсігін дамыту – оларды табысты оқытудың маңызды құрамдас бөлігінің бірі және тек мектептегі сабақпен шектелмейді. Бұл жұмыс үйде де, отбасында да жүргізіледі, мұғалім де ұйымдастырады. Бүкіл оқу жылы ішінде медициналық профилактика мен емдік іс-шаралар: айрықша дәрі-дәрмекпен емдеу, физиотерапия, арнайы дене шынықтыру және т. б. қажет.

Есту қабілеті бұзылған оқушының психикалық дамуы сыртқы ықпал мен қоршаған әлеммен байланыстың ерекше шектелген жағдайларында өтеді. Осының нәтижесінде оның психикалық әрекеті оңайлатылады, сыртқы ықпалға реакциясы онша күрделі емес және сан алуан бола бастайды. Есту қабілетінің бұзылуы танымдық және тұлғалық аясы дамуының ерекшеліктеріне алып келеді. Мұндай балалармен жұмыс кезінде педагог олардың танымдық және тұлғалық аясына тән ерекшеліктерді білуі және есепке алуы керек. Назар аударудың төменгі шамасы – элементтердің аз мөлшерін бір сәттік қабылдау. Әлсіз орнықтылық, қатты шаршау, ақпарат алу есту-көру негізінде жүріп жатады. Ести алатын оқушыда сабақ кезінде анализаторлардың алмасуы жүреді: оқу барысында – жетекші көру анализаторы, материалды түсіндіргенде – есту анализаторы белсенді. Есту қабілеті бұзылған оқушыда мұндай алмасу болмайды, үнемі екі анализатор да жұмылдырылады. Зейін аударудың төмен қарқыны: бір оқу әрекетін аяқтап, басқасына көшу үшін нақты уақыт талап етіледі. Назар аударудағы қиындықтар: есту қабілеті сақталған оқушы бір мезгілде әрі тыңдап, әрі жаза алады, есту қабілеті бұзылған оқушы мұндайда кәдімгідей қиындықтарды сезінеді. Сөздерді есте сақтауға қарағанда бейнелі түрде есте сақтау барлық сатыларда және кез келген жаста жақсы дамыған. Сөздерді есте сақтаудың даму деңгейі сөздік қордың көлеміне байланысты. Оқу материалын есте сақтау үшін балаға көп уақыт керек. Іс жүзінде есту қабілеті тө-

мендеуінің барлық деңгейінде де сөздерді есте сақтау айтарлықтай артта қалады. Сөздік-логикалық ойлау дамуының деңгейі нашар еститін оқушының сөйлеу сөзінің дамуына байланысты. Нашар еститін бала белгілі бір жағдайларда айналасындағылардың эмоционалдық күйінің көрініс беруін әркез түсіне бермейді, демек, бірге мазасызданбайды. Ол нәзік түрде көрініс берген эмоционалдық сезімдерді ұзақ саралауы мүмкін, жасөспірімдік кезеңде бұл ерекше айқын байқалады. Нашар еститін балаларда негізсіз түрде өзін-өзі асыра бағалау ұзақ сақталады. Бұл ерте жастан үлкендер тарапынан оның жетістіктерін оң бағалайтын ортада болуымен түсіндіріледі. Мұғалім мен сынптастары тарапынан баланың мүмкіндіктері шынайы бағалануына байланысты агрессивті мінез-құлық орын алуы мүмкін. «Агрессивті емес агрессивтілік» – есту қабілеті бұзылған баланың әңгімелесушінің назарын аудару үшін сөзбен айтылмайтын құралдарды қолдануын, мысалы: қолынан ұстап алу, иығынан қағу, өте жақын келу, құрдасының аузына қарап қалу және т. б. еститін балалар агрессивтілік деп қабылдайды. Нашар еститін бала егер сөйлеуші адамның бет-әлпетін жақсы көріп тұрса, айналасындағылардың сөзін оңай қабылдайды. Көбінесе балалардың жауаптарындағы қателіктер немесе қиындықтар жекелеген сөздердің лексикалық мәнін, пікір тұжырымдамасын білмеуден, әңгімелесушінің тосын артикуляциясынан туындайды. «Бәрі түсінікті ме?» деген сұраққа бала көбінесе, тіпті оны түсінбесе де, мақұлдап жауап береді. Оған ұзаққа созылған монологты қабылдау және түсіну қиын, ол диалог жағдайында айтарлықтай қиындықтарды сезінеді, еститін балалармен қарым-қатынаста психологиялық кедергілер болады.

Нашар еститін балаларды әлеуметтендірудің, тәрбие-леудің, білім берудің, әлеуметтік сүйемелдеудің оңтайлы жолдарын іздестіру мен бақылау негізінде, ЕБҚ балаларға катысты дербес тәсілдің және арнайы білім алу мұқтаж-

дықтарын ескеру мүмкіндігінің болмауынан олардың материалдарды ұғынуда және әлеуметтік дағдыларды меңгеруде үлкен қиындықтарға ұшырайтынына педагогтардың көздері жетті. Білікті психологиялық-педагогикалық сүйемелдеумен қатар, материалдық-техникалық базаны, кадрлық және оқу-әдістемелік әлеуетті жетілдіру, сондай-ақ ата-аналарды білім беру үдерісіне араластыру қажет. ЕБҚ балалардың ата-аналарына арналған түрлі тренингтер, дөңгелек үстелдер, сұхбаттар, консультациялар жүргізу инклюзивтік білімнің – «нағыз білім беру тек шынайы қарым-қатынастар контекстінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін» қағидатына сүйенеді.

### **Білім беру ұйымдарында көзі нашар көретін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау**

Инклюзивті білім беру барлық балалардың, дамуында кемістіктердің бар-жоғына қарамастан, өздерін жүзеге асыру үшін көбірек мүмкіндіктерге ие болатынын пайымдайтын философиялық көзқарас. Бұл ретте оқушылардың әр алуандығы есепке алынады, ол кезде білім берушілік мақсаттар, ұйымдастырушылық және педагогикалық жағдайлар, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және диагностика, бүкіл дидактикалық жүйе ЕБҚ балалардың мүмкіндіктерін ескереді және олардың қажеттіліктеріне қарай икемделеді.

Көру қабілеті бұзылған оқушының кеңістікте бағдарлауы қиындық туғызады, сондықтан оның мектепте өзін жайлы сезінуі үшін алдын ала мектеп ғимаратына саяхат жасату қажет. Бұл оған кабинеттер мен мектеп ұйжайының орналасуын есте сақтауына көмектеседі. Барлық кедергілер және бұрылыстар айтылуы, балаға бұрыштар мен есіктерді ұстап көруге мүмкіндік беру керек. Баланың есіне сақтауы үшін ол жерлерге бірнеше рет апарып көрсету қажет. Сыныпта қолжетімді және қолайлы жағдай

жасау үшін көру қабілеті бұзылған оқушыларға арнап рельефті фактуралы немесе едені кілеммен жабылған белгілі бір оқушы орнын жабдықтау керек. Жұмыс орнының жарықтануына аса мән беру керек. Парта мұғалім үстелі мен терезеге жақын бірінші орында орналасуы керек. Оқушы диктофонды пайдалануына болады, бұл – оның концептілеу тәсілі. Мүмкіндігіне қарай, әртүрлі сабақта қолданылатын құралдар тек қана көрнекі емес сонымен қатар, зағип бала оны қолымен ұстау үшін рельефті болып келуі керек. Көруі төмендемеуі үшін ЕБҚ оқушыны шаршатпауға тырысу қажет.

Психологиялық-педагогикалық қолдау мынаны көздейді: ЕБҚ балалардың психикалық дамуындағы кемшіліктермен шартталған, олардың ерекше білім алушылық қажеттіліктерін анықтау; оңтайлы педагогикалық бағытты айқындау; балалардың психофизикалық даму ерекшеліктерін және дербес мүмкіндіктерін ескере отырып, дербес бағдарланған психологиялық-медициналық-педагогикалық көмекті жүзеге асыру; коррекциялық іс-шараларды жоспарлау, жеке бағдарлама әзірлеу; мектептегі дидактикалық жүйенің ЕБҚ баланың мүмкіндіктерін ескеруі және олардың қажеттіліктеріне қарай икемделуі. Көру қабілеті бұзылған оқушыны тәрбиелеу және оқыту ойдағыдай болуы үшін оның мүмкіндіктерін дұрыс бағалау және ерекше білім беру қажеттіліктерін дәл анықтау керек.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі нәтижелі ұйымдастырылғанда инклюзивті білім беруден өтетін сау балалардың ЕБҚ оқушыға түсіністігі, жанашырлығы және сезімталдығы қалыптасады, бұл эмпатия деп аталады. Балалар ашық әрі тағатты болады, бұл толерантты қоғам қалыптастыру үшін аса өзекті. Инклюзивті білім беру оқу ұжымындағы иерархиялық көріністерді күрт төмендетеді. Инклюзивті мектеп жағдайында балаға бағытталған тиімді, икемді сүйемелдеу жүйесін құру үшін тьюторлық маңызды ресурс. Тьютор – физикалық қолдауды жүзеге асыратын

сүйемелдеуші педагог, қосымша сабақтар өткізетін маман. Тьютордың басты міндеті – балаға болашақта әлеуметтенуі және құрдастарымен бірге қалыпты өмір сүруі үшін кез келген ісіне қолдау көрсету.

### **Білім беру ұйымдарында зияткерлік ақауы бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау**

Инклюзивті білім беруді тәжірибеде іске асыратын педагогтар мен мамандар тобы білім беру ұйымында зияткерлік ақауы бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау үрдісінде атқарады:

– ЕБҚ оқушының танымдық қызметін дамыту үшін оны мақсатты түрде сабаққа тарту; әртүрлі міндеттер қоя отырып, оларды оқудың белсенді формаларына қосу; тапсырмаларды топтық шешуге тарту; жобалар орындауға, зертханаларда жұмыс жасауға және салалық зерттеулерге қатыстыру;

– баланы оқытатын мұғалімдердің жауапкершілігін арттыру, педагогикалық қызметке қанағаттанушылықты қалыптастыру; ерекше баланы «сыныптағы басқа балалармен» тең дәрежеде қабылдауға баулу;

– қалыпты даму жағдайындағы оқушылардың ата-аналарының эмоциялық-психологиялық дайындығына ықпал ету; сыныптағы ерекше баланы жылы қабылдау және толеранттық қатынасты қалыптастыру;

– зияткерлік ақауы бар балалардың ата-аналарының өз баласының психофизиологиялық ерекшеліктерін қабылдауына көмектесу; олардың мектеп педагогтарымен ынтымақтастықта жұмыс істеуге дайындығын қалыптастыру.

Оқу материалы балаға ыңғайлы болуы тиіс. Мұғалім баланы мазмұнмен таныстыру үшін мәтіннің жеке бөліктерін маркермен белгілей алады. Оқу мәтіндерінде түсініксіз сөздер мен сөйлемдер, метафоралар болмауы тиіс. Мәтін бойынша сұрақтар мен тапсырмалар нақты, айқын, нақты



ақпаратты түсінуге арналған болуы қажет. Оқулықтардың мәтіндері дефектологпен, пән мұғалімімен, тьютормен бірге бейімделеді. ЕБҚ оқушының тапсырманы компьютерде орындауын қарастыру оның сыныпта жеке орындайтын жұмыс көлемін азайтып, есесіне жұппен, топпен бірлескен жұмыстар арқылы басқалармен араласу, түсінісуді арттырады. Зияткерлік ақауы бар балалардың құқықтарын шектейтін қағидаларды өзгерту қажет. Ақыл-ой жұмыстарына нақты алгоритмдер ұсыну күтілетін нәтижені жылдамдатады. Сабақ барысында мұғалім ЕБҚ оқушы қызметінің ауысуын қарастырып, белсенді жұмыс пен демалысты кезектестіріп отырғаны жөн. Бала күйзелісті жағдайда болса, оның сыныптан шығарып, "тыныш аймақта" болу мүмкіндігін қарастыру тиіс.

Инклюзивтік білім, ЕБҚ балаларды мемлекеттік бағдарлама бойынша кәдімгі балалармен бірге оқыту және тәрбиелеу үдерісімен қамтуды көздейді. Ол үшін ЕБҚ балалардың денсаулық жағдайын ескеретін қосымша жағдайлар жасалуы тиіс. Олардың бірі – отбасын қолдау қызметін (ОҚҚ) құру. ОҚҚ ұйымдастырудың мақсаты: ерекше балалары бар отбасыларын психологиялық-педагогикалық тұрғыдан сүйемелдеу; қоршаған әлемге табысты түрде бейімдеу; олардың дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау; нәтижелі оқу қызметін қалыптастыру. ОҚҚ педагогтар, логопед, дефектолог, психолог, дәрігер, ата-аналардан құралады. Ата-аналармен үнемі жұмыс істеу қажет, өйткені олар белсенді түрде қатыспайынша ЕБҚ балалармен жұмыстың күтулі нәтижесіне қол жеткізу мүмкін емес. ОҚҚ жұмысының ерекшелігі: алдымен ата-ана баламен айналысады, бұл кезде педагог олардың іс-әрекеттерін бақылайды. Содан соң, келесі кездесуде ата-ана бақылайды, ал педагогтардың (психолог, логопед, дефектолог) біреуі баламен айналысады. Осыдан кейін зиятында ақауы бар балалардың әрекеттеріне, оның сезінуіне, әсер алуына, ойын әрекеттеріне қатысуына талдау жүргізіледі.

Жүйелі түрде жүргізілген ынтымақтастық әрекет нәтижесінде, көптеген ата-аналардың балалардың дамуы үшін олармен қалай жұмыс істеу керектігі және немесе айналысу қажет екені туралы құзыреттіліктері қалыптасады. Отбасын қолдау қызметінің негізгі бағыттары: ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімдерін арттыру үшін ақпараттар ұсыну; бала бойында толыққанды эмоциялық қарым-қатынасты дамыту үшін отбасылық оқыту мен тәрбие тәжірибесін жинақтау және зерделеу жөнінде ұсынымдар беру; балаларды тәрбиелеу мен дамытудың бірыңғай және жүйелі тәсілін қамтамасыз ету мақсатында, ата-аналармен серіктестік қарым-қатынас орнату.

Зияткерлік ақауы бар балалармен дұрыс ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі баланың танымдық әрекет деңгейін және оқу үлгерімін көтеру мәселелерін барынша сәтті шешуге мүмкіндік береді, балаға болашақ зияткерлік және тұлғалық дамуындағы қиындықтар мен мәселелердің алдын алуға көмектеседі.

«...мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз»

Н.Ә.Назарбаев

«Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»

## ҚОРЫТЫНДЫ

Балаларды бір-бірінен айыратын кедергілерді барынша жою үшін тұтас қоғам боп атсалысу және осы жолда әрбір қазақстандықтың белсенділігіне сүйену стратегиялық маңызы зор қадам. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін халықтың жоғары саналылығы, жаппай жанашырлығы, рухани-адамгершілік дамуы белсендендірілуі шарт. Қоғамдық сананы ояту бағытында мемлекет тарапынан атқарылып жатқан іс-шаралар білім беру тетіктерін жақсарту, инновацияларды барынша тарту, адами капитал сапасын көтерумен қатар, мұғалімдердің біліктілігін арттыруды алдыңғы орынға шығарады. Қазіргі мұғалім замана көшінен бір қадам алда жүретін озық ойлы, мейірбан, үлкен жүрек иесі бола білуі арқылы қоғамда өз орны мен әлеуметтік мәртебесін анықтайды. «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығының «Мектепте оқыту стандарттарын іске асыру контекстінде инклюзивті білім берудің мазмұны мен дамуы» білім беру бағдарламасы негізінде әзірленген оқу құралы осы үддеден шығу мақсатында, яғни мұғалімнің ұстаз мәртебесіне көтерілуіне ықпал ету үшін әзірленді.

Тәжірибе көрсеткеніндей, инклюзивті білім беру жағдайында оқу тиімділігіне қол жеткізу білім мекемесіне сыртқы, мектептен тыс әлемнен өзімен бірге жағымды алғышарттар әкелмеуі себепті, жоғары нәтиже көрсете алмайтын «әлсіз» оқушыға білім беру ұйымының қалай және қаншалықты ықпал етуін ажыратуға басымдық берілуімен

анықталады. Бұл – жағымды оқу мәдениетін қалыптастыру; оқу нәтижесін қадағалау; жеке жетістіктерді қолдау және ынталандыру; оқу мен үйретуді үнемі жақсартуға ұмтылыс; жоғары үміт және сенімді қатынас; өзгерістерді қолдау және оны әкімшілік тарапынан бақылау; түрлі әдіс-тәсілдерді мақсатты түрде іріктеу және қолдану; отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастық сынды көптеген «түйінді факторлар» арқылы ажыратылады.

Ұсынылып отырған «Ұстаздардың біліктілігін арттыру жүйесінде инклюзивті білім беру» оқу құралын меңгеру нәтижесінде педагогтар *білетін болады*:

– инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, жалпы білім беретін мектептер мен арнайы білім беру ұйымдарының инклюзивті білім беруді реттейтін нормативтік құқықтық актілерді, инклюзивті білім берудегі қағидаттар мен негізгі ұғымдарды, ерекше білім қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуін қамтамасыз ететін арнайы жағдайларды жасау бойынша педагогикалық түзету жұмыстарының мазмұны мен жоспарлау ерекшелігін, оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауға қойылатын талаптарды;

– *қолдана алады*: түзете-дамыта оқыту және қашықтықтан оқытуды, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету технологиясын, жеке білім беру бағдарламасын құрастыруды, білім алуда қиындығы бар балаларға оңтайлы педагогикалық маршрутты жобалауды;

– *меңгереді*: баланың жеке дамуы мониторингін жүргізу мен жеке білім беру бағдарламасын құрастыру дағдысын, дамуында түрлі ауытқушылықтары бар балаларды үйінде оқыту дағдысын, оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды қолдану дағдыларын, педагогикалық қызметті қарқынды ету жағдайында оқыту үдерісінде компьютерлік құралдар және мультимедиялық өнімдермен жү-

мыс дағдыларын, әдістемелік ұсынымдарды тәжірибеде қолдануды, арнайы жағдай тудыру мен кедергісіз орта құру бойынша нормативтік актілерді білуді, ата-аналар мен педагогикалық ұжыммен жұмысты ұйымдастыруды, командалық жұмыстың қажеттілігін түсіну мен серіктестік қарым-қатынас негізінде білім беру үдерісіне қатысушылар мен олардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру дағдыларын.

Инклюзивті оқытуға қатысты жалпы үдеріске қоғамның әрбір мүшесі өзінің белсенді азаматтық үлесін қосуы нәтижесінде, ерекше балаларды әлеуметтендіру үрдісіндегі кедергілер мен қиындықтарды оңтайлы еңсеруге болады.



## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

### Нормативтік құжаттар

1. «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» жалпыхалықтық идеясы: Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан». - А., 2017.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (өзгертулер мен толықтырулармен). – А., 2017. – 72 б.
3. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – А., 2016. – 61 б.
4. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 14 б.
5. «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың әдістемелік ұсынымдарын бекіту» туралы ҚР БЖҒМ 2011ж. № 524 бұйрығы. – Астана, 2011. – 24б.
6. Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары. – А., 2012.
7. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру жүйесін дамыту бойынша 2015 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар кешені (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы №534 бұйрығы). - А., 2015.
8. «Бала құқықтары туралы» Конвенция: БҰҰ Бас Ассамблеясы 20.11.1989 қабылдаған. ҚР Жоғарғы Кеңесінде 1994ж. №77 қаулымен ратификацияланған.
9. «Мүгедектердің құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясы. – Нью-Йорк, 2007.
10. Мұқтаждықты ерекше тұлғаларға білім берудегі Саламанка Декларациясы мен іс-әрекеттердің Шеңбері: Мұқтаждықты ерекше тұлғаларға білім беру туралы дүниежүзілік конференция. – Испания, 1994.
11. «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» ҚР-ның Заңы. – А., 2002.
12. «ҚР мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетудегі қолдау туралы Заңы». – А., 2002.
13. «Мүгедектердің өмір сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспар» ҚР Үкіметінің № 64 Қаулысы. – А., 2012.
14. «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» ҚР Үкіметінің №1080 Қаулысы. – А., 2012.
15. «Білім беру ұйымдарына қойылатын санитарлық-эпидемиялық талаптар» ҚР Ұлттық экономика министрлігінің № 179 бұйрығы. – А., 2014.
16. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексі. – А., 2014.

17. Дамуында мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдарының қызметі жөніндегі Типтік ережелер (ҚР БҒМ № 258 бұйрығымен бекітілген). – А., 2013.

18. «Білім беру саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің № 262 қаулысы. – А., 2014.

19. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» ҚР Үкіметінің №327 Қаулысы. – А., 2015.

20. Бастауыш білім берудің Типтік оқу жоспарлары. ҚР БҒМ № 233 бұйрығы. – А., 2016.

### **Негізгі әдебиеттер**

1. Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 80 б.

2. Инклюзивтік білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың оқытуын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 64 б.

3. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі. – А., 2016. – 51б.

4. Алтаева Г. Ж. Роль психолого-педагогического сопровождения детей в условиях инклюзивного образования. – Щучинск, 2015.

5. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 51 б.

6. Поташник М.М. Управление качеством образования. - М.: Педагогическое общество России, 2000. – 448 с.

7. Воспитание и обучение детей во вспомогательной школе. / Под ред. В.В. Воронковой. – М: Школа-пресс, 1994. - 416 с.

8. Елисева И.Г. Планирование процесса обучения математике школьников с нарушением. В пяти частях. Методические материалы. – Алматы. САТР. 2010. – 152 с.

9. Система критериального оценивания учебных достижений учащихся. Методическое пособие. – Астана. НАО. 2013. – 80 с.

10. 2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу үрдісін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 257 б.

11. Бастауыш білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын, білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың Ережесі / 2016 жылғы 21 қаңтардағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» министрдің бұйрығына қосымша, № 52., 2016 ж., - 5 б.

12. Поташник М.М. Управление качеством образования. - М.: Педагогическое общество России, 2000. – 448 с.

### **Қосымша әдебиеттер**

1. Байтұрсынова А.А. Арнайы педагогика. – А., 2008. – 173б.
2. Кусаинова А.К., Аргынов А.К., Жумақанова Р.А. «Профессиональная подготовка населения в области инклюзивного образования». Методическая пособие. – А., 2008. – 120с.
3. Ратнер Ф.Л, Юсупова А.Ю. Интегрированное обучение детей с ограниченными возможностями в обществе здоровых детей. – М., 2006. - С. 174.
4. Сулейменова Р.А. Специальное образование детей за рубежом: проблемы и решения. – А., 1997. - 93с.
5. Фредерих Шварц Х.К. Теория воспитания в трех томах. – М., 1982.
6. Хакимжанова Г.Д., Айдарбекова А.А. Обучение и воспитание детей с особыми образовательными потребностями в условиях массовой школы. – А., 2001. - С.30.
7. Инклюзивті білім берудің даму ерекшеліктері: халықаралық тәжірибе және отандық практика: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2017. – 343 б.
8. Инклюзивті білім беру: теория, практика, тәжірибе халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.– Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 562 б.
9. Одаренные дети. Пер. с англ. М.: Прогресс, 1990. – 381с.

### **Мерзімдік басылым**

1. Жанділдаева Ж. Инклюзивті білім беру мазмұны // Қазақстан мектебі. – А., 2011. №7, 60-61 б.
2. Жалпы білім беретін мектепте инклюзивті оқытудың әлеуметтік педагогикалық мәселелері//«Қазақстанның ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастығы: жетістіктер және дамудың келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектері». Шымкент, – 2010. 36-39бб.
3. Певзнер М.С. Об отборе детей с временной задержкой темпа психического развития и стойкими церебрастеническими состояниями в специальные классы // Дефектология. – А., 2003. №6, с. 5 - 9.
4. Сулейменова Р.А. Проблемы и основные тенденции развития специального образования в Республике Казахстан // Вестник КазНПУ им.Абая, серия «Специальная педагогика» . – 2004. №1(4). с.3-13.
5. Критерияльный подход в оценивании учебных достижений учащихся // Педагогическое образование и наука. – А., № 6, 2009. с. 91-94.
6. Салина Р.М, Жумагазина Г. Критерии оценивания учебных достижений учащихся // Профессионал Казахстана. – №10 (53). – 2007. С. 30-34.
7. Оспанбаева М.П., Құрманова С.Н. Ерекше білім қажеттілігі бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу шарттары. Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы, «Психология» сериясы. – А., 2018. №2.
8. Оспанбаева М.П., Құрмашева Н.Ж. Біліктілікті арттыру жүйесінде инклюзивті білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық мәселелері. Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы, «Психология» сериясы. – А., 2018. №2.



9. Оспанбаева М.П., Шевченко С.М. Психолого-педагогические аспекты физической культуры в процессе формирования инклюзивной среды. «Педагогіка й сучасні аспекти фізичного виховання: збірник наукових праць іv міжнародної науково-практичної конференції. – Краматорськ, 2018. – 351с.

10.Богоявленская М. Дар богов или все дети талантливы // Школьный психолог. Приложение к газете «Первое сентября». – М., 2004. № 2.

11.Хромова Т. Трудно ли учить вундеркиндов? //Лицейское и гимназическое образование. – М., 2002. №2, с. 31 – 34.

12.Иванова И.И. Подготовка учителя к инновационной, научно-исследовательской деятельности // Дарын. – А., 2004, №3. с.68-75.

13.Байтукова Б.У. Развитие творческого мышления учащихся как основная задача современной школы //Дарын. – А., 2004, №1. с.90 -94.

14.Савенков А. Одаренный ребенок в массовой школе // Начальная Школа. Приложение к газете «Первое сентября». – М., 2004. №8, с. 21 – 22.

### **Интернет ресурстары**

1. Алехина С.В. Инклюзивное образование: от политики к практике // Психологическая наука и образование. 2016. Т. 21. № 1. С.136–145. <http://edu-open.ru/>

2. Айдарбекова А.А., Ермакбаева Л.К., Дербисалова Г.С., Самигулина З.Р. Формирование социальной компетентности детей с ограниченными возможностями, обучающихся в инклюзивной (интегрированной) среде <http://special-edu.kz/>

3. Айдарбекова А.А. и др. Формирование позитивного психологического климата в инклюзивном классе общеобразовательной школы <http://special-edu.kz/>

4. Джангельдинова З.Б., Айтжанова Р.К. Организационно-методические основы включения школьников с аутизмом в общеобразоват. процесс <http://special-edu.kz/>

5. Елисева И.Г., Чумакова О.Ф. Профессиональное сопровождение педагогов общеобразоват. школ, реализующих инклюзивную практику <http://special-edu.kz/>

6. Ибраев М.У. Региональная модель взаимодействия различных структур по внедрению инклюзивного образования «Открытая школа» № 03 (144), март 2015. <http://www.open-school.kz/>

7. Қосыбаева А.Т. Саралап оқыту ауыл мектебінде сабаққа қызығушылықты тәрбиелеу құралы <http://burabay.akmoedu.kz/>

8. Черняева Т.С. Инклюзивное образовательное пространство в школе. <http://festival.1september.ru/articles/653265/>

9. Инклюзивті білім беру. <http://edu.mcfk.kz/article/302-dmsh-balalardy-psihologiyaly-pedagogikaly-syemeldeu>

## ҚОСЫМШАЛАР

### А-ҚОСЫМША

**«Мектепте оқыту стандарттарын іске асыру контекстінде инклюзивті білім берудің мазмұны мен дамуы» тақырыбындағы білім бағдарламасының**

### **ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ**

№	Сабақтың тақырыптары	Дәріс	Таңдау бойынша дәріс	Тәжірибелік жұмыс	Тренинг	Семинар	Шеберлік сынып	КТС	Конференция	Дөңгелек үстел	Шағын сабақтың таныстырылымы	Қорытынды тестілеу	Барлығы
1	<b><u>ИНВАРИАНТТЫҚ БӨЛІМ</u></b>  <b>Нормативтік-құқықтық модуль</b>	4		2		4				2			12
1.1	Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-	2											2

	2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған жемқорлыққа қарсы стратегиясының басым бағыттары											
1.2	Мемлекеттік саясаттың инклюзивті білім беру саласындағы негізгі бағыттары								2			2
1.3	Инклюзивті білім беру жағдайында жалпы білім беретін мектептегі оқу-тәрбие үрдісін нормативтік реттеу	2		2								4
1.4	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (28.12.2017ж. өзгерістермен толықтырулармен) жүзеге асыру					2						2
1.5	Инклюзивті білім беруді					2						

	заңнамалық қамтамасыз ету және халықаралық тәжірибе												
<b>2</b>	<b>Басқарушылық модуль</b>	<b>10</b>		<b>6</b>	<b>4</b>	<b>4</b>							<b>24</b>
2.1	Мектептегі инклюзивті білім беру мәдениетін құру	2			2								4
2.2	Білім беру ұйымына қолжетімділікті қамтамасыз ететін талаптар	2		2									4
2.3	Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау бойынша педагог-психолог, логопед мұғалім, дефектолог, әлеуметтік педагогтің қызметі	2			2								4
2.4	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы білім беру жағдайын анықтау мен ұйымдастыру			2									2
2.5	Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған оқу	2		2									4

	жоспарындағы түзету компонентін жүзеге асыру ерекшелігі												
2.6	Инклюзивті білім беру педагог кәсібилігінің жаңа тұрпаты: әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және педагогикалық қызметті басқару	2				2							4
2.7	Білім беру ұйымдарының арнайы білім беру ұйымдары, әлеуметтік серіктестер, мемлекеттік емес ұйымдармен өзара байланысы					2							2
<b>3</b>	<b>Психологиялық-педагогикалық модуль</b>	<b>10</b>		<b>4</b>	<b>2</b>	<b>4</b>							<b>20</b>
3.1	Инклюзивті білім беру субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдау шарттары және оны ұйымдастыру	2											2
3.2	Білім беру ортасының	2											2

	психологиялық қауіпсіздігі тұлғаның психологиялық саулығының шарты ретінде												
3.3	Зиятында ақау бар, психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері	2		2									4
3.4	Ерте аутизмді балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері					2							2
3.5	Көру, есту, сөйлеу қабілеттері, тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері	2		2									4
3.6	Дарынды және талантты балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері					2							2

3.7	Босқын балалар, мигрант балалар мен оралман балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы, аз ұлттар отбасылары балаларының ерекшеліктері	2											2
3.8	Педагогтердің кәсіби күйіп кетуінің алдын алу шаралары			2									2
<b>4</b>	<b>Мазмұндық модуль</b>	<b>20</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>4</b>		<b>12</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>4</b>			<b>56</b>
4.1	Инклюзивтік білім берудің негізгі ұғымдары мен принциптері	2											2
4.2	Қазақстанда ерекше білім беру қажеттіліктері бар жандарды (балаларды) әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдаудың заманауи жағдайы мен беталысы	2											2
4.3	Ерекше білім				2								2

	беру қажеттіліктері бар балаларды ерте анықтау кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық көмектің негізі ретінде												
4.4	Кедергісіз орта құру ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды білім алу кеңістігіне қосу шарты ретінде						6						6
4.5	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін білім беру бағдарламасын, оқу материалдарын бейімдеу	2			2								4
4.6	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке білім беру бағдарламаларын дайындау және жүзеге асыру			4									4
4.7	Дарынды және талантты балаларды		2										2



	оқытудың психологиялық-педагогикалық аспектілері												
4.8	Босқындарға, мигранттарға және еріксіз қоныс аударушыларға көрсетілетін әлеуметтік-педагогикалық көмектің мазмұны	2											2
4.9	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдердің мектепке дезадаптациялауын еңсерудің педагогикалық шарттары	2			2								4
4.10	Психикасының дамуы тежелген балаларды түзетедамыта оқытудың негізгі бағыттары мен мазмұны	2						6					8
4.11	Балалар мен жасөспірімдерді үйінде оқытудың ұйымдастырушылық	2											2

	педагогикалық негіздері												
4.12	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін кәсіби бағдар мен кәсіби оқудың рөлі									2			2
4.13	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру мен тәрбиелеудегі отбасының рөлі	2											2
4.14	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қосымша білім беру бағдарламасына тарту	2		2									4
4.15	Оқу бағдарламасына сәйкес сабақтарды жоспарлау	2		2									4
4.16	Шағын сабақтардың таныстырылымын көрсету және талқылау										4		4
4.17	Инклюзивтік білім беруді іске асыру механизмдері: мәселелері мен болашағы								2				2

<b>5</b>	<b>Технологиялық модуль</b>	<b>14</b>		<b>12</b>		<b>6</b>	<b>2</b>	<b>6</b>				<b>2</b>	<b>40</b>
5.1	Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында белсенді және смарт-оқу			2									2
5.2	«Ерекше» баланы білім беру кеңістігіне гартуға арналған дайындықтың технологиялық негіздері (барлық балалардың ата-аналары, психологтар, педагогтар, оқушылар, қызметкерлермен жұмыс)	2		2									4
5.3	Ерекшебілім беру қажеттіліктері бар балаларды қашықтықтан оқыту технологиясы	2				2							4
5.4	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау технологиясы	2						6					8
5.5	Мектептің психологиялық-меди-	2		2									4

	диналық педагогикалық консилиумы қызметінің технологиясы											
5.6	Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын жасау технологиясы	2			4							6
5.7	Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған оқу жоспарындағы түзету компонентін жүзеге асыру технологиясы	2		4								6
5.8	Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың критериялды бағалау жүйесі технологиясы	2		2								4
5.9	Педагогтің кәсіби құзыретілігін анықтау										2	2
<b>6</b>	<b><u>ВАРИАТИВТІК БӨЛІМ</u></b>		<b>8</b>									<b>8</b>

6.1	Блум таксономиясы функционалдык сауаттылықты дамытудағы оқыту жетістігін бағалау әдісі ретінде																		
6.2	Білім беру ұйымдарындағы тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау																		
6.3	Білім беру ұйымдарындағы құлағы нашар еститін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау																		
6.4	Білім беру ұйымдарындағы көзі нашар көретін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау																		
6.5	Білім беру ұйымдарындағы зияткерлік ақауы бар																		

балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау													
<b>Барлығы:</b>	<b>58</b>	<b>8</b>	<b>30</b>	<b>12</b>	<b>22</b>	<b>0</b>	<b>18</b>	<b>2</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>2</b>	<b>160</b>	

## ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ҰСТАНЫМЫ



## Б-ҚОСЫМША

### Курс бағдарламасындағы тренинг-сабақтар

Тақырып	Кіріспе	Тақырыпты тұжырымдау	Жаттығулар, ойындар	Талқылау	Кері байланыс, рефлексия
Инклюзивті білім беру педагог кәсібилігінің жаңа тұрпаты: әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және педагогикалық қызметті басқару	«Шаттық шеңбері» техникасы	«Инклюзивті білім беру аясында педагог кәсібилігі: оқу-әдістемелік, ұйымдастыру- педагогикалық қызмет» таныстырылымы.	Сыныптың «инклюзивтілігін» анықтау критерийлерін жұпта талқылау. «Инклюзивті» сыныпқа тән белгілер.	1) Әдістемелік жұмысты басқару; 2) оқу үрдісін басқару	«Табыс баспалдағы» стратегиясы
Білім беру ұйымының арнайы білім беру ұйымдары, әлеуметтік серіктестер, мемлекеттік емес ұйымдармен өзара байланысы	«Таңғы тілек» техникасы	«Инклюзивті оқыту аясында білім беру мекемесінің ынтымақтастық байланыстары» таныстырылымы	Инклюзивті және интерактивті сыныптарды қалыптастыру мақсатында мұғалімдер пайдалана алатын тәсілдер мен өзгерістерді таңдау бойынша миға шабуыл жүргізу. Тұжы-	1) Білім беру ұйымының арнайы білім мекемелерімен және мемлекеттік емес ұйымдармен байланысы	«Екі жұлдыз, бір тілек» стратегиясы

			рымдамалық карта жасау.		
Ерте аутизмді балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері	«Күншуақ техникасы»	«Ерте аутизмді балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері» таныстырылымы	Әр топтың өкілдерінен тұратын сарапшылар тобында ЖИГСО әдісі бойынша тапсырма әзірлеу.	1) Ерте аутизмді балалардың психологиялық ерекшелігі; 2) ЕАБ-мен педагогикал амалдар.	«Білемін. Білетін болам» стратегиясы
Дарынды және талантты балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері	«Менің қалауым» техникасы	«Дарынды және талантты балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері» таныстырылымы	Талантты және дарындылар: зияткерлік тапсырмаларды жоспарлау. Зияткерлік тапсырма берудегі оқу бағдарламасының мүмкіндіктері	Дарынды және талантты балалардың психологиялық ерекшелігі; ДжТБ-мен педагогикал амалдар.	«Жүзім шоғы» стратегиясы
ЕБҚ баланы ерте анықтау кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық көмектің негізінде	«Жалғастыр» техникасы	«ЕБҚ баланы ерте анықтау кешенді көмектің негізі» таныстырылымы	Мұғалімдер танымдық дамуға арналған дәлелдемелерді анықтауды үйренеді және өзін-өзі реттеуге көмектесу үшін өздерінің жағдайлары	1) ЕБҚ баланы ерте анықтау тәсілі. 2) Кешенді көмек маңызы.	Фишбоун стратегиясы



			нда ин-новацияларды зерделейді		
ЕБҚ бала үшін білім беру бағдарламасы, оқу материалдарын бейімдеу	Мен – ерекшемін техникасы	ЕБҚ бала үшін білім беру бағдарламасы, оқу материалдарын бейімдеу таныстырылымы	Оқу бағдарламасын дағы драма. Өзін-өзі реттеу моделі.	Білім беру бағдарламаларын бейімдеу Оқу материалдарын бейімдеу.	СИН-КВЕЙН стратегиясы

## **В-ҚОСЫМША**

### **Тыңдаушылардың білімін бақылау материалдары: жоба жұмыстарының тақырыптары**

1. Ақыл-ой кемдігінің жеңіл дәрежесіндегі балаларды әлеуметтік бейімдеудің мүмкіндіктері.

2. Инклюзивті қоғам орнату шеңберінде: сыртқы миграцияның негізгі мәселелері және мигранттармен тәжірибелік әлеуметтік көмек бағыттары.

3. Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау бойынша педагог-психологқызметіне талдау жасау

4. Инклюзивті сынып жағдайында Блум таксономиясын оқыту жетістігін бағалау әдісі ретінде қолдану.

5. Психикалық дамуы тежелген бастауыш мектеп оқушысының оқу үлгерімінің мониторингі.

6. Инклюзивті білім беру шеңберінде зияткерлік ақауы бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау.

7. Инклюзивті білім беру шеңберінде кохлеарлық имплантты енгізгеннен кейінгі балалармен жүргізілетін педагогикалық түзету жұмыстары.

8. Инклюзивті білім беру шеңберінде аутизмді балалармен жұмыстағы психологиялық-педагогикалық амалдар.

9. Инклюзивті білім беру шеңберінде тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау.

10. Инклюзивті білім беру шеңберінде құлағы нашар еститін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау (ЕБҚ оқушы мысалында)

11. Инклюзивті білім беру шеңберінде көзі нашар көретін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау (ЕБҚ оқушы мысалында)

12. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында белсенді және смарт-оқу (инклюзиямен байланыстыру).

13. Мектептің психологиялық-медициналық педагогикалық консилиумы қызметі (хаттамасын түзу).

14. Ерекше білім қажеттілігі бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасының танстырылымы.

15. Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған оқу жоспарындағы түзету компонентін жүзеге асыру технологиясының таныстырылымы.

16. Психикалық дамуы кешеуілдеген оқушының оқу жетістігін критериалды бағалау технологиясы.

17. Аутизмді баланың оқу жетістігін критериалды бағалау технологиясы.

18. Көру қабілеті бұзылған баланың оқу жетістігін критериалды бағалау технологиясы.

19. Есту қабілеті бұзылған баланың оқу жетістігін критериалды бағалау технологиясы.

20. Сөйлеу қабілеті бұзылған баланың оқу жетістігін критериалды бағалау технологиясы.

21. Тірек-қимыл аппаратында бұзылысы бар баланың оқу жетістігін критериалды бағалау технологиясы.

22. ЕБҚ оқушы үшін гуманитарлық пән мысалында табыс критерийін құру таныстырылымы.

23. Дарынды және талантты балалардың оқу жетістігін критериалды бағалау технологиясы.

24. Ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды қалыпты білім кеңістігіне қосу шарты ретінде кедергісіз орта маңызын негіздеу.

25. Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылар үшін білім бағдарламаларын және оқу ресурстарын бейімдеу

26. Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылар үшін жеке білім траекториясын жобалау

27. Психикалық дамуы тежелген балаларды түзете-дамыта оқытудың негізгі бағыттары және мазмұны.

28. Ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру үрдісінде ата-аналармен жұмыс технологиясы

29. Гуманитарлық бағыттағы пән мысалында оқу бағдарламасына сәйкес инклюзивті сынып сабағын жоспарлау

30. Жаратылыстану бағытындағы пән мысалында оқу бағдарламасына сәйкес инклюзивті сынып сабағын жоспарлау.

## Г-КОСЫМША

### **Балалар мен жасөспірімдерді үйінде оқытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық негіздері**

**Мақсаты:** Түзету-дамыту, әлеуметтік-педагогикалық, медициналық және көпфункционалы оқыту және тәрбиелеу жүйесі болып табылатын *үйде оқыту формасы* туралы жаңа деректерге негізделген заманауи білім беру.

**Міндеттері:** Сырқатына сәйкес, яғни дамуында бұзылысы бар, оның ішінде зияткерлік бұзылысы бар балаларды үйде оқыту проблемасы бойыншатындаушылармен ақпарат алмасу.

**Қысқаша мазмұны.** Үйде жеке оқыту – ПМПК-мен сырқатына сәйкес үйде оқытуды және тәрбиелеуді қажет етеді деп шешкен мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру формаларының бірі. Үйде жеке оқыту мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы білім беру мекемелері шешетін міндеттерді орындайды және өзінің ерекшеліктері бар.

Денсаулықтың нашарлығы немесе басқа себептермен білімді мектептен тыс, оның ішінде үйде де алуға болады. Атап айтқанда, ҚР «Білім беру туралы» заңында: «Жалпы ортабілім беретін ұйымдарға денсаулығына байланысты бара алмайтын азаматтар үшін үйденемесе емдеу ұйымдарындатегін жеке оқыту ұйымдастырылады», - деп қарастырылған.

Баланы үйде оқытатын мұғалім көп жағдайда көптеген міндеттермен жекпе-жек қалады, оларды шешу дайындықтың белгілі бір психологиялық-педагогикалық деңгейін, ерекше түзету-дамыту икемділіктері, дағдыларды, сонымен қатар мұғалім-оқушы-ата-ана жүйесінде ерекше тұлғааралық жүйе құруды талап етеді. Зияткерлік бұзылыстары бар білім алушыларды үйде оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігі келесі шарттар болған жағдайда жоғарылайды:

- үйде оқыту жағдайында балаға көмек көрсетуде әртүрлі бейінді мамандардың: дефектолог мұғалім, арнайы психолог, логопед мұғалім, психиатр дәрігер, әлеуметтік педагогтің кешенді жеке-дара қарау тәсілі;

- үйде оқытудың әртүрлі формаларын қолдану (үйде жеке оқыту, мектепте жеке оқыту, мектепте еңбек сабағына қатысумен үйде жеке оқыту, мектепте жеке пәндерге қатысып, үйде жеке оқыту) және баланы сыныпта және мектепте, мектептен тыс мекемелерде ұйымдастырылатын тәрбиелік шараларға тарту;

- білім алушылардың танымдық қызметін белсендендіретін оқытудың түзету-дамыту әдістері мен тәсілдерін әзірлеу, білім алушыларды еңбектік әлеуметтік-маңызды міндеттерді шешуге дағдыландыру;

- ата-аналармен немесе оларды алмастыратын тұлғалармен кеңес беру-ағарту жұмысын жүргізу және оларды балаларды тәрбиелеу бойынша белсенді жұмысқа тарту.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі аталған жұмысты реттейтін бірқатар құжаттарды бекітті. Үйде оқытудың қазіргі кезеңдегі жай-күйін талдау оның тиімділігін арттыратын оңтайлы жағдайларды анықтауға мүмкіндік берді.

- баланың денсаулығын, оқу мүмкіндіктерін, оқытыла алуын және әлеуметтік-психикалық бейімделуін ескере отырып, бейімделген жеке білім беру және түзету-дамыту бағдарламаларын құрастыру;

- білім алушылардың танымдық қызметін, олардың тұлғалық дамуын белсендендіретін педагогикалық технологияларды, оқытудың әдістері мен тәсілдерін әзірлеу және жаңғырту.

Үйде жеке оқытуды қамтамасыз етудің жоғарыда аталған шарттары ғана мұғалімге оңтайлы денсаулық сақтайтын, бейімдейтін, оналтатын, орнын толтыратын, түзету-дамыту, білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді, ол балаға педагогикалық үрдісті ізгілендіру жағдайында мүмкіндігі шектеулі баланың құқықтарына толығымен сай келеді.

Үйде оқыту қызметінің моделі келесі құрамда ұсынылған: директор, директордың оқу-тәрбие жұмысы бойынша орынбасары, үйде жеке оқытудың үйлестіруші-кеңесшісі, психиатр дәрігер, педагог-психолог, логопед, дефектолог мұғалім.

Мектеп директоры кадрларды орналастырады, жалпы қадағалауды жүзеге асырады, балаларды үйде оқытатын мамандарға ықпалды көмек көрсетеді, олардың жұмысын үйлестіреді. Мұғалім-оқушы жұбын оңтайлы құру директорға байланысты. Баламен үйде жұмыс істеу көптеген параметрлер бойынша сыныптағы жұмыстан өзгешеленетіндіктен, директор мұғалімдер мен оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруі тиіс, сонда оқыту екі тарап үшін барынша жайлы психологиялық жағдайда өтеді.

Мектеп директорының оқу-тәрбие жұмысы бойынша орынбасары оқу сабақтарының кестесін құрастырады, балаларды үйде оқытатын мұғалімдермен консилиумдарды, жұмыс мәжілістерін жоспарлайды, әдістемелік көмек көрсетеді, үйде ұйымдастырылатын оқу-тәрбиелік үрдісті бақылайды. Директордың орынбасары дефектолог мұғаліммен бірге әрбір оқушыға жеке, оның мүмкіндіктеріне барабар бағдарлама таңдайды. Үйде оқыту сабақтары күннің бірінші жартысында да, екін-

ші жартысында да ұйымдастырылуы мүмкін. Сабақ кестесін құрастыруда бірінші кезекте баланың психофизикалық ерекшеліктері және ата-аналардың қалаулары ескеріледі

Үйде жеке оқытудың үйлестірушісі-кеңесші тәжірибелі мұғалімдердің қатарынан тағайындалады, ол жаңадан жұмысқа кіріскен мұғалімдерге құжаттама жүргізу, үйде оқыту сабақтарының ерекшеліктерімен таныстырады,

Психиатр дәрігер әрбір бала денсаулығының соматикалық және психоневрологиялық жай-күйі туралы ақпаратты дефектолог мұғалімге жеткізеді, білім алушы қызметінің қорғау режимін орнатады, ата-аналарға кеңес береді және қажет жағдайда дәрі-дәрмекпен емделуді тағайындайды. Педагог-психолог танымдық және эмоциялық-жігерлік салалардағы баланың даму деңгейін және ауытқуларды анықтайды, бастапқы кемістік пен екінші ауытқулардың себептері мен көрініс табуының сипаттарын зерттейді, баланың қарқындық сипаттамаларын, шаршау және жүдеу үрдістерінің ерекшеліктерін ескере отырып, мұғалімдерге түзету және психикалық-физикалық даму мәселелері бойынша ұсыныстар жасайды.

Логопед баланың сөйлеу тіліне зерттеу жүргізеді (фонематикалық қабылдау, дыбыстарды айту, сөздік құрам, грамматикалық құрылыс), мұғалімге түзету және тіл дамыту мәселелері бойынша кеңес береді.

Үйде оқытатын мұғалім бала отбасының құрамын талдайды, оқыту мен тәрбиелеудің қалыпты үрдісін бұзатын жағымсыз әлеуметтік факторларды анықтайды, отбасыдағы психологиялық климатты бағалайды, отбасыға әлеуметтік қолдау шараларын айқындайды, ата-аналармен ынтымақтастық жолдарын, олардың білім беру үрдісіне қатысуының үлесі мен формасын анықтайды.

Мұғалім бала туралы ақпаратты оны зерттеген барлық мамандардан алады, педагогикалық зерттеу жүргізеді, баланың барлық оқу пәндері бойынша білім деңгейін, икемділіктері мен дағдыларын, дамудың жақын аймағын анықтайды, бағдарлама және сыныпқа, баланың психикалық-физикалық ерекшеліктеріне сәйкес әрбір нақты баланың оқыту мен тәрбиелеудің жеке түзету-дамыту бағдарламасын құрастырады. Бағдарлама жеке оқытудың оқу жоспарының негізінде жасалады. Мұғалім әр пәнге бөлінген сағат санын көбейтуге немесе азайтуға құқылы, ол үшін оқушының білім беру бағдарламасының өзгерістерін түсіндірме жазбада негіздейді.

Мұғалім оқытуда баланың жеке психикалық-физикалық ерекшеліктерін және оның сырқаттарын ескере отырып, оқыту әдістері, тәсілдері, формасы мен құралдарының оңтайлы нұсқасын еркін таңдауды басшылыққа алады. Әдетте, үйде оқытылатын балалар эмоциялық тұр-

ғыдан тұрақсыз болады. Жүйкелік-психикалық үрдістердің тұрақсыздығы, тұлғаның мазасыздануының жоғары деңгейі қоршаған ортаға жоғары тәуелділігімен, инактивтілігімен, әлеуметтік жасқаншақтығымен түсіндіріледі. Оқу үрдісін оқушы өзінің кемшіліктерін сезбейтіндей етіп ұйымдастырудың маңызы зор. Мұғалім бала үшін тек қана дос, тәлімгер емес, әділдікті іске асырушы болып табылатынын әрқашан есте сақтау керек. Баланың физикалық та, психикалық та зорықпауын қадағалау қажет.

Үйде жеке оқытылатын оқушыларды кешенді оңалтудың мақсатына сүйеніп, келесі міндеттердің шешілуі шарт:

1. Оқушылардың оқу-тәрбие үрдісін және оқыту режимін олардың жас, жеке психикалық-физикалық ерекшеліктеріне және денсаулық жағдайына сәйкестендіру;

2. Жұмыстың мазмұны, формалары, әдістерінің және балаға қойылатын талаптардың сабақтастығына негізделген, оның өзекті және жақын даму аймағын ескеретін оқытудың тұтас үрдісін тиімді және оңтайлы ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

3. Оқу жүктемесін ауру баланың жеке атқарымдық мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдеу;

4. Медициналық қызметкерлердің, әлеуметтік-психологиялық қызмет мамандарының, педагогтердің, ата-аналардың баланы кешенді оңалту мәселелері бойынша күш-жігерлерін біріктіру, оның денсаулығын сақтау және денсаулық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру;

5. Балалардың денсаулық жағдайын, оқу мүмкіндіктерін, оқытыла алуын және әлеуметтік-психикалық бейімделуін ескере отырып, түзету мектебінің пәндері бойынша бейімделген оқу бағдарламаларын, оның ішінде балаларды жеке оқыту бағдарламаларын құру.

## Д-ҚОСЫМША

### **Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қызметін ұйымдастыру тәртібі**

#### **ПМПК-да балаларды қабылдау және тексеру тәртібі**

Балалар мен жасөспірімдерді консультацияға жіберу білім, денсаулық сақтау әлеуметтік қорғау ұйымдарына, қоғамдық ұйымдардың бастамасы, сондай-ақ ата-аналардың мынандай құжаттарды көрсетуі бойынша жүзеге асырылады:

- туу туралы куәлік;
- маман-дәрігерлердің қорытындылары мен тексеру нәтижелері қоса көрсетілген баланың даму тарихынан толық көшірме;
- мектепке дейінгі білім мекемелері мен жалпы білім беретін мектептердің және өзге де ұйымдардың баланың осы ұйымдарда болған уақытын, оның дамуын талдауды, эмоциялық аясы мен мінез құлқының, сондай-ақ үлгерімін арттыруын жақсарту мақсатында жүргізілген іс-шараларды қамтып көрсеткен педагогикалық мінездеме;
- баланың ана тілі, математика, сурет бойынша жазба жұмыстары мен басқа да қызметінің жемісі.

Ата-ананың ықыласы бойынша консультацияға келген балалар мен жасөспірімдерді тексеру құжаттарсыз да жүргізіледі.

ПМПК-ға балаларды қабылдау тек ата-аналарының еріп келуімен жүзеге асырылады. Ал өз ықыласы бойынша келген 14 жастан асқан жасөспірімдерді ата-аналарынсыз қабылдауға болады.

Толық бірінші тексеруге барлық тексерулер кіреді, сондай-ақ анамнез жинау, тексеру нәтижелерін картаға жазу мен тұжырымды ресімдеу, бұл ретте оның ұзақтығы бір сағаттан аспауы қажет, ал бала тез шаршайтын кезде ол 20-30 минуттан аспауы тиіс.

Толық бірінші тексеру оның барысында барынша толық анамнез жинау, баланың жағдайын ПМПК-ның барлық мамандарының бағалауы жүргізілетін болып саналады және нәтижесінде кеңейтілген диагноз қойлады немесе психологиялық-медициналық-педагогикалық тұжырым жасалады. Бірінші тексеру диагноз қою мақсатында 1-4 қабылдау барысында жүргізілетін болады.

Қайта тексеру ПМПК-ның жалпы тұжырымын нақтылау немесе өзгерту мақсатында жүргізіледі, ең алдымен жеке кемстігінің деңгейін нақтылау қажеттігі жағдайында ол диагностикалық оқу-түзеу сабақтарының білім беру ұйымдарындағы сынама оқыту кейін жүргізіледі.



Қосымша тексеру диагнозды нақтылау үшін және толық медициналық және психологиялық-педагогикалық ұсынымдар үшін негіз болатын баланың жағдайы туралы қосымша мәліметтер алу үшін жүргізіледі.

Тексеру кезінде мәліметтер баланың даму картасына түсіріледі. ПМПК-да баланың жеке тексеруден өткен мәліметтер негізінде оның дамуындағы ауытқушылықтың сипаты туралы барлық мамандарының ортақ қорытындысы жасалынады. Оның физиологиялық психологиясының мүмкіндіктері мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, балаға коррекциялық тәрбие беру мен оқытуды ұйымдастырудың түрпаты мен нысаны алқалық шешім қабылданады. Қажетті медициналық білім беру және әлеуметтік қызмет көрсетуді қарастыратын жеке оналту бағдарламасы жасалады, қажетіне қарай жасөспірімдерге кәсіптік бағдарлама беру мен жұмысқа орналасу, әлеуметтік және еңбекпен бейімдеу жөнінде ұсынымдар беріледі.

Ата-аналар облыстық ПМПК-ның тұжырымымен келіспеген жағдайда, олар республикалық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жүгінуіне болады.

Тексеруден өткен балалар мен жасөспірімдердің тізімі олардың білім алу медициналық және әлеуметтік қызмет көрсету қажеттіліктерін және консультацияның ұсынымдарын көрсете отырып, оларға қажетті көмек көрсету үшін тиісті білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және т. б. ұйымдарға жіберіледі. Ата-аналардың қолына тиісті ұсынымдар көрсетілген қорытынды беріледі.

### **ПМПК жұмыстарын ұйымдастыру**

ПМПК 150 шаршы метрден кем болмайтын жеке үй-жайда ашылуы керек, тексерудің барлық түрлерін өткізу үшін медициналық құрал-жабдықтар, әдістемелік және диагностикалық материалдар, тиісті жиһаз, кілемдер, компьютерлік техника, автокөлік болуы керек.

ПМПК бекітілген кесте тікелей консультацияның өз үй-жайында жұмыс істейді. Консультация мамандары балаларды тұрғылықты жері бойынша тексеру үшін аудандарға да шығып тұрады.

Әрбір ПМПК штаттарына міндетті түрде мынандай мамандар кіреді: дәрігер-психиатр, дәрігер-невропатолог, дәрігер-сурдолог, дәрігер-офтальмолог, педагог-психолог, логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог, медициналық статист, бухгалтер, санитарка.

Медициналық және өзге де бейіндегі басқа мамандар жұмысқа еңбек саласындағы заңнамалық актілерге сәйкес тартылады.

### **ПМПК жұмысының негізгі мазмұны**

1/ балада бар патологияның медициналық диагнозын анықтау мақсатында баланы кешенді медициналық-психологиялық-педагогикалық тексеру.

2/ сырқатының ерекшеліктері мен оған қатысты патологиялық тексеру.

3/ айқындалған ерекшеліктері мен ақыл-ой, сөйлеу кемістіктеріне негізделген даму ауытқушылықтарының психологиялық-педагогикалық диагнозын қою.

4/ білімдерінің, біліктерінің, дағдыларының жасына, оқу сатысына сәйкестігін анықтау, оқыту мен тәрбиелеуге қолайлы жағдай жасау.

5/ Баланың даму проблемалары бойынша ата-аналарға кеңес беру.

ПМПК БҰҰ Бас ассамблеясының бала құқығы туралы конвенциясына және Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы Заң мен басқа да нормативтік- құқықтық актілерде көрсетілген балалар мен олардың ата-аналарына деген ізгілікті қарым-қатынас қағидаларын басшылыққа ала отырып, баланы кешенді тексеруді жүзеге асырады.

Балаларды мұқият зерттеу және соңғы диагнозын қою үшін ПМПК-да түзеу-диагностикалық сыныптар ашылады.

## **Е-ҚОСЫМША**

### **Критериалды бағалау үлгісі**

#### **«Мен сияқты жаса» ойыны**

● Балаларға А-4 форматындағы парақ ұсынылады. Оны екіге бүктеп, адам сұлбасын қиып жасау тапсырылады. Жұмыс барысында сұрақ қоюға болмайтыны ескертіледі.

● Өнім дайын болғанда, оны қасындағы баланың еңбегімен салыстыру тапсырылады. Келесі сауалдарға жауап алынады:

- Олар неге бірдей емес?
- Ол неге байланысты?
- Бұдан қандай ой түюге болады?

**БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ ЖӘНЕ ДЕСКРИПТОР ҚҰРУ  
ҮЛГІСІ**

<b>МАЗМҮН</b>	<b>КРИТЕРИЙ</b>	<b>ДИС-КРИПТОР</b>
Өлшемі	Парақ бетін тұтас алған Парақтың жартысынан жасалған	2 БАЛЛ 1 БАЛЛ
Басы	Қалыпты Кішкене Денесінен үлкен	2 БАЛЛ 1 БАЛЛ 0 БАЛЛ
Иықтарының бо- луы	Иықтары бар Мойыннан тбірден қолдар шығарылған Анық қиылған иықтар жоқ	2 БАЛЛ 1 БАЛЛ 0 БАЛЛ
Қолдары	Қол тұтас, саусақтарымен қоса Қол жұдырығымен бірге Қолдың басы жоқ	2 БАЛЛ 1 БАЛЛ 0 БАЛЛ
Денесі	Киіммен Киімсіз Тұлға сұлбасы	2 БАЛЛ 1 БАЛЛ 0 БАЛЛ
Аяқтары	Аяқ киіммен Табаны бар Табансыз	2 БАЛЛ 1 БАЛЛ 0 БАЛЛ
Барлық балл		12 БАЛЛ

## БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙІНІҢ ҮЛГІСІ

БАҒА	ДИСКРИПТОР
«5»	11 - 12 БАЛЛ
«4»	6 - 10 БАЛЛ
«3»	3 - 5 БАЛЛ
«2»	0 - 2 БАЛ

## Ж-ҚОСЫМША

### Блум таксономиясы бойынша деңгейлік сұрақтар жүйесі

Түрі	Мазмұны	Қойылатын сұрақтар (мысалдар)	Тапсырмалар (етістіктер)	Таным және ойлау деңгейі
БІЛУ	<p>Мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады. Ақпарат пен деректерді еске түсіреді: тест тапсырмалары; қалдырып кеткен белгілерді қою; жатқа айту; анықтамалар мен атауларды қайталау, олардың қолдану тәртібін айту.</p>	<p>Ұлы Отан соғысы қашан басталды? Бастауыш деген не? Жай бөлшектер қалай жазылады? Египеттің астанасы қай қала?</p>	<p>анықта, қайтала, белгіле, есепте, сана, еске түсір, ата, назар аудар, жатта</p>	ТӨМЕНГІ
ТҮСІНУ	<p>Мәліметтерді басқа таныс жүйеге ауыстыру; түрлендіру; есте сақталған ақпаратты басқаларға жеткізу жолдарын айқындау. Ұқсастықты табу, айырмашылығын анықтау, салыстыру, нәтижені баяндау. «Түсіну» ұғымы төрт топқа бөлінеді:</p>	<p><u>өңдеу:</u> «Х пен У айырмашылығы?», «Батыс және Шығыс Қазақстан рельефін салыстыр»; <u>тасымалдау:</u> «түсінгеніңді өз сөзіңмен әңгімеле», «зерттеуіңді кестеге түсір», «шығарма мазмұны бойынша тезис құрастыр»; <u>мысал келтіру:</u> «қарсы таңбалы сандардың қосындысына мысал құра», «күрделі анықтауышқа мысал келтір»;</p>	<p>аудар, ауызша құрастыр, сипатта, анықта, түсіндір, сөзбен жеткіз, ерекшелігін көрсет, өз орнына қой, әңгімеле, мәлімдеме жаса, салыстыр,</p>	ОРТА

ТҮСІНУ	<p>– өңдеу (интерпретация) - негізгі идеяларды және олардың өзара байланыстарын «қалай?», «неге?» сауалдарына жауап арқылы анықтау; «салыстыр», «айырмашылығын көрсет» тапсырмаларын орындау;</p> <p>– тасымалдау (трансформация) - мағынасын сақтай отырып, идеяларды таныс жүйеге, формаға ауыстыру; мысалы: формуланы сөзбен айту, графикті оқу, суретті баяндау, мәліметті өз сөзімен жеткізу;</p> <p>мысал келтіру – ақпаратты дұрыс қабылдап, түсінгенді білдіреді;</p> <p>– анықтама – ұғым мағынасын өз сөзімен жеткізу, анықтаманы таныс және түсінікті сөзбен тұжырымдау.</p>	<p><u>анықтамалар:</u> «тәуелсіздікті қалай түсінесің?», «ақылды қала» ұғымын өз сөзіңмен баянда», «жауапкершілік ұғымына анықтама жаз», «сенің ойыңша сәуле деген не?».</p>	айырмашылығын тап, ұқсастығын анықта, графикті оқы, суретті түсіндір, өз сөзіңмен айт, ойды тұжырымда, қорытындыла.	ОРТА
ҚОЛДАНУ	<p>Мәселені шешу үшін белгілі ақпаратты қолдану немесе іске асыру.</p> <p>Оқушы мұғалім көмегінсіз, таныс емес мәселені өз бетінше шешуі тиіс.</p> <p>Мұғалім шешімге ғана емес, шешу барысына да назар аударуы керек, себебі кей жағдайда шешу жолы шешімнен маңызды болуы мүмкін.</p>	<p>«Абайдың «Қыс» өлеңіндегі метафораны бейнелейді?», «Тазша бала» ертегісінде гипербола тәсілі қолданылған сөздер мен сөз тіркестерін анықта», «жағымды қасиеттерді өлшеу шкаласын түз», «тәуелділік, табыс, уақыт ұғымдарының байланысын болжа».</p>	нұсқау бойынша тірке, ретімен қолдан, қағидаға сәйкес пайдалан, ережені сақтап орында, жоба жаса, модель құра, тәжірибе арқылы сына, жетекші идея құрастыр, мәселені болжа, таныстырылым жаса.	ОРТА

ТАЛДАУ	<p>Зерттеу нысанының құрылымын анықтау мақсатымен оны құрамдас бөліктерге жіктеу. Оқушы әртүрлі бөліктердің қалай жұмыс істейтінін және нәтижеге қалай жеткізетінін анықтайды, түсіндіреді. Білуден мәліметті терең өңдеу, игеру арқылы ерекшеленеді. Түрлері: <u>негізін тану</u> - құрамдас бөліктерге жіктеу, жетекші идеяны табу, ойды өрбіту, берілген мәселе шеңберінен шығу; <u>астарлы мағынаны ажырату</u> – себептің салдарын көру, ассоциация арқылы табу, жасырын ойды анықтау, болжалды шешімді табу; <u>қозғаушы күш және ішкі түрткіні анықтау</u> – оқиғаны тудырған себепті табу, жасырын әрекетті көру, астарлы мағынаны тану, өз ойын дәлелдеу, пікірді қорғау.</p>	<p><u>негізін тану</u>: Б.Майлиннің «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» әңгімесінің өзегі не?», «Пифагор теоремасы нені дәлелдейді?»; <u>астарлы мағына</u>: «зейнетақы реформасының мәні не?», «Абайдың «Атымды адам қойған соң...» тұжырымын өз бетінше жалғастыр»; <u>қозғаушы күш және ішкі түрткіні анықтау</u>: «ЭКСПО – 2017» жобасының ҚР өткізілу себебін болжа».</p>	<p>бөліп көрсет, шығар, талда, бағала, есепте, зертте, сынап көр, салыстыр, қарсы дәлел келтір, Венн диаграммасына сал, тексер, талқыла, жүйеле, айқында, дәлелде, мәселені шеш, категорияға бөл.</p>	
ЖИНАҚТАУ	<p>Жаңа мазмұн тудыру мақсатымен бөлшектерді шығармашылықпен біріктіру. Болжау, шарттылық, мүмкіндік ұғымдарын қолданып, өз тәжірибесі негізінде жаңа модель (үлгі) құрастыру. Жұмыс және нәтиже түрлері: шығармашылық жанр, алгоритм құру, тәжірибе жасау. Абстрақтылы ұғымдармен негізделетін нәтижелер.</p>	<p>эссе, шығарма, өлең, қанатты сөз, сценарий, компьютерлік бағдарлама жазу; білімді тиянақтап, жүйелеу; ғылыми болжам жасап, ұсыну, жобалау.</p>	<p>құрастыр, жаса, жоспарла, ұсын, ретімен орналастыр, жинақта, шығармашылықпен орында, ұйымдастыр, дайында, зертте.</p>	ЖОҒАРЫ

БАҒАЛАУ	<p>Даулы және пікірталас тұғызатын мәселелер бойынша шешім қабылдап, оны дәлелдеу.</p> <p>Өз ойын, идеяны, жеке пайымдауды негіздеу.</p> <p>Нақтылық, логикалық жүйелілік, дәйектілік, қолданбалылық, сәйкестік қағидаттарының сақталуы.</p>	<p>«Бұл сіздің ойыңызша қаншалықты дұрыс?», «Неліктен маңызды?», «Не үшін жақтайсыз?», «Қарсы болуыңыздың себебі не?» сауалдары арқылы жүргізіледі.</p>	<p>тиянақта, өлше, бағамда, ретте, пайымда, жақта, салмақта, бағала, қайта қарастыр, сарапта, таңда, жоққа шығар, дәлелде, қорға.</p>	ЖОҒАРЫ
---------	--	---	---	--------



### 3-ҚОСЫМША

#### Глоссарий

- Авторитарлық қарым-қатынас** – мұғалімнің оқушылар пікірімен санаспай, қызығушылықтарын ескермей шешім қабылдауы, тек өзінің айтқанын орындауға бағытталуы.
- Аксиалды қарым-қатынас** – ақпаратты бір адамнан екінші бір адамға жеткізу үрдісі (мұғалім мен оқушы арасындағы қатынас).
- Аксиология** – грек тілінің «axia» құндылық және «logos» ілім сөздерінен шыққан, құндылықтардың табиғаты жайлы және дүниедегі құндылықтар жүйесі туралы философиялық ілім.
- Антипатия** – бір адамның екінші бір адамды жақтырмауы.
- Арнайы сыныптар** – жалпы білім беру мектебінде оқуға қайшы көрсеткіштері жоқ, мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған жалпы білім беретін мектептер құрылымындағы сыныптар.
- Арнайы білім беру ұйымдары** – мүмкіндіктері шектеулі балаларды диагностикалау және кеңес беру, оқыту мен тәрбиелеу үшін құрылған ұйымдар.
- Әлеуметтік фрустрация** – адамдардың болашақтың белгісіздігіне аландаушылығы, мақсатқа жете алмауындағы торығып күйзелуі, жеке тұлғаның өзін дәрменсіз, ешкімге қажетсіз сезінуі, балалар мен ересектердің әлеуметтік қорғаныссыздығынан абыржуы, уайымға салыну сияқты психологиялық жағдай.
- Әлеуметтік бейімделу** – мүмкіндіктері шектеулі балалардың қоғамда қалыптасқан құндылықтар, мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеру арқылы әлеуметтік орта жағдайларына белсенді бейімделу.
- Бақылаусыз қалған балалар** – тұратын жері бар, бірақ ата-аналар тарапынан қамқорлықсыз қалған балалар.
- Викитимді балалар** – бұл дезадаптация, әлеуметтік ауытқулар, әлеуметтендіруге қайшы жағдайларға әкелетін өмір шарттарының құрбаны болуға бейім балалар.
- Вариативтік оқу бағдарламасы** – типтік оқу жоспарының вариативтік компонентіне кіретін, оқу курсы бойынша білімдер, іскерліктер, дағдылар мазмұны мен көлемін анықтайтын құжат.
- Вербальды қарым-қатынас** – бір адамнан екінші адамға, не болмаса топ адамдар арасында сөз арқылы ақпарат алмасу үрдісі.

**Гуманизм** – адам тұлғасын ең жоғарғы құндылық ретінде қабылдауға негізделген көзқарастар жиынтығы; тұлғаның құқығы мен бостандығын қорғауға бағытталған және тұлғаның жан-жақты үйлесімді дамуын қарастыратын ілім. Гуманизм – адамның өмірлік ұстанымы, ол адами қасиеттерді сақтап қалу, жағымды, жақсы істерге бағыттайды.

**Даралық** – адамды басқа адамдардан ерекшеліндіріп тұратын айрықша қасиеттер, ешкімге ұқсамайтын, қайталанбастық.

**Демократиялық қарым-қатынас** – оқушы білімді іздестіруде қарым-қатынаста тең құқылы субъект ретінде қарастырылады. Оқушылар мен мұғалім ынтымастық қарым-қатынаста болады.

**Девиянтты мінез-құлық** – бұл нақты қоғамдастықтардың белгілі даму кезеңіндегі жалпы қабылданған, әлеуметтік тарапынан қолданған, кеңінен тараған және қалыптасқан нормалардан ауытқыған мінез-құлық.

**Дескриптор** – тапсырмаларды орындау кезіндегі әрекетті көрсететін сипаттама.

**Ерекше оқыту қажеттілігі** – білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін арнайы психологиялық-педагогикалық және басқа қолдау көрсетудегі баланың қажеттіліктері.

**Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар** – денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын қажет ететін адамдар.

**Жұмыс оқу жоспары** – оқушылардың білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, типтік оқу жоспарының негізінде жалпыға білім беру мекемесі құрастыратын құжат.

**Жеке білім беру траекториясы** – ерекше білім қажеттігі бар оқушының жеке әлеуетін есепке ала отырып анықталатын аймақ.

**Жеке білім беру маршруты** – ерекше білім қажеттігі бар оқушының жеке әлеуетін есепке ала отырып, оны дамыту мақсатында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тобы құрастыратын білім беру-түзету-дамыту бағдарламасы.

**Жеке тұлға** – индивидтің әлеуметтік маңызды сапалар жүйесі, оның әлеуметтік құндылықтарды меңгеруі және сол құндылықтарды меңгеруі және сол құндылықтарды іске асыру қабілеттері. Жеке тұлға ретінде адам өзінің санасының даму деңгейімен, өз санасын қоғамдық санамен сәйкестендіруімен сипатталады.

**Жеке тәсіл** – оқытудың негізгі психологиялық-педагогикалық қағидасы, педагог әр оқушының даралығын ескерген кезде оның психофизиологиялық ерекшелігінің, қайталанбас өзгешелігінің, бірегейлігінің танылуы болып есептеледі.

**Инклюзив** – латын тілінен аударғанда «includio» кірістіремін, қосамын деген мағынаны береді.

**Инклюзия** – бұл балаларды олардың жыныстық, этникалық және дінге қатыстылықтары, оқудағы жетістіктері, денсаулық жағдайы, даму деңгейі, ата-аналарының әлеуметтік-экономикалық мәртебесі мен басқа да айырмашылықтарына қарамастан жалпы білім беретін үдеріске толық енгізу үдерісі, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

**Инклюзивті оқыту** – барлық балалардың қажеттіліктерін ескеретін, ЕБҚ балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады.

**Инклюзивтік білім беру** – барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделулеріне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

**Инклюзивті оқыту сыныптары** – бұл мүмкіндіктері шектеулі балалар және мұндай шектеулері жоқ балалар бірге оқитын жалпы білім беру мектептерінің қалыптасуы сыныптары.

**Интеллектінің эксплициттік бағыты** – бұл тұлғаның даму аймағындағы бұзылысты түзету үрдісінде айқын және тікелей бағыт беретін әрекет, нақты көмек ұсынысы.

**Қарым-қатынастың мәнерлі белгілері** – мимика, ым-ишара, пантомима (дене қозғалысы, қол қимылдары) арқылы жасалатын тілдік емес қарым қатынас.

**Қашықтықтан білім беру технологиясы** – білім алушы мен педагог қызметкердің жанама түрде, алыстан немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту.

- Қосымша білім** – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатымен жүзеге асырылатын тәрбиелеу және оқыту үдерісі.
- Міндетті оқу бағдарламасы** – типтік оқу инварианттық компонентіне кіретін, әрбір оқу пәні бойынша білімдер, іскерліктер және дағдылар мазмұны мен көлемін анықтайтын құжат.
- Мүмкіндіктері шектеулі балалар** – 18 жасқа толмаған, дене және (немесе) психикалық кемшіліктері бар, заңнамамен қарастырылған тәртіппен расталған туа біткен, тұқым қуалаған, кейін пайда болған аурулар немесе жаракат салдарынан тіршілік әрекеті шектеулі балалар.
- Оқытудың жеке бағдарламасы** – оқушының өзекті даму деңгейін, меңгеріп жатқан пән саласы және дамудың жақын аймағындағы білімдері мен дағдыларын есепке алу арқылы оқушы үшін жасалатын бағдарлама.
- Оралман** – Қазақстан Республикасы егемендігін алғанға дейін үнемі шетелде тұрған этникалық қазақ, және оның Қазақстан Республикасы егемендігін алғанға дейін шетелде туып өскен, ұлты қазақ балалары, тарихи отанында тұрақты қоныстану мақсатымен Қазақстан Республикасына келген және Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген аймақтарға қоныстанған, қолданыстағы Заңмен орнатылған тәртіп бойынша тиісті мәртебеге ие болған этникалық қазақ.
- Оңалту** – мүмкіндіктері шектеулі баланы психикалық және дене мүмкіндіктері аясында қалыпты өмір сүру мен еңбекке жарамды ету мақсатында медициналық, әлеуметтік, білім беру және кәсіби сипатындағы шаралардың тұтас кешенін қолдану.
- Оқу бағдарламасы** – әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге тиісті білімнің, шеберліктің, дағдылар мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.
- Оқу жоспары** – тиісті білім беру деңгейінде білім алушылардың оқу пәндерінің, сабақтарының, практикаларының, өзге де оқу қызметі түрлерінің тізбесін, бірізділігін, көлемін және бақылау нысандарын реттейтін құжат.
- Психологиялық-педагогикалық қолдау** – мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес әр баланың табысты білім алу мен дамуы үшін әлеуметтік психологиялық және педагогикалық жағдай жасайтын мамандардың тұтас, жүйелі түрде ұйымдастырылған іс- әрекеті.
- Саралап оқыту** – оқытуды ұйымдастыру формасы, бұл тәсіл кезінде оқушының типологиялық, жеке психологиялық ерекше-

лігін есепке алу жүзеге асады және мұғалім мен оқушының арасында ерекше байланыс орнатылады.

**Сыртқы жиынтық бағалау** – негізгі орта және жалпы орта білім беру аяқталғаннан кейін меңгерген білім мен қалыптасқан дағдылар деңгейін айқындау.

**Түзету сабақтары** – оқушылардың дене және (немесе) психикалық кемшіліктерінің орнын толтыруды немесе төмендетуді қамтамасыз ететін сабақтан тыс уақытта білім беру үдерісін ұйымдастыру формасы.

**Ішкі жиынтық бағалау** – оқу тоқсанының соңында оқу бағдарламасының бөлімдерін оқып аяқтағаннан кейін білім алушылардың меңгерген білімі мен қалыптасқан дағдылары деңгейін айқындайтын бағалау.

Оқу басылымы

**М. Оспанбаева**

**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ  
МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ  
ӘДІСТЕМЕСІ**

*Оқу құралы*

Шығарушы редакторы *А. Шуриева*  
Компьютерде беттеген *Г. Шапкозова*  
Мұқаба дизайны *А. Қашева*

**ИБ № 12959**

Басуға 16.07.2019 жылы қол қойылды. Формат 60x84 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Көлемі 14,5 б. т. Тапсырыс № 5242. Таралымы 100 дана.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.